ЕСІМДЕРІ МӘҢГІЛІК ЕСТЕ

УВЕКОВЕЧЕННЫЕ ИМЕНА

Облыстық Сәбит Мұқанов атындағы кітапханаға сый.

Б. Сатыбалдыев

09.04.2021 ж.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛАДЫ

ЕСІМДЕРІ МӘҢГІЛІК ЕСТЕ

УВЕКОВЕЧЕННЫЕ ИМЕНА

Петропавл қаласы
2016 жыл

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 қаз)
С 14

Кітап Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
демеушілігімен жарық көрді.

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жанындағы
«Асыл мұра» орталығы.

Жобаның авторы Болат Сағындықов.
Кітапты баспаға құрастырып дайындағандар:
Таңат Сүгірбаев,
Жоламан Шаханов,
Ахметжан Қуантаев.

Ақылдастар алқасы:
Сәуле Мәлікова,
Зарқын Тайшыбай,
Болат Сағындықов,
Зейнолла қажы Олжабаев.

Сағындықов Б.
С 14 «Есімдері мәңгілік есте», «Увековеченные имена». Тарихи-танымдық жинақ / Б. Сағындықов – г. Петропавловск: Изд-во «Северный Казахстан», 2016 ж. – 325 бет.

ISBN 978-601-7247-78-2

564409

Кітап саяси қуғын-сүргін құрбандарының жазықсыз жапа шеккен, бастан кешкен қайғы-қасіретке толы өмірдеректерін, «Память» қоғамдық қорының олардың есімдерін мәңгі есте қалдыру жолындағы атқарған іс-шараларын баяндайды. Кітап жастарға өткенімізді ұмытпай еске сақтап, өнегелі өмірлерді үлгі тұтуға, патриоттық тәрбие алуға арналады.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-7247-78-2

© Сағындықов Б., 2016
© Издательство «Северный Казахстан», 2016

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

«ПАМЯТЬ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЛЕБІЗДЕР

***

Осыдан он бес жыл бұрын НКВД-ның қызыл үйі қиратылып, әр жерде қызыл кірпіштердің қып-қызыл үйінділері шашылып жатқаны есімізде. Жастар қайдан білсін, ересектер бұл жерді аяққа баспай, айналып өтіп жатқанын талай көргенім бар. Өйткені олар осы бір жан түршігерлік мекеменің қараңғы қапастарында саяси қуғын-сүргіннің құрығына түсіп, жазықсыз қасірет шеккен талай жанның тап осы жерге қаны сіңгенін білген болар.

Міне, жұрттың жүрегін шайлықтырған бұл қаралы жер бүгіндері қасиетті де киелі орынға айналып отыр. Қалың жұрт, жастар легі әр кез, әсіресе 31 мамыр күні осы жерге жиналып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, олардың рухына бас иеді. Мәрмәр тастарға жазылған жазықсыз жандардың есімдерін оқып, көздеріне жас алып, беттерін сипайды. Аруақтарға арналып сап түзеген ескерткіштер кешеніне ризашылық сезімдерін де білдіріп жатады.

Иә, бұл мемориалдық кешен оңайлықпен орнатыла қалған жоқ. «Память» қоғамдық қорының төрағасы Болат Сағындықовтың тынымсыз еңбегінің, ізденгіштігі мен күш-жігерінің, табандылығы мен қайсарлығының және төзімділігінің арқасында дүниеге келді. Алдымен алаң тазартылып, түбінде ескерткіш орнатылуын ескерткен үлкен құима тас қойылды. Көп кешікпей саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған монумент тұрғызылды. Одан кейін ескерткіштер мен құрбандардың есімдері жазылған мрамор қабырға қаланды. Оған бүгінгі таңда 7612 саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдері ойып жазылды. Алаңның аумағына балауса жасыл қарағайлар отырғызылып, сан алуан құлпырған гүлдердің аллеясы жасандырылды. Міне, осындай ауқымды жұмыстарды атқаруда басы-қасында Болат Мағазұлы жүрді.

Болат Сағындықовтың өтінішімен, қайта-қайта сұранысымен әр кездегі облыс басшылары, зиялы қауым өкілдері, көзі ашық, жүрегі жомарт жандар бұл іске үлкен көмектерін тигізді. «Память» қоғамдық қорының төрағасы ендігі жерде мемориал кешенінің жанынан саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражай ашуды ойластырып отыр. Көп болып көмек жасалса бұл істің де көптің игілігіне айналарына сенімдіміз

Зарқын ТАЙШЫБАЙ
филология ғылымының кандидаты,
профессор

***

Почти у каждого из нас кто-то пострадал от тоталитарного режима: то ли был раскулачен или сослан, прибыл в Северный Казахстан. В качестве спецпереселенца, то ли был арестован, отправлен в ГУЛАГ, а то и расстрелен.

Репрессия 30-50 годов прошлого столетия – великая трагедия советского народа, которая останется в памяти миллионов людей. Тысячи погубленных, покалеченных судеб, разбитых надежд, гонения, аресты, пытки, расстрелы, сталинские лагеря, страдания и лишения матерей, жен, детей репрессированных – эта боль, утрата, страдания и переживания всего народа. За 1937-38 годы, за один короткий год «изменниками Родины» были названы и осуждены более 140 тысяч человек. Из них около 25 тысяч – расстреляны. Огромные цифры, чудовищные и кровавые деяния тоталитарного режима. Цена этих трагедий невосполнима.

14 апреля 1993 года начал действовать Закон Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» №2143 – XII. В 1997 году вышел Указ Президента РК, в соответствии с которым день 31 мая был объявлен Днем памяти жертв политических репрессий и ежегодно проводится 31 мая мероприятия, посвященные памяти жертв политических репрессий.

Государством проведена разносторонняя работа по восстановлению исторической справедливости – это издание «Книги скорби», реабилитация незаконно репрессированных граждан, возведение десятка памятных знаков в местах захоронений пострадавших, строительство мемориальных комплексов.

В связи с принятием вышеназванного закона в Казахстане, в том числе и Северо-Казахстанской области начал свою деятельность общественный фонд «Память».

Огромную работу по исследованию архивных материалов и сбору воспоминаний о репрессированных провели активисты общественного фонда «Память», историки и краеведы К. Магазов, Б. Сагындыков, В. Трусов, А. Ряжских, Е. Желбулдин.

Впоследствии общественный фонд «Память» по заказу и при материальной поддержке акимата области выпустила книгу «Трагедия и прозрение» о жертвах большого террора 1937-1938 годов на территории нашей области и совместно с центром «Асыл Мұра» книгу воспоминаний о жертвах «Возвращенные имена». По инициативе активистов фонда «Память» установлен памятник жертвам репрессий в областном центре на месте бывшего здания НКВД, где пытали и казнили наших земляков.

Следует отметить, что руководитель Общественного фонда «Память» Болат Сагындыков, является сыном, пострадавшего от тоталитарного режима – Магаз Сагындыков был обвинен в шпионаже и диверсионной работе в пользу Японии против советского строя, за что и расстреляли приговором «тройки» в ноябре 1937 года.

За двадцать лет своей деятельности Общественный фонд «Память» очень тесно сотрудничает с Северо-Казахстанским Государственным архивом. Вместе провели огромное благое дело, ведут поисково-исследовательские работы, по возвращению и восстановлению имен жертв массовых политических репрессий 30-50 годов. Для поиска информации Северо-Казахстанский Государственный архив с запросами обращается в ДВД СКО, ДКНБ Северо-Казахстанской и Акмолинской областей, региональные и российские государственные архивы. Из исторических архивных документов нам известно, что жестоким гонениям подвергались целые народы, в Северо-Казахстанскую область было депортировано более 130 тысяч человек. Это поляки, корейцы, немцы, чеченцы, ингуши и многие другие народы.

В 2011 году общественный фонд «Память» Северо-Казахстанской области, возглавляемый Б. Сагындыковым, выступил инициатором строительства Стены памяти жертв политических репрессий. С помощью многочисленных обращений к общественности, гражданам, руководителям предприятий и организаций, бизнесменам удалось собрать необходимые средства для строительства. К трагедии тех лет никто не остался равнодушным. В возведении Стены памяти откликнулись и приняли участие тысячи североказахстанцев. Общими усилиями, на собранные спонсорские и добровольные средства граждан к 75 летию памяти жертв политических репрессий была построена «Стена памяти…». На Стене памяти более 7 тысяч имен ни в чем неповинных граждан нашей области. Среди них – выдающиеся представители казахской культуры, науки и просвещения, великие сыны нашей земли – Магжан Жумабаев, Укили Ыбрай, Смагул Садуакасов, Ныгмет Сыргабеков, Кайсар Таштитов, Габбас Тогжанов, Жумагали Тлеулин.

Реабилитация и восстановление имен жертв массовых политических репрессий очень кропотливый и многолетний труд. О многих «врагах народа» архивных материалов, места захоронения нет, и не найти так как в те страшные годы расстреливали без суда и следствия. Работа по уточнению списков и внесению их на Стену памяти и по сей день продолжается.

Сегодня мы казахстанцы вместе строим сильный, независимый Казахстан. И 25 лет успешного независимого развития говорят сами за себя. Но сегодня в мире продолжается экономический кризис. Он перерастает в кризис социальных ценностей. Во многих странах идут массовые сокращения работников, урезаются зарплаты и пенсии, закрываются предприятия. Вопреки всему этому, Казахстан развивается устойчиво и последовательно. Основой для всех наших достижений является мир и стабильность. Это главное условие наших успехов в будущем. И мы должны их сберечь. Это надо помнить и передать в назидание потомкам.

Сауле МАЛИКОВА,
директор Северо-Казахстанского
областного архива, кандидат исторических наук

***

Кімнің болса да өз өмірінде замандастарының, әріптестерінің ішінде тектілігіне тәнті ететін, өзін де өмірін де өнеге тұтатын жандар болады. Ал мен үшін ол – Қызылжар өңірінің белгілі перзенттерінің бірі – Болат Мағазұлы Сағындықов.

Бөкең – Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы, еңбек ардагері, халқына қалаулы, еліне елеулі ақсақалдарымыздың бірі. Осынау 80 жасында ол не көрмеді дейсің?! Елімен бірге, замандастарымен, тағдырластарымен бірге заманның, қоғамның барлық қайғылы, қасіретті уақиғаларын басынан өткізді. Қуғын-сүргіннің не екенін, соғыстың не екенін, еңбектің, бейнеттің не екенін өз көзімен көрді, көңіліне түйді, жан-тәнімен түсінді. XX ғасырдың елең еткізетін барлық оқиғаларының басында, ортасында болды. Өмірдің осы ауыр да қиын мектебі, халық жауының баласы деген зіл батпандай жала, қолдан жасалған қиянат Бөкеңді ерте есейтті, ерте атқа мінгізді, жігерін жаныды, намысын қайрады, ешкімнің алдында тізесін бүкпейтін, ар мен намыстан жаралған азамат етіп шығарды. Бөкеңнің сөзі салмақты, ісі тиянақты. Әрдайым кіммен болса да өзін тең ұстап, орнықты ой ойлап, пәтуәлі сөз сөйлеп, тиянақты жұмыс жасап, кімді болса да тыңдата, сыйлата алады, басқара алады. Қазақта: «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманменен жолдас болсаң, қалармысың ұятқа», «Жақсы жерге жатсаң, жақсы түс көресің, жаман жерге жатсаң – жаман түс көресің» деген нақыл сөздер бар. Ендеше, Бөкең жақсымен жолдас болған, жақсы түс көрген, өмірде жолы болған азамат. Оның қолынан бәрі де келеді. Кітап жазады, өлең шығарады.

Болат Мағазұлы зейнетке шыққасын 12 жыл қатарынан облыстық ақсақалдар алқасын басқаруда. Бәрі де оны тыңдайды, сыйлайды, құрметтейді. Заманында өз саласы бойынша облыс басшыларымен іскерлік қарым-қатынаста, сыйластықта болды, әріптес есебінде олардың алдында Бөкеңнің өзіндік орны, салмағы, беделі болды. Оның бүкіл саналы өмірі ауылшаруашылығына байланысты болды. Ол шаруашылық та басқарды, ауданда, облыста жауапты басшылық жұмыстарында да болды. Бүгінгі күнге дейін аттан түспей, қоғамдық жұмыс атқаруда, үш кітаптың авторы, әлі де шығармашылық ізденіс үстінде.

Бөкең басқарған «Память» қоғамдық қоры саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына арнап 2006 жылы ескерткіш орнатса, ал 2012 жылы сол ескерткішті айнала қасірет қабырғасы қаланды. Онда алты мыңнан астам қуғын-сүргін құрбандарының есімдері жазылған. Бұл комплекс парыз бен қарыздың, имандылықтың өлшеміндей болып, қаладағы қасиетті орынға айналды. Осы қасиетті жерге әрбір жаңа отбасы, әрбір оқуға, Отан қорғауға алғашқы қадам жасаушы азамат басын иіп, тағзым етеді, қадірлейді, қастерлейді, жақсы ой ойлап, жақсы тілек тілейді. Тарихтың, халықтың алдында ешбір кінәлары

жоқ, қаскөй саясаттың құрбандары болып кеткен мыңдаған аға-бауырларымызды мезгіл-мезгіл еске түсіріп отыруда, бүгінгі ұрпақты имандылық пен ізгілікке, ұлтжандылық пен парасаттылыққа баулуда ескерткіш-қабырғаның маңызы зор.

Елбасы айтқандай, қазақ үшін репрессия жылдары ешқашан ұмытылмақ емес. Біздің кім болғанымыз және қазақтың қаһарман қасиеті сол жылдардағы арыстарымыздың қанында, аналарымыздың жасында мәңгі жазулы. Мемориалды комплекс бүгінгі жас ұрпақ санасына жазықсыз жазаланғандардың жасампаздығын паш етуде.

Таңат СҮГІРБАЕВ,
«Асыл мұра» орталығының жетекшісі.

***

Кез келген қоғамдық ұйымды құрып, оның жұмысын қоғамның игілігіне үйлестіре жүргізу екінің бірінің қолынан келе бермесе керек. Ал қоғам жұмысының көпшіліктің көңілінен шығарлықтай дәрежеде жүргізілуі, қоғамдық ұйымның алға қойған мақсатты істерінің жүзеге асырылуы оған жетекшілік жасаған жанның жауапкершілігіне, білімдарлығына, тындырымдылығына байланысты дер едім. Осы тұрғыда «Память» қоғамдық қорының төрағасы Болат Сағындықовтың бойынан осындай қасиеттердің мол екендігін аңғардым. Расында да, Болат Мағазұлының қоғамдық ұйымның жұмысын жоғары деңгейде жүргізуіне білімі мен біліктілігі, өмірлік бай тәжірибесі жетерлік. Он жылдан артық уақыт ішінде саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішті тік тұрғызып, жазықсыз жапа шегіп құрбан болған боздақтарымыздың алдындағы азаматтық парызымызды абыроймен атқарып шықты. Сол зар еңіретіп, көзден қанды жас ағызған зұлмат заманда ортамызға қайтып оралмаған жеті мыңдай боздақтың есімін құлпы тасқа ойып жазып, олардың есімдерін мәңгі есте қалдыруға бас болды. Болат Мағазұлының осы бағытта алда атқарар істері баршылық. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына мұражай ашу да алда тұрған асыл парыз болып отыр. Көп болып қолға алсақ бұл істің де сәттілік табуына сенімдіміз.

Қайролла МҰҚАНОВ,
ҚР мәдениет қайраткері,
білім беру саласының ардагері,
зейнеткер.

***

Пушкин көшесінің бойында «Жазықсыз жандарға арналған қаратас қойылғаны, қаптал тұсына 1937-1938 жылдары репрессия құрбандарына ұшырағандарға ескерткіш орнатылады» деген жазу болғаны белгілі. Сол

кезде көпшіліктің көкейінде ескерткіш қашан орнатылады, кім оны қолға алып жетекшілік жасайды сауалы туындаған болатын.

Ақсақалдар алқасы ақылдаса отыра, осы мәселенің түйінін шешу Ақсақалдар алқасының төрағасы Болат Сағындықовтың қолынан келеді деген ұйғарымға келдік.

Бұл өте жауапты істі Болат Сағындықов бар күш жігерін, дамылсыз еңбек сіңіруінің арқасында 7000 астам жазықсыз жапа шеккендердің есімдерін анықтап, жинастырып тасқа қашап есте қалдырды. Жазықсыз жазаланып кеткендердің тізімі жиналып, «Ақталған есімдер» атты кітап та жарық көрді. Сондай-ақ, мектептерде қазақ сыныптарын ашуға және балаларды қазақша оқытып, қазақ тілін дамытуға ақсақалдарды ұйымдастырып, кезекшілік құрып көпшіліктің түсінбеушілік сұрақтарына жауап қайтарып жан ашырлық танытылды. Осының бәрін басқарған «Облыстың Құрметті азаматы», «Память» қоғамдық қорының төрағасы Болат Сағындықовтың жетекшілігімен көптің көкейінде жүрген өзекті де сауапты игі істер тындырылды. Әлі де музей ашу сияқты алға қойған жоспарлы істер баршылық.

Зейнолла қажы ОЛЖАБАЙҰЛЫ,
М. Жұмабаев ауданының Құрметті азаматы

БІРІНШІ
БӨЛІМ

МӘҢГІЛІК ЕСКЕРТКІШ

«Қоғамдық қордың мақсаты – 20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте қалтыру үшін іс-шаралар атқару».

(«Память» қоғамдық қордың жарғысынан)

«Целью общественного фонда «Память» является увековечение памяти жертв массовых политических репрессий 20-50-х годов, проведение мероприятий для этих целей».

(Из устава общественного фонда «Память»)

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихына үңілсек қайғы-қасіретке толы оқиғалар аз болған жоқ. Әрісін айтпағанда халқымыз он сегізінші ғасырдың бірінші жартысында жоңғар қалмақтарының жойқын шапқыншылығына ұшырап, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталған үлкен нәубетті басынан кешірді. 1920-30 жылдар аралығындағы адам айтқысыз ашаршылық пен індет екі миллионға жуық адамды қырғынға ұшыратты. Сол зобалаңнан еліміздегі қазақтардың саны 42 пайызға дейін кеміп кетті.

1937-38 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін де халқымыз үшін аса қайғылы кезеңге айналып, бастарына қара түнек болып шүйіліп, көзден қанды жас ағызды. Қазақ халқының қаймағы, бас көтерер білімді асыл азаматтары кеңестік шовинизмнің құрбандығына ұшырады. «Шаш ал десе бас ал» деген ұр да жық шолақ саясаттың ызғарынан талай асқар таудай абзал азаматтарымыз «халық жауы» деген жалған жаламен абақтыға жабылды, жер айдалды, атылды. «Үштік» қол қойған сол дүрбелең заманда еш жазығы жоқ, халқым, елім деп еңіреген ер азаматтардан айырылдық. Тек біздің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша он мыңнан астам адам саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Сол нәубет жылдарында атылған, жер айдалған, із-түзсіз жоғалып кеткен асыл азаматтарымыз бертінге дейін белгісіз болып келді. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ғана өшкеніміз жанып, жоғалғанымыз табылып, саяси қуғын-сүргін кезінде құрбан болған азаматтарымыздың есімдері ортамызға оралды. Осы орайда көзі қарақты, көкірегі ашық, кезінде ірі қызметтердің тұтқасын ұстап, еліне елеулі қызмет еткен Болат Сағындықов жетекшілік жасайтын «Память» қоғамдық қоры елеулі жұмыс атқарды. Болат Мағазұлының төрағалығымен қоғам мүшелері бұған дейін белгісіз болып келген саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін анықтау, олардың есімдерін мәңгі есте қалдыру үшін мемориалдық кешен орнату, кешеннің маңайын аллеяға айналдыру сияқты қат-қабат жұмыстардың атқарылуына мұрындық болды. Бұл маңызды

да игілікті іске «Асыл мұра» орталығымен бірге көптеген өлкетанушылар, тарихшылар, зиялы азаматтар да белсене атсалысты. Кітаптың «Мәңгілік ескерткіш» деп аталатын бірінші бөлімінде топтастырылған Болат Сағындықовтың материалдарында «Память» қоғамдық қорының және өзге де ұйымдар мен зиялы қауымның соңғы он жылдан артық уақыт ішінде атқарған жұмыстары әңгіме арқауына айналады.

МЕМОРИАЛ

Қызылжарда мемориал кешені,
Ескерткіші тарихымның кешегі.
Сегіз мыңдай құрбандардың рухы,
Қайғы қасірет желі болып еседі.

Есімдері жазылған бұл құрбандар –
Сүйіп, сеніп жаңа өмірді құрғандар.
Қара халық – бұқаралық өкілдер,
Қайраткерлер, басшы істе тұрғандар.

Жарқын деген болашаққа сенгендер,
Большевиктер көшіне кеп ергендер.
Жаңа өмірде қолдаушылар, сапында
Жан аямай қуат-күшін бергендер.

Білді ме олар қара дауыл боларын,
Өз елінде халық жауы боларын.
Кеңес үшін күрескендер легімен
Түрмелердің лезде лық толарын.

Бұл кешенде ескерткіш бар тағы да,
Аштық деген нәубет келген шағына.
Миллиондар қырылғаны белгілі,
Тозақ елі құрған халық табына.

Бір тәулікте аударылған жерінен,
Туып-өскен ата-мекен елінен.
Жүз отыз төрт мың адамдар ауыпты
Құлпы таста сондай мәлімет берілген.

Мемориал тарихымның белесі,
Қолдан құрған зор нәубеттің елесі.
Елімізге енді айналып келмесін,
Білсін соны ұрпақтарым келесі.

АСЫЛ ПАРЫЗ

30-шы-50-ші жылдардағы кезең еліміздің тарихында мыңдаған жазықсыз жандардың өмірін құрбан еткен мұнды да шерлі мезеттер болып саналады. Қылышынан қан тамған қызыл империяның қуғын-сүргіні еліне адал еңбек етіп алаңсыз өмір кешкен талайлардың тағдырын жалған жаламен сорлатып түрменің қапасында шірітті, ит жеккенге айдатты, сол азаптан зарлап оралғанның өзінде үні шықпастай дімкәс, мүгедек етті.

Біздің облыста ғана қуғын-сүргінге ұшырап, кейін ақталғандардың тізімі кітапқа жазғанда 600 бетке жетеді, мың жарымға жуығы атылып кеткен.

«Халық жаулары» деп қара таңба басылған, кейбіреуі ешбір кінәсіз ақ-адал қалпы қаһарға ұшырап, асылып, атылып кеткен аталар мен әкелердің қасіретін, азап-зарын бүгінгі ұрпақ – олардың балалары, немерелері ұмытпақ емес.

Облысымызда саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін есте қалдыру тұрғысында біраз іс тыңдырылғанын да айтқан абзал. Қ.М. Мағазов, А.Е. Ряжских, Е.Т. Жолболдин, В.М. Трусов сынды өлкетанушылар мұрағат материалдарын зерттеу және естеліктер жинау жөнінда көп жұмыстар тындырды. Кейін ол материалдар топтастырылып облыстық әкімдіктің заказы және материалдық қолдауымен «Қасірет және қорлық» кітабы (жауапты редакторы А.А. Плешаков) шығарылды.

1937-1938 жылдардағы біздің облыс аумағындағы қуғын-сүргін құрбандарына арналып, «Қайғы кітабы» да облыс әкімдігінің қолдауымен және көмегімен өткен жылы жарық көрді. Жұртшылық бұл кітаптарды ықыласпен қабыл алды. Саяси қуғынға аяусыз ұшырап атылып кеткен ұлы ақын Мағжан Жұмабаевқа Петропавлда, оның атындағы аудан орталығында, туған ауылында ескерткіштер орнатылды. Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтауға арналып Н. Погодин атындағы драма театрының жанына құлпытас қойылды. Ол жерде ескерткіш орнату жоспарланған.

Алып одақ ыдырап, егеменді Қазақстанның қалыптасуының қиын жылдарын бастан кештік. Орнатылған тас туралы ойлайтын шама да болмады.

Енді «құдайға шүкір» дейік, бізді – «халық жауларының» балаларын қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау проблемасы ойландыра бастады. 2003 жылдың көктемінде қаланың ақсақалдары ақылдаса келіп, осы мәселені талқыладық та проблеманы шешуге байланысты бастамашыл топ құрдық.

Алдымен біз қала әкіміне Пушкин және К. Сүтішев көшелерінің қиылысындағы бос алаңды – жер учаскесі етіп бөлуді сұрап ұсыныс жасадық. Бұл жерде бұрын НКВД ғимараты болғаны, оның қараңғы қапастарында қуғын-сүргінге түскендер тергелген, азапталғаны, атылғаны белгілі. Жазықсыз жандардың қаны осы жерде төгілген. Сондықтан да қуғын-сүргін құрбандарының есімін есте сақтауға арналған гүлзар да осы жерде болғаны орынды.

Гүлзарды сәулеттендіру жоспарында белгі әлгі жалғыз тасты осы жерге көшіру, кейін лайықты ескерткіш орнату, айналасын абаттандыру, жасыл желекке бөлеу сияқты ауқымды шаралар белгіленді.

Іс жүзінде бұл аумақта тұтас сәулеттік кешенді бейнелейтін мемориал пайда болып, оған Ұлы Отан соғысында каза болғандарға, революционерлерге, Қарасай мен Ағынтай батырларға орнатылған ескерткіштер, облыстық драма театры кіреді.

Біз сол кездегі облыс әкімі Анатолий Владимирович Смирновтың бұл толғағы жеткен қоғамдық проблемаға жауапкершілікпен және жоғары адамгершілікпен қарағаны үшін оған ризамыз. Өзінің уақыты тығыздығына қарамай облыс басшысы бастамашыл топ жетекшісін шақырып қабылдады, ойымызды тыңдады. Облыс әкімінің іскерлік әңгімесі, нақтылы шешімі жылы әсер ғана қалдырып қойған жоқ, сондай-ақ нық сенім мен айқын үміт отын көкірекке құйғандай болды. Бұл қабылдаудан мен қуанышқа бөленіп, 1937 жылы молданың баласы болғаны үшін атылып кеткен әкем қайта оралғандай сезімде болдым.

Аталған проблеманы толық көлемде шешу үшін моральдық, сондай-ақ материалдық тұрғыда бүкіл жұртшылықтың күш-жігер жұмсауы қажет. Сол себептен де қуғын-сүргінге ұшыраған дардың балалары мен немерелерінің, жақын туыстарының, қоғамдық ұйымдар мен билік өкілдерінің қатысуымен мәслихат өткізуді жоспарлап отырмыз, арнайы «Память» қоғамдық қор құрылады, зерде гүлзарын жасауға, ескерткіш салуға, мұражай ашуға, қуғын-сүргінге ұшыраған дар тізімін жеке басып шығаруға қаржы жинақталады.

Бұл игі іске құрбан болғандардың балалары, немерелері, жақын туыстары, сондай-ақ ізгі жүректі адамдар өз үлесін қосатынына, біздің іскер адамдарымыз бен бизнесмендер де тыс қалмасына сенеміз.

ЕСКЕРТКІШ ҚАЛАЙ АШЫЛДЫ?

2003 жылдың жазы. Бұрынғы НКВД орналасқан ғимарат бұзылып, орны тегістеліп жатқан кез. Осы тарихи орынға бір ескерткіш салып, саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін ұрпақтардың есінде қалдыру ісін қолға алсақ деген ізгі ой туды. «Память» қоғамдық қорын құрдық. Игі істі бастадық. Әуелде шағын бақ, кейін ескерткіш орнатуды ұйғардық.

Ең алдымен құрылыс алаңына жер телімін алу рұқсатын заңдастыру керек болды. Осыған байланысты көптеген бюрократиялық кедергілерге кезіктік. Сол кездегі Петропавл қаласының әкімі В. Никандровқа ресми түрде бес рет сауал жолдадық, бұл істі шешуге жүктелген әкім орынбасарына сан рет жолықтық.

Бес сауалымызға берген бес жауабында қала әкімшілігі не иә, не жоқ демей созбаққа салды. Облыстық ішкі саясат департаменті арқылы наразылық білдіргенімізді сол кездегі облыс әкімі қызметін аз уақыт атқарған Смирнов мырза мәселенің оң шешімін берді. Бас сәулетші жер телімін бөлуге тапсырыс берді. 2004 жылдың бюджетінен 10 миллион теңге қаржы қарастырылды.

Облыстың жаңа әкімі болашақ ескерткіш алаңына тұрғын үй салуға тапсырыс берді. Бұл хабар облыстық «Солтүстік Қазақстан» және «Северный Казахстан» газеттерінің бірінші беттерінде басылды. Елең еттік, қынжылдық.

Белді бекем буып, істің шешімін қайта бастауымызға тура келді. Біздің реніш дүмпуіміз әкімнің құлағына жетіпті, мені қабылдауына шақырды, мән-жайды өзі анықтап білгісі келген болу керек. Мен нақты дәлелдермен ойымды жеткіздім.

Содан кейін Алматыға керекті құжаттар дайындалып, жіберілді. 2004 жылы құрылысын аяқтатып, тамыздың 24 күні ескерткішті аштық.

Бұл саяси, әлеуметтік мәні зор елеулі оқиға болды. Ашылу рәсіміне халық көп жиналды, бұлардың арасында саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары да бар еді. Жылап-сықтап, көздеріне жас толғандар бізге алғыстарын білдіріп жатты. Осылайша ризашылыққа бөлендік.

Содан бері 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандары күні ескерткіш жанында митинг өтіп, аруақтарға тағзым ету маңызды іс-шараға айналды.

Қор мүшелері зұлмат жылдар құрбандарының есімдерін жазатын қабырға салуды ойлады, бұл ойымызды облыс әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләлов қолдады.

Алдымыздағы 31 мамырда қабырғаны ашу жоспарда болды.

Алла қаласа, ойымыз іске асар деп сенеміз. Құрбандардың есімдерін мәңгі есте қалдыру мәселесін толық шештік дей алмаймыз. Көкейде жүрген тағы бір іс – сол алаңда, соның ішінде мұрағат салу. Егер бұл ойымыз жүзеге асса, өскелең ұрпақ алдындағы парызымыздың өтелгені. Жастар өткен тарихты білгендері жөн. Ол үшін аға буын өкілдері жауапкершілік жүгін арқалайды.

Атқарылған істерге оң баға беріп, келесі ұрпақ өз борышымыз деп есептесе, бұл жоспарымызды өзіміз іске асырып үлгермесек, солар жалғастырар деп аманат етеміз.

ӨШПЕС ЗЕРДЕ

Ұрпақтарды әр қашан жіпсіз-ақ жалғап тұратын зерде ешқашан үзілмейді. Адамның зердесіне ешқандай өзгерістің желі үстемдік ете алмайды. Алайда өмірдің бақытты сәттері туралы нұрлы зерде бар да, миллиондаған адамдардың тағдырын тасталқан қылған қаралы зерде бар.

Мұны – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні айқын сезінеміз. Біздің өңірімізде 7 мыңнан астам адам осы зобалаңның құрбандары болды. Мұның бір мысалын өз отбасымыздың өмірінен-ақ көрсетуге болады. 1937 жылы менің бір жасымда қатардағы колхозшы болып табылатын әкемді Жапонияның пайдасына шпиондық жасады, оның тілсіз тыңшысы болды, біздегі бар жаңалықты сонда хабарлап тұрды, яғни ұжымшарға қарсы диверсиялық жұмыс жүргізді деп айыптап, тұтқындады. Оның молданың ұлы екендігі кінәсін күшейте түсті. Екі ай ұрып-соғып тергеп, азаптағаннан кейін атып тастады.

Ол кездегі жазалау органдары әкемізді он жылға сотталды деп алдады. Біз оны жиырма жыл күттік. 1957 жылы әкеміздің орнына оның ақталғандығы туралы соттың анықтамасын алдық. Менің КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы К.Е. Ворошиловтың атына жазған хатыма жауап қайтарған Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі Мағаз Сағындықов 1943 жылғы 10 қыркүйекте Қарағанды облысындағы түрмеде туберкулезден қайтыс болды деп хабарлады.

Билік шындықты, міне, осылай бүркемеледі. Әкемнің мал-мүлкі тәркіленді. 37-дегі шешем жеті баламен қалды. Сол кездегі қорланғанымызды еске алғанда көкірегім қарс айырылып, көзден жас шығып кетеді. Шешемді халық жауының зайыбы ретінде қаса-қана ауыр жұмыстарға салып, «Қызыл әскер» кеңшарында қой бағуға, ал қыста маяда қалған бидайды соғуға жіберді. Қырымнан Берлинге дейін барған Ұлы Жеңістен кейін 4 жыл мемлекеттік қауіпсіздік органдарында

564409

Сенер... УКАЕВА

еңбек еткен ағам да қуғынға ұшырады: оны қызметінен шығарып жіберді, кейіннен халық жауының ұлы ретінде аупарткомдағы қызметінен де босатты. Осындай әділсіздіктің азабын көргеннен кейін 8-сыныпта оқып жүрген мені басқа текке түсіріп, әкемнің атын атамауды тапсырды.

Қазір біз тәуелсіз, гүлденген елде тұрып жатырмыз. Бәріміз де алдағы уақытта әлемдегі ең дамыған елдердің қатарына қосылатын елде өмір сүретін боламыз деген сенімдеміз.

Алдына ұлы мақсат қойған бүгінгі ұрпақ, әрине, елдің тарихын ұмытпауға тиіс. Біз тағдырдың тауқыметімен қуғын-сүргіннің құрбандарына айналған адамдарды естен шығармауымыз керек. «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. Сондықтан 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде жыл сайын атап өтіледі.

Біздің облысымызда сол кездегі шынайы тарихты қалпына келтіру жөнінде едәуір істер тындырылды. Өткен жылдары өңір басшысы болған Тайыр Мансұровтың қолдауының нәтижесінде облыс орталығында саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш тұрғызылды. Ұлттық қауіпсіздік және ішкі саясат департаменттерінің жәрдемдесуімен зобаланға ұшыраған адамдар және ақталғандар туралы кітаптардың екі томы жарық көрді. Енді естеліктер кітабы жазылып қолға тиюге тиіс.

Біздің қор қолданыстағы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс білдірген болатын. Әңгіме қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұл-қыздарының жапа шеккендер ретінде танылмауында болып отыр. «Нұр Отан» партиясының Парламенттегі фракциясы бұл мәселені қозғайды деп сенеміз.

Саяси қуғын-сүргіннің келмеске кеткеніне, міне, 80 жылға жуық уақыт өтті. Оның көзі тірі куәгерлері бірен-саран ғана. Тіпті олардың балаларының өздері жетпістің үстінде.

Сталиндік зұлматқа тап болған аталарымыз бен әкелеріміздің осы кітапқа жазылған өмірбаяндары жас жасампаздарға үлгі болуға тиіс.

ШЕРЛІ ШЕЖІРЕ МЕМОРИАЛЫ

Солтүстік Қазақстан облысынан саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте қалдыру игілікті ісі қашан және неден басталды.

Жазықтан жазықсыз «халық жауы» деген атпен біздің өңірдің сегіз мыңға жуық абзал адамдардың ақталған есімдерін анықтап, қоғамға

айқындап, келесі ұрпаққа аманат етіп қалдыруды бүгінгі аға буынның қасиетті борышы деп білген «Память» қоғамдық қордың белсенділері айтарлықтай еңбек етті.

Саяси және әлеуметтік тұрғыдан қасіретке толы тарихтың қайғылы кезеңдерін кейінгі ұрпаққа баяндауды жөн көрдік.

Өкінішке орай, қаралы тарихымыздың тараулары мектеп, орта және жоғарғы оқу орындарында бағдарланған материалдарда жоқ дерлік. Қылмыстық кодекстің 58-ші бабымен атылғандар, лагерлерге айдалғандар туралы құжаттарды ұлттық қауіпсіздік мекемелерінің, сот, прокуратура және облыстық архивтерде қарауға тиым салынып келді.

Жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы аштық қырғыннан, кәмпескеге ілегіп жер аударылған жандардың мәліметтері не әдейі жасалмаған, не жасырынған. Әлі күнге дейін жабулы қазан жабулы.

2002 жылы Петропавлдағы К. Сүтішев пен Пушкин көшелерінің қиылысында баяғыдан бері МВД мен НКВД орналасқан екі қабатты кірпіш ғимарат бұзыла басталды.

Тиісті механизмдердің бұзу жұмыстарын жүргізіп жатқанда сол жерден өте беріп, тұрып қалдым, терең ойға кеттім, естіген, білгендерімді тізбектеп тебіренгенім әлі есімде.

Әй, талайдың жаны қиналған, талайдың қаны тамған осы ғимарат іші ғой.

Большевиктердің қанішерлері менің де әкемді 1937 жылдың 27 ноябрінде атқаны мәлім. Бұл қаралы жер орнына не салынар екен ой толғандырды.

Халқымызды зар жылатқан сталиндік тоталитарлық кезең қасіретінің қанды ізі қалған жер-ау. Бұл жерге тиісті ескерткіш орнатылса қайғы жұтқан осалықтың, әкелердің аруақтары разы болар еді.

Осы ойталғаныс мені бірнеше күн мазалады. Ойымды зиялы ақсақалдармен бөлістім, қолдау таптым. Ынталы топ құрдық. Ақылдаса келе бұл жер телімі қуғын-сүргін құрбандарының есімдеріне арналған сквер орналастыруды жөн деп шештік. Мұндай қомақты игі істі атқару үшін ынталы топ дәрежесі болар «Память» қоғамдық қор құрдық.

Жарғымыздың негізгі мақсаты – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске қалдыру үшін іс-шаралар жүргізу.

Бисмиллә деп іске кірісіп кеттік. Әуелі осы жер телімін алуға тиісті құжаттар керек. Сондықтан қалалық әкімдікке, оның әкімі Никандров мырзаға қоғамдық қор атынан арыз бердік. Өкінішке орай арызды бес рет қайталауға мәжбүр болдық. Бес рет әкімдіктен жазбаша жауап алдық: не жә, не жоқ деген шешім болмады.

Бұл – Никандров мырзаның қайырымсыздығы, тас жүректігі, сана-сезімінің төмендігі, саяси-қоғамдық білімінің тайыздығы еді. Төзтелім тозып, шыдамым таусылғанын қала әкімінің орынбасары

Глова мырзаға ашық айтып жанжалдауға мәжбүр болдым. Бірақ, бұл да нәтиже бермеді. Менің жанжалым қалай екені белгісіз сол кездегі облыс әкімі В. Смирнов мырзаға жетсе керек, мені өзінің қабылдауына шақыртты. Кездесіп, мән-жайды түсіндіріп, бастаған ісіміздің маңыздылығын жеткіздім. Мың жауғыр әкім бірден қолдап, өзінің тиісті шешімін шығарды. Бас архитектор Дворников мырзаға жер телімін бөлу туралы құжат дайындауды міндеттеді, облыстық экономика және жоспарлау басқармасына 2004 жылғы бюджет жобасына 10 миллион тенге қаражат бөлгізді. Асығымыз оңынан түсті деген қуанышымыз ұзаққа бармады. Жыл аяғында күтпеген жерден В. Смирнов мырзаны жұмысынан ауыстырып, орынына Т.А. Мансұров келді. Облыс орталығын аралап келіп біздің жобаланатын жерге көп қабатты тұрғын үй салынатын әкімнің шешімін облыстық екі газет бірінші беттерінде жариялайды. Төбеден жай түскендей суық хабар болды.

Шешінген судан тайынбас деп қайтадан білекті сыбанып іске кірістім. Біздің реніш жаңа әкімге де жетіпті. Мені өзінің қабылдауына шақыртты. Салқын қарсы алды. «Отырыңыз» – деп иегімен мезеді де, «сөйлеңіз» деп салқындық білдірді. Шамасы оның үй салынады деген шешіміне менің қайшылық әрекетім ұнамаған болу керек деп болжадым. Келген мән-жайды қысқаша айттым. Бет әлпеті көзқарасынан немқұрайдылық танытты. Қап, қайтсем екен, қалай ықпал етсем деп салым суға кеткендей қалыпты сезіндім. Орнымнан тұра бере, кетуге ыңғайланып:

– «Тайыр Айтмұқанбетұлы! Екеуміз бір мектептің шәкіртіміз» – дедім.

– Қалайша – деп таңданды.

– Сіз Москвадағы Орталық партия комитетінің жанындағы жоғары партия мектебін қай жылы бітірдіңіз, 1976 ма?

– Жоқ, 1979 жылы.

– Ал мен сол мектепті 1972 жылы тәмамдадым.

«Ха-ха» деп орнынан тұрып маған қолын ұсынды да:

– Ақсақал, мәселенің дұрыс шешімін құптаймын – деді.

Көңілді қоштасып шығып кеттім. Әкімнің жүрегіне жол тапқаныма өзіме-өзім разы болып, қуандым.

2005 жылғы желтоқсанның соңғы күндерінің бірі. Облыс әкімінің қабылдау бөлмесінен телефон арқылы: – Сізді облыс әкімдігіне сағат 12-ге келуіңізді сұраймын. Алып ұшып, аптығып келе жатып автомашинамды көктайғақтың қырсығынан бүйірден келген көше қиылысында соғып алдым.

Кіші залға кірсем біраз адамдар жиналып қалыпты. Анадайда жайылған тақтаның үстінде ескерткіштің макеты тұр. Ішім жылып жүре берді.

Мансұров мырза:

– Ақсақал бері келіңіз, мына макетті көріңіз, ұнай ма, қандай тілектеріңіз бар, – деп мені өзінің жанына шақырды. Аз ғана бір өзгерту жөнінде өз пікірімді білдірдім. Залда отырғандардың барлығы осы мәселеге қатысты адамдар екен. Әкім өзі Алматыдағы архитектор Абаевқа тапсырыс беріп, ескерткіш жобасын жасатып, макетін алдырған екен. Сол жиында ескерткіш авторы өзі болды.

Енді кезекте әкім залдағыларға қарап:

– Ескерткіш құрылысы сәуір айында басталу керек, – деп айтты.

Облыстың бас архитекторына, қала әкіміне және құрылыс мекемелерінің басшыларына нақтылы тапсырыстар белгіледі.

Мамыр айының басында санаторийден оралсам, әлі күнге дейін ескерткіш құрылысы басталған жоқ. Сұрастырсам, он шақты мәселе шешілмепті, оның жартысы жобалау ұйымдарында да, жартысы қалалық әкімдікте қалыпты. Дереу Мансұров мырзаның атына хат жолдап, белгілеген мерзімдегі тапсырыстар мынандай себептермен орындалмай жатқанын хабарладым.

Қанша уақыт қиқарлық білдірген қала әкімі мені шақырып, алды-артыма шығып, жуырда айтылған мәселелердің шешіліп, құрылыс жұмыстары басталатынын айтты.

Хош. Айтқандай-ақ жұмыс қазандай қайнап жүре берді. Оның үстіне жұмыс қарқынының қыза түсуіне түрткі болған оқиға – алда тұрған Президент сайлауы. Президенттікке кандидат Н.Ә. Назарбаев облысымызға келеді деп күтілген де, соған қарсы ескерткіш құрылысы аяқталып, Ел басына көрсету жобаланған.

Қысқасын айтсақ 2006 жылдың тамыз айының 24-сінде Ескерткіштің ашылу рәсімі өтті. Халық сол жердегі алаңға лық толды. Дайындалған сценарий бойынша ұйымдар кезек-кезегімен ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Облыс әкімі сөз сөйледі, одан кейін маған сөз берілді және Мемлекеттік университет мұғаліміне саяси қуғын-сүргін құрбандарының балаларына. Аруақтарға арналып наиб-имам құран оқыды, бас Мешіт асханасында ас беріліп, дұға жасалды. Сөз жоқ бұл елеулі оқиға облыс жұртшылығын дүр сілкіндіріп, қолдауын тауып, халық ризашылығына бөленді.

Халқымыздың басына келген қасірет әр үй десем артық болар, екі үйдің біріне қатысты екеніне көзіміз жетіп отыр. Қайда болсақ та, кіммен кездессек те бізге рахметін жаудырып, менің атам, менің әкем сол нәубеттің құрбаны болған дегенді жиі еститін болдық. Шіркін-ай, құрбандардың есімдері жазылса ғой деген тілектер ескерткіш жанына келген ұрпақтардан естіліп жатты.

2010 жылы жолым түсіп Астана түбіндегі Ақмол (Малиновка) ауылында салынған «Алжир» мемориалды кешенде болып, аралап, көп нәрсені көріп қайттым. Бәрінен мені толғандырған Ескерткіш қабырға. Қара мәрмар тасқа жазылған 7300 «халық жауларының»

әйелдері есімі жазылған. Қабырғаға қарап тұрып, бізде де осындай қабырға салынса деген ой туды, кейін арманыма айналды. Суретке түсірдім, елге ала келдім.

Ой күн өткен сайын мазалай түсті. Бір күні бұрынғы қала әкімі Әшімбетов мырза мені ескі қала мешітіне шақырды. Барсам мешіт имамы мен зейнеткер архитектор Софья Зейнел-Ғабиқызы, әкім үшеуі екен. Мына мешіттің ескі қоршауын бұзып, жаңадан қоршау тұрғызу жоспарын айтты әкім. Осы бас қосудан кейін Софья қарындаспен таныссам, түбі өзіміздің елдікі болып шықты.

– Қарындас, саған бір сауалым бар – дедім.

– Айтыңыз, аға – деп, иманжүзділік білдірді.

– Біз саяси қуғын-сүргін құрбандарына салынған ескерткіш жанынан «Алжирдегідей ескерткіш қабырға салсам деген ой мазалап жүр. Бірнеше фотосуреттер әкелдім. Соған ұқсас қабырғаның эскизін жасап берсең.

– Аға, жарайды, мені сол жерге апарып көрсетіңіз, суреттерді беріңіз, кешікпей жасап беремін, – деген уәдесін берді.

Эскиздің сәті түсіп, тез дайын болды. Жаныма «Память» қорының бір топ ақсақалдары ертіп облыс әкімі, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Серік Біләловтың қабылдауына бардым.

Эскизді көрсетіп, осындай құрылыс салуды ұсындық. Біләлов мырза бірден қабыл алып, салуға шешім қабылдады. Шешімді қабылдау бар да оны орындау бар. Қабылдаудан орындаудың күрделі екенін нақтылы іске кіріскенде сездім.

Жұмыс жер телімін бөлу құжаттарынан басталды. Жер қатынастары бөлімінің жұмысындағы сергелдең жеті қабат жер астындағыдай екен. Облыс және қала әкімінің тапсырыстарын алдына ұсынып, жер қатынастары бөлімінің табалдырығын тоздырдым. Не керек бұл іске жарты жыл тапжылмай жүргенім батты. Өз – қара басымның мүддесі емес, қоғамның мүддесіне осынша бейнет көремін деп ойлаған жоқ едім.

«Ух», деп жер құжаттарын тамамдадым. Енді жоба-смета құжаттары керек. «Сельгражданпроект» мекемесіне бару қажет. Директоры Колитова ханымға жолықтым. Шу дегенде ханым: «біз ақысыз ештеңе жасамаймыз» деп бір-ақ қақты. Ойпырау, бұл кісі қаһарлы еді деген рас болғаны ма екен.

Жылы-жылы сөйлесе жылан да інінен шығады демекші сыпайы сөйлеп, сөзбен сипап, әйтеуір ханымның тілін таптым. Істің қоғамдық маңызын түсініп директор іске кірісті. Құжаттарды уақытында дайындап берді. Мың рахмет.

Мұндай ханымдардың есімдері қол үшін бергендері үшін қабырға қасындағы тақтаға жазылды. Қабырғаны салуға қаражат жинау керек болды. Жергілікті газеттерге, теледидарлардан халыққа, құрбандар-

дың туған-туыстарына, іскер азаматтар атына қаражатпен көмектесуге хабарландыру бердік, хаттар жаздық, телефон соқтық, сәлемдер жолдадық. Біраз қаржы телемарофоннан жиналды. Мұның бәрін «Память» қоғамдық қоры ұйымдастырды. Көмекке қоғамдық комиссия құрылды. Виктор Борисович Любимов құрылыс жұмыстарын тыңғылықты жүргізуге зор үлес қосты.

Тағы да бір қиыншылық туғызған мәселе – құрбандардың тізімін жасау. Бұл күрделі де жауапты істі абыроймен атқару оңайға соқпады. Тізімдердің толық, айқын болуы аудандардың, қаланың ішкі саясат бөлімдеріне тапсырылды. Ол тізімді тексеру облыстық ішкі саясат басқармасы, облархив және «Память» қоғамдық қоры қадағалады. Айта кету керек тізімдерді жасауда кемшілікте кездесті. Біріншіден архивтегі тізімдерде кейбір адамдардың фамилиясы, есімі сол кездегі тергеушілердің сауатсыздығынан қаталықтар көп. Оны түзетіп басқаша жазуға қиналдық. Мыңдаған адамдардың тізімін жазғанда да қателіктер мүмкін болды. Біз тізімге тек біздің облыста сотталғандарды және 58-ші баппен қылмысты деп саналғандарды ғана енгіздік.

Алғашқы бекіткен тізім 6800 адамнан құрылды. Құрылыс аяқталмай жатып Ақмола облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитетінен тағы 953 адамның тізімі келіп түсті. Әлі күнге дейін сұрау салушылар тоқтар емес. Қазір облыс әкімі симай қалған бір мыңдай құрбандарды жазу үшін қаражат бөлу мәселесін қарауда. 2012 жылдың саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні – 31 мамырда Ескерткіш қабырға ресми түрде ашылды. Қабырғаның алдына біздің облысқа әкелген 134 мыңнан астам депортациямен келген сталиндік тоталитаризмнің құрбандарына арналған және 1931-1932 жылдардағы қолдан жасалған аштықтың құрбандарына арналған тақталар орнатылды. Бұл ескерткіштердің ашылу ресми рәсімі қаралы музыкамен, минуттық үнсіздікпен қаралы оқиғаға лайық басталды. Митингіде облыс әкімі сөз сөйледі, гүл шоқтары қойылды. Сол күнгі көрініс әлі күнге дейін көз алдымда.

Бұл қабырға кәдімгі ағайындылар зираты іспеттес. Әкелеріміздің зираттары белгісіз болғандықтан, осы қабырғаға келіп тағзым етіп, гүл қойып, еске алу рәсімі қалыптасып келеді. Қазақстанның түпкір-түпкірінен, көрші елдердің адамдары ескерткіш қабырға алдында керекті есімдерді іздеп, дұға жасап, енді біреулері өксігін баса алмай тұрғанын көргенде жоқтағандары мен жоғалтқандарын тауып тұр-ау деп іштей риза боламыз.

Елу жыл егін еккен еңбегімнен соңғы он жылда қоғамда атқарған істерім әлде қайда жемісті деп есептеймін. Өйткені миллиарттаған пұт астық жинағанда сол алтын дәннің қайда кетіп жатқанын білмедік, Отан қоймасы із-түссіз жұтып жатты, қайтарымын көрмедік. Біз Кеңес одағының құлы ретінде күндіз күлкі, түн ұйқы көрмей тынымсыз

жұмыс атқардық. Ал, мінекей, қоғамдағы тындырған ісіңнің жемісін көріп, ел-жұртыңның ризашылығына қанып рухани марқаясың. Бір ісің ойдағыдай тынса, екіншісіне ынталанасың.

Облыс әкімдігінің қолдауымен, «Асыл мұра» орталығының көмегімен өңірде қуғын-сүргін құрбандарының тізімін жасап екі томдық анықтама кітап шығардық. Оларды алфавитпен аудан-ауданға бөліп, қысқаша қайда туып, қайда, қандай жұмыс атқарғанын, не үшін қылмыстық кодекстің қай бабымен, қандай жазаға тартылғанын, артында кімдер қалғанын, қай жылы, қай орган неліктен ақтағаны туралы мағлұматтар бар. Пайдалы еңбек, пайдалы қолданысқа жарамды. 2008 жылы «Асыл-мұра» орталығымен бірлесіп «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена») кітабын мың жарым данамен шығардық. Бұған да қаражатпен қолдаған облыстық әкімдік. Бұл кітапта құрбандардың балаларының, немерелерінің, туған-туыстарының естеліктері, мұрағат және статистикалық материалдары орналасқан. Ұрпақтар үшін, оқушылар мен студенттер үшін таптырмас құндылық.

Қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды кешенді тамамдау үшін мұражай салынса нұр үстіне нұр болар еді. Мұражай салу туралы «Память» қоғамдық қор облыс әкімі атына ресми ұсыныс берген болды. Бұрынғы облыс әкімі С. Біләлов мырза қолдаған еді. Қазір жаңа әкімге ұсынысымызды қайталадық, сараптамалықтан өтуде. Нақтылы, қанағаттандырылатын шешім қабылданады деп үміттенеміз. Көңіл аударарлық бір жайыт – мұражай салуға ұсынған жерде ұзынша келген К. Сүтішев көшесінде ағаш үй тұрған. Бұрынғы НКВД-нің шаруашылық бөлімін басқарған петропавлдық қарт адамның айтуы бойынша бұл үйге атылғандардың мәйіттерін әкеліп, түн қараңғысын жамыла көмуге әкетіп отырған. Осы жер телімі тарихи орын болғандықтан мұражай тұрғызуға лайық деп есептедік. Бір залын ұлы жерлесіміз туғанына биыл 120 жыл толып отырған Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылық мұрасына арналса. Мағжан бабамыз – қуғын-сүргіннің символы іспетті емес пе? Мұражайы орналасқан шалғайдағы Сартомарға әркім бара бермейді. Облыс орталығындағы мұражай өте қолайлы болар еді.

Екінші залды қуғын-сүргін құрбандарына байланысты құжаттар, атақты жерлестеріміз қоғам қайраткерлері болған бабаларымызға арналса деген жоспарымыз бар. Бұл мұражай мемориалды кешеннің соңғы нүктесі ретінде. Мұндай кешен республика облыстарының ішінде бірінші де бірегейі болады және облыс басшылары мен өңір жұртшылығы үшін зор мерей, бабалар аруақтарына көрсетілген құрмет, бүгінгі ұрпақтың адал атқарған парызы мен борышы, ел тарихында сақталар игілікті ісі болатыны айдай анық.

«Память» қоғамдық қорының келелі істерінің бір бөлігі – саяси қуғын-сүргін құрбандары балаларының құқықтарын қорғау мәселе-

сі. 1993 жылы 14 сәуірде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы заң қабылданған. Сол заңның 22 бабында екі статус бар: бірі – құрбандар, екіншісі – зардап шеккендер.

«Зардап шеккендер қатарына ата-анасы қуғынға ұшыраған уақытта балалары 18 жасқа толмаған және ата-ана қамқорынсыз қалғандар» делінген бұл бапта. Бірақ, ата-ананың біреуінсіз бе, әлде екеуінсіз бе, анық айтылмаған. Сондықтан біреуі кетіп, екіншісі қалса, ол бала зардап шеккендер санатына жатпайды деп есептеледі. Қасірет бұрынғы Кеңестер одағындағы республикаларға ортақ болды. Ал, Ресейдің осындай Заңында айқын айтылған: «Біреуі, немесе екеуі де». Заң жобасы дайындалғанда, қабылданғанда біздің мемлекетте кемшіліктер орын алған. Оны Жоғарғы сот, бас прокуратура және юстиция министрлігі мойындайды. Сондықтан заңда түзетулер мен толықтырулар қажет. Бұл мәселені «Память» қоғамдық қоры бірнеше мәрте өкімет ұйымдарына сауалдар арнады.

Парламенттің 13 депутатына, «Нұр Отан» партиясының фракциясына 3 мәрте ұсынысымызды жолдадық. Президент аппаратының инспекторы Квитковский мырзамен екі мәрте кездесіп, сауалымызды қолына аманат етіп тапсырдық. Даниял Ахметов басқарған үкіметі Парламент мәжілісінің 30 депутаты қол қойған жолдамасына немқұрайдық жауап берген.

– Зардап шекті дегендердің санын анықтау мүмкін болмайтынын және оған қанша көлемде қаржы қажеттігін есептеуге болмайтындықтан үкімет Парламенті заңға өзгертулер мен толықтыру енгізудің қажеттігі жоқ деген жала-жансар жауап берген. Біз үкіметке бұл шешімінің шын мәнінде зардап шеккендерге жанашымағандығын, сыйламағандығын ашынып жолдама жібергеміз. Жауап та алғамыз жоқ.

Мысалы, мен бір жасымда әкемнен айырылдым – әкем атылу жазасына ілекті. Мал-мүлік тәркіленіп, жалғыз шешемнің мойнында жеті жетім қалдық. Табыс жоқ. Колхоз шешемнің жылдық еңбек ақысына түк төлемейді екен. Аш болдық, жалаңаш болдық. «Халық жауының» әйелі, баласы деген рухани қорлық көрдік. Құдалап сескеніп 8-ші сыныпты оқып жүріп фамилиямды өзгертіп, әкемнен безуге мәжбүр болдым. Үкіметтің бұл өз халқына жаны ашымағандық па, әлде әкенді атса, шешеңді де ату керек дегені ме?!

Біз құрбандар балалары әр облыста саусақпен санардай-ақ қалдық. Бір жаста қалған мен, міне, 78 жастамын. Өкімет басшы орындары – парламент, ХДП «Нұр Отан», үкімет, Президент аппаратындағылар біздің түгелдей бұл өмірден өткенімізді күте ме деп ашынамыз.

Құдайға шүкір, мемлекетіміз әлемдегі ең алдыңғы қатардағы 30-дықтың қатарына енуді көздеп отыр. Оған да жетерімізге күмән жоқ. Ендеше бізді көпсінгендік пе, әлде аз-мұз шығынды көпсінгендік пе?!

Үкіметіміздің миллиондаған құрбандардың есіміне, олардың ұрпағының мұңы мен зарына немқұрайдылық көрсетіп отырғанына ашынасың да қоясың. Құрбандардың саусақпен санарлықтай ғана қалған азғантай балаларына қамқорлық көрсеткісі келмегені өкінішті-ақ.

Үкімет халықтікі дейміз-ау!

Мен өткен он жылда облысымызда құрбандарды есте қалдыру жолында қандай жұмыстар, іс-шаралар атқарылғанын баяндадым. Келесі ұрпақтар да бұл мәселелерді назарларында ұстап, біз бастаған істі жалғастырар деп сенеміз.

Халқымыздың басына түскен қайғы-қасірет, қаралы күндер енді қайтып келмесін. Ол заманның қаралы күндері әкелген нәубет ұмытылуға тиісті емес!

НЕ ЗАБЫТЬ ТРАГЕДИИ НАРОДА

Наш народ в двадцатом веке пережил небывалые трагедии: миллионы ни в чем не повинных людей, оклеветанные как враги народа, расстреляны, брошены в тюрьмы, лагеря. Целые народы бывшего Советского Союза насильственно переселены из родных краев. Искусственно созданный голод также унес миллионы жизней. А сколько наших соотечественников вынужденно бежали за границу и выселены в Каспийский регион как кулаки и баи.

Их трудно и пока невозможно счесть, так как в те времена достоверная информация тщательно скрывалась, а то и вообще не велась. Только в нашей области жертвами сталинского тоталитарного режима стали более восьми тысяч человек политически репрессированных, тысячи умерших от голода и неизвестно сколько выселенных так называемых кулаков и баев.

То, что пережили жены, дети и близкие родственники «врагов народа», не рассказать и не описать. Неисчислимые беды и горе принесли и в наши земли эти трагедии. Потомки невинно казненных отцов, матерей и дедов никогда не забудут это всенародное горе.

Нынешнее поколение обязано не только знать об этом, но и считать своим святым долгом увековечить добрые имена жертв. Со многими из них можно познакомиться в книге «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена»), выпущенной общественным фондом «Память» совместно с центром «Асыл мұра». Нами составлен и выпущен в двух томах справочник жертв репрессий, где помещены их имена с указанием места и года рождения и других сведений: кем работал, по какой статье осужден, кода реабилитирован.

По нашей инициативе при поддержке областного акимата в Петропавловске построена Стена памяти жертв репрессий, установлены плиты в память о жертвах голода и массовых депортаций. Не случайно эти памятники построены на месте бывшего здания НКВД, где проводились мучительные допросы и расстрелы. Следует особо отметить активность наших граждан, внесших достойный вклад в строительство Стены памяти, ибо оно велось на внебюджетные средства. Только за один телемарафон, организованный нами, поступило восемь с половиной миллионов тенге.

Невозможно было без волнений смотреть на лица людей во время открытия Стены. И до сих пор к ней приезжают люди – потомки и близкие пострадавших – не только со всех концов нашей республики, но и стран ближнего зарубежья.

Благородная работа по увековечению памяти жертв репрессий продолжается. Необходимо завершить строительство Стены памяти с учетом поступления списка из Акмолинской области с фамилиями репрессированных из присоединенных к нашей области районов.

Активисты фонда обратились к акиму области с предложением завершить строительство Мемориального комплекса, включив в его состав музей. Предполагается, что один из двух залов музея будет посвящен жизни и творчеству нашего великого земляка Магжана Жумабаева, чье имя является символом жертв этой величайшей трагедии.

В данное время наше обращение рассматривается в акимате области.

Ровно двадцать лет назад принят Закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» (от 14 апреля 1993 года), согласно которому определены два статуса – жертвы и пострадавшие. Пострадавшими считаются дети, не достигшие 18-летнего возраста на момент репрессии родителей и оставшиеся без родительского попечения. Поскольку законом не определено – оставшиеся без одного или обоих родителей, мы, к сожалению, не являемся пострадавшими. Это упущение, случившееся при подготовке и принятии закона, наносит сотням тысяч граждан моральное и материальное ущемление. Вопрос о внесении соответствующих дополнений и изменений наш фонд «Память» ставит перед Парламентом РК в течение нескольких лет. Наши неоднократные обращения к депутатам Парламента, депутатской фракции НДП «Нур Отан», Правительству не находят положительного решения, наталкиваются на бюрократические отписки. Недавно состоялась встреча с депутатом Сената Парламента, нашим земляком А. Башмаковым, и мы повторили свою просьбу найти возможность продвижения решения этой важнейшей проблемы. Ведь через два-три года оно потеряет смысл. Надеемся, что наш родной сенатор приложит все усилия, применит накопленный опыт парламентария для решения этого насущного вопроса.

Близится 31 мая – День памяти жертв политических репрессий и голода. Собравшись у мемориального комплекса, исполним свой гражданский долг, воздадим должное памяти жертв сталинского тоталитаризма. Пусть никогда такое не повторятся!

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰМЫТЫЛМАС ҚАСІРЕТІ

Біздің халқымыз жиырмасыншы ғасырда өмірде болып көрмеген ұлан-ғайыр қасіретті бастан өткерді: «халық жауы» деп айдар тағылған талай жазықсыз жандар атылды, түрмеге тоғытылды; бұрынғы Кеңес Одағының қыруар халқы туған өңірлерінен еріксіз жер аударылды; жиырмасыншы және отызыншы жылдардың басындағы қолдан жасалған аштық миллиондаған адамдарды жалмады; қаншама отандасымыз еркінен тыс шетел асты және бай мен кулак ретінде Каспий өңіріне айдалды.

Қазір олардың санын нақ басып айту мүмкін емес, өйткені нақты деректер мұқият жасырылды, тіпті, олардың есебі жүргізілмеді. Тек біздің облысымызда ғана сегіз мыңнан астам адам сталиндік тоталитарлық режімнің және мыңдаған жан екі кезендегі аштықтың құрбаны болды, ал жер аударылған байлар мен кулактардың саны әлі күнге дейін белгісіз.

«Халық жауларының» әйелдері мен балаларының, туған-туысқандарының бастан кешкендерін айтып та, жазып та жеткізе алмайсың. Бұл қайғылы оқиғалар біздің еліміз бен жерімізге орны толмас қайғы мен қасірет әкелді. Жазықсыз құрбан болған әкелер мен аналардың, аталардың ұрпақтары бұл жалпыхалықтық қайғыны ешқашан ұмытпайды.

Бүгінгі ұрпақ сол зұлмат оқиғаларды біліп, зерттеп қана қоймай, олардың мейірбан есімдерін мәңгілік етуді өздерінің қасиетті борышы деп есептеуге тиіс. Олардың көпшілігімен «Память» қоғамдық қорының «Асыл мұра» орталығымен бірлесіп шығарған «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена») кітабы арқылы танысуға, жаппай қуғын-сүргін құрбандарын Еске алу қабырғасынан оқуға болады.

Біз қуғын-сүргін құрбандары анықтамалығын екі том етіп шығардық, онда жазықсыз жандардың есімдерімен бірге қай жылы, қай жерде туғаны, кім болып еңбек еткені, қандай баппен сотталғаны, қашан және кім ақтағаны жазылған.

Біздің бастамамыз бойынша облыс әкімдігінің қолдауымен қуғын-сүргін құрбандарын Еске алу қабырғасы ескерткіші жасалды, ашаршылық пен депортацияға арналған ескерткіш тақталар орнатылды. Бұл ескерт-

кіштердің азапты тергеу жүргізіп, талайды атып тастаған, бұрынғы МҚК (КГБ) ғимаратының орнына салынғаны тегіннен-тегін емес, өйткені бұл жер жазықсыздан жазықсыз өз халқының жауы деп жала жабылған боздақ жандардың қанымен суарылған.

Еске алу қабырғасы құрылысына лайықты үлес қосқан азаматтардың белсенділігін ерекше атап айту керек, себебі ол бюджеттен тыс қаржыға салынды. Біз ұйымдастырған бір телемарафонның өзінде ғана сегіз жарым миллион теңге қаржы түсті. Бұл – тоталитаризм құрбандарына көрсетілген құрмет емес пе!

Осы қабырға ашылған күні жиналған адамдардың жүзіне толқымай және тебіренбей қарау мүмкін емес еді. Тақтаға есімдері жазылған боздақтардың ұрпақтары мен туған-туысқандары республикамыздың түкпір-түкпірінен ғана емес, жақын шетелдерден де күні бүгінге дейін келіп жатыр.

Қуғын-сүргін құрбандарының есімін есте қалдыруға арналған игілікті іс жалғасуда. Еске түсіру қабырғасы құрылысын, Ақмола облысынан бізге қосылған аудандардан түскен жаңа тізімдерді есепке ала отырып, аяқтау қажет.

Біздің қордың белсенділері мемориал кешенін оның құрамына мұражай құрылысын қосу арқылы аяқтау туралы облыс әкіміне ұсыныспен шықты. Мұражайдың екі залының бірі біздің ұлы жерлесіміз Мағжанның өмірі мен шығармашылығына арналуға тиіс деп ойлаймыз, себебі оның есімі осы теңдесі жоқ қайғы-қасіреттің символы болып саналады. Қазіргі уақытта біздің ұсынысымыз облыс әкімдігінде қаралып жатыр.

Дәл осыдан жиырма жыл бұрын – 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданып, құрбан болғандар мен зардап шеккендердің мәртебесі анықталды. Құрбан болғандар түсінікті, ал зардап шеккендер болып қуғын-сүргін кезінде ата-анасыз және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 18 жасқа толмаған балалар есептеледі.

Заңда ата-аналарының біреуі ме немесе екеуі ме екендігі ажыратылып айтылмағандықтан, біз, құрбан болғандардың балалары, өкінішке қарай, зардап шеккендер болып есептелмейміз. Заңды әзірлеу және қабылдау кезінде жіберілген бұл олқылық жүз мыңдаған адамға моральдық және материалдық жағынан шек қойып отыр.

Біздің «Память» қоры аталмыш заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бірнеше жылдан бері ҚР Парламентіне сауал жолдап келеді.

Парламент депутаттарына, ҚР Үкіметіне, «Нұр Отан» ХДП-ның депутаттық фракциясына айтқан бірнеше ұсыныстарымыз нақты шешімін таппай келеді. Таяуда ҚР Парламенті Сенатының депутаты Анатолий Башмаковпен болған кездесуде де осы өзекті мәселенің оң шешімін табуына көмек көрсетуін өтіндік. Жерлесіміз біздің аманатымызды орындауға бар

күш-жігері мен бай тәжірибесін жұмсайды деген үміттеміз. Өйткені, екі-үш жылдан кейін бұл мәселені шешудің өзектілігі өз маңызын жояды.

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Ескерткіш кешенінің жанында тағы да сталиндік тоталитаризм құрбандарын еске алып, өзіміздің азаматтық борышымызды өтейтін боламыз.

Көп жапа шеккен халқымыз үшін мұндай қасірет ешқашан қайталанбасын.

КЕЙУАНА МҰҢЫ

Қуғын-сүргін құрбандарына салынған ескерткіш Қабырға алдында көз жасына ерік беріп тұрған қарт ананы көрдім. Ол байғұс осыдан 75 жыл бұрын «қара қарға» мәшинесімен алып кеткен, із-түзсіз жоғалған әкесінің тақтадан атын оқып егіліп жылап тұр екен. Бұл қарт ана сегіз мыңдай «халық жауы» болып, нақақтан жазаланған солтүстік қазақстандықтардың әкесінен жетім қалғандардың бірі.

Осы Қабырға алдында әкесінің, шешесінің, атасының есімдерін тауып, еңірегенде етегі жасқа толған ұрпақтар тобы толастар емес. Ескерткіш Қабырғаның ашылуы тек біздің Солтүстік өңірдің ғана емес, әлемнің әр түкпіріндегі тағдырдың жазуымен бытырап кеткен құрбандар ұрпақтарының жүректерін тебірентіп, жандарын толқытқаны саяси-әлеуметтік зор мәні бар іс тындырылғанның куәсі.

Кездескендер мен телефон арқылы хабарласқан Ресей, Украина, Польша азаматтарының айтары алғыс. Адамдардың ой-арманына сай, зор ризашылығын тудырған ауқымды, игілікті істің ішінде біздің «Память» қоғамдық қордың да қомақты үлесі барын мақтан етуге болады. Біздің қордың негізгі мақсаты – саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін ұрпақтардың есінде мәңгілік қалдыру. Осы асқақ мақсатымызға қол жеткізіп келеміз.

2003 жылдың жазында қаламыздың Пушкин және Сүтішев көшелерінің қилысындағы алаңда кезінде НКВД жалмауыздары орналасқан ғимарат бұзылып, түп орнымен сырылып тасталды. Осы жұмыс жүргізіліп жатқанда мен кездейсоқ жанынан өтіп бара жатып, аялдап қарап тұрып, толқып кеттім. Талайдың тергеуден жаны қиналған, өмірлері үзілген орын еді. «Менің де әкем 45 жасында қыршынынан қиналып қиылды-ау» деген ой көңілімді құлазытып, көзім жасқа толды. Мына алаң әкелеріміздің қаны сіңген қасиетті жер. Оны құрбандардың есімдерін есте қалдыратын орынға айналдырса деген сол сәтте ой келді.

Үш-төрт картпен кездесіп, ақылдасып, ынталы топ ұйымдастырдық. Содан кейін «Память» қоғамдық қорды құрдық. Табандылықпен, қала әкімдігінің табалдырығын тоздырып жүріп жер телімін алдық.

Сол кездегі облыс әкімі Т.А. Мансуров ынталы ұсынысымызды

қолдап 2006 жылдың тамыз айында саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш ашылды. Ол облыс өмірінде жұртымызды қуантқан елеулі оқиға болды.

Сәтті атқарылған бір игі іс әрі қарай жетелейді ғой. Осы қасиетті алаңда құрбандарға арналған мемориалды кешен тұрғызу ой-арманы өзіміздің азаматтық парызымызды жүзеге асыру деп санадық.

Бізді мазалап жүрген бұл жоспардың да орындалу сәті түсті. 2011 жылдың тамызында қордың бір топ белсенділері жиналып, облыс әкімі «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының төрағасы Серік Сұлтанғазыұлы Біләловтың қабылдауында болып, саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдері жазылған ескерткіш Қабырға салуға ұсыныс жасадық. Эскизді дайындап апарып көрсеттік.

Серік Сұлтанғазыұлы бірден қолдап, Қабырғаның салынатынына шешім қабылдады. Құрылыс бюджеттен тыс қаражатқа салынатын болды. Осы мақсатта облыста телемарафон ұйымдастырылды, бұқаралық ақпараттарда құрбандардың ұрпақтарына, ұйымдарға, кәсіпкерлерге, кәсіпорын ұжымдарына, іскер азаматтарға үндеу бердік.

Бей-жай қалған адамдар аз-ақ қана шығар. Аз уақытта қомақты қаржы жиналды. Бұл арада облыс әкімінің сол кездегі орынбасары Ф. Ш. Қуанғановтың жетекшілігімен қоғамдық коммиссияның жұмысы бұл іске зор ықпалын тигізді. Қол ұшын беріп, ақшалай көмектесіп өз үлестерін қосқандар есімі сол Қабырға алдындағы тасқа жазылды. Атқарылған ұтымды ұйымдастырушылық және әсерлі үгіт-насихат жұмыстары өз жемісін берді.

31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандары күні 7 мыңдай азап шеккен адамдардың қара мрамор тақталарда есімдері жазылған Ескерткіш Қабырғаның ашылу рәсімі өтті. Жиналған жұрт алаңға сыймай кетті, олардың қуаныш пен мұң араласқан, жүрек сыздатқан, жан толқытқан сезімдерін басынан кешкен адам жақсы сезінетіндей болды. Жиынды облыс әкімі ашып, алғы сөз сөйледі, нәубеттен зардап шеккен ұрпақтар өкілдері ризашылықтарын білдірді. Қабырғаға гүл шоқтары қойылды.

Әкелерінің, аталарының есімдерін көруге іздеп келген жұрттың сабылысы ерекше бір құбылыс. Жылап тұрғандарды көргенде жүрек тебіреніп кетеді.

Әлі күнге дейін Қабырғаны бойлап аталары мен әкелерін, бауырларын іздеп жүргендерді көресің. Келушілер легі таусыла қоймас сірә, толастамас.

«Қазақта жақсылық қылсаң, бүтін қыл» деген ұлтымыздың қайырымдылық қасиетін танытатын ұлағатты мәтелі бар. Кейін өңір басшысының «Нұр Отан» партиясының филиалындағы қабылдауында болып «Память» қоғамдық қордың, белсенділерімен ақсақалдар алқасының атынан мемориалдық кешенді мұражаймен толықтырса деген ұсыныс жасалды. Мемориалға келімді-кетімді кісілер, оқушылар, студенттер, шеттен келген

делегациялар кешеннің салынуы жайлы, құрбандар туралы мағлұматтар сұрайды. Мұражайда анықтама тізім, альбом, құрметті келушілер кітабы болғаны жөн.

2013 жылы халқымыздың аяулы азаматы, ұлы ақын, ғұмыры қуғын-сүргінмен өткен Мағжан Жұмабаевтың туғанына 120 жыл толды. Оны есіміне лайықты қарсы алу шаралары да ойдағыдай жүргізілді.

Қазақстан конституциясының 17 жылдық мерекесі күні еліміздің солтүстік қақпасында, теміржол вокзалы алдындағы кең алаңға Алаштың абзалы Мағжан Жұмабаевқа зәулім ескерткіш орнатылды. Мағжан – ел тарихының символы іспеттес. Оның өмірі өз халқының қайғы қасіретіне толы қаралы күндерімен, айларымен, жылдарымен үндес. Мағжанның шалғайдағы Сартомар ауылындағы мұражайына барушыларға жол түсе бермейді. Ол мұражай филиал болып қалса, облыс орталығында жаңа мұражай бой көтерсе нұр үстіне нұр болар еді.

Ол мұражайдың мекені – қасиетті құрбандар алаңы екені талас тудырмас болар. Оның залдарында «Мағжан және оның творчестволық асыл мұрасы», «Мағжан және қуғын-сүргін құрбандары», құрбандар портреттері, жәдігерлер, қажетті құжаттар орналасса құба-құп болар еді. Өніріміздің өткен кеткенін жетік білетін, мұң-мұқтажымызға түсіністікпен, жанашырлықпен қарайтын туған өлкенің тумалары бұл ұсынысымызды ұғынып, қолдар деген ойдамыз.

Мемориалдық кешеннің құрылысы толық аяқталса құрбандардың қара мраморға қашалып жазылған ақталған адал есімдері мәңгі сақталады. Бүгінгі ұрпақ бабаларымыздың аруақтары алдындағы борышын абыроймен өтеді дей аламыз.

ИСПОЛНИМ ДОЛГ ПАМЯТИ ДО КОНЦА

В нашем регионе около восьми тысяч ни в чем не повинных людей стали жертвами сталинского тоталитаризма и как враги народа подвергались невиданным гонениям.

Их добрые имена возвращены лишь десятилетия спустя после реабилитации. И наш гражданский долг – довести до нынешних и будущих поколений кем были они, за что их сделали врагами собственного народа и навечно сохранить их честные имена в истории, в памяти народа. Собственно, над этим и строит свою работу общественный фонд «Память» в течение вот уже почти десяти лет. С чего началось доброе дело по увековечению памяти жертв массовых политических репрессий в нашей Северо-Казахстанской области?

В 2002 году начался снос двухэтажного здания, где размещались учреждения МВД и НКВД, на пересечении ул. К. Сутюшева и Пушкина Петропавловска. Проходя мимо, я невольно остановился. При виде этого здания меня всегда посещала грустная мысль о том, что когда-то в 30-годы в этих проклятых стенах замучены и расстреляны в камерах смерти невинные люди – жертвы репрессий невиданных масштабов. Среди них был, наверное, и мой отец.

А что же будет на этом месте, где земля пропитана кровью замученных и расстрелянных? Эта мысль не давала мне покоя. Пришла идея, что на этом памятном участке земли должно находиться что-то такое, что напоминало бы трагедию нашего народа: сквер памяти или памятник жертвам сталинского режима.

У меня нашлись единомышленники и, посоветовавшись, решили выйти с предложением в органы власти. Я возглавил инициативную группу. Впоследствии мы учредили общественный фонд «Память», как юридическое лицо, ибо понимали такую идею осуществить не так то просто. В этом убедились, столкнувшись с бездушным отношением со стороны городского акимата Петропавловска во главе города с г. Никандровым В.П..

Мы пять раз обращались с письменной просьбой отвести этот участок под сквер памяти, но каждый раз получили ответ, не содержащий ответ ни «да», ни «нет». Однажды, буквально разгневанным почти ворвался в кабинет заместителя акима города Глобы П.И., подойдя близко, чуть не взял за грудки, и высказал свое возмущение наплевательским отношением и потребовал дать нормальный письменный ответ.

Даже это не помогло. Вскоре по моей просьбе меня принял аким области Смирнов А.В. Внимательно выслушав, положительно решил нашу просьбу, поручив главному архитектору области Дворникову Ю.Я. выделить земельный участок и начальнику управления экономики и планирования включить в план 2004 года 10 млн. тенге на строительство памятника.

К сожалению, Смирнов А.В. вскоре был переведен на другую работу. Акимом области стал. Мансуров Т.А., который объезжая областной центр поинтересовался свободным участком, на что главный архитектор сказал, что здесь будет сквер памяти жертв репрессий. Но аким высказался, что здесь будет построен жилой дом. И эта информация прошла через областные газеты.

Пришлось снова начинать всё сначала, даже устроить скандал, о чём известно стало акиму области. И он пригласил меня к себе на прием. Встретил аким меня прохладно, подумав, видимо: «Вот какой ты скандалист». Обратился коротко:

– «Рассказывайте».

Выслушал меня, как мне показалось, молча, даже безучастно. Чтобы не задеть его самолюбие, я промолчал о том, что его прежним предшественником вопрос был решен. В душе, конечно, очень расстроился, сожалея что не нашел поддержки. Думал отчаянно, как быть, чем на него воздействовать. Вспомнил, что он окончил высшую партийную школу при ЦК КПСС в Москве и сказал: «Таир Аймухамедович, мы с Вами ведь выпускники одной школы». Он, подняв голову посмотрел на меня, и спросил: «А как?!»

– Вы когда окончили ВПШ, в 1976 году?

– Нет, в 1979 году, – ответил он.

– А я в 1972 году, да с отличием, – похвалился, и посмотрел на его реакцию. Он, громко смеясь, поднялся с кресла и протянул уходящему мне руку и сказал:

«Аксакал, вопрос будет решен положительно».

Вскоре узнал, что Мансуров Т. А. не только решил вопросы выделения земельного участка и финансирования – даже заказал архитектору в Алматы проектно – сметную документацию.

В один из декабрьских дней 2004 года меня пригласили к акиму области. Когда я зашел в малый зал облакимата, увидел людей, имеющих отношение к строительным делам. На столе расположился макет будущего памятника, к которому аким попросил подойти поближе и, показав, спросил:

– Аксакал, посмотрите и скажите своё мнение, будут ли у вас предложения?

Высказав своё одобрение, предложил убрать с макета одну деталь. На этом совещании аким установил срок начала строительства памятника – апрель 2005 года. Но в начале мая, вернувшись с лечения в России, увидел, что строительные работы на объекте еще не начаты. Тут же написал акиму докладную записку, что установленный срок строительства не выполняется. Ответ был краток и категоричен: поручено акиму города немедленно решить все вопросы, которые касались акимата города.

Никандров В. П., который меня долгое время меня игнорировал, на этот раз приглашает к себе и любезно, в доброжелательном тоне информирует о том, что все возложенные на него задачи решены. Словом, в мае активно начались строительные работы. Были мобилизованы все силы и средства и набраны усиленные темпы работ. В результате 24 августа того же 2005 года строительство объекта завершилось.

День открытия трудно вспомнить без волнения. Митинг открыл аким области Мансуров Т. А., выступил я и преподаватель СКГУ Перницкий Ф., также сын репрессированного. Это событие, всколыхнуло всю общественность области. Площадь перед памятником и вокруг не вмещала собравшуюся огромную массу людей. У многих на руках

были цветы, портреты близких, слёзы на лицах. Имам мечети прочитал молитву по душам погибших и в мечети прошел поминальный ужин.

В те дни высказывалось пожелание людей о необходимости написать имена жертв на этом памятнике. К сожалению, это было тогда невозможно. Но справедливость такого желания не вызывала сомнения. Да и пример подобного уже был. В Акмолинском лагере жён изменников родины (известном как АЛЖИР) мемориальном комплексе страданиям и мужеству тысяч женщин СССР, на чёрных мраморных плитах написаны имена 7300 женщин, прошедших здесь муки ада.

Поэтому, после пожеланий земляков пришла мысль: почему бы таким же образом не увековечить память наших земляков? И я начал искать пути решения этой задачи. Однажды, в один из летних дней, к концу рабочего дня меня пригласил бывший аким города Нуржан Ашимбетов.

Встреча состоялась на территории старой мечети. Там были имам и архитектор Софья Зейнел-Габиденовна Молжигитова держали совет по замене старого ограждения мечети.

Тут я и познакомился с Софьей, которая оказалась моей землячкой. Высказал ей просьбу изготовить эскизы будущей Стены памяти, она охотно согласилась, с удовольствием и бесплатно выполнила в порядке благотворительности. Оказалось, что и её деды по материнской линий были репрессированы. Эти эскизы легли в основу будущего сооружения. С ними ознакомили бывшего в то время акимом области Билялова С.С. с которым было согласовано и строительство Стены памяти.

В связи с тем, что было решено строить на внебюджетные средства, занялись изысканием денежных средств. Попутно шла подготовка соответствующих документов.

Несмотря на то, что намеченный земельный участок был в коммунальной собственности, опять пришлось столкнуться с волокитой и бюрократизмом. Преодолев и их в течение полугода, получил решение о выделении земельного участка. Теперь нужна была проектно-сметная документация, и для этого пришлось обратиться в проектный институт «Севгражданпроект».

Директором этого учреждения была Колкова Т.В. Её характеризовали как жесткого, несговорчивого руководителя. Ведь дело было в том, что я безденежный клиент, идущей с протянутой рукой. В самом начале разговора она, как отрезала, сказала, что бесплатно они ничего делать не будут. Проявив все свои дипломатические способности, терпеливо рассказал, что сделано общественным фондом «Память», ради кого, ради чего мы проводим свою работу. Мне кажется, мне удалось убедить Тамару Васильевну в важности увековечения

памяти жертв массовых политических репрессий, общественно-политическом значении принимаемых в области мер. В результате госпожа Колкова взялась помочь и большое спасибо ей и её коллективу за проектно-сметную документацию, выполненную безвозмездно, профессионально и в короткие сроки.

Чтобы изыскать средства на строительство пришлось прибегнуть к методу народной стройки. На страницах местных газет телеканалов мы выступили с обращением к детям, внукам, близким родственникам репрессированных, руководителям организаций, предпринимателям об оказании финансовой помощи.

На телеканале «Казахстан-Петропавл» был организован телемарафон, позволивший собрать значительную сумму. В нём приняли участие все районы области и город, более 40 человек внесли свои пожертвования. Среди них наибольшие суммы внесли братья Биляловы, Абиев Е., братья Брушкевичи, Чеусов П. А., Аубакирова К., Мадьярова А. И., Марцинкевич И. П., Джелбулдины, Садвакасов С., Барлубаев Н. и многие другие. Подрядчик строительства объекта «ИП Любимов» хорошо и в срок выполнил весь объем строительно-монтажных работ.

Не меньшие трудности представляли сбор и составление списка репрессированных. Дело, как оказалось, деликатное, ответственное и сложное. Предоставление списков было поручено районным и городскому отделам внутренней политики. Свод и контроль возлагались на управление внутренней политики, областной архив и общественный фонд «Память».

Делу увековечения памяти жертв репрессий, что является уставными видами деятельности общественного фонда «Память», служит подготовленный двухтомный справочник, содержащий список жертв массовых политических репрессий по Северо-Казахстанской области и краткие сведения о них. Хочется выразить признательность за содействие в его составлении сотрудникам управления Комитета национальной безопасности по Северо-Казахстанской области. Позже, в 2008 году нами совместно центром «Асыл-Мура» издана книга «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена») тиражом 1500 экземпляров, с воспоминаниями детей, внуков, близких жертв репрессий, выступления, а также с архивными и статическими материалами по этой теме.

В результате напряжённой работы сотен людей: инициаторов, руководителей, ветеранов, потомков на Стену памяти занесены имена 7612 человек.

Невозможно забыть 31 мая 2013 года, когда в официально установленный день памяти жертв политических репрессий состоялось открытие Стены памяти. Это был день скорби и просветления душ людских,

исполнивших долг памяти. Мне запомнилось, как одна пожилая женщина безудержно плакала перед стеной, напротив фамилии своего отца. Да она была не одна. Сотни, тысяча людей ходили вдоль стены и находили имена своих родных. Было такое чувство, что только что прошли похороны. Действительно, многие из нас как будто и в самом деле наконец-то похоронили близких, а стена стала братской могилой. Ведь настоящие могилы, если они где-то есть так и останутся безвестными.

Трудно описать и моё состояние. Конечно, присутствовало чувство удовлетворения достигнутой целью. Но как человек, который пережил то народное горе, не мог отстраниться от нахлынувших эмоций. Оставшись годовалым ребёнком, я так и не увидел отца, сгинувшего в застенках НКВД. Видел страдания матери, заклеймённой женой «врага народа». Сам носил такое же клеймо как сын изменника родины и по совету старшего брата изменил фамилию, превратившись по документам в племянника отца.

В течение всех прошедших лет и сегодня при встрече земляки от всей души и сердца выражают благодарность мне как инициатору этого благородного дела. Потомков безвинно страдавших так много, масштабы репрессий так велики, что мне порою кажется, что у нас нет ни одной семьи, не пострадавший от этой чудовищной трагедии.

Сейчас на месте бывшего НКВД сформировался комплекс из памятника жертвам политических репрессий и Стены памяти. Но память о безвинно погибших должна быть вечной и объективной. Именно поэтому стена, помимо имён жертв, включает и два постамента с указанием количества депортированных в область в разный период истории с указанием республик, краёв и областей, откуда они были насильно переселены. Ещё один постамент посвящён памяти погибших в голод тридцатых годов. На сегодня, однако, нет памятника жертвам голода двадцатых. Но, надеюсь, после выявления достоверной информации о количестве жертв, этот пробел будет восполнен.

К сожалению, сегодня долг памяти перед безвинными жертвами государственной карательной машины исполнен не в полной мере. Я считаю, что для завершения строительства Мемориального комплекса необходимо построить здесь музей жертв политических репрессий. Видится, что он должен иметь два зала, один из которых необходимо посвятить жизни и творчеству наиболее яркой жертвы репрессии, нашему великому Магжану Жумабаеву. Это уместно еще и потому, что музей в с. Сартомар, расположен далеко от областного центра, и его посещение очень затруднено.

Неотъемлемой частью деятельности общественного фонда «Память» является неустанная работа по внесению дополнений и изменений в Закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года. Статья 22 этого Закона гласит о статусах

жертв и пострадавших от репрессий. О жертвах понятно, а вот о пострадавших в данной статье написано: «Пострадавшими считаются дети, не достигшие восемнадцатилетнего возраста и оставшиеся без родительского попечения». И если у меня отняли только отца, то я пострадавшим не отношусь. Конечно же, оставшихся в те годы без обоих родителей и воспитывавшихся в детских домах, немало. Но гораздо больше тех, кто сиротствовал и страдал от гонений, с малых лет был занят непосильным трудом в колхозах, при голодающих и подвергавшихся издевательствам матерях.

Мои неоднократные обращения к депутатом парламента (до 13 раз), в депутатскую фракцию партии «Нур Отан», в Правительство Республики, в течение всех этих 20 лет безрезультатны. Хотя есть в подобном Законе РФ четко написано: «...оставшиеся без родительского (без одного и без двух) попечения». И, спрашивается, почему так разнятся законы? Ведь Сталин был общий, трагедия была общей, страдал один народ. К слову, личные дела осужденных по статье 58 в России рассекречены, а у нас нет. Может, настанет время, и закон будет откорректирован. Но тогда эти дополнения и изменения распространять будет не на кого. Нас, детей репрессированных, уже сегодня можно сосчитать на пальцах.

Кстати, неполноту и неточность, допущенные при подготовке и принятии закона, признают Генеральная прокуратура, Верховный суд и Министерство юстиций Республики, но за этим не следует законодательная инициатива, призванная изменить ситуацию.

Таковы итоги деятельности общественного фонда «Память» на сегодняшний день. Как видите, нам рано успокаиваться. Долг памяти перед погибшими, долг перед уходящим из жизни поколением жертв террора должен быть исполнен до конца.

ДОЛГ ПАМЯТИ

Есть в прошлом веке в истории нашего народа годы особые, они отмечены трагическими событиями. Миллионы судеб, раздавленных и исковерканных в эти годы радикальными переменами в общественном строе и репрессиями, – неугосающая боль и скорбь в наших сердцах. Местный краевед К.М. Магазов, работавший долгое время над секретными архивными материалами, размышлял: «Как всё это мог выдержат народ?! Есть ли ещё в цивилизованном мире народы столь трагической судьбы?

Все дальше уходит трагическое время, но невозможно предать его забвению.

Долг нынешнего поколения, да и не только нынешнего, – хранить память о жертвах политических репрессий, отдать должное пострадавшим от этой трагедии. Список репрессированных и реабилитированных по нашей области превышает семь тысяч человек, расстрелянных – около полутора тысяч. Кому только не приклеивался ярлык «врага народа» – руководителям районов, совхозов, колхозов, врачам, медсестрам, аптекарям, пастухам, трактористам, сторожам и другим, большинство из которых впоследствии реабилитированы, но посмертно.

Сегодня делается немало по увековечению памяти жертв политических репрессий. Большую работу по исследованию архивных материалов и сбору воспоминаний провели К.М. Магазов, В.И. Трусов, А.Е. Ряжских, Е.Т. Желбулдин.

По заказу и при материальной поддержке акимата области выпущены книги «Трагедия и прозрение», посвященная жертвам большого террора 1937-1938 годов на территории области и «Книга скорби». С огромной благодарностью и одобрением встретила общественность эти издания, как память о тех, кто пострадал от репрессий.

Общественный фонд «Память» совместно с центром «Асыл мұра» готовит к выпуску книгу воспоминаний о жертвах «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена») при полной поддержке руководителя региона. Надеемся, что она будет не последней, ибо она также охватит только часть материалов по данной тематике.

Мы должны быть уверены, что будущие поколения продолжат работу, по восстановлению имен тех, кто волею судьбы стал жертвой всенародной трагедии.

По инициативе активистов общественного фонда «Память» и всемерной поддержке бывшего акима области Т.А. Мансурова установлен памятник жертвам репрессий. Он стоит в Петропавловске на месте бывшего здания НКВД, где пытали, мучили и казнили невинных, на земле, обогренной кровью наших отцов и дедов.

Он – как символ торжества справедливости, как вечная память о великой всенародной трагедии, как призыв к будущим поколениям не допускать такого зла.

При содействии департаментов внутренней политики и КНБ выпущены два тома книги со списком репрессированных.

Нашим фондом уже не первый раз настоятельно вносятся предложения о внесении изменений в закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года, ибо в ходе его подготовки допущено немало пробелов.

Люди, лишившихся жизней, замученных в застенках, а также их дети, пострадавшие от репрессий, вполне заслуживают уважения и заботы руководителей всех рангов государственных и общественных организаций.

Репрессированных, прошедших через казематы, лагеря и застенки, осталось мало. Да и их детей – незначительное количество, поскольку самому молодому из них уже более семидесяти лет.

Встречаясь со школьниками и студентами, с горечью отмечаю, что они или вовсе не знают, или крайне недостаточно осведомлены не только о трагических страницах истории, касающихся событий 30-50-х, но и декабрьских событий 1986 года.

Было бы благородно, если бы в школах, средних учебных заведениях в рамках учебных программ и общественных мероприятий изучались события тех печальных лет. Это нужно созидателям будущего для того, чтобы подобные трагедии обходили стороной наш народ, наших потомков.

Жоғарыдағы материалдардың авторы
Болат САҒЫНДЫҚОВ, «Память»
қоғамдық қордың төрағасы.

ХАЛЫҚТЫҢ МАХАББАТЫ – МӘҢГІЛІК ЕСКЕРТКІШ

Ең қатыгез дәуір ретінде тарихта қалған XX ғасырдың қанды иірімдерінің бірі сталиндік қуғын-сүргін дер едік. Оның құрбандарын толығымен ақтау жариялық жылдарында ғана жүзеге асырылды.

Сол жылдары зардап шеккен миллиондаған арыстарды есте қалдыруды діттеген шаралар содан бері тоқтау тапқан емес. Мәселен, қуғын-сүргін құрбандарын жария етуді көздеген қоғамды құрғандардың бірі марқұм Қ. Мағазов еді. Оның өзі өмірден өткенмен, ісі аяқсыз қалған жоқ: енді бұл мәселемен туған інісі Б. Сағындықов шұғылданып жүр. Ең бастысы – бұл мәселені облыс әкімі Тайыр Мансұров қызу қолдап, алматылық атақты сәулеткер А. Хасеновтың нобайын мақұлдап, ескерткіш орнату жұмысын көктемде бастауға уәде берген-ді.

Белгіленген уақытта, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні, міне, осы ескерткіштің іргетасы қаланды. Ол сталиндік зобалаң жылдарында НКВД-нің қанды ғимараты орналасқан Пушкин мен Сүтішев көшелерінің қиылысына қарай орнатылады.

Алдымен осы оқиғаға арналған митинг өткізілді. Оны облыс әкімі Тайыр Мансұров кіріспе сөзбен ашты. Ол қуғын-сүргін жылдарында облыс аумағында 7 мыңға жуық адамның зардап шеккенін баса айтты. Негізінен ұлтымыздың бетке ұстарлары болып табылған арыстарға

тағзым тарихқа тағзыммен тең, деді өңір басшысы. Сонымен бірге Тайыр АймұхамеТұлы бұл ескерткіштің құрылысы биыл аяқталатындығын айтып, жиналған жұртшылықты бір желпінтіп тастады.

Айтпақшы, митингінің басталғанын күтіп тұрған ба дерсің, түн еріңкіреген күн тырс-тырс жауып, жаңбырын жиілете түсті. Қуғын-сүргін құрбандарының біз көрмеген көз жасындай баршамыздың бетімізді жуды...

Митингіде қуғын-сүргін құрбандарын еске қалдыру қорының төрағасы Болат Сағындықов сөз сөйледі. Ол бірнеше жылдан бері айналысып жүрген игілікті ісінің нәтижесін көріп отырғанына қуанышын жасырмады.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы Франц Перницкий де саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте қалдыру қоғамын құрушылардың бірі ретінде мәлім. Ол митингіде сөз алғанда облыс әкіміне алғысын айтып, тамаша іске сәттілік тіледі.

Осыдан кейін ескерткіштің алғашқы қадалары қағылды.

Митингіге қатысқан жұртшылықтың жүздеген өкілдері ескерткіштің нобайына гүл шоқтарын қойып, арыстардың рухына бас иді.

Болат ҚОЖАХМЕТОВ

МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕН ОРНАТЫЛАДЫ

«Память» қоғамдық қорының төрағасы әкесін халық жауы ретінде алып кеткенде бір жаста ғана болған Болат Сағындықов бүгінгі бастаманың басы-қасында жүріп, сол жылдары құрбан болғандарға ескерткіш қабырға орнатуды өзінің құрбан болғандар алдындағы азаматтық парызы деп санайды.

– Біздің облыстың өзінде ғана 7 мыңға жуық адам саяси қуғын-сүргін құрбаны болып, оның 1,5 мыңы «халық жауы» ретінде атылып кетті. Басқалары лагерьлерге жіберіліп, сонда қаза тапты. 40-50-ші жылдары ғана біздің облысқа түрлі ұлт өкілдерінің 134 мыңға жуығы жер аударылып келді. 1930-шы жылдардағы ашаршылықта Қазақстан бойынша 2-2,5 миллион адам аштықтан көз жұмды, – деді Болат Мағазұлы.

«Память» қоғамдық қоры және қоғамдық комиссияның бастамасымен қолға алынған ескерткіш қабырғаның құрылысына арналған қайырымдылық акциясына қаражат салуға ниет білдіргендер тікелей

эфир барысында орнатылған ұяшыққа ақшаларын салды. 3 кісіден құралған қоғамдық комиссияның мүшелері түскен қаражаттың есебін жүргізіп, жариялап отырды.

Қайырымдылық акциясын Мағжан Жұмабаев, Шал ақын, Уәлиханов, Ақжар, Айыртау, Аққайың, Жамбыл аудандарының тұрғындары мен аудандық мәслихат хатшылары да қолдап, өздерінің үлестерін қосты.

Тимирязев ауданынан келген қонақтардың атынан сөз алған Раушан Сәруарқызы аталмыш елді мекеннің әр ауылының тұрғындары бұл игілікті іске атсалысқанын айтты. «Ұн үгу комбинатының» директоры, «Нұр Отан» ХДП-ның мүшесі Мұса Нихтиоғлы бизнес-құрылым өкілі және саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың балалары мен немерелері ретінде қайырымдылық акциясына атсалысып, өзгелерді де игі іске үлес қосуға шақырды. Бұл шараға «Ангел» шаруа қожалығының басшысы Николай Козлов, «Рүстем» ЖШС-нің директоры Мұратбек Омаров, саяси қуғын-сүргін құрбаны болған Адам Чернецкийдің немересі, «Поляковское» ЖШС-нің директоры Павел Чернецкий, сталиндік режимнен зардап шеккен Адольф Клямердің баласы Владимир Клямер де өз үлестерін қосты. Мамлют ауданындағы «Арқалық» шаруа қожалығының басшысы Нағашбай Барлыбаев өзінің және ұжымының атынан 300 мың теңге қаражатты қайырымдылық қорына берді. Сонымен қатар, Петропавлдағы бірінші қалалық жалпы білім беретін лицей директорының орынбасары Алла Борщ мектеп ұжымы атынан жиналған ақшаны қайырымдылық акциясына арнады. Жеке тұлға Күлзира Әубәкірова өз атынан 50 мың теңге аударған.

Тайынша ауданында бүгінгі күні 1600-ден астам қоныс аударғандар тұрады. Негізгі ұлт өкілдері – поляктар. Ескерткіш қабырғаға 1276 адам тіркелген. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының бүгінгі ұрпағы қайырымдылық акциясына түгелдей дерлік үлес қосқан.

«Қазақстан-Петропавл» телеарнасы арқылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған тікелей телемарафонның алғашқы күнінде 1 миллион 675 мың теңге қаражат түсті. Бұл қайырымдылық акциясы мамырдың соңғы күніне дейін жалғасатын болады.

Өмір ЕСҚАЛИ

ӨТКЕНДІ ЕСКЕРТУ БОЛАШАҚҚА МҰРАТ

Орыстың ұлы ақынының есімін алған Пушкин көшесі Петропавл қаласы орнаған уақыттан бері бас көшенің бірі болғанын тарихтан білеміз. Шаһардағы барлық сауда-саттық орталықтары осы көшенің бойына орналасыпты. Атақты көпес бай Ганшиннің айналы мәңгезей магазиндері, татар байы Шамсуддиновтың ойын-сауық кешендері осы көшені жарқыратып тұрған жауһаз жайлары бір кездері көргендердің көңілін аспандатқан.

Кейінде тарих өзгерді, заң өзгеріп аренаға жаңа биліктер келді. Көше бойындағы үлкен алаң Октябрь революциясы атанды. Бай көпестердің зәулім үйлері совет үкіметінің билік жүргізетін ордасына айналды. Ысқаяқ апыр-топыр әбігерлік басталды. Жаңа өкімет бірден өктемдікке көшті. Милиция, сот, прокуратура орындары көбейді. Әу дегенде ЧК құрылды. Одан ол ВЧК-ға айналды. Одан кейін НКВД деген жұмбақ ұйымдар құрылды. Халық оны «үндемес» деп ат қойып айдар тақты. Көп ұзамай бұл жұмбақ ұйымның да арты ашыла бастады. Адам атаулыны есепке алып олардың ақ-қарасын тексеру басталды. Қорлау, зорлаудың облыстағы бас ғимараты осы Пушкин көшесінің қақ басына орналасты. Бұл ғимарат кезінде екі квартал бойын алып жататын. Аты ұсқынына лайық еді, қаһарлы кәрін төгіп тұратын. Зорлықтың жеті атасы осы жерде болушы еді. Оның да шектеуі болатынын көз алдында өткіздік. Заман өзгеріп, таяқтың екінші басы өз бастарына тиіп күлпаршасы шықты. Қираған ғимарат сырылып тасталды. Бірнеше жыл өтті, бос алаңның қақ ортасына доймен қаратас қойылды. Сол Пушкин көшесі қазір сән-салтанат серуен көшесіне айналған. Бір жағында орыс драма театры, қатарында мәңгілік от алаңы, «сыртында ойын-сауық отауы, тағы басқалары адамдар демалысына қызмет етеді. НКВД орнындағы сонау қойылған қаратас қаралы күнді еске алғандай мелшиіп қалған. Бұрылып жанына келдік. Қаратастың қаптал тұсына «Бұл жерге 1937-1938 жылдары репрессия құрбандарына ұшырағандарға ескерткіш орнатылады» деген жазу бар. Қара тастың бұл жерге орнағанына да бес-алты жыл өтіп кеткен.

Жазықсыз жандарға қаратас қойылды, енді ескерткіші қашан көтерілмек?

– Мұны адамдардың өздері қаужап қозғамаса, қара тас орнынан өздігінен қозғала ма екен? – деді Болат Сағындықов сұрақты жетім қалдырмай.

– Сонда кімдер қозғамақ?

– Мәселенки сен болып, мына мен болып жергілікті билікке ықпал жасау керек шығар.

– Жергілікті басшылар көйлекше ауысып кетеді, айтқанынша орнында болмайды.

– Сол ауысар аралықта ебін табу керек.

– Қалт жібермей бақылау болды ғой.

– Иә, солай. Мұны сен болып, мен болып төменнен көтермесе, аяғы құрдымға кетуі де ғажап емес.

Бұл мәселені төменнен көтеріп, жұртшылық қолдап, ақыры облысқа Тайыр Мансұров келгенде іске асты-ау!

Үшкір, мәрмәр тастың үстіне темірден бағана бойын өрмелей сатылы ретсіз өрле көтерілген торкөз темір бөгеттердің аржағында лажысыз қалған жазықсыз жандар жетім қалған ұрпақтарына сығалай телміріп, із-түзсіз кеткен бейкүнә боздақтар бейнесі елестеп тұрғандай аяулы да қайғылы мұң қалады келгендер көңілінде.

Бірақ олар ақиқат жолында алысып із-түзсіз кетсе де, олардың есімдері ұрпақтар жадында сақталып қалды. Ол есімдерді жинастыруға ерікті топ адамдары үлкен көмек көрсетті. Оларды ұйымдастыруда бұл күні «облыстың құрметті азаматы» атағын алған Болат бауырымыз бастап көп игі іс тындырылды. Жазықсыз жазаланып кеткендердің тізімі жиналып, «Ақталған есімдер» атты кітап жарық көрді. Осы кітап одан әрі ескерткіш төріне тақта орнату идеясына түрткі болды. Бұған да Болат бастап, қара сақал-ақсақалдар қостап, арада бес-алты жыл өткеннен кейін ғана бұл идея нақты жүзеге асты. Бұл тақтада ұзын ырғасы жеті мыңға тарта боздақтардың есімдері тасқа ойылып жазылған.

Бұл алаң қаралы деп аталғанымен гүлге оранған бейнесі көргендерді өзіне қарай еріксіз тартады. Демалыс күндері адамдар көптеп жиналатын сүйікті алаңға айналған. Адамдар өткені мен кеткенін еске алады. Жас суретшілер пейзажды натюрморттар салып жатады. Жас жеткіншек ақындар өлең шумағын төгілте шығарып екпіндей оқып жатқанын да көрдік. Осының барлығы еліміз Егемен болып, тәуелсіздікке қол жеткеннің арқасында деп білеміз.

Енді қазір Болат Сағындықов бастаған ақсақалдар алқасы тағы бір игі істің басын қозғап жатыр. Бұған мұрындық болған да көпшілік. Бұл жерге қазір аудан, ауылдардан ағылып келіп жатқандар көбейді. Олар әдейі осы араға атбасын тіреп, өздеріне белгісіз болып келген туғандар тізімін іздейді. Таба алмай оны іздестіріп тақта бетіне түсіруді өтінеді. Осы бір өтініштерге орай, жазаланушыларға арналған мұражай ашу идеясы туып отыр. Әрине, бұл да өкімет тарапынан қолдау көрсетілсе ғана орындалатын жұмыс. Ең бастысы бұл игілікті істің негізі бар. Енді бұл іс бұрынғыдай бес-алты жылға созылып кетпеуін қалар едік. Өткенді ұмытпай ұрпаққа жеткізу біздердің міндетіміз. Бұдан былайғы уақытта мұндай сұмдықты қайталамайтындай із қалдыру ләзім. Мұндай құбылыстарды ұрпаққа аманаттауда мұражайдың атқарар рөлі ерекше болар еді деп білеміз.

Әр заман әлеуметтік құбылыста уақытына лайық өз қожалығын, өз үстемдігін жүргізеді. Ал біздің егемендікке ие болып тәуелсіздік алған заман болашақ ұрпақтарға адами құндылықтарды дәріптеп, салт-сана дәстүрге енген жаңа жәдігерлер галлереясын ұсынуда. Егемен еліміздің тәуелсіздігі арқасында қол жеткен бұл жетістігімізге, Аллаға мың да бір шүкіршілігімізді арнау керек.

Зейнолла ОЛЖАБАЕВ қажы,
М. Жұмабаев ауданының құрметті азаматы.

ЕСКЕРТКІШ КЕШЕНІ ЖАЛҒАСТЫРЫЛУҒА ТИІС

1930-1937 жылдары Қазақстанда жаппай саяси қуғын-сүргін саясаты өріс алғаны тарихтан белгілі. Әсіресе, 1937-1938 жылдары «халық жауларына» қарсы науқан белгілі қоғам, мемлекет, ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлерімен бірге сан мыңдаған қатардағы қарапайым адамдарды «Үштіктің үкімімен» атылғандарын атып, қалғандарын ГУЛАГ-тың алыстағы лагерлеріне қамады. Осы жылдары Қазақстанда саяси қуғын-сүргіннің салдарынан 100 мыңдаған адам сотталып, 25 мыңнан астамы атылды.

Кеңес үкіметі кезінде олар туралы ешқандай мәлімет айтылмады. Барлық құжаттар архивтерде өте құпия түрде сақталды. Тек жариялылық жылдары ғана құпияда жатқан құжаттар тексеріліп, шындық ашыла бастады. 1997 жылдан бастап Елбасының Жарлығымен 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Біздің облысымызда қуғын-сүргін құрбандарын жария етуді көздеген қоғамды алғаш құрғандардың бірі марқұм Қилаж Мағазов еді. Ол өзінің облыстық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивінде қалай құпия құжаттармен танысқаны туралы былай деп жазды:

«Мен 1989-1990 жылдары біздің облыс бойынша бұрынғы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің архивін айлар бойы ақтарып, сол жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған дардың үстінен қозғалған қылмыстық істермен танысқан едім. Тергеуді негізінен сержанттар, тек ара-тұра кіші лейтенанттар жүргізіпті. Олар ақиқатты анықтауға ұмтылмаған, тек қайткен күнде де жазықсыз жандарды жазықты ететін «дәлелдемелерді» іздестірумен болған».

Қилаж Мағазұлы сол архивтен көптеген материалдар алып газеттерде жариялады және жергілікті зиялы азаматтардан естеліктер

жинады. Маған да тапсырыс берді. Оның тапсырмасымен мен Мағжан Жұмабаев, Үкілі Ыбырай Сандыбаевтың тағдырлары туралы мақала жазып бердім. Олар Қилекеңнің өзі жазған мақалаларымен және басқа да авторлардың мақалаларымен бірге ол кісі дүниеден өткеннен кейін, 2002 жылы баспадан шыққан «Трагедии и прозрение» атты кітапта жарық көрді.

Ол кісі өзі өмірден өткенмен бастаған ісі аяқсыз қалған жоқ. Одан кейін бұл іспен туған інісі Болат Мағазұлы Сағындықов шұғылданды. Оның бастауымен «Асыл мұра» орталығының мүшелері Ғалым Қадыралин (марқұм), Социал Жұмабаев, осы жолдардың авторы, кейін Таңат Сүгірбаев та осы мәселемен айналысты. Ең алдымен облыстық Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінен саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың тізімін (7 мыңдай кісі) алдық. Оларды 2 томдық кітапқа енгізіп барлық аудандарға таратты.

Кейін, 2005 жылғы 31 мамырда бұрынғы сталиндік қанды қырғын заманында НКВД-ның қанды ғимараты орналасқан Пушкин мен Сүтішев көшелерінің қиылысында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің қазығы қағылды. Ескерткіш 2006 жылы салтанатты түрде ашылды. Салтанатты митингіні кіріспе құттықтау сөзбен облыс әкімі Тайыр Мансұров ашты. Салтанатты ескерткіштің авторы сәулетші Абай Хасенов, «Память» қоғамдық қорының төрағасы Болат Сағындықов сөз сөйледі. Көп халық жиналды. Қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары облыс әкіміне, ескерткіш авторына, «Память» қорының төрағасына алғыстарын айтып, ескерткіш іргесіне гүл шоқтарын қойды. Ескерткіштің орнатылуы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған игілікті іс болды.

2008 жылы «Память» қоғамдық тобының төрағасы Болат Сағындықов пен «Асыл мұра» орталығының қызметкерлері Социал Жұмабаев, Қайролла Мұқанов, Таңат Сүгірбаевтан құрылған жұмыс тобы құрастырған (редакторы журналист Зарап Құсайынов) «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена») атты кітап (2 тілде) жарық көрді. Кітапқа Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ұжымдық шаруашылық құру, аштық жылдарындағы тәркілеу, жер аудару және одан кейінгі жылдардағы саясат, тоталиторизм құрбандары жайлы нақты деректер мен естеліктер енгізілген.

2012 жылдың 31 мамыры күні бұрынғы орнатылған ескерткіштің сыртына саяси қуғын-сүргін жылдары жазаланып кейін ақталған азаматтардың тізімі арнайы жасалған қабырғаға орнатылған мемориалдық плиталарға жазылды. Оның салтанатты ашылу рәсімін сол кездегі облыс әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләлов ашты. Салтанатты митингіге қуғын-сүргін құрбандарының туған - туысқандары көптеп қатысты, тіпті республиканың басқа облыстарынан және Ресейдің көршілес Омбы, Түмен, Қорған облыстарынан арнайы келгендер де

болды. Жазаланып ақталғандардың ұрпақтары өздерінің туыстарының аты-жөні жазылған плиталарды тауып алып қолдарымен сипап, көздеріне жас алды. Қуаныштарында шек жоқ.

Мұндай мемориалдық ескерткіш кешені бірінші болып біздің облыста ғана ашылған екен. Сондықтан бұл туралы естігендер кейін де арнайы біздің қалаға келіп, ескерткіш кешенін көріп, ризашылықтарын білдіріп жатты. Тіпті Қарағанды облысында ашылған қуғын-сүргін құрбандарына арналған «АЛЖИР» мұражай кешенінің қызметкерлері де арнайы келіп көріп зор ризашылығын білдірді. Олар, «Асыл мұра» орталығында да болып, өздерінің алған әсерімен бөлісті.

«Память» қоғамының төрағасы Болат Мағазұлы Сағындықов енді осымен жұмыс бітті деп отырған жоқ. Өйткені әлі де бірталай қуғын-сүргін құрбандарының есімдері қойылған плиткаларға симай қалды. Сондықтан ол енді ескерткіш қабырғаны ұзартуға күш салып жүр және орындалған істер туралы тағы бір кітап шығармақшы. Бұларды облыстық, қалалық әкімшіліктер, қалың жұрт қолдайтынына сенімді. Өйткені бұл қазіргі және болашақ жастарға үлкен үлгі-өнеге екені белгілі ғой. Іске сәт! – дейміз біз де.

Қайролла МҰҚАНОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
білім саласының ардагері, өлкетанушы.

ЕКІНШІ
БӨЛІМ

ӨКСІГІ ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСТЕЛІКТЕР

БОЛЬ РАСТЯНУТАЯ НА ВЕКА

Все дальше уходят вглубь истории трагические для нашей страны годы. Но невозможно предать забвению, выветрить из памяти народной скорбные даты людских бедствий. В числе последних трагические реалии недавнего прошлого: пагубная сплошная коллективизация и повальный голод, массовые политические репрессии, широкая кампания гонений, массовые преследования людей, насильственная депортация безвинных народов режимом, который заклеймен навеки как тоталитарный.

Массовые политические репрессии в СССР, являвшиеся страшным порождением сталинизма и выражением произвола и беззакония, длились с короткими перерывами с 20-х годов до середины 80-х годов XX века. Они охватили все регионы Союза, в том числе и Казахстан.

Для Казахстана понятие «политические репрессии» имеет особый смысл. Начальная фаза насилия в XX веке для Казахстана была связана еще с дореволюционными событиями 1916 года, когда казахский народ поднялся на борьбу против колониализма. В 1916 году против мирного казахского народа проводилась военная тактика – тактика выжженной земли. Когда степь сжигали вместе с неугодными людьми и всей их живностью, систематически казахов сгоняли с обжитых земель.

В Казахстане первая мощная волна репрессий началась к руководству с приходом к руководству в середине 20-х годов Голощекина. При полной поддержке Сталина он приступил к репрессиям. Массированная атака на интеллигенцию проходила по всем направлениям политической, культурной жизни республики. На страницах партийной печати публиковались выступления Ф. Голощекина, в которых он четко определял задачи борьбы с казахской интеллигенцией.

В нагнетавшейся атмосфере всеобщей подозрительности и шпиономании многие из них стали объектами травли и преследований. Коммунистическое руководство республики не склонно было доверять этим людям, всячески пыталось их дискредитировать, при случае вспоминая, что многие из них участвовали в демократическом движении «Алаш», так, в конце 1928 года по ложному обвинению были арестованы 44 деятеля «Алаш-Орды», в том числе А. Байтурсынов, М. Дулатов, Ж. Аймаутов, Х. Габбасов и др. Вскоре Ж. Аймаутов, А. Байдильдин, Г. Биримжанов и Д. Адилев были расстреляны, остальные – осуждены на различные сроки. М. Дулатов скончался в лагерях, А. Байтурсынов, М. Жумабаев и другие, отбыв наказание, в 1937 году были повторно привлечены к ответственности за участие в деятельности «Алаш-Орды» и расстреляны в 1937-1938 гг. Другая группа национальной интеллигенции (около 40 человек) в составе М. Тынышбаева, Х. Досмухамедова,

Ж. Тлеулина была арестована в сентябре-октябре 1930 года. Вскоре 15 из них (М. Тынышбаев, Ж. Тлеулин, Х. Досмухамедов, К. Кементеров и др.) были сосланы в Центрально- Черноземную область России.

В результате объявленной чистки «от социально чуждых и идеологически нетерпимых элементов» была репрессирована почти вся национальная интеллигенция.

Трагически сложилась судьба поэта, члена «Алаш-Орды» Магжана Жумабаева. «Его называли казахским Пушкиным, сравнивали с Байроном и Шекспиром. Намерение Магжана создать литературное объединение «Алқа» было признано большевистскими властями признаком национализма, попыткой алашордынцев реанимироваться и вредить советскому строю. Вместе с тем, идея М. Жумабаева объединить поэтов и писателей Казахстана впоследствии выразилась в создании Союза писателей Казахстана. Жумабаева, как алашординца, пантюркиста арестовали в Петропавловске, а затем осудили на 10 лет лишения свободы. До суда он сидел в Москве, в Бутырке, а срок отбывал в Карелии и Архангельской области. В 1936 благодаря ходатайству М. Горького и Е. Пешковой Магжан был досрочно освобожден из Свирского лагеря политзаключенных. Но через полтора года, 30 декабря 1937 года был снова арестован в Алма-Ате и расстрелян НКВД 19 марта 1938 года.

Тлеулин Жумагали (1890, ауыл №4 Айртауской волости, ныне Северо-Казахстанская область – 1938, Алматы) – один из видных деятелей движения «Алаш». Жумагали – первый в регионе специалист со медицинским образованием, организатор, первый руководитель губернского здравоохранения и народного образования, первый директор Петропавловского казпедтехникума, первый председатель областного филиала общества по изучению истории и этнографии Казахстана, один из организаторов краеведческого музея, одним словом, неоценим вклад Ж. Тлеулина в становление и развитие культуры и образования Северного Казахстана.

В 1930 г. вновь начинается следствие как на бывшего члена руководства партии «Алаш». 5 июня 1930 арестован и заключен в тюрьму г.Петропавловска, а 2 августа 1930 освобожден. 1932 высылается на 5 лет в Воронежскую область. В период ссылки с 1932-1935 гг. работает в Белоозерской районной больнице. После окончания ссылки Ж. Тлеулин отправлен в Киргизию, где устроился на работу в районную больницу г.Фрунзе (Бишкек). С 1936-1937 гг. работает заведующим районной больницей в селе Новотроицкое в Киргизии. 17 января 1938 года арестован в с. Новотроицкое. 15 февраля 1938 года постановлением тройки УНКВД Алматинской области осужден к высшей мере наказания. В 1938 году 17 февраля Тлеулин был приговорен к расстрелу. 20 марта 1958 решением Военного трибунала Туркестанского военного округа реабилитирован за отсутствием состава преступления.

Предвестником «девятого вала» в репрессивном урагане стало закрытое письмо ЦК ВКП (б) всем парторганизациям от 29 июля 1936 года, доводившее до крайности требование о выявлении и искоренении имеющихся недостатков «по части бдительности и неумения распознавать врага».

В Казахстане в течение 1937 года прошли три громких процесса (по формулировке тех лет – национал-фашистов). Речь идет о процессах «контрреволюционных национал-фашистских вредительских организаций» в Караганде, Урджаре, Пресновке. В «национал-фашизме» были обвинены, а затем один за другим арестованы М. Гатауллин, А. Асылбеков, С. Нурпеисов, В. Конюхов (1секретарь Пресновского райкома партии), К. Каримов (председатель Пресновского райисполкома), Н. Уразбаев (заведующий Пресновского РОНО), К. Фазылов (прокурор Пресновского района) и др.

Всего в Казахстане в течение 1927-1953 гг. было репрессировано 103 тысячи человек, из них 25 тысяч расстреляно.

О масштабах террора можно судить только по одной цифре: с 25 февраля по 13 марта 1938 года военной коллегией приговорены к расстрелу все руководители Казахстана, а это в общей сложности 650 человек. Среди них – председатель Совнаркома, его заместители, председатели областных комитетов, секретари обкомов, райкомов партии, председатели райисполкомов.

По инициативе общественного фонда «Память» и по поручению Акима СКО были выявлены и уточнены списки репрессированных лиц по СКО, на 01.05.2015 г –7605 человек.

ЧИСЛЕННОСТЬ
репрессированных – реабилитированных лиц по Северо-Казахстанской области

№	Наименование района (города)	Кол-во
1.	Айыртауский	743
2.	Акжарский	19
3.	Аккайынский	306
4.	Г. Мусрепова	238
5.	Есильский	795
6.	Жамбылский	362
7.	Кызылжарский	509
8.	М. Жумабаева	796

9.	Мамлютский	301
10.	Тайыншинский	1335
11.	Тимирязевский	33
12.	Уалихановский	127
13.	Шал акына	354
14.	г. Петропавловск	950
15.	Дополнительно	737
	Всего:	7605

Примечание: Сведения представлены: ДКНБ Акмолинской и Северо- Казахстанской областей; районными отделами внутренней политики Айыртауским, Акжарским, Аккайынским, Г. Мусрепова, Есильским, Жамбылским, Кызылжарским, М. Жумабаева, Мамлютским, Тайыншинским, Тимирязевским, Уалихановским, Шал акына.

В 30-40 гг. XX века Казахстан стал объектом массовых депортации по воле государственных органов тоталитарного режима. Депортации подверглись тысячи представителей различных национальностей – поляки, немцы, корейцы, чеченцы, ингуши, греки и другие.

Северо-Казахстанском областом архиве (СКГА) накоплен разноплановый материал по истории истории департированных народов. Архивные материалы СКГА представляют собой отчеты, сводки местных органов власти, их переписку с центральными органами власти о хозяйственно-бытовом устройстве, землеустройтельных работах и т. д. Документы под грифом «совершенно секретно», отражают этапы появления и пребывания поляков, немцев, корейцев, народов Северного Кавказа в Северный Казахстан с 1936 по1956 годы.

Сводная численность спецпоселенцев в СКО 1936-1944 гг.

Чеченци и ингушы – (на 14 январь 1944 г.) – 20789
Корейцы 9350 (на октябрь 1937 г.).
Немцы – 79000 (на ноябрь 1941 г.)
Поляки – 21000.

По состоянию на 1 января 1953 года на спецпоселении, в ссылке и высылке в СССР находилось 2660040 человек, из них 988373 – в Казахстане.

На поселении в Казахстане находилось 38% немцев, 83% чеченцев и ингушей, 58% карачаевцев, 55% балкарцев, 76% греков, выселенных с Крыма и Черноморского побережья, 62% курдов и т. д.

По архивным данным, сводная численность спецпереселенцев в Северо- Казахстанской области в 1936-1944 годах насчитывала 20789 человек. Везли жителей юга в спецвагонах зимой, в лютые морозы. Так что до пункта назначения добрались не все. Тогда спецпереселенцев распределяли по районам по утвержденному плану, правда, «уплотняли» при этом, как только возможно. К примеру, в Айыртауский район планировалось распределить 4000 ссыльных, фактически направили туда выживать на полтысячи человек больше. Перевыполнены были планы распределения репрессированных и по другим районам. При этом ссылали репрессированных подальше от центра, в степь. «И если бы не гостеприимство местного населения, которое буквально делилось последним, большинство ссыльных просто бы не выжило. Мы с любовью относимся к казахскому народу. Наши родители передали нам эту любовь и уважение», – говорили исследователи из Ингушетии. Ведь, несмотря на то, что был такой прессинг власти, на местах к ссыльным относились хорошо.

Народы, подвергнутые репрессиям, до 1957 года находились на спецрежиме, назывались спецконтингентом и спецпереселенцами. Они использовались на самой неквалифицированной, физически тяжелой работе, из них составлялись трудовые армии. По состоянию на 1 января 1953 года на спецпоселении, в ссылке и высылке находилось 2660040 человек, из них 988373 – в Казахстане.

Сегодня в Казахстане на принципах дружбы в спокойствии и межнациональном согласии живут люди более ста национальностей и народностей с разным цветом кожи, разрезом глаз, разными религиозными и политическими убеждениями. Их объединяют одна родина, одна земля, одна вера в завтрашний день.

Сәуле МАЛИКОВА,
директор Северо-Казахстанского государственного архива, к.и.н.

ЕСІЛ БОЙЫНДАҒЫ АШТЫҚ ЖӘНЕ МАҒЖАН АҚЫННЫҢ ҚАЙРАТЫ

• Азық-түлік салғыртының салдары • Халықты әскер күшімен тонау • Дерявин Пресновтан Ленинмен тілдесті • Калининнің Сәбеңмен сырласуы • Ақмола губерниясында ашарықтар саны жарты миллионға жетті • М. Жұмабаев төтенше комиссия төрағасының орынбасары • Сарыарқаның зарын кім естиді? • Мағжанның соңғы мақаласы

Азамат соғысынан берекесі кетіп, күйреген Ресейдің халық шаруашылығын аяғынан тұрғызу қиын болды. Орталықтағы өндірістік аймақтарда азық-түлік тапшылығы асқына түсті. Қазақстан сияқты қиыр аймақтағы астық пен мал күшпен жиналды. Сақталған құжаттарға қарағанда, 1920 жылы Петропавл станциясы арқылы орталықтағы өнеркәсіп аймақтарына 2408738 пұт астық, 3119 пұт картоп, 28144 бас ірі қара мен 48679 қой, 168 мың пұт ет, 224 мыңнан аса жұмыртқа жөнелтілген[1].

1920 жылғы 3-тамызда Петропавл уездік ревкомы болыстарда азық-түлік салғыртын орындаудың жағдайы туралы мәселе қарап, «жұмысты ширату туралы» қаулы алды. Бұл арада «салғырт» деген атауды түсіндіре кетейік. «Салғырт» – орысшасы «продразверстка», яғни өнеркәсіпті орталықтардың тұрғындарын асырау үшін, ауыл шаруашылығы саласындағы еңбекшілердің қолындағы азық-түлігінің артығын күшпен тартып алу.

Кезінде Петропавл-Көкшетау теміржолы Қазақстанның орталық аймақтарындағы ет пен сүтті Ресейге көп мөлшерде жедел жеткізу үшін асығыс салынған болатын. Дәлірек айтқанда, оның құрылысын бастау жөніндегі қаулы 1920 жылғы 5 тамызда қабылданып, 1922 жылғы 28 маусымда Көкшетауға поезд қатынасы басталды.

Ал, оның маңызы осы уақытқа дейін «Қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін көркейту үшін кеңес үкіметінің қамқорлығы» деп түсіндіріліп келді. Төңкерістен-төңкеріс, берекесі кетіп, бүлінген мемлекет қайдағы бір «киргиздарды» көркейту үшін қақаған қыста жол салып, орасан шығын мен құрбандыққа барды дегенге ересек түгіл баланы да сендіре алмайсыз... Ал, шындықты көрсетіп, тарихи оқиғалардың себебі мен салдарын бүкпесіз түсіндірсек, одан теміржолдың да, басқаның да беделі түсіп қалмайды.

Сонымен, салғырт (продразверстка) науқаны басталып кетті. 1920 жылғы ақпанның 25-іне дейін Ресейдің орталық аудандарына 305897 пұт астық және 163729 пұт ет жөнелтілді. Бұл – революциялық үкімет белгілеген жоспардың 5/1 бөлігі ғана болатын.

1920 жылғы 16 июльде Омбы губерниялық азық-түлік комиссары Мәскеуге, азық-түлік халық комиссары Цюрупаға мынадай жеделхат соқты: «В.И. Лениннің бұйрығы бойынша батыс майданға Петропавл, Петухов, Қостанай станцияларынан 300 мың пұт астық жібердік және Орталыққа жөнелту үшін 20 вагон май дайындап қойдық». Әрі қарай оқиық: «Қазақ аудандары мен ауылдарында ет дайындауды (тартып алуды. – З. Т.) **күшейтіп жатырмыз. Олардың тапсырған малының бес процен**ті мөлшерінде товар бермекпіз. Ал, орыс аудандарында ет дайындау продразверстка жүзінде жүргізіледі»[2].

1.СҚО ММ. 1482-қор, 1-тізім, 75-іс, 63-бет.
2.ЦГАОР. 1943-қор, 1-тізбе, 789-іс, 326-бет.

Осылайша, «бес процентке мал сатып алу арқылы» халықты қатты күйзелткен үкімет қысымды одан әрі күшейте берді. Өз халқына жасалған қиянат жауапсыз қалмақ емес. Жер-жерде наразылықтар бой көтерді. Орыс және украин шаруаларының ұраны: «Еркін сауда», «Коммунистерсіз кеңес үкіметі!» Бірақ, коммунистік тәртіптегі өкімет халық атын жамылып, қарулы әскермен наразылықтарды аяусыз басып отырды.

Мұндай наразылықтар жөнінде 1920 жылғы желтоқсанда Петропавлда өткен бірінші уездік-қалалық партия конференциясында ашық айтылды да. Мысалы, азық-түлік жөніндегі баяндамашының көрсетуіне қарағанда: «саудада мата, сіріңке, сабын, кәрәсін, тіпті бір тиындық түйме де жоқ... Соған қарамастан астығымызды, шөбімізді, майымызды... тегін алып жатыр». Делегаттар азық-түлік салғыртының шаруаларға ауыр екендігін көрсетті[3].

Қазақстанның Орталық және Солтүстік аймақтарынан мал мен астық жеткізу үшін Ресей Совнаркомының Ленин қол қойған 1920 жылғы 5-тамыздағы қаулысымен Петропавл-Көкшетау теміржолы шұғыл түрде салына бастады. Мұндай күзде басталып, қыс бойы жүргізілген ешбір ақылға симайтын төтенше жұмыс үлкен ауыртпалық әкелді. Онсыз да аштыққа ұшыраған халықтың жағдайы қиындап кетті.

Бірден-бір жұмыс көлігі жылқы ғана болғандықтан, әскер күшімен жергілікті ауылдардан жегін аттары жиналды. Оларға жеткілікті жем-азық табу да оңай болмады. Сонда да зорлықтың күшімен алғашқы үш айдың өзінде ғана 600 атқа қажет 22 мың пұт жем-шөп теміржол танабына жақын жерлерден жиналды[4].

Губерния халқынан азық-түлік жинау (тартып алу, деп оқыса, дұрыс болар. – З. Т.) үшін Ресейдің орталық қалаларында арнайы әскери күштер жасақталды. Оларға қоса жергілікті жерлерден отряд-тар құрылды.

1921 жылдың 30-желтоқсанында Мәскеуде мынадай бұйрық жарияланды (түсінікті болу үшін орысша түпнұсқа мәтінін берейік):

«Части Особого назначения Киргизской Советской Социалистической Республики выделяются из состава частей Особого назначения Приволжского Военного округа с самостоятельным управлением с 1 января 1922 года. ЧОН Акмолинской и Семипалатинской губерний в оперативном отношении остаются в подчинении Комчонсиб, в остальных отношениях подчиняются Комчонкир респ»[5].

Бұл құжаттың ерекшелігі – Ақмола және Семей ЧОН-дары сөз жүзінде Қазақстанға (Кирреспублика) ал, іс жүзінде Сібірге (Ресейге),

3. Горвиц Б. Г. СКО в 1917-1957гг. С. 52-53.
4. СҚОММ. 53-қор, 3-тізбе, 3-іс, 53-бет.
5. СҚОММ. 889-қор, 2-тізбе, 1-іс, 46-бет.

бағынатынын көрсетеді. Осыған да назар аударайық. Қарулы күштерге келгенде «республика дербестігі» деген түсініктің бос сөз екендігінің бір айғағы осындай.

Осылайша, Петропавлда Ақмола губерниялық Ерекше қызмет бөлімдері (ЧОН) құрылды. Ақмола, Атбасар, Көкшетау уездерінде де осындай бөлімдер құрылды. Ал, Петропавлдағы ЧОН губернияға тікелей бағынатын еді.

Ардақты ағамыз, атақты жазушы Сәбит Мұқановтың атқа мініп, бөркіне қызыл байлап, көзге түсетіні нақ осы кез. Осы ЧОН-ның белсенді қызметкері ретінде «тап жауларымен», аяусыз күрескен. Бұл жөнінде Сәбең өзі былай жазады:

«Продразверстка жұмысы қанша қиыншылықпен жүрсе де, 1921 жылдың қаңтар айының жоспарын Пресногорьковкадағы райпродком орындады да, телеграмма арқылы Россияның Социалистік Федеративтік Советтік Республикасының Халық комиссарлар Советінің Председателі Владимир Ильич (Ульянов) Ленинге рапорт берілді. Рапортқа қол қоюшы бес кісінің бірі болу бақыты – менің де маңдайыма жазылды!..»[6].

Сәбең бір ауданның жоспарын орындап тастап, «Қызылжардан Пресновкаға барған кезде, продразверстканың халі аса нашар екен, азық-түліктің барлық түрі де планды мөлшерден әлдеқайда кем орындалыпты. Сол күні райпродкомның комиссары Дерявинді Ленин прямой проводқа шақырыпты. Дерявиннің Ленинмен сөйлесуі түн ортасы ауа біткен...» (Шіркін, Ленин де ғажап қой, Москва емес, Омбы емес тіпті Қызылжар емес, Пресновтың өзінен Дерявинді іздеп тауып алған.

Ал, «күн көсеммен» түн ортасына дейін сөйлескен Дерявин де осал емес! – З. Т.).

Бұл арада ескерте кету керек, большевиктік үгіттің дәл осындай өтірікке, қисынсыз қиялға негізделген мысалдары аз болмаған. Мына жолы да қараңғы халықты үркітіп-қорқытып, алдап, Ленин атымен үгіттеп, көндіру амалы қолданылған.

Сәбеңнің жазуына қарағанда, сол күні ол жоспар орындалмай қалған. «Бірер қазақ болысына баратын отрядтың бастығы болып кетеді де... тапсырманы тағы да мүлтіксіз орындап қайтады». Тапсырма болғанда, елдің өз еркімен алдына салып беріп отырған малы болмаса да, үгіттеп, реті келгенде «қысып» ет жинау мәселесі.

Соның алдында ғана, 1920 жылғы 21 қарашада азық-түлік жинау барысы жөнінде Қызылжарға Бүкілодақтық атқару комитетінің төрағасы Михаил Иванович Калинин келіп жиналыс өткізеді. Сәбеңмен сырласады. Сәбең Калининнің вокзал басында тұрған «Салон-вагонында»

6.С.Мұқанов. Өмір мектебі. 2-кітап, 344-бет.

қонақ болады, «...орысша сырнай тартып, өлең айтады. Михаил Иванович... кей жерінде күле отыра... құмарлана тыңдайды».

Ресейге азық-түлік жинап жіберу мәселесі қаралған қалалық жиналыста Калининнің айтқандарын Сәбит Мұқанов өз естеліктеріне былай түсіріпті:

Калинин «...әуелі көпшілікті күлдіре Совет өкіметінің орнауымен құттықтап алды да:

– Бұл жолы мен сіздерге Москва мен Петроград халқының сәлемін ғана әкелдім, – деді, олардың сәлемінен соң айтқаны: – Ақмола облысы бір қыста бізді азық-түліктен тарықтырмасын, ол қарызды біз де бірдеме ғып өтеуге тырысармыз...»[7].

Жиналыс соңында «Ақмола облысынан 3 миллион пұт астықты, 43 мың бас малды үш айдың ішінде Москва мен Ленинградқа жөнелтуге қаулы алынды»[8].

Нәтижесінде «Жағдай сонша қиын болғанымен, уәделі күні аудандағы продразверстка түгел орындалды да, Лениннің атына жоғарыда аталған рапорт жазылды. Продразверстка жұмысы, әрине, онымен тоқтаған жоқ. Продотрядтар қызметін қызу жүргізіп жатты»[9].

Жоғарыда айтылғандардың дұрыс-бұрысын тексере алмаймыз. Өзі қатысқан, көзімен көрген жазушының сөзіне сөз қоспаймыз. Бірақ, сол «тоқтамаған, қызу жүріп жатқан» разверстканың бүкіл өлкені, тіпті Қазақстанның тең жартысын аштық қырғынына ұшыратқаны, бейбіт заманда мыңдаған адамдардың өмірін қиып, тағдырын талқандағаны да ақиқат.

Ал, үлкен бастық Калинин, сонша ақылды кісі, сілекейі шұбырып Сәбеңнің сырнайын тыңдап отырғанда не ойлады екен? Сол кезде-ақ Еділ бойынан, ішкі Ресейден Қызылжарға ағылып келіп жатқан аш-жалаңаштарды көрмеді ме? Көрді. Малын, астығын сыпырып алса, мына табиғаты қатал қазақ даласындағы халықтың жаппай аштыққа ұшырайтынын білді ме? Білді.

«Ақмола облысы бір қыста бізді азық-түліктен тарықтырмасын, ол қарызымызды бізде бірдеме ғып өтеуге тырысармыз...» дегені рас болса, онысы жұрт алдындағы сайқымазағы. Шын мәніндегі өтеуі сол жылы 500 мың адамның аштық қасіретіне ұшырауы болады. Бәсе, Ленин Пресновкадағы қайдағы бір Дерявинді сол үшін іздеген екен-ау!

Малынан, астығынан айырылған халықтың ертеңгі күні қараң екенін Сәбит Мұқанов өзі де байқаған, жазып кеткен. Қызылжарға келе жатқанда бұрын «қойын сойып, қолын қусырып» дегендей құрметпен қарсы алатындардың» көбі енді теріс айналғанын, тіпті қон-

7. Сонда, 343-бет.
8. Сонда, 345-бет.
9. Сонда 349-бет.

дырмайтынын ашық жазған. «...су татырар емес. «Тамақ сат» десең, «бар тамақты өзің жинап алған жоқпысың, аштан өлгелі отырмыз, бізге өзің бер!» деп кекетеді»[10].

ЧОН-дар, продотрядтар және олардың халықты қан қақсатқан қасіретті қызметі туралы қалған әңгіме «Өмір мектебінде» тәтпіштеп, көркем жазылған... Халық тағдыры осылайша ойыншыққа айналған.

***

Ақмола губерниясындағы қазақ ауылдарының жағдайы қиын екені ерте-ақ байқалған болатын. Мысалы, алғашқы губревком төрағасы Әбдірахман Әйтиев Омбыдан Петропавлға келіп, билікті қолға алысымен, жағдаймен танысты. 1921 жылғы 17 мамырда Омбыдағы өкімет орындарынан көмек сұрап жеделхат жолдады. «Сібірдің қазақ комиссиясының, Сібір азық-түлік комиссиясының және Губпродкомның мәжіліс хаттамаларында бірнеше мәрте атап көрсетілгендей, Ақмола губерниясындағы аштыққа ұшыраған қазақ халқының жағдайы қатерлі апат дәрежесінде. Наряд болмағандықтан қазақтарға астық берілмеген. Губерния бойынша қазақ жұртшылығына (кирнаселение деп жазыпты. – З. Т.) 740 мың пұт астық керек. Жаңа егіннің өнімін алғанға дейін әр адамға айына 20 ф. есебімен: Ақмола уезіне 400 мың, Атбасар уезіне 200 мың, Көкшетау 70 және Петропавл уезіне 70 мың пұт астыққа наряд беруді және мәселені шұғыл шешуді сұраймын. Телеграфпен жауабын беріңіздер»[11].

Бірақ астық та, наряд та берілмейді. Әйтиев бұл жедел хатты 19 мамырда тағы қайталайды. Жауап жоқ. Осы кезде большевиктер бастаған азамат соғысынан және қабаттаса келген құрғақшылықтан шаруасы күйзелген Ресейдің орталық аймақтарын да жайлаған аштық аранын ашып, қазақ даласына жайылып келе жатқан.

1921 жылғы 7 тамыз күні Ақмола губкомы жанынан «Еділ бойында аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету жөнінде» төтенше комиссия құрылды. Бұл комиссияға Губревкомнан, Губпродкомнан, Губпрофсоветтен, Губобраз бен Губсоюздан бір-бір адам енгізілді. Оның төрағалығына губерниялық әскери комиссар Евдокимов тағайындалды[12].

Осы комиссия туралы бекітілген Ережеде Ресейдің орталық аймақтарындағы азық-түлік тапшылығына байланысты Ақмола губерниясының барлық уездері мен болыстарынан, барлық мекемелерден жұртшылық көмегін ұйымдастыру көзделген.

10. Сонда, 352-бет.
11. СҚОММ. 53-қор, 3-тізбе, 3-іс, 92-бет.
12. СҚОММ. 41-қор, 1-тізбе, 1-іс, 5-бет.

Төтенше комиссияның құрылғаны туралы хабар және жұртшылыққа арналған үндеу «Бостандық туы» газетінің редакциясына, жариялау үшін жіберілді[13].

«Бостандық туы» газетінің редакциясына. 1921 ж. 19.10.

«Ақмола губерниялық Аштарға көмектесетін төтенше комиссиясы (Помгол) сіздің «Бостандық туы» газетінде аштықпен күрес жөнінде үндеулер, мақалалар, ақпарлар жариялап тұруды сұрайды.

Бұл материалдарды қазақ тілінде қазақ жұртшылығына жеткізіп тұру өте маңызды. Сондай-ақ, аштықпен күрес жөнінде материалдар шыққан газет сандары қазақтар арасына кеңінен таратылса жақсы болар еді.

Комиссия төрағасы Евдокимов, хатшысы Островной»[14].

Қарашаның 14-күні Помгол төтенше комиссиясының төрағасы Апсалямов Петропавл қаласының барлық молдаларын жинап, жұма намазы күндерінде қайырымдылық көмегін ұйымдастыру туралы Ақмола губерниясының мұхтасибі Мұхаметсейіт Әбдулзалиловке хат жазған.

Қар бекіп, қыс қатая бастаған сайын аштық қасіреті асқына берді. 1921 жылғы 9-желтоқсанда Губпомгол төрағасы Егоров Орынборға жеделхат соғып: «Аш босқындар күннен-күнге көбейіп барады. Петропавл және Атбасар уездерінде олардың саны отыз мыңнан асып кетті. Атбасар және Көкшетау уездерінде жергілікті 62 мың қазақ пен 30 мың орыс аштыққа ұшырады» деп хабарлады[15]. Алғашқы төрт айда қайыр көмек ретінде 100 миллион сомнан артық ақша жиналды. Мұның 72 миллионы Мәскеуге жіберілді, жергілікті аштарды қоректендіруге 20 миллион және тамақ пункттерін ашуға жарты миллион сом жұмсалды[16].

Өкімет орындары Көкшетау уезінде 30 болыс елдің аштыққа ұшырағанын, Атбасар уезінде көшпелі халықтың көпшілігі – 62 мыңдай қазақтың аш екендігін хабарлады.

Еділ бойынан күн сайын қаңғып келіп жатқан босқындар Қызылжардың көшелеріне симай кетті. Аштарға бір мезгіл тамақ берудің өзі мүмкін болмай қалды. Жыл аяғында губерниялық оқу бөлімінің есебі бойынша 10 мың бала аштыққа ұшырап, қырылып қалу қаупінде тұрды.

Губерниялық оқу бөлімінің 1922 жылғы қорытынды есепте мынадай фактілер көрсетілді. Аштыққа ұшыраған губерниялардан өз бетімен қаңғып келіп жатқан балалар арнайы мекемеге симай кетті. Әке-шешесі аштпан өлген 235 жетім бала Петропавл қаласының тұрғындарына асырауға бірден-екіден таратылып берілді. Ауылдарға

13. Сонда, 22-бет.
14. Сонда, 33-бет.
15. СҚОММ. 1616-қор, 1-іс, 2-тізбе, 2-бет.
16. Сонда, 9-бет.

967 бала жіберілді. Осылайша, ата-анасы жоқ, аштыққа ұшыраған 1202 бала қала және уезд жұртшылығына таратылды[17].

Осы кезде Ақмола губерниясы бойынша ашарықтардың саны жарты миллионнан асты. Қызмет адамдарының жазған қағаздарында аштардың қамыс қоғасын, ағаштың қабығы мен ормандағы мүкті, кездейсоқ жануарлардың өлексесін азық қылғаны көрініп тұр. Ал, Мәскеу болса, үсті-үстіне дігірлеп, азық-түлік жеткізуді талап етуін тоқтатпады.

Сақталған мұрағат құжаттарын зерттей отырып, сол бір қайғылы күндерде бел шешпей, тыным таппай еңбек етіп, аз ғана мүмкіндіктің өзін аштарға көмек ретінде пайдалануға күш салған жергілікті қызметкерлердің ерлігіне таң қалмасқа болмайды.

1922 жылғы 28 қаңтардағы есеп бойынша Петропавлда тамақ үлестіретін екі орын ашылған, олар ең көп дегенде, 2300 адамға бір мезгіл тамақ бере алады.

«Болыстардан келген өкілдердің айтуына қарағанда елдегі жағдай тым қиын. Шымтезек жеп жатқандар бар. 30 фунт шымтезекке 10 фунт ұн қосып, араластырып жейді. Басқа тамақ болмағандықтан, халық ақырғы малдарын сойып жеп бітірді»[18].

Төтенше комиссияның ресми есебі бойынша 1922 жылдың басында ашарық ретінде ресми түрде 417500 адам тіркелген. Қолындағы азық-түлігі тартылып алынған жергілікті халықтың жағдайын сырттан толассыз келіп жатқан босқындар мүлде ауырлатып жіберді. Ресейдің орталық аймақтарынан, Еділ бойынан қазақ даласына жаяулы-жалпылы шұбырған аш босқындар жолында кездескен, өңештен өтетін жанды-жансыздың бәрін жайпап отырды.

Үкімет орындарының мәліметтеріне қарағанда дәл осы кезде сырттан келгендердің саны Петропавлда – 4 мың, уезде 150 мың, Көкшетаудың қаласында 2 мың, уезінде 114 мың, Атбасарда 1 мың, уезінде 110 мың және Ақмола қаласында 500, уезінде 36 мың адамға жеткен.

Петропавл қаласындағы жағдайды көрсететін кейбір деректер мынадай: 1922 жылғы қаңтардың алғашқы 25 күнінде 70 адам аштан өлді, 105 адам ісіп-кепті. «Дәл қазір 70 адамның мәйіті тамақ пунктінің қорасында (Ленин көшесі, 14 үй) үюлі жатыр. Коммуналдық шаруашылық бөлімі көшеде аштан өлгендерді жинап, көмуге үлгере алмауда».

Ақпан айында жағдай тіпті асқынып кетті. Күн суытты. Жер-жерден үрейлі хабарлар келіп жатыр. Аштық пен ажал аранын ашып, Қазақстанның солтүстігінен, орталыққа қарай жылжи тарап барады. Оны тоқтатар күш жоқ сияқты.

«Көкшетау уезіндегі 65 болыста ашарықтар саны 150 мың адамға жетті, оның ішінде 130304 адам мүлде аш. Әсіресе қазақ болыстары

17. Сонда, 1916-қор, 1-іс, 2-тізбе, 41-бет
18. СҚОММ. 55-қор, 3-тізбе, 36-іс, 11-бет.

қатты күйзеліс үстінде»[19]. Аштар қайыңның қабығын, ағаштың мүгін, тіпті ұн араласқан топырақ жеуге мәжбүр. «Атбасар уезінде арам өлген малдардың терісін, сүйегін кеміруде»[20]. Іш сүзегі індеті жаппай таралуда, дәрігерлік көмек туралы айтуға да болмайды.

Атбасар уезіндегі Баганалы болысының қазақтары оңтүстікке, Түркістан өлкесіне ауа көшіп жатқаны туралы мағлұмат та осында. Олар қазіргі әкімшілік бөлісі бойынша Қарағанда облысына қарайтын Ұлытау өңірі, Сарысу өзенінің бойындағы наймандар, тарақты рулары болатын.

«Еңбекші қазақ» газетінің бетінде 1922 жылғы 21 ақпанда басылған мақаласында Ғаббас Тоғжанов былай деп жазды: «Бұрын қазақтың үйінде мамыражай тыныштық болатын, қымыз сапырылып, қазан қайнап, дастарханынан қазы-қарта кетпеуші еді. Табын-табын жылқы, келе-келе түйе, мыңғырған қой мен сиыр даланың сәнін кіргізуші еді... Енді қазір қазақ сорлының азығы шөп-салам, құрт-құмырсқа. Олар иттің етін, тышқанды азық қылып отыр...»

Ақмола губерниялық «Мир труда» газеті күн сайын аштыққа ұшыраған халықтың жағдайын айнадағыдай көрсетіп отырды. Тіпті, адам етін жеу көбейіп бара жатқан соң, Орынбордан Петропавлға келген жеделхаттың түрі мынадай:

«Аштыққа ұшыраған аудандарда кісі етін жеу фактілері кездесіп отырғандықтан, оған жол бермеу үшін НКВД мұндай адамдарды сотқа тартпай, әкімшілік жаза бермей-ақ қоюды ұсынады. Кісі етін жейтіндер ақыл-есі дұрыс емес деп танылып, жеке қамалсын, олардың есін осылай жиғызу керек».

1922 жылғы 30 қыркүйектегі мәлімет бойынша Ақмола уезінде ашарық ретінде 128698, Көкшетау уезінде 20083, Атбасар уезінде 14585 адам тіркелген. Осы мерзімге дейін Ресей жақтан өз бетімен келген 10 мың босқын бұрынғы тұрған жеріне күшпен қайтарылды.

Жағдайды осындай шиеленіскеніне қарамастан, деп атап көрсетілді, тағы бір құжатта: «Орталық (Мәскеудегі үкімет билігі.-З. Т.) өзіміздің Ақмола губерниясындағы жергілікті халықтың аштан қырылып жатқанын мойындамай, үнемі қысым көрсетіп келеді. Орталықтың нұсқауы бойынша Орынборға бес мың пұт, Башқұрт Республикасына бір мың пұт астық жөнелтілді.

1922 жылдың алғашқы үш айында шамамен есептегеннің өзінде 440 мыңнан аса адам аштыққа ұшыраған»[21].

...Орынбордағы Орталық Қазақ үкіметі республикадағы аштық жағдайын арнайы қарап, «Аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссияның хатшысы, КазЦИК-тің саяси хатшысы Мұхтар Әуезовтің

19. Сонда, 1616-кор, 1-тізбе, 1-іс, 33-бет.
20. Сонда.
21. Сонда, 29-56-беттер.

орасан қуат жұмсап, мемлекеттік деңгейде қабылданған шешімнің нәтижесінде Орынбордан губернияларға, қазақ арасына ұлты қазақ өкілдер шықты. 1922 жылғы мамырдың басында КазЦИК-тің төтенше өкілі ретінде Мұхтар Әуезов Семейге жүріп кетті. Мамырдың 5-күні Ақмола губерниясының орталығы Қызылжарға Қияқов өкіл болып келді.

Сол күні Қызылжарда аштыққа қарсы күрес жөнінде губерниялық төтенше комиссияның мәжілісі болды. Мәжілісте уездер бойынша қалыптасқан жағдай сараланды. Көкшетау, Атбасар, Петропавл уездерінде, Атбасар мен Ақмола қалалары маңайында орналасқан қазақ ауылдарының қиын жағдайы тұңғыш рет баса көрсетілді. Тұңғыш рет деп отырғанымыз, осы комиссияның архивте сақталған бүкіл іс-қағаздарын қарап шыққанымызда, бұл аймақтың аштық тауқыметін өзгелерден гөрі көп тартып отырғаны бұрын айтылмайтын.

Қабылданған қаулының 5-ші бабында ПОМГОЛ комиссиясының құрамына ұлты қазақ азаматтардан өкіл кіргізу туралы Мағжан Жұмабаевтың ұсыныс енгізгені көрінеді. Бұл ұсыныс қабыл алынып, М. Жұмабаевтың өзі аштыққа қарсы күрес комиссиясы төрағасының орынбасары болып бекітіледі[22].

Мағжан өміріндегі аса бір бедерлі белес, оның қайраткерлігін айғақтайтын кезең, бірақ бұрын зерттеліп, қағазға түспеген осы қызметін уақыт тізбегі түрінде көрсетейік:

Сол күні М. Жұмабаев Қостанай губкомының өкілдері ретінде Любимов пен Клочков деген қызметкерлерді Семей губерниясына іс-сапарға жіберу бұйрығы мен мандатына қол қояды.

Ертеңіне, яғни мамырдың 6-күні Иван Михайлович Бебен мен Георгий Елисеевич Сальниковты Петропавл уезі Вознесен болысы Надежда поселкесінің өкілдері ретінде Ақмола уезіне мал мен астық жинауға жіберіп, мандаттарына қол қояды.

Мамырдың 22-күні Биғозин Ғалымның Атбасар уезіне өкіл болып баратын мандатына қол қояды.

1922 жылғы 9-маусым күні ПОМГОЛ төрағасының орынбасары Жұмабаев губерниялық әскери комиссар Приморскийге қазақтың 100 жетім баласын және мүмкін болғанша орыс балаларын қамқорлыққа алуды сұрап, хат жолдайды.

1922 жылғы 11 маусым күні Мағжан «Мир труда» газетіне мақала жазып, қазақ даласындағы аштықтың тұтас ұлтқа қатер төндіріп отырғанын көрсетіп, ащы шындықты жайып тастайды. Мағжанның ой жүйесінен хабар беретін, қарасөздегі қалам-қайратын көрсететін бұл мақаланы тұтас келтірдік.

22. Сонда, 1616-қор, 1-тізбе, 4-іс, 20-бет.

ГОЛОД В САРЫ-АРКЕ

«Воды Волги покрытая льдом, всем будет путь через нее. Если умрет хан Волги, мудрейший Едиге, умрет все живое на свете», так гласит историческая пословица киргизского народа. Злая воля истории веками хранила эту пословицу в памяти Киргизского народа, как будто для того, чтобы лишний раз доказать, что судьба киргизской Желтой Равнины – Сары-Арки на веки связаны с судьбой многоводной Волги.

Родившийся на берегах Волги царь-голод, опустошив ее цветущие долины, давно уже достиг к молчаливой Сары-Арке. Большая часть киргизского народа, население Оренбургской, Букеевской, Актюбинской, Уральской и Кустанайской губерний давно уже изнемогают в неравной борьбе с немым царем-голодом. В тех губерниях уже два года киргизы вместо любимой кобылятины едят мышей и собак, а вместо «белого» кумызу пьют воду вонючих колодцев и луж. Там киргизы белые и бледные, как тени бродят по беспредельной желтой равнине и ловят сусликов, а суслики ловят их. В тех губерниях, уничтожив почти весь скот, заставив людей высоко разборчивых в пище, киргиз ест грязных животных и даже друг друга, беспощадный враг голод безшумно вошел и в нашу губернию.

С осени 1921 года наша Акмолинская губерния сделалась ареной смертного шествия немого царя. С тех пор киргизы нашей губернии на почве голода переживают те же испытанья и страданья, каковым в течение двух лет подвергнуты их братья в верхних губерниях Киргизской Республики.

Передо мной лежат оффициальные отношения нескольких Киргизских волисполкомов Петропавловского и Кокчетавского уездов. Именалинский волисполком пишет: «В нашей волости голод начал сильно чувствоваться с ноября 1921 года. Все бедное население волости до осени, сьев весь свой скот, всю зиму поголовно занималось скотокрадством. Небывалый джут прошлой зимы скосил почти весь скот, каковой сократился до 70 процентов. Люди пухнут и умирают. С ноября по май месяц волисполкомом зарегистрировано 270 случаев голодной смерти...». Сарайгырский волисполком пишет: «С января по май месяц зарегистрировано 72 случая голодной смерти. Голод все возрастает. Масса скота погибла от апрельской ледяной бури. Чрезмерно усиливается скотокрадство.

Мугаллим 26-ой киргизской школы товарищ Избасаров о положении аула Байгабул, находящегося в 18-ти верстах от Петропавловска, пишет следующее:

«Аул Байгабыл состоит из 40 кибиток жатаков-бедняков. Джутом прошлой зимы хозяйтсво их окончательно разрушено. За зиму от голодной смерти умерло 17 человек. В хозяйстве в настоящее время не имеет ни одной головы скота. Многие пришли в город и бродят нищими по улицам...»

Из Баимбетской и Айыртавской волостей Кокчетавского уезда сообщают почти тоже самое.

А из Акмолинского и Атбасарского уездов пока никаких сведений не имеется. Только недавно в ташкентской газете «Ак жол» мне удалось видеть сообщение, где две киргизских волости Акмолинского уезда, Чуйского района перекочевали в Аулие-атинский, Чимкентский и Туркестанский уезды Туркестанской Республики.

Я думаю, что эти выписки безусловно могут засвидетельствовать степень бедственного положения киргиз нашей губернии. Словом, кроме одной Семипалатинской губернии вся Киргизская Сары-Арка от Каспийского моря до Иртыша находится во власти голода. Разрушаются хозяйства, уничтожается скот и не будет преувелечением, если скажем – вымирает несколько миллионный Киргизский народ.

Однако, многие ли знают об этом? К сожалению, знают не многие и знают непростительно мало. Причина такого незнания кроется в следующем. В прошлом году, как только постигло бедствие Поволжья заволновалась вся Россия. Широкошумная Волга заставила зашуметь всю страну. Ибо, во-первых, Волга – ближе к центру, во-вторых, население Поволжья гораздо культурнее чем киргизы. А, культурный человек, всегда сумеет заставить других услышать свой голос. Напротив, молчаливая Сары-Арка покорно приняв царя-голода, ведет с ним безмолвную борьбу и безмолвно и безропотно умирает в этой неравной борьбе.

Криклив и суетлив человек голода, что он не замечает тихой смерти сына Сары-Арки. Шумлив город культурного человека, что он своим шумом заглушает тихий стон Сары-Арки. Вот одна из причин незнания русского общества об ужасах голода в киргизской степи.

Словом, каких бы то причин не было, но факт остается фактом. На почве голода разрушается киргизские хозяйства и сам народ подвергнут нравственному разложению.

Этими словами я вовсе не хочу сказать, что голод в Сары-Арке сильнее чем на Поволжье. Это было бы совершенно несоответствующим истине преувеличением. Я хочу сказать только следующее: Молчание Сары-Арки вовсе не дает право признать ее спокойной и сытой.

Пора же отказаться от старого взгляда Екатеринских времен на Сары-Арку, как на сказочную Киргиз-Кайсацкую орду, как край, «где все обилием дышит», где кумыз льется рекой и где копченое мясо под открытом небом завялено горой.

Пора услышать стон Сары-Арки и понять полное страданий жуткое молчание киргизского народа.

Магжан.
11 июня 1922 года

Біздің қазақшалағанымыз мынау:
САРЫАРҚАДАҒЫ АШТЫҚ

«Еділ қатса, кім кешпес? Едіге өлсе, кім келмес? Әзір Еділ қатпайды, Әзір Едіге өлмейді, Еділдің ханы Едіге өлсе күн сөнеді, ай тұтылады».

Тарих тереңінен ұмытылмай келе жатқаныңыздағы осы бір қанатты тіркестер қазақ халқының тағдырында Еділдің қандай орын алатынын, қазақтың Сарыарқасы мен мол сулы Еділ дариясының үзілмес байланысын көрсетеді.

Еділ жағасында басталған алапат аштық алып өзеннің алабындағы қалың елді жайпап, Сарыарқаның маң даласына келіп жеткелі де бірталай болды. Қазақтың тұтас өңірі Орынбор мен Бөкейлік, Ақтөбе мен Орал, Қостанай губернияларындағы қазақ ауылдары аранын ашқан аштықпен алысып, діңкесі құрыды. Бұл елдердің бір кезде қазы мен қарта шайнаған қазақтары тышқан аулап, иттің етін талқажау қылатын жағдайға жетті, сапырылған сары қымыз көзден бір-бір ұшып, құрттап кеткен құдықтың, сасыған шалшықтың борсыған суымен сусындауда.

Өңсіз-түссіз, бетінен қаны қашқан тірі аруақтар шетсіз-шексіз далаға қаңғып кетті, олар саршұнақ аулап, халы біткен жерде құлап жатыр, сол саршұнақтарға өздері де жем болуда. Тамақты таңдап, талғап қана ішетін кірпияз қазақ малдан жұрдай болып, өлексеге таласуда. Бірінің етін бірі жеуден тайынбайды. Аранын ашқан аштық ақырын жылжып, біздің губернияның шебіне кірді.

1921 жылдың күзінен біздің Ақмола губерниясы аштықтың қанды шеңгеліне ілікті. Екі жылдан бері жоғарыда айтылған губерниялардағы бауырларымыздың басындағы қасірет бізге де келді. Менің алдымда Петропавл және Көкшетау уездеріндегі қазақ болыстарынан келген ресми хабарлар жатыр. Еменәлы болысының төрағасы жазады: «Біздің болыста аштық 1921 жылдың қарашасына қарай тіпті асқынып кетті. Күзге дейін тігерге тұяғы қалмаған халық ұрлыққа бет қойды. Былтырғы алапат жұттан малдың үштен екісі қырылып қалған болатын. Адамдар ісіп-кеуіп өліп жатыр. Қарашаның қысынан мамыр, көктемге дейін 270 адамның аштан өлгенін қағаздадық...»

Сарыайғыр болысынан: «Қаңтардан мамырға дейін 72 адам өлді, аштық күннен-күнге қысып барады. Сәуірдің сары аязында қалған мал қырылды. Ұрлық белең алып кетті». 26-қазақ мектебінің мұғалімі Ізбасаров Петропавлдан 18 шақырым жердегі Байғабыл ауылының жайы туралы былай деп жазыпты: «Байғабылда 40 шақты түндік кедей-жатақ бар еді, былтырғы жұт оларды тұралатып кетті. Бір қыста 17 адам аштан өлді. Малсыз ауылдың адамдары босып қалаға кетті, қаңғып жүріп көшеде өліп жатыр...»

Көкшетау уезінің Бәйімбет және Айыртау болыстарынан да осындай суық хабар алып отырмыз.

Ақмола және Атбасар уездерінен әзір хабар жоқ. Тек таяуда Ташкенттің «Ақ жол» газетінде Ақмола уезі Шу ауданыны қазақтарының екі болысы Түркістан республикасының Әулиеата, Шымкент және Түркістан уездеріне тік көтеріліп ауып келді деген ақпар басылды.

Осы айтылғандардың өзі-ақ қырдағы қазақтардың қайғылы халін көрсетеді. Жалғыз Семей губерниясын қоспағанда, Каспийден Ертіске дейінгі аралықтағы бүкіл Сарыарқа өңірі аштыққа ұшырап отыр. Мал қырылып, елдің берекесі кетті, бұлай бола берсе, бірнеше миллион қазақ құрып бітер күн де алыс емес. Алайда, осы жағдайды басқа жұрт біле ме? Өкінішке қарай қалың қауым нақты жағдайды білмейді.

Ал, енді осындай қанды қырғынның себебі неде? Былтыр, Еділ бойы ашыққанда, бүкіл Ресей дабыл қақты. Кең арналы Еділ бүкіл елді дүр сілкіндірді. Өйткені, Еділ орталыққа жақын, екіншіден, Еділ бойы халқының қазақтардан гөрі көзі ашық, әлбетте, мәдениетті халық басқаларға өз сөзін тыңдата алады. Ал, бұған керісінше, қасіретке мойын ұсынып, үн шығармай жатқан Сарыарқа, сол аштықпен арпалысуда, қауқары біткен соң жеңіліп, тұяқ серіппей жан тапсыруда.

Аштық қабырғаға батқанда адамның есі кетеді, шырқырап жан даусы шықпайды, осындай кезде басқалар Сарыарқа перзентінің ыңырсып қана жан тәсілім бергенін байқамайды. Мәдениетті қала адамы дабыра көтеруге бейім, ол өзінің осы шуымен Сарыарқаның әлсіз ғана ыңқылын басып кетеді, естіртпейді. Міне, қазақ даласындағы аштық сұмдығын орыс жұртшылығы білмеуінің бір себебі осында.

Әйтеуір, қандай себеп болса да, нақты жағдай осындай, басқаша емес. Аштықтың ауыртпалығынан ауыл құрып барады, ал қазақ халқы адамдық бейнесінен ада болуда.

Мен бұл сөздерді жазғанда Сарыарқадағы аштық Еділ бойындағыдан да алапат дегім келмейді, деген болсам, ақиқаттан аттаған болар едім. Айтпағым мынау ғана: Сарыарқа дабыл қақпаса, ол тойғандықтан, немесе жаны жай тапқандықтан емес.

Байлыққа бөккен, қырғыз-қайсақтың Екатерина заманындағы ертегідей берекелі өлкесі деп қарамайық оған. Сары қымызы өзендей сарқыраған, сүрленген еті тау-тау болып үйіліп жататын Сарыарқа жоқ.

Сарыарқаның жан күйзелісіне құлақ салып, қазақ халқының ауыр ыңырсыған, азалы үнсіздігін түсінетін кез келді.

Мағжан, 11-шілде, 1922 жыл

МАҒЖАННЫҢ КӨКШЕТАУҒА ІССАПАРЫ

1922 жылғы 23-маусым күнгі комиссия мәжілісінде Мағжан сөйлейді: «Петропавл станциясында 1500 ашарық жүр, олар елдеріне

қайтқысы келеді. Осыларды қосқанда таяу арада 5000 адамды қайтару керек. Олардың құжаттарын тексеру жөнінде сөз қозғалмасын».

1922 жылғы 1 шілде. «Аштықпен күрес жөніндегі Ақмола губерниялық төтенше комиссиясы төрағасының орынбасары Мағжан Бекенұлы Жұмабаев аштарға көмек көрсету үшін Петропавл және Көкшетау уездеріне жіберілді.

М. Жұмабаевқа аштарға көмектесу жөнінде жұртшылық арасында үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізу үшін қазақ қызметкерлерін, ақсақалдарды пайдалану құқы беріледі. ҚОАК және ЦЧКГ төтенше өкілі Қияқов»[23].

Сол күні М. Жұмабаев пен Қияқов Петропавлдан Көкшетауға қарай салт атпен шығып кетеді[24]. Қазақ ауылдарын 50 күн бойы аралап, жағдаймен танысып, аштарға көмек көрсету жөнінде нақты шараларды ұйымдастырады.

Шілденің 14 күні Мағжан Көкшетау уездік атқару комитеті шақырған жиналысқа қатысады. Жанында еріп барған Қызылжарлық молла Ғалиаскар Айтқожинді Ақсары, Қотыркөл, Шығыс, Жауар, Көксеңгір болыстарына жібереді.

1922 жылдың 29-тамызында Қияқов та Петропавлға қайтып келеді.

Бұл сапардағы жұмыстары жөнінде Мағжан Жұмабаев орыс тілінде арнайы есеп-баяндама жасап тапсырған. Бұл – Мағжанның осы қызметтегі аты аталатын және Петропавлда жазған соңғы құжат және Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатында сақталған көлемді қолтаңбасы.

В Акмолгубчрезкомпомгол

Доклад

1 июля выехал из П-Павловска вместе с тов. Кияковым. На меня было возложено произвести прикрепление в голодающих киргизских районах Кокчетавского и Петропавловского уездов, сбор продовольственных пожертвований в благополучных районах и налаживание работ Кокчетавского укомпомгола.

9 июля приехали в Кокчетав, откуда тов. Кияков отправился в Атбасар и Акмолинск для вышеуказыанных работ. 14 июля мною проведено внеочередное пленарное заседание, где между прочим постановили - немедленно приступить к сбору пожертвований среди кирнаселения придерживаясь принципа по одной голове крупскота с каждого административного аула и 1/3 сбора препроводить в П-Павловск в рас-

23. СҚОММ. 41-қор, 1-тізбе, 10-іс, 20-23 беттер.
24. Сонда, 1616-қор, 1-тізбе, 2-іс, 26-бет.

поряжение губпомгола, а 2/3 сбора распределять на местах среди голодающего населения, а так же срочно организовать в Кокчетаве дом для киргизских детей.

16 июля выехал в голодные западные волости Кокчетавского уезда для ознакомления с положением на местах и производства прикрепления. Был в Чунгурчинской, Карачинской, Мезгильской и Айыртавской волостях. Положение населения в выше указанных волостях действительно было катастрофическое. 90% населения питалось ягодами. Был очевидцом многих заболеваний на почве голода. Побыв 10-11 дней в вышеуказанных волостях я употребил все силы на прикрепление, каковое мною произведено довольно удовлетворительно по принципу из 5 дойных коров и кобыл одну голову передавали голодающим семьям на временное пользование т. е. до зимы.

Кстати, необходимо указать, что взымание маслоничного налога крайне обезсилило голодное население. Например, хозяйство из 10 душ, питающееся молоком одной коровы, и оно принуждено было сдать налог, само на целый месяц буквально нищенствовало.

Закончив прикрепление, к концу июля обратно приехал в Кокчетав, откуда вместе с членом укомпомгола, уездным мухта-сибом тов. Айтхожиным выехал в восточные благополучные волости.

Был в Кокчетавской и Котуркульской волостях. Население на мой призыв о помощи отзывалось весьма сочувственно. Население двух волостей пожертвовало 70 голов крупного и мелкого скота и 150 штук разных кож.

Я дав полномочие мухтасибу Айтхожину согласно постановления укомпомгола 2/3 всего сбора представить в Кокчетав для распределения между гол.населением западных волостей, а 1/3 немедленно представить в П-Павловск, каковая часть на днях безусловно будет представлена сюда.

Мухтасиб Айтхожин по моему распоряжению поехал дальше в Аксаринскую, Джаварскую и Восточную волости для отправки в Кокчетав и Петропавловск собранный в вышеназван-ных волостях скот.

На обратном пути в П-Павловск я вместе с уполномоченным губпомгола тов. Жакуповым был в Жамантузской, Туран-гольской волостях П-Павловского уезда. Население этих волостей полуголодает. Однако, более зажиточная часть населе-ния на мой призыв о помощи отозвалась весьма охотно.

Тайнчинская волость пожертвовала 20 голов крупскота и 20 кож, Жамантузская волость 20 гол. крупскота и 25 кож. Туранская волость 7 г. крупскота и 5 кож.

Мною дано распоряжение тов. Жакупову весь этот сбор распределить между голнаселением по удостоверению волис-полкомов и волкомитетов взаимопомощи.

Организация сбора в 4-х волостях Петропавловского уезда закончилась 15 августа.

17 августа прибыл в город Петропавловск[25].

Зампред Акмолгубчрезкомпомгола М. Жумабаев.
г. Петропавловск, 20 августа 1922 года.

Құжатты түпнұсқа тілінде ұсына отырып, оның мәтінін қазақшалауды да жөн көрдік.

Баяннама

Шілденің 1-күні Қияқов жолдас екеуіміз Петропавлдан аттанып кеттік. Маған Көкшетау және Петропавл уездеріндегі қазақ ауылдарын аралап, аштыққа ұшыраған қазақтар үшін малы бар аймақтардан азық-түлік жинап, тарату және Көкшетау уездік аштарға көмек комиссиясының жұмысын жолға қою тапсырыл-ған болатын.

Шілденің 9-күні Көкшетауға келдік. Қияқов жолдас сол жерден Атбасар арқылы Ақмолаға жүріп кетті. 14 шілде күні Көкшетауда кезектен тыс жалпы жиналыс өткізіп, жағдайды талқыладық. Қазақ ауылдарынан аштарға арнап жылу жинауға шұғыл кірісу туралы қаулы алынды. Әрбір әкімшілік ауылдан 1 ірі қарадан жинап, жиналған мал мен азық-түліктің үштен-бір бөлігін Петропавлға, губерниялық комиссияның құзырына жіберу, қалған үштен-екі бөлігін сол жердегі аштарға үлестіріп беруге ұйғарылды. Сондай-ақ, Көкшетау қаласында жетім қалған қазақ балалары үшін арнайы мекеме ұйымдастыруға келісілді.

16-шілде күні жер-жердегі жағдайлармен танысу үшін және аш-арықтарға көмек жасау үшін Шұңғыршы, Қарашы, Мезгіл және Айыртау болыстарына жүріп кеттім. Бұл аталған болыстардағы жағдай, шынында, жан шошырлық екен. Халықтың 90 проценті дала кезіп, жидек теріп, қоректенуде. Аштықтан дертке ұшыраған көп адамдарды көрдім. Аталған болыстарда 10-11 күндей жүріп, аштарға көмек көрсетуге күш салдым. Бес сиыры мен жылқысы барлардың бір малын алып, малы жоқтарға таратып, уақытша, қысқа дейін сауып, жүрек жалғайтындай жасадым.

Реті келіп тұрғанда, көрсетпесем болмайды, аштыққа ұшыраған отбасыларға салынған май салығы оларды мүлде тұралатып кетіпті. Мысалы, он жаны бар отбасы жалғыз сиырға қарап отырса да, салық түрінде май өткізуге міндеттелген, сөйтіп жаңағы он адам қайыршылыққа ұшыраған.

Аштарға азық үлестіріп, шілденің аяғына қарай Көкшетауға келдім де, уездік комиссияның мүшесі мұхтасиф Айтқожин жолдасты ертіп, аштыққа ұшырай қоймаған шығыс өңірге аттанып кеттім. Көкшетау

25. СҚОММ. 1616 кор, 1-тізбе, 2-іс, 26-бет.

және Қотыркөл болыстарында болдым, жұртшылық аштарға көмек көрсету жөнінде менің сөздеріме қалтқысыз құлақ түрді. Осы екі болыстың халқы жылу ретінде ірілі-уақты жетпіс мал берді, жүз елу дана мал терісін жинады.

Укомпомголдың қаулысына сәйкес, жиналған малдың үштен-екі бөлігін Көкшетауға жеткізіп, аштыққа ұшыраған батыс болыстарға тарату және қалған үштен-бір бөлігін Петропавлға айдап әкелу жөнінде мұхтасиф Айтқожинға тапсырма бердім, бұл мал таяуда келіп те қалар. Айтқожин менің жұмсауыммен Ақсары, Жауар және Шығыс болыстарына жүріп кеткен. Сол жақтан мал жинап, Көкшетау мен Петропавлға жібереді.

Петропавлға қайтар жолда губпомгол өкілі Жақыпов жолдаспен бірге Петропавл уезінің Жамантұз және Тереңкөл болыстарында болдым. Бұл болыстардың халқы аштыққа жартылай ұшыраған. Дегенмен, аз-кем малы барлар менің айтқанымды екі етпей, аштарға көмек көрсетуде.

Тайынша болысынан 20 ірі қара мен 20 тері, Жамантұз болысынан 20 ірі қара және 25 тері, Тұран болысынан 7 ірі қара мен 5 тері жиналды. Менің нұсқауыммен, Жақыпов жолдас бұл малдардың бәрін болыстық атқару комитетімен келісе отырып, ашарықтарға таратып берді. Петропавл уезіндегі 4 болыста мал жинау 15 тамызда аяқталды.

17-тамыз күні Петропавл қаласына келдім.

Аштарға көмек жөніндегі губерниялық төтенше комиссия төрағасының орынбасары М. Жұмабаев.

Петропавл қаласы,
1922 жылғы 20-тамыз.

Мағжан Жұмабаевтың бұл баяндамасы бір жарым айға жуық мерзім бойы қаралмай жатып, 1922 жылғы 13 қазанда губпомгол комиссиясы мәжілісінің күн тәртібіне енгізілді. Дәлірек айтқанда хаттамада жазылғандай: «Доклад Зам. Предгубсовпомгола т. Джумабаева М.Б. о поездке по Кокчетавскому и Петропавловскому уездам. Одобрено». Бұл жиналысқа Мағжанның өзі қатыспаған.

Тек бір анығы – сол күні аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссия басқаша құрылып «Аштықтың зардаптарын жою жөніндегі комиссия» болып аталған. Бірақ жаңа комиссияның құрамында Мағжан Жұмабаев жоқ... «Кеңес өкіметіне қарсы» деген жалаға ұшыраған жазықсыз жан, бас сауғалап, Ташкентке қарай жылыстаған... Бұл өз алдына жеке әңгіме.

Зарқын ТАЙШЫБАЙ
профессор.
19.04.2013

ХРОНИКА БЕЗУМСТВА

Кампания по разоблачению «врагов народа», проводившаяся как и все кампании советского периода бескомпромиссно, с вовлечением широких народных масс, беспощадным катком прошлась по судьбам миллионов людей. После убийства Кирова в 1934 году, массовые политические репрессии обрели характер широкой политической кампании, были организованы системно, широко, охватывая все слои общества. Статья 58 Уголовного кодекса СССР обильно питала мощный конвейер, битком заполнявший тюремные нары и лагеря ГУЛАГа. Репрессии парализовали жизнь страны, поставив под сомнение «монолитность» ВКП (б), истинность тезиса о «стране победившего социализма». В стране царила атмосфера всеобщей подозрительности, страха. Кампания по разоблачению «врагов народа» использовалась многими для сведения счётов даже за бытовые ссоры и обиды.

«Ударный» 1937 год дал столько «валового сбора» врагов народа, что даже сам вдохновитель кампании «очищения советского государства» Сталин понял абсурдность положения и опасность продолжения подобной истерии в государственном масштабе. Поэтому на январском (1938 г.) пленуме ЦК ВКП (б) была предпринята попытка придать репрессиям в стране «разумное» начало. Пленум принял резолюцию: «Об ошибках парторганизаций при исключении коммунистов из партии, о формально-бюрократическом отношении к апелляциям исключённых из ВКП (б) и о мерах по устранению этих недостатков».

Документы пленума были, конечно, совершенно секретными. Его решения вызвали временное смягчение репрессий, но они не могли их остановить, тем более, что такой цели и не преследовали. Достаточно сказать, что вина за массовые репрессии была возложена на тех же «скрытых врагов народа», которые «по заданию врагов исключали честных коммунистов, чтобы скомпрометировать партию». А пути «исправления» допущенной кровавой вакханалии в партийной резолюции были указаны все те же. «Пора всем парторганизациям и их руководителям, – говорилось в резолюции пленума, – разоблачить и до конца истребить замаскированного врага, пробравшегося в наши ряды и старающегося фальшивыми криками о бдительности скрыть свою враждебность и сохранить себя в партии, чтобы продолжать в ней свою гнусную предательскую работу» (Тексты документов даны с сохранением орфографии и пунктуации оригиналов).

Тюрьмы и лагеря пополнили вчерашние ретивые изобличители «врагов народа». Тысячи из них, от «железных» наркомов до рядовых партийцев были расстреляны.

К сожалению, Казахстан не стал исключением. Примеров чрезмерного усердия в негласном соревновании за звание лучших разоблачителей притаившихся врагов было немало и здесь. Исполнение директивы партии, корректирующей ход массовой кампании в Северо-Казахстанской области, отражено в документах Северо-Казахстанского государственного архива. Облисполком во исполнение резолюции Январского пленума 28 февраля 1938 года направил в райисполкомы письмо о предоставлении «сведений о количестве, снятых с работы по мотивам связей с лицами, привлечёнными органами НКВД». В частности, подразумевались кадры учителей и врачей. Ответные послания райисполкомов наглядно отражают характер массовой карательной кампании. Пожалуй, право на первоочередное цитирование имеет ответ Пресновского райисполкома – «ударника» кампании по разоблачению «врагов народа». Ведь к тому времени было объявлено «врагами народа» практически всё руководство этого района, в том числе первый секретарь Пресновского райкома партии Конюхов В.С., председатель райисполкома Капаров К., прокурор района Фазылов К., заведующий РОНО Оразбаев Н., народный судья Майкотов А., заведующий районным земельным отделом Калугин С.Г.

«Пресновское дело» для органов НКВД стало основой, к которой привязывались все, попадавшие в поле их зрения. Если арестованный хотя бы раз общался с «троцкистами и японскими агентами», это и служило железным аргументом причисления к «врагам народа». Нелишне напомнить, что обвинения против руководства Пресновского района были настолько надуманны, что уже в 1940 году Верховный суд СССР отменил политическую статью обвинения, переквалифицировав её на превышение должностных полномочий. Оправдать осужденных даже Верховный суд не мог, потому что к тому времени четверо уже были расстреляны. 23 октября 1959 года Президиум Верховного суда СССР отменил приговор за отсутствием состава преступления.

Вот письмо из Пресновки: «Сов. секретно.* На №27/сс от 28/II-1938 года. Докладная записка. В течение 1937 года, из числа пед. работников снято и уволено с работы 6 человек, мотивы снятия заявления отдельных граждан о политическом недоверии, этим пед. работникам, как правило заявления глубоко недоверялись по существу и в некоторых случаях увольнение можно расценивать как перестраховку.

В чиле уволенных, директор Май-Балыкской средней школы Ишмухаметов, мотивы-развал школы и интерната антисоветское воспитание детей. Впоследствии он же был уличён в связи с троцкистской национал-фашистской группой, орудовавшей районе врагов Конюхова, Капарова. В связи с установленными фактами Ишухамбетов из партии исключен. Выбыл из района неизвестно куда, дальнейшая его судьба так-же неизвестна.

Учитель школы Канапин снят с работы, впоследствии арестован органами НКВД, в данный момент находится под стражей, обвиняется, как враг народа.

Зав. школой Приишимского Совхоза Спирова снята с работы по непроверенному заявлению парторга Совхоза Клевак, обвинившего Спирову в связях с арестованным мужем. В последствии факты, изложенные в заявлении Клевак, не подтвердились. Струкова на работе восстановлена как учительница ... Директор Орманской СШ Мурзатаев, по мотивам связи с врагами народа исключен из партии, снят с работы и уволен.

В данный момент, поскольку следственными органами ему никаких обвинений не предъявлено, стоит вопрос о его восстановлении на работу, но не как директора школы, а как учителя, так, как кроме основного обвинения ему инкриминировалось – развал школы, а это установленный факт. Учитель Тавагашской школы Айтымов по мотивам связи с врагами народа был снят с работы, обвинение не подтвердилось, восстановлен на работе после решения Январского Пленума ЦК.

Мед.работники – с работы не снимались. Снято с работы Зав. Райздравотделом Фомина по мотивам развала работы, бездеятельность и нарушение финансово-бюджетной дисциплины. Выехала по месту работы мужа в Шутье (видимо Щучье). Пред. РИКа (Глухов)»

И.о. председателя Ленинского райисполкома Яковлев, сообщает в облисполком, что по мотивам родственной связи исключённых из партии и привлечённых к ответственности органами НКВД пять учителей, трое из них восстановлены на работе и двое устроены в начальных школах. При этом руководитель района находит и виновного – нового «врага народа»: «Такое варварское отношение этим учителям было проявлено со стороны врага народа ранее сидевший в аппарате РОНО Гусков, который сейчас изъят органами НКВД».* Впору восхититься изяществом слов и изворотливостью чиновника, умело «закрывшего» тему ответственности за неправые гонения на людей.

В Арык-Балыкском районе до начала 1937-38 учебного года было снято 15 учителей, сообщается в информации райисполкома. Причинами называются антисоветские выступления, связь с административно ссыльными, нарушение принципа коммунистического воспитания и даже – культивирование хулиганских навыков (!) среди учащихся.

В лаконичной докладной записке от 3 мая 1938 года, подписанной председателем Булаевского райисполкома Ерёменко сообщается, что с работы сняты 7 педагогов. Директор Булаевской школы Казаков – за сокрытие социального прошлого, учителя данной школы Сейпт – как иностранно подданный, не имеющий советского подданства, Энно – за контрреволюционные анекдоты, учительница Чистянской школы Масерова за связи с отцом, осуждённым линейным

судом железной дороги на 10 лет за хищение грузов. Учительница этой же школы Короткова за допущение вынесения на демонстрацию её классом портретов врагов народа Тухачевского и Гомарника, учительница Октябрьской школы Смирнова за контрреволюционную агитацию среди учеников и за соболезнование врагам народа Капарову и Конюхову. Учитель Красно-Казахстанской школы Жусупов снят как сын алашординца, арестованного органами НКВД.

Такие депеши шли в облисполком со всех районов области. А пример показывал областной комитет партии. 5 марта 1937 года бюро обкома выносит решение о заместителях директоров Чистянской и Пресновской МТС по политической части Гуревич и Андреевой. Первая была обвинена в контрреволюционных высказываниях, вторая в том, что её муж арестован НКВД за контрреволюционную троцкистскую деятельность, а она не сделала никаких попыток его разоблачения. 10 мая того же года принимается постановление закрытого заседания бюро обкома партии по фактам «вредительско-диверсионной деятельности фашистских агентов, троцкистов и котрреволюционных казахских националистов на «Степняке» (система «Каззолото»). 29 мая 1938 года бюро обкома решило направить телеграмму в ЦК КП (б) К о поступивших компрометирующих материалах на кандидата в депутаты Верховного Совета Казахской ССР Падалкину. На этом же заседании был объявлен «врагом народа» Френкен, Бойко исключён из партии и по нему в наркомат пищевой промышленности направлено ходатайство о снятии с работы. С должности редактора райгазеты был снят Нурпеисов, с должности и.о. секретаря облисполкома Качаганов.

И это только часть бурной деятельности обкома «по разоблачению и выкорчёвыванию врагов народа». Более полная картина дана в отчётном докладе и.о. секретаря обкома партии Бозжанова на IV областной партийной конференции 2 июня 1938 года: «...за отчётный период разоблачены и арестованы, как враги народа, работавшие в аппарате обкома 11 человек. В том числе: 6 заведующих отделами и секторами (Галеев, Гуляев, Копылов, Кайсарбеков, Чимбулатов, Зенцов); три инструктора (Сагындыков, Ильин, Гуськов; помощник секретаря обкома Вишенчук. Исключены из партии три заведующих отделами (Айткожин, Качаганов, Осин); выражено политическое недоверие – зав. Отделом Грибову и бывшему секретарю Патылицину, освобождён с работы член бюро Целых... В редакциях областных газет арестовано, как врагов народа, 12 человек, в том числе 4 редактора. Разоблачены и арестованы, как враги народа 16 первых секретарей райкомов».*

Однако даже ударная работа по разоблачению «врагов народа» не служила гарантией неприкосновенности её исполнителям на местах. Председатель облисполкома Целых Ф.П., которому ещё в мае присылали отчёты по исполнению решений Январского пленума, был

арестован прямо в ходе работы IV областной партийной конференции. Накал политической страды характеризуют и следующие факты. К началу областной партконференции: первый и второй секретари обкома партии Кузнецов и Байбульсинов были уже арестованы. Третьего секретаря Патылицына арестовали в ходе конференции. Таким образом, областная партийная организация была обезглавлена, и большинство заседаний IV облпартконференции вёл член бюро обкома, начальник НКВД области Панов. Однако и он не избежал участи своих жертв. В конце 1938 года в рамках кампании «по очистке» органов НКВД Панов был арестован и расстрелян.

Ахметжан КУАНТАЕВ,
сотрудник центра «Асыл мура»

АДАМ АЙТҚЫСЫЗ ҚАСІРЕТ

Шаңырағын енді ғана көтерген, үшінші мыңжылдықтың енші алған ғасыры қандай боларын кім білген? Ал өткен ғасырдың өзекті өртейтін оқиғалары жеткілікті. Екібірдей дүниежүзілік соғыс, әлемді дүр сілкіндірген атом жарылыстары сол ғасырдың еншісінде.

Кеңес одағы деген алып империяның құрылып, құрдымға кетуі де осы ғасырдың өз «игілігі».

Кеңес империясының көмейіне сүйектей кесе-көлденең кептелген опаттар мен зұлматтар да осы ғасырда өмірге келді. Осындай зұлмат - 30-шы жылдардың соңындағы жаппай саяси қуғын-сүргін. Мұның өзінің алғышарты – қазан төңкерісінен кейін Ресейде жұмысшылар мен шаруалар мемлекетінің құрылып, осы билікті күшпен ұстап тұрудың амалы ретінде қызыл террордың белең алуы. Саяси-әскери билік тәсілі өздігінен зорлық-зомбылыққа жол бастап, мемлекет соның әсерімен өзінің халқынан күдіктенетін, содан соң елдің тұрғындарына ашықтан-ашық қастандық жасауға ұмтылған әрекетке соқтырды.

Қазақстанда да бұл әрекет аса пәрменді жүзеге асырылды. Голощекиннің «Кіші Октябрі» 2 миллионнан аса халықты қолдан жасаған ашаршылыққа душар етсе, мемлекеттің қыспағынан 1 миллионнан аса ұлт тұрғындары шет елдерге қашуға мәжбүр болды. Зорлап ұжымдастырудың, ал соның ықпалымен тәркілеудің салдары Европадағы Герман ұлтшылдарының үкімет басына келіп, жаңа соғысты даярлаған фашистік саясатына тұспа-тұс орын алып, бұл уақытта Кеңес одағында екінші дүниежүзілік қырғынның қауіпті ошақтарының бірі Жапонияның жақтастарын Қазақстаннан іздеу қолға алынды. Осы уақыттарда көптеген қазақ зиялыларына «Жапонияның тыңшысы» деген желеумен жала жабылғаны белгілі. Міне, 1937-1938 жылдардан басталған жаңа толқын қоғам-

ды «Халық жауларынан аршу» кезеңі болды. Осы жылдары басталған сойқан жазалау 1953 жылға – «Дүниежүзілік коммунист» Иосиф Сталин өлгенге дейін толастаған жоқ. Қазақ даласында бұл уақыттарда саяси қуданушылардың 21 лагері болған екен. Бұларда бірнеше мыңдаған құрбандар жанкештілікпен азап шекті.

Оның үстіне соғыс қарсаңында қазақ даласы Кеңес одағының алып абақтысына айналды. Сөйтіп, Қиыр Шығыстан корейлер, батыстан поляктар, украиндер мен немістер, соғыс жылдары Кавказ бойынан шешендер, қарашайлар, балқарлар Қазақстанға атаконыстарынан күштеп көшірілді. Осындай сорақы саясаттың нәтижесінде даласында ұлттардың мидай араласуы басталып, Қазақстан бостандықтан ада болған азаматтардың қиямет-қайым қайғыға душар болған мекені болып шықты.

Солтүстік Қазақстан облысында қуғын-сүргін көрген, азапталып, атылған азаматтардың толық саны бүгінгі күнге дейін анық айтылып жүрген жоқ.

Ресми деректер бойынша 4912 адам делінсе, өлкетанушылар, құрбандарды есте сақтау, олардың адал есімдерін есте қалдыру ісімен шұғылданып жүрген қоғамдық ұйымдар мұны 7 мың адамнан асады дейді. Тегінде, осы соңғы дерек нақтырақ сияқты. Өйткені, сол кездегі қызыл террордың қарқыны тым екпінді, ауқымы тым құлашты екені белгілі.

Сәбит Мұқанов атындағы облыстық кітапханада жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу шарасы өткізілді. Бұл әңгіме үлгісіндегі «Дөңгелек үстел» отырысы болды. Оны бастап, басқарып отырған облыстық ішкі саясат департаменті бастығының орынбасары Д. Ивановтың хабарламасын Солтүстік Қазақстан заң университетінің аға оқытушысы Гүлбақша Мұсабаеваның шағын баяндамасы толықтыра түсті. Онда халық қасіретінің небір құйқа шымырлатар айғақтары айтылды. Мемлекеттік мұрағаттың қызметкері Күлкен Ахметова да нақты деректермен қасірет ауқымына көз жеткізді.

«Жады» деп аталатын қоғамдық ұйымның облыстық кеңесінің төрағасы, қуғын-сүргіннің құрбаны болған отбасы ұрпағы, зардап шегуші Болат Мағазұлы Сағындықов осы зұлматтың кеселі мен кесірін айта келіп, зардап шегушілерге мемлекеттік қайтарымның қолға алынбай отырғанын тілге тиек етті. Расында да, әкесі үшін баласы зардап шеккен зұлмат жылдар мәңгілік ұмытылмайды. Сондықтан еліміздің Парламенті қуғын-сүргін құрбандарының отбасыларына мемлекеттік қайтарымның қолданылуын заңмен реттеуі керек.

Поляк ұлттық-мәдени орталығының басшысы Светлана Брониславовна Клопотовская **қудалауға ұшыраған поляк азаматтары жайында баяндады.** Облыстың Тайынша ауданында ғана 2 мыңнан астам қудаланған азаматтардың көбі – поляктар. Олардың тарихи отаны туралы түсініктері өте бұлыңғыр болған. Оның үстіне, сол жылдары Польша екінші дүниежүзілік соғыстың аймағында қалған. Сөйтіп, Қазақстанда сол жылдары белең алған қуғын-сүргін саясатының құрбаны қазақтар, немістер,

украиндер, поляктар көптеген мың шағын тау халықтары мемлекеттің халыққа қарсы жасалған қиянаты мен қастандығының зардабын шеккен.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбандары да осы санатқа жатады. Бір сөзбен айтқанда, өткен ғасырдың басындағы саяси қуғын-сүргіннің қасіреті адам айтқысыз.

Зейнолла ӘКІМЖАНОВ

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН ҚАЙРАТКЕР

Кеңес үкіметі кезінде есімдері аталмаған Алаш ардақтылары туралы Тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін айтып, жазуға кең жол ашылды. Дегенмен, олар жайында әлі де толық мәліметтер жеткілікті деп айта алмаймыз. Ал оларды қалай ардақтасақ та артық емес.

Осындай айтуға тұрарлық азаматтардың бірі – Алашорданың белсенді мүшесі, сол партияның басшыларымен бірге қызмет атқарған, көрнекті қайраткер, қаламы ұшқыр журналист, білікті ұстаз Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков.

Ж. Жәнібеков 1889 жылы Петропавл қаласында дүниеге келген. Осы қаладағы Хасен Пономаревтің медресесін бітірген. 1912-1913 жылдары қалалық баспаханада әріп теруші болып істейді. 1916 жылы патша жарлығы бойынша қазақ жігіттерін бірінші дүниежүзілік соғысқа қара жұмысқа ала бастағанда Жанұзаққа да осындай қауіп төнеді. Сондықтан ол сол 1916 жылы Орынбор қаласына қоныс аударады.

Оған Алаш көсемдерінің бірі, «Қазақ» газетінің хатшысы Міржақып Дулатов көмектеседі. 1909-1911 жылдары Міржақып патша үкіметінің қудалауынан қашып, Қызылжарға келіп паналаған кезде Жанұзақпен танысып, достасып кеткенді. Орынборға келген Жанұзақты Міржақып «Қазақ» газетіне корректор етіп орналастырады. 1917 жылы Жанұзақ «Алаш» партиясының мүшелігіне алынады. Сол кезде Орынбор қаласында «Алаш» партиясының облыстық комитеті ашылған еді. Комитетке 14 қазақ азаматы сайланады. Орынбордан сайланғандар: Ахмет Байтұрсынов, Ахметжан Бірімжанов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Жанұзақ Жәнібеков.

Ә. Бөкейхановқа «Алаш» партиясының облыстық комитеті төрағасының, Ахмет Байтұрсыновқа серігінің, Міржақып Дулатовқа хатшысының, Жанұзақ Жәнібековке қазынашының міндеттері жүктеледі.

1917-1918 жылдары Ж. Жәнібеков Орынборда тұрғанда қаланы біресе ақтар, біресе қызылдар басып алып, тонайды. Тұрғындардың

тұрмысы төмендейді. Бұл туралы ол «Қазақ» газетінің 1918 жылғы 27 ақпанда шыққан №261 санында «Орынбор жағдайы» атты мақала жариялаған. Сол жылдары ол «Қазақ» газетінде «Алаш құрбандары», «Автономиялар туралы», тағы басқа мақалаларын шығарады. Жалпы, дарынды журналист Ж. Жәнібеков әр жылдары әртүрлі газеттерде «Талапкер қазақ қызы» (Сара Есова туралы), «Бағбастан ханым мектебі», «Түркі тілінің ірі ғалымы В.В. Радлов», тағы басқа мақалаларын бастырған.

Ол сонау 1908 жылы 19 жасында Қазан қаласындағы «Шәрәф» баспаханасынан «Айна» атты кітап та шығартыпты.

Үкімет басына большевиктер келгеннен кейін «Алаш» партиясы таратылады. Алаш қайраткерлерінің өрісі тарылады. Сондықтан 1919-1920 жылдардан бастап олар оқу ағарту, баспасөз салаларына қызметке орналаса бастайды. Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханов 1923 жылы алаш зиялыларының бірі Дінше Әділовқа жазған хатында: «Кітап, газет-журналға мақала шығарып, алашқа қызмет қылмасақ, басқа жол бөгелді», – депті.

1919 жылғы күзде Колчак армиясы жеңілгеннен кейін Петропавл қаласында Кеңес үкіметі қайта билікке келеді. Сол кезде Ж. Жәнібеков туған қаласына оралып, халық ағарту саласында қызмет істей бастайды. 1920 жылы Коммунистік партияға мүшелікке алынады.

1921-1924 жылдары Ақмола губерниялық (орталығы – Петропавл қаласы) оқу бөлімінде нұсқаушы, әлеуметтік тәрбие бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. Сонымен қатар, әуелі 3 жылдық мұғалімдер даярлайтын курста, кейін қазақ педтехникумында сабақ береді.

1921 жылғы ақпан айында кулактар мен ақгвардияшылар көтерілісі кезінде Сәбит Мұқановпен, Баймағамбет Ізтөлинмен бірге ЧОН (часть особого назначения) отрядында бүлікшілерге қарсы күреске қатысқан.

1924-1926 жылдары Ж. Жәнібеков Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінің алқа мүшесі, редактордың орынбасары, редакторы қызметтерін атқарады. Сол кезде Сәбит Мұқанов редакцияның жауапты хатшысы болып, Жанұзақпен бірге қызмет істеген. Газет, баспасөз ісінде тәжірибесі мол Ж. Жәнібековты жоғары партия ұйымдары 1926 жылы Ақтөбе губерниялық «Кедей» газетіне редактор етіп жібереді.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет 1600 дана таралыммен шығып тұрады. Бұл қызметті ол 1929 жылға дейін атқарады. Газет беттерінде Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Мағжан Жұмабаевтың, Сәбит Мұқановтың, т.б. мақалалары мен өлеңдері жарияланып тұрған.

1929 жылы Ж. Жәнібековты «Кедей» газетінің редакторлығынан «Редакцияны ұлтшылдық пиғылдағы қоғамға зиянды элементтермен былғағаны үшін» босатады. 1929-1932 жылдары Ж. Жәнібеков сол облыста ауыл мұғалімі болады. 1933 жылы ол Петропавлға қайтып

келіп, кооператив техникумын басқарады. Техникум жабылғаннан кейін Еңбекшілдер ауданындағы «Каззолото» тресінде кадр бөлімінің жауапты қызметкері болып істейді. 1936 жылғы тамыздан тұтқындалғанға дейін сол треске қарасты «Степняк» руда өндіруші поселкелік кеңесін басқарады.

1937 жылғы 29 шілдеде Ішкі істер халық комиссариатының Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасы Жанұзақ Жәнібековты тұтқынға алады. Сондағы оған таққан айыбы – «Ж. Жәнібеков дінге қарсы күресудің орнына, қайта оны қолдады, контрреволюциялық ұйымдарға мүше болды, Кеңес үкіметіне қарсы болып, оны құлату жайында үгіт жүргізді». Осы айыптарға сүйеніп, оны абақтыға жабады. Ол «халық жауы» атанады. Көп ұзамай, сол жылғы 13 қыркүйекте «Үштіктің» шешімімен Ж. Жәнібеков ату жазасына кесіледі. Оның қай күні, қай жерде атылғаны, қайда жерленгені белгісіз.

Жанұзақ Жәнібеков Көкшетау облыстық сотының 1958 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен ақталды. Ол жаламен ұсталған кезде артында әйелі Мәриям – 35 жаста, қыздары Әмина – 16 жаста, Гүлнар – 12 жаста, Еленұр – 8 жаста қалады. Жанұзақ Әлжанұлы «халық жауы» атанып, атылғаннан кейін бұл үйге бұрынғы жолдастары, тіпті, ағайындары да қорқып кірмей қояды. Оның отбасы қиыншылық жағдайда қалады. Ең алғаш онымен бірге «Бостандық туында» қызметтес болған досы Сәбит Мұқанов келіп, қайғыға батып отырған жандарға жылы сөздерін айтып, көмегін көрсетіп, көңілдеріне демеу жасайды.

Одан кейін Жұмабек Тәшенев, Нұртас Оңдасынов келеді. Олар да ақыл-кеңестерін айтып, көңілдерін көтереді.

Уақыт жылжып өте береді. Жанұзақтың қыздары өсіп, бой жетеді. Үлкен қызы Әмина Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Көктерек ауылының тумасы, белгілі әртіс (кейін Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі болған) Ысқақ Иманқұловқа тұрмысқа шығады. Ысқақ Иманқұлов Әминаның «халық жауының» қызы болғанына қарамай, оны сүйіп үйленеді. Оның шешесі мен сіңлілеріне де көмектеседі. Кейін Әминаның сіңлілері де тұрмысқа шығып, үйлібаранды болады.

Жанұзақтың зайыбы өле-өлгенше (ол 1987 жылы қайтыс болды) Ысқақ пен Әминаның қолында тұрады. Ысқақ пен Әмина – Гүлжан, Ұлжан деген қыздар және Мұрат атты ұл тәрбиелеп өсіреді. Ысқақ Иманқұлов қайын атасының өмірі мен қызметі және шығармашылығы жөнінде бірсыпыра материалдар жинап, кітап шығаруға дайындайды. Бірақ жасы 90-нан асқан кезде оған шамасы келмейтінін сезіп, сол материалды қызы Гүлжанға тапсырады. Әкелері қайтыс болғаннан кейін оның балалары Гүлжан, Ұлжан, Мұрат Иманқұловтар нағашы атасына арнап 2009 жылы «Айна» – зеркало моей души» деген атпен Алматының «Өнер» баспасынан 320 беттік кітап шығарды.

2007 жылғы 31 мамырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен саяси қуғын-сүргін кезінде заңсыз сотталып, қаза тапқандарды еске алуға арнайы «АЛЖИР» мұражайы ашылғанын білеміз. Онда Жанұзақ Жәнібековке де арналған стенд орнатылған. Бұл күндері Гүлжан Ысқаққызы Иманқұлова нағашы атасы туралы деректерді әлі де іздестіріп, жинауда.

Бүгінгі ұрпақтың Алаштың азаматын ұмытпай, еске алып отыруы – абзал. Оның есімін қадірлеп, ұлтқа деген патриоттық сезімін, адал еңбегін бағалай білу – біздің үлкен парызымыз.

Қайролла МҰҚАНОВ,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері,
ардагер ұстаз.

15 ЖЫЛ АЗАП ШЕККЕН

Сталиндік қуғын-сүргін заманы артта қалып, тарих тұңғиығына кетсе де, сол зұлматтың құрбандарының есімдері ел есінде жаңғыруда. Сондай азаматтардың бірі – менің қайын атам Нұрмағанбет Жамшин бір емес, екі рет сотталып, 15 жыл азапты бастан кешті. Ол 1896 жылы қазіргі Есіл ауданындағы Қарабұлақ ауылында кедей шаруаның отбасында туған.

Жасынан талаптанып, ауыл молдасынан сауат ашады. Содан соң Қызылжардағы мұғалімдер даярлайтын курста оқиды да, Орынборда оқу-ағарту қызметкерлерінің курсын тамамдаған соң, қаламыздағы жетім балалардың мектебін басқарады.

Осы кезде Қазақстанның батысын қоныстанған Адай руы Кеңес өкіметіне қарсы болып, бой көрсетеді. Осы жағдайда Қазақ АКСР халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин комиссар Әлібі Жангелдинді адайлармен келіссөзге жұмсайды. Онымен бірге сол сапарда Н. Жамшин де болады. Осы келіссөздердің нәтижесінде Адай руы кеңестер жағына шығады.

Одан соң атам Балқаш мыс комбинаты салына бастағанда кәсіпорын директорының орынбасары қызметін атқарады. Бұл кезде 1930-1932 жылғы аштықтан азып-тозған ел-жұрттың арасында түрлі сырқаттар жайылып, мал да қырылады. Елді күйзеліс жайлайды. Осы қиын жағдайда Н. Жамшин халықтың аман қалуы үшін мал басын сақтау қажеттігін түсініп, мал дәрігерлерін бұл іске жұмылдыруға қатысады. Осы мақсатпен ол қазіргі Аққайың ауданынан әйгілі мал маманы Жәмәли деген қартты Балқаш өңіріне арнайы алдырыпты.

Бірақ оның өзіне осыдан кейін құрық салынады. Ол бұл уақытта Оңтүстік Қазақстан облысында халық судьясы қызметін атқарған

екен. Кейін Алматыда заң институтында директор болып жүргенде оған «халық жауы», «жапонның тыңшысы» деген жала жабылып, үштіктің шешімімен 8 жыл мерзімге Сібір түрмелерінің біріне қамалады.

Кесімді мерзімін өтеп келген соң да оған маза бермей, қайта сотталады. Тек, 1953 жылы Сталин өліп, Берия әшкереленгеннен кейін, 1954 жылы бас бостандығын алған. Елге келген соң Аққайың ауданындағы Дайындық ауылында бейбіт еңбекке араласып, партияға қайта қабылданады. Осы орайда ол ауылдарда сауат ашу, қазақ жазушыларының шығармаларын тарату ісіне белсене араласады. 1967 жылы Қазан революциясының 50 жылдығына орай «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Ол ауданның Қызыл Жұлдыз, Аралағаш, Ленин ауылдарындағы мектептерде жиі болып, оқушылармен кездесулерге қатысатын. 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде Дайындық ауылында оларға арналған ескерткіш ашылды. Солардың ішінде біздің атамыз да бар. Біз, оның туыстары, осы үшін «Дайындық» ЖШС-нің директоры Біржан Шаймерденовке және мектеп басшысы Талғат Рамазановқа зор алғысымызды арнаймыз.

Жанайдар ӘБДІРАХМАНОВ,
зейнеткер-ұстаз, тыл ардагері.

ҚҰРТ – АСЫЛ ТАС

1937 жылдың Ішкі істер халық комиссариатының арнайы бұйрығымен салынған «Халық жаулары әйелдерінің Ақмоладағы лагері» – «АЛЖИР» азап орталығында 8 мыңға тарта нәзік жан қамауда болған. Осынау тозақ орталығында небір ел жайсаңдарының зайыптары, қыздары мен қарындастары жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті. Ең сұмдығы – мұнда бойына нәресте біткен аналарға да мейірімділік жасалмай, темір тордың ар жағында жүздеген нәресте дүниеге келіп, олардың басым көпшілігі аштық пен суықтың құрбаны болды.

Гертруда Платайс – осы лагерьде азап шеккендердің бірі. Ол 1990 жылы Германиядан Қазақстанға келіп кеткен сапарында «АЛЖИР» мұражайының қызметкерлеріне жергілікті қазақтарды алғаш көргені, олардың тұтқын әйелдерге қалай қарағаны жөнінде айтып беріпті. Қыстың қақаған боранды аяздарында тұтқын әйелдердің барлығы үнемі тәулігіне 17-20 сағатқа дейін қара жұмыс істеуге мәжбүр болады. Бірде әйелдер «Жаланашкөл» деген жерден қамыс будаларын арқалап келе жатады. Жолда қарттар мен балалар кездесіпті. Балалар

үлкендердің айтуымен әйелдерге қарай тас лақтыра бастайды. Қарауылдар: «Сендерді Мәскеуде ғана емес, ауылда да жек көретінін байқадыңдар ма?!» – деп қарқылдап күліп тұрады. Осылайша бірнеше күндер бойы қайталанады.

Тұтқын әйелдер: «Бұлардың балаларға берген тәрбиесі осы ма?», – деп налиды. Қазақтардың неліктен соншалықты қатыгез болғандықтарын түсінбейді. Бірде аштық пен суықтың азабын тартып, әбден әлсіреген бір әйел әлгі тастардың біріне сүрініп құлайды. Құлаған кезде дәл алдында жатқан тастан сүт пен ірімшіктің иісін сезіп қалады. Шетінен бір тістеп көрсе, дәмі тіл үйіреді екен. Сөйтіп, тастардың барлығын теріп алып, баракқа алып келеді. Барактағы тұтқын қазақ әйелдер оның тас емес, кептірілген құрт екенін түсіндіріпті. Қазақтар осылайша қарауылдардың күмәнін туғызбай, тұтқын әйелдерге көмектесудің жолын тапқан екен. Қойшылар бұта-бұтаның түбіне кейде нан, кейде ет тастап кетіп, әйелдерге белгі береді екен. «АЛЖИР» тұтқындары жергілікті қазақтарға разы болады.

Гертруда Платайстың бұл әңгімесі «Құрт – асыл тас» («Курт – драгоценный камень») деген өлеңге арқау болды. Өлеңнің авторы – Ақмола облысы Новоишимка ауылында тұратын тарих пәнінің мұғалімі Раиса Голубева.

Әйелдерге құрыған әл-дәрмені,
Таңғаларлық қазақтың дәм бергені.
Балаларға тас емес, құрт лақтыртып,
Қарттарының ғажап-ау көргендері.

Сезіндік қой біз іштей сонда бәрін,
Бізді олардың осылай қорғағанын.
Жау емесін аңғарып әйелдердің,
Жасырып бере білген қолда барын.

Япыр-ау, қазақ неткен жомарт халық,
Ойланасың отырып соны ақтарып.
Қамығасың, қиялға берілесің,
«Бұл тозақтан шығар ма ек тек ақталып?!»

Қазақ неткен жүрегін жайған халық,
Төзімді, кетсе-дағы жер айналып.
Отырамыз қамығып абақтыда,
Мейіріміне қазақтың қайран қалып…

Неміспін мен, өлмедім әлі, міне,
Ойға бөктім, түбіне сан үңіле.

Өзге үшін өзегін жұлып берер
Сыйындым мен қазақтың Тәңіріне!

Талай азап басымнан өтті менің,
Сұм заманда алынбай кетті кегім.
Оны қойшы, сонда мен Тәңірімнен
«Қазақтарды сақтай көр!» деп тіледім!

– Лагерьдің жақсысы жоқ, бірақ қазақстандық лагерьлерден тірі қалған адамдар көп болды, – дейді Ақмола облысы, Ақмол ауылындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарының «АЛЖИР» мемориалдық мұражай кешенінің» қызметкері Раиса Жақсыбаева.

Айша ҚОДАРБЕКОВА, Ставрополка орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі. (Өлеңді қазақшаға аударған ақын Зейнолла Әкімжанов). Ғ. Мүсірепов атындағы аудан.

АЙТЫП АУЫЗ ЖЕТПЕЙТІН АУЫРТПАЛЫҚ.

немесе әділетсіздің құрбандары жайлы естелік

Менің әкем Мағаз – мыңдаған саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі. Біздің ата қонысымыз – қазіргі Мамлют ауданындағы Бостандық ауылы мен Андреевка ауылының аралығындағы Нұрабай жұрты. Әкем сол жерде туып-өскен екен. Бабаларымыз дін жолын қатты ұстанған, шеттерінен молда болған. Атам Сағындық төрт ұлы, екі қызына діни білім берген. Ағалары үйдің малын бағып, шаруасын тындырса, ең кішісі Мағаз ат үстінде түздің істерін тындырған. Жазалаушы органдар бізді әкеміз 10 жылға сотталды деп алдады, ал менің 1955 жылы КСРО Жоғарғы Кеңес Төралқасының төрағасы К. Е. Ворошиловқа жазған хатыма Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі Мағаз Сағындықов, яғни менің әкем 1943 жылы Қарағанды облысының бас бостандығынан айыру орындарында туберкулезден қайтыс болды деп жауап қайтарды.

Өкінішке орай, әкеміздің қай жерде жерленгені, оған қай елдің топырағы бұйырғаны біз үшін беймәлім. Мүлкіміз бен малымыз тәр-

кіленіп, жеті жетім анамыздың етегінен ұстап қала бердік. Материалдық тұрғыдан зардап шеккеніміз былай тұрсын, бәрінен де моральдық азып-тозуымыз бен жеген таяғымыз, естіген сөз, жабылған жала естен бір сәтте болсын кетер емес.

Анамыз «Халық жауының әйелі» ретінде жаздыгүні 40 шықырым жерде орналасқан «Қызыләскер» кеңшарына қой бағуға жіберіліп, қыс түсе шөмеленген егін соғуға баратын. Әкеміз кеңес өкіметі жарылқап, тұрмысты түзетер дегенге сеніп, ұжымдық шаруашылық құруға белсене араласып мал фермасын басқарған, ұжымшар, ауылдық кеңестің төрағасы болған. Іскерлігінен болар, сол отызыншы жылдардың басында Кемеров облысынан ұжымшарға жылқылар тасымалдаған. Кемеровтан келген үйдей қара айғыр бертін келгенше ұжымшардың үйірін бақты, оны өзім бала кезімде көрген едім. Бірақ сол кезде мен оны әкемнің көзі екенін білмедім.

Әкеміз ағайын арасында абыройлы болған деседі, туыстардың татулығын сақтап, бір-біріне қол үшін берісуге, кемтарларға көмек көрсетуге ұйытқы болыпты. Жеңгелері қатты сыйлап, «Ауылнай» деп қана, атын да атамапты. Ағалары атын жегіп, сапарға аттандырып отырады екен.

Шешем марқұм: «Әкең жол жүріп келгенде қарсы алып, тұлыбын шешіп, атын доғарып, байлап, шай-суын алдына тосып, бабын таба білдім», – деп келіндерге өнеге-дәріс ретінде айтып отыратын. «Әкеңнің мінезі қатал болса да, тіл табысып, сыйласып, бір қатты сөзге келгеніміз жоқ», – деп зор ризашылықпен еске алушы еді, қайран анам.

Әкемізді қаһарлы 1937 жылдың 20 қыркүйегі күні кешкілік НКВДнің Приишим аудандық бөлімі тұтқындайды, атақты «Қара қарға» машинасына мінгізіп алып кетеді.

Біздің ауылдың тумасы, Қызылжар қаласының тұрғыны Әбікей Мұхамбетовті бұдан бір ай бұрын НКВД абақтыға қамап, «Жапонияның жансыздары тобының басшысы» деген жала жабады. Тергеушілердің қатыгездік соққысына шыдамай, жоқ топтың «мүшелерін» тізуге мәжбүр болады. Сол тізімге менің әкем Мағаз да ілігеді. Қайратты да қайсар әкем, бәрібір бір өлім деп ойлаған шығар, қиын қыспақтарға шыдап, жабылған жаланы мойындамаған болар. Оған дәлел «үштіктің» өлім жазасына бұйырған үкімінде кінәсі – молданың баласы деп көрсетілген. Тек молда баласы болғаны үшін айуандықтың құрбаны болып, 45 жасында атылып, қыршынынан қиылғанына не дерсің?

Ол – миллиондардың бірі ғой. Өз елі мен жерінде қырғын соғыссыз қырылып, жер жастанғандар – сталиндік сұрқия саясаттың құрбандары.

Отағасы, үй панасы әкемізден тірідей айырылып, атылғанын білмей, он жылға сотталды деген жалған хабарға сеніп, оралар деп үмітті үзбей, күйзеліс күйін кешіп, бір қора жетім-жесір тағдырдың

тауқыметін тартып қала бердік. Отыз жеті жасында тірі жесір қалған қайран анам өмірдің бар ауыртпалығын нәзік арқасына артты. Алды әжем, арты бір жасар мен, жеті жан жалғыз шешемнің қолына қарап қалдық. Әркім, әрине, өз анасын ардақтайды. Ол –дұрыс. Ал менің анам – Алланың ерекше жаратқан жаны еді.

Жастайынан құрыштай шыныққан (атасының қолында ұл орнында өскен) қайраттылық пен қайсарлықтың үлгісі десем, артық айтпаспын. Бір үзім қара нанға аузымызды тигізу үшін тынымсыз еңбек еткені бір басқа, «халық жауының» әйелі атанып, көрген қорлығы өзгеше. Өзге халық жауларының зайыптары «АЛЖИР» – де көресінді көрсе, менің шешем ауылда жүріп бас бостандығынан айрылған.

Тұрмыс, әрине, әбден ауыр болды. Жалғыз асыраушы анамыз жазда күндіз шөп маялаушы, түнде қой күзетінде болатын. Қыстығүні күндіз ұжымшардың қозысын күтеді, түнде Глубинканың астық қоймаларын күзетеді. Несін жасырайын, өлместің қамы ғой, қойма күзетінен қойны-қонышына тығып, бірер тостаған бидай әкеліп, оны қол диірменге тартып ас қыламыз. Қойдың жүнін аздап жұлып әкеледі, оны әжем иіріп, шұлық тоқиды.

Қайтерсің, «еңбеккүнге» жыл аяғында оны-мұны тисе тиді, тимесе ештеңесіз қалатын заман еді.

«Өлмегенге өлі балық», «Шықпа, жаным, шықпа» деп ғұмыр кешті ғой ауыл жұрты. Үлкен ағам Шерашитден өз жасымен майданға аттанып, кіші ағам Қилаж он алты жасында екі жылды қолдан қосып, майданға өзі сұранып кетті. Кейінде Қилекең есіне алып: «Мені «халық жауының» баласы деп мектепте тұқырта берді, комсомолға да алмады. Менің әкем «халық жауы» емес, мен оны қаныммен дәлелдеймін деп соғысқа бардым» дейтін. Шерашитден 1944 жылы соғыстан ауыр жаралы болып оралып, 21 жасында өмірден озды. Қилаж соғысты Қырымнан бастап, Берлинде аяқтап, 1949 жылға дейін әскери қауіпсіздік қызметінде болып, елге оралды. Кейін Приишим аудандық милиция бөлімінде жылға жуық қызмет атқарған жерінен «халық жауының» баласы деп шығып қалып, бір зардап шекті. 1952 жылы Ленин аудандық партия комитетіндегі қызметінен тағы да «халық жауы» баласы деп қуылды. Бұл – екінші көрген зардабы.

Қан төгіп, етігімен су кешіп, елін қорғаған майдангерге көрсетілген бұл «құрмет еді». «Жазған құлда жазық бар ма?» зеректігінің арқасында онжылдыққа жедел емтихан тапсырып, Петропавл пединститутын сырттан оқып бітірді де, біраз жылдар ұстаздық етті. Талабы мен таланты жетекші күш болып, Қилаж ағамыз жоғары лауазымды біраз қызметтер атқарды. Ал мен не көрмедім, мен байғұс не көрмедім! Тағдырдың талай тәлкегі мені де сілкіледі. Бір жасымнан әкемнен жетім қалып, «Әке!» деп тілім шықпады. Шеше қамқорлығынан кенде болмасам да, әкенің аты әке ғой, шіркін!

Екі кештің арасында әкемді тұтқындауға келген НКВД жендеттері еңбектеп үй жағалап кеткен мені иіскеп, бір сүюге мұршасын келтірмеген екен. Өкінішке орай әкемнің суреті де қалмады. Бізде балғын, балдай тәтті балалық болмады, ішер асқа, ілер киімге жарымадық, он жасқа толмай жатып ұжымшардың жұмысына салындық. Соғыс жылдарының қиыншылықтары бізді ерте есейтті. Сол ұрпақ жақсы біледі, кейінгілер болса біле бермейді. Білу керек, ол тарих, оны қастерлеу керек, сол тарихты бастан кешкен үлкен ұрпақты сыйлау үшін керек.

Баласы да әкесінің есімінен безген заман болған жоқ па! Сол кесапат маған да келді. Екі рет жұмыстан қуылып, жазықсыз зардап шеккен ағам Қилаж менің сегізінші сыныпта оқып жүрген кезімде: «Әкеміздің «халық жауы» деген атағы маған қырсық болып тиді ғой, енді тым болмаса келешегің бар ғой, саған зияны тимесін, фамилияңды Сағындықов деп өзгерт, Мағаз менің жай туысым дерсің, жасыңды екі жас шегертейік» деп ақыл берді. Сондықтан туған ағайынды екеуміз екі фамилияда кетіп, ұрпағымыз екі тармаққа айналды. Бұл да менің жүрегімде қалған бір қасірет.

Тұрмыстың таршылығы бәріміздің пешенемізге ортақ қой. Әрине, әкем болса нанның ағын жер ме едім, киімнің тым жұпынылығынан аурушаң да болмаған болар едім. Бәрінен маған бататыны – жанның жүдеулігі, жүректің жарасы.

«Ой, әке-ау, қайда кеттің адастырып,

Бұл күнде жетім қылдың жылаттырып...», – деген шешемнің жүрегінен, сәби тілімнен шыққан сөздердің шерін, мұңын ол кезде сезбеппін, кейіннен айтқан сайын көзіме жас толады. Әке мейірінің, әке махаббатының жоқтығын бала кезімде көбірек сездім. Әкем болса ғой, олай болар еді, былай болар еді деген қиял мен көрген қиянат араласып, алқымымды кернеп кететін жайлар аз болмады. Өмір деген – ең жоғары мектеп. Өмір мектебі шыңдайды, ширақ етеді, қайрат пен қайсарлық қасиеттерді бойыңа сіңіреді, басыңды салбыратпай, тұлғаңды түзу ұстауға, кездескен қиыншылықтарды жеңе білуге, табандылыққа, таймастыққа, турашылдыққа баулиды.

Құдай қаныма сіңірген қасиеттерден болар, сол қатыгез мектептің өмір сабақтарын меңгергенімнен, қиындықтан тайынбадым, әділетсіздікке бағынбадым, мықтыларға жағынбадым, төрелерге табынбадым, жоғымды сұрап, көзімді сатып жалынбадым, жағаласқанға алынбадым, сары уайымға салынбадым, жасымнан білім мен өнер қуып, от болып жалындадым, ауырлықты жеңген сайын жұқармадым, қалыңдадым. Әкем бастаған, іргесін қалаған ауыл өмірін өрлетуге, өркендетуге өзімнің саналы өмірімді бағыштадым. Жоғары білімді ауыл шаруашылық маманы ретінде өткен тұрғыдан қарап ауыз толтырып айтарым аз емес.

Елу жыл ауыл аймағында егін өсіріп, мол астық жинап, мал шаруашылығын баптап, ел адамдарының тұрмыс-тіршілігін жақсартуға күш-жігерімді аямай жемісті еңбек еткенімді мақтанышпен айта аламын.

Жасым жетпістен асса да, тұғырымнан Аллаға шүкір түскенім жоқ. Әлі де қоғамға титтей де болса пайдам тисе екен деген ниетпен қатардан қалмай келемін. Әкем сияқты мыңдаған қуғын-сүргін құрбандарының, яғни зардап шеккендердің келелі мәселелерімен айналысып жүрмін. Облыс орталығы – Қызылжар қаласында бұрынғы НКВД ғимараты болған жерде саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш салуға бас болып, атсалыстым. «Память» қоғамдық қорының төрағасы ретінде алда атқарар ігі істерім аз емес деп ойлаймын.

Иә, қой үстіне бозторғай жұмыртқалатамын, жұртымызда жұмақ орнатамын, әділдік әкелемін деген кеңес өкіметінің сұрқия саяси мен індетті істері қазақ еліне нәубет әкелді. Миллиондап қойдай жосыған, аштықтан қырылып, тәркілеу мен ұжымдастырудан қашқынға айналған. «Көкарал» мен «Барсакелмеске» айдалған саяси қуғын-сүргіннің дүрбелеңіне түскен, қайран қазағым, не көрмедің, не көрмедің! Теперішін көрсетіп, титығына жеткізген, қасірет шектірген кеңес империясын фашистерден қорғап тағы да қырылысқа ұшыраған ұлтымның ұлдары мен қыздары ерлігімен әлемге әйгілі болды емес пе?!

Өздері аш-жалаңаш отырып, сонау соғыс жылдары елімізге жер аударылып келген ондаған соры қайнаған ұлт өкілдерін қарсы алып, тәлкекті тағдырларына мұңдас болып, тар баспанасынан орын беріп, соңғы кесек нанын бөліскен қазақты күні бүгінге дейін шешен, ингуш, неміс, поляк, балқар, кабардин, қарашай сияқты бауыр басысып кеткендер көздеріне жас алып, тебіреніп тұрып рахметін айтады. Сондықтан да шығар, бүгін қазаққа құдай жақсылықты беріп отыр. Шарапатымыздың шапағаты болар, еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізіп, жұлдызы жарқырап, ең өркениетті елу елдің қатарына қосылдық. Адам баласына мәңгі тамұқ жоқ деген осы болар – еліміз аман, жұртымыз тыныш. Көп ел бізге қызығып та, сүйсініп те қарап отыр емес пе?!

Міне, біз әділ жол саламыз деп әділетсіздіктің құрбаны болған әкелердің, сол кездегі «халық жауларының» балалары осындаймыз деп айта алатын азаматтар қоғамда зор абыройға ие болып жүргенін мақтаныш етеміз. Нақақтан жазаланған, бүгін адал есімдері ақталған аталардың аттарын атап, аруақтарына басымызды иейік.

Болат САҒЫНДЫҚОВ

О НИХ МЫ ПАМЯТЬ СОХРАНИМ

31 мая, в День памяти жертв политических репрессий, в Петропавловске с участием акима области Серика Билялова прошла церемония открытия Стены памяти жертв политических репрессий. В митинге приняли участие ветераны Великой Отечественной войны, труда, родные и близкие людей, пострадавших от репрессий, представители общественности, молодежных объединений.

Обращаясь к присутствующим, аким области Серик Билялов напомнил, что в нынешнем году исполняется 80 лет массовому голоду начала 30-х годов и 75 лет событиям, обозначенным в истории как массовые политические репрессии сталинизма. Утрата от этих трагедий невосполнима.

– Наша страна стала местом депортации более чем полутора миллионов человек, – отметил Серик Билялов. – Столько же погибло от голода. Жестоким гонениям подвергались целые народы. В Северо-Казахстанскую область были депортированы более 130 тысяч человек. Это немцы, поляки, чеченцы, ингуши, корейцы и многие другие народы. Только за 1937-38 годы «изменниками Родины» были названы и осуждены более 100 тысяч человек. Из них около 25 тысяч – расстраняиы. В ходе митинга было сказано, что в нашей области в те страшные годы репрессировали около 7 тысяч человек, в их числе оказались выдающиеся представители казахской культуры, науки и просвещения, наши великие земляки Магжан Жумабаев, Укили Ыбырай, Смагул Садуакасов, Ныгмет Сыргабеков, Кайсар Таштитов, Габбас Тогжанов, Жумагали Тлеулин. Долг каждого казахстанца – восстановить историческую справедливость, для этого государством делается все возможное – издаются «Книги скорби», продолжается реабилитация незаконно репрессированных граждан, возведены десятки памятник знаков в местах захоронений пострадавших, строятся мемориальные комплексы.

– Сегодня мы открываем в нашей области Стену памяти жертв политических репрессий и тоталитаризма. Теперь вместе с памятником жертвам массовых политических репрессий это будет единый мемориальный комплекс, – отметил Серик Билялов. – Здесь вписаны имена почти 7 тысяч человек. Работа по уточнению списков и внесению их на Стену памяти продолжается.

Было сказано, что на возведение Стены памяти общими усилиями североказахстанцев было србрано более 8 млн. тенге.

На митинге выступил председатель общественного фонда «Память» Болат Сагындыков, который выразил слова благодарности всем, кто принял участие в столь благом деле, особенно руководству области и главе региона Серику Билялову. Напомним: именно фонд «Память» выступил инициатором создания Стены памяти.

О нелегкой судьбе своего предка и в целом всего репрессированного народа поведал потомок Магжана Жумабаева Ержан Гарипов. А Павел Рафальский – потомок семьи поляков, депортированных в нашу область,

отметил гостеприимство североказахстанцев, принявших на своей земле семьи репрессированных.

Память пострадавших от тоталитаризма почтили минутой молчания, возложены цветы и венки.

Елена МЕРТЮКОВА

ТҰТҚЫН

(М. Д.-ға хат)

Кеудеде – от, іште – жалын, көзде – жас,
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас.
Сабан төсек, дым, қараңғы жатағы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш.

Күн түсірмес мейірімі жоқ қара тас,
Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?
Жанында жоқ жаны ашитын жақын жүз,
Тасбауырлар ыңғайына қарамас.

Жарық сәуле – не Ай, не Күн көрсетпес,
Жақынның «Ой, бауырымын!» естірмес.
Іс санаулы, сөз аңдулы, ерік жоқ,
Өз қолымен ұнамды тон піштірмес.

Қайғыланба, сорлы тұтқын, еш нетпес,
Күн батқанмен, таң атпайтын түн жетпес.
Ер жүректі азаматтың басына
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?!

САҒЫНДЫМ

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім –қабырғасы қара тас,
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, тым қараңғы, үңгір тар,
Есігімде мықты қара құлып бар.
Кіп-кішкене терезелер темірлі,
Мұндай үйден кімге естілер ащы зар!

Алтын Күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым –жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Әлдеқайда Күн шығады, батады,
Сорлы тұтқын күңіреніп жатады.
Қарар болсаң терезеден темірлі,
Көздеп тұрған күзетшілер атады.

Ас бола ма сасық сорпа, қара нан,
Алма бетте қалмады ғой тамшы қан.
Қоңырау қағып оятады ақырып,
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Абақтының айға баға күні ұзақ,
Жанды жейтін жылға баға түні ұзақ.
Ескі мола дән дыбыс жоқ, тым-тырыс,
Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ақ.

Қара жылан – қалың ойлар қаптады,
Шыбын жаным барар жерді таппады.
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,
Тәңірі ием, таңың-дағы атпады!

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге план құрысқан,
Сырласатын жас достарды сағындым.

Уға толды жас жүрегім, жабықтым,
Таныс дауыс ести алмай, зарықтым.
Не дегенін, не істегенін біле алмай,
Қор болдым ғой, азат жүрген халықтың!

Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан,
Басқа шапшып, мазаны алды ыстық қан.
Жалындаған жас жүрекке не пайда
Дене күйіп, бір жатып, бір тұрудан?

Жүрегіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, хордай жарды сағындым.
Айрыларда күншығыстан ағарып
Ақ жібектей атқан таңды сағындым.

Не көрсем де, алаш үшін көргенім,
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Қуанышта: «Әй сені ме!» – дегендер,
Күйініште мен үшін уайым жегендер,

Құтылу қиын – басқан адым аңдулы,
Тізіп қойып, ертеңді-кеш түгендер.

Тәңірі ие, өзің алшы панаңа,
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!
Баласынан тұтқын болып сарғайған
Кім жеткізер сәлемімді анама?

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даланы сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

Мағжан Жұмабаев

КЕБІНІ ЖОҚ, КӨРІ ЖОҚ, БҰЙЫРМАДЫ АҚ ӨЛІМ

Марқасқа Мағжан айтпақшы «Не көрсе де, алаш үшін көрген», жазықсыздан жазықсыз бәрі де өлген «халық жауларының» 1989 жылдың көктемінде ақталғаны егемендіктің елесі кезіп жүргенінің бір белгісі еді. Мен дереу облыс прокурорының орынбасары болып істеген марқұм Сәбит Күрлеуітовке телефон шалып, Үмітбай Жаналинның ісін шолып шығуға өтініш білдірдім. Бір апта өтті ме, өтпеді ме, бір күні Сәбит мені прокуратураға шақыртты да, үлкен бір бөлмеге жалғыз өзімді отырғызып, сұрағанымды алдыма қойды. Қалыңдығы бір елі екен. Әрине, өмірі ұстап көрмеген нәрсе. Табандаған жарты ғасыр бойы көкке ұшып кеткендей немесе жердің астына түсіп кеткендей көзден ғайып болған адамның о дүниеден жазған хатын оқитындай қол-аяғым мұздап кетті. «Жаналин Үмітбай 1906 жылы Қойсары ауылында туған» деген латынша жазуды оқығанымда көзім бұлдырлай бастады.

Есілдің күншығысымен тура жүрсеңіз, 10-15 шақырымнан кейін ұшырасатын «Аққөт» деген айрықша орманды көргенде аузыңызды ашып, көзіңізді жұмасыз: жапырағы ұшар басына біткен біп-биік сидам қайыңдар аққулардың мойындары дерсіз! Міне, осы тұстан бастап Сарыкөлдің шетіне дейін созылған кең-байтақ атырапты жайлаған Қойсары ауылында түтін саны жүзге жуықтапты.

Алты ауылдан тұратын Қойсарының ұрпақтары ұжымдастыру кезінде одан сайын топтаса түсті: 1929 жылы жазда олар Бектауыл

қажының қыстауы – Жиренатқа қоныстанып, «Еңбек» деген ТОЗ ұйымдастырды. Өзі де, сөзі де өтімді, жас та болса бас болып жүрген Үмітбай Жаналинге төрағалық жұмыс жүктеледі. Кеңестік саясаттың ауыр жүгіне бірінші болып иығын тосқан Үмітбай екі жылдан астам «Еңбекті» атына сай ету үшін аттан түспепті... Суреті сақталмаған Үмітбайдың бейнесін сөзбен сала кетсем, былай: екі көзі – екі қарақаттай, басын сілкіп қалғанда жата қалушы еді десетін қалың шашын шалқасынан қайырған (жазда қалпақ киіп жүріпті). Бір сөзбен айтқанда, Кеңес ауылында ғұмыр кешкен әпкесі Ақыштан аумаған деседі. Іске көсем адамның сөзге шешен болып келетіндігін дәлелдей білген ділмәрлығы – басты қасиеттерінің бірі ғана. Тайсалмайтын турашылдығын толықтыра түскен батылдығын да бөле-жара айтқан абзал. «Жігітке жеті өнер де аз» деген нақылда жалғандық жоқ: оның қолынан да, тілінен де келмеген қиындық жоқтың қасы. Өз заманының асып туған азаматтары сияқты жымын білдірмеумен болды: кез келген құлыпты ашуға қиналмапты. Төрт сыныптық білімі бар болғандықтан, сауаттылығын ісмерлігімен қоса пайдаланған көрінеді: мәселен, картоптан жасаған мөрлерінде мүлтік болмапты. «Артық өнер бас жарады» деген бекер емес қой: бірде түрмеге де қамалыпты. Сонда ол өзімен бірге отырғандардың бәрінің де қашып шығуын ұйымдастырып, ең соңғы болып өзі де қараңғы түннің құшағына бір-ақ сүңгісе керек...

1931 жылғы орасан қиыншылықтың тұсында өзі басқарған ТОЗ-ды таратқан Үмітбай аға-жеңгесін Түмен өңіріне бастап, абырой болғанда, бәрі де аман қалады. Жолшыбай мамық жастықты бір тоқашқа айырбастаумен қара бастары қалған олар «Еңбек ептілікті сүйеді» деген мәтелге сүйенген Үмітбайдың арқасында аш та, жалаңаш та болмайды.

Десе де «Есің барда еліңді тап» деген «нұсқау», басқаларды қайдам, біздің қазаққа тікелей қатысты екендігін ескермейтін ешкім жоқ: олар қарағайлы Түменді артта қалдырып, қайыңды атамекенге оралды. Қойсарының алты ауылы тағы да Жиренаттан табылып, «Жаңалық» деген ТОЗ-ға топтасты. Қызыл маржандай мөлдіреген жидегімен де, бүлдіргенімен де және шиесімен де таңдай тұшытқан «Жаңалық» соғыс басталғанша ата-бабалар мекен еткен алтын бесік болып тербете білгенімен, дүниедегі үш байлықтың бірі – судың шықпауынан жұрты ғана қалған атырапқа айналып тынды. Жидегі аттың шашасын бояған Жиренат соғыс бастала сала тұрғындары түгелдей көшірілген Өрнек ауылынан олқы емес еді: «Еңбекте» түтін саны 65 болса, «Жаңалық» та сол шамалас болды. Әттең, Есілдің сарқырап ағып жатқан суының бір жұтымы қырдан таптырмады: мемлекеттің 50 мың сом қаржысына 80 метр тереңдікке дейін қазса да, құдықтан су шықпай қойғаны-ай!... Тір-

шіліктің ағзасында айналатын қаның сияқты соншама қажет суы түскір тереңнен қайнап шыққанда ешқайсысы да Өрнекке көшпейтін еді, ең бастысы – судай суық, оттай тентек Үмітбайдың су түбіне кетпеуі де мүмкін еді...

Жаны жоқ құлтемірлер сияқты бір қойған сұрағын қайталай беруімен ақылыңнан алжастыратын «үш әріптің» тергеушілерінің тепкісіне теңселген қан жоқ, сөл жоқ «халық жаулары» тәрізді боп-боз болып кеткен істі оқып отырмын. Латыншыға келгенде қиналмайтын мен ежіктеп отырып, маған берілген бір сағаттың ішінде істің ақырына дейін жеттім. «Қазақтың жауы – қазақ» дегенді Ғабит Мүсірепов қалай дәл айтқан: көрсеткен кісі – өз қазағымыз. Бірлікте белсенділердің бірі болған ол сұрқия көрінде өкіруге тиіс. Алланың ақ өлімін көре алмаған Үмітбайдың қарғысынан сол сұрқия аман қалғанымен, оның бала-шағасы сорлар-ау.

1937 жылы «Жаңалықтан» Бірлікке қоныс аударған Үмітбай ажал айдап барғанын, әрине, білген жоқ. Екі жыл бойы «Еңбектің» төрағасы болған тәжірибелі әрі жүзіктің көзінен өтетін сегіз қырлы, бір сырлы Үмітбайдың беделі мен өнері артық болғанын Бірліктің шолақ белсендісі көре алмады ма екен, кім білсін? Оның таққан кінәсі мынадай: бәрін бастап келген Жаналин саботаж жасап, «Жаңалықтан» қоныс аударған жеті үйді түнде қайтадан көшіріп жіберді. Жеті үйімен бірге көшіп кеткенде аман қалуы да ықтимал еді, бірақ Бірлікке тұрақтамауы пәле болып жабысты. Ол кезде оқтан кем тимейтін «саботаж» деген сөз Үмітбайдың үстінен құс ұшырып, астынан ит жүгірткен үркіншіліктің басы болды. Шынында да, обадай опқан, опырған зұлмат заман елге тұтқа бола білген орда бұзар отыздағы Үмітбай сияқты сүт бетіндегі қаймақтай «Сен тұр, мен атайын» дейтін дүр адамдарды қызыл қырғынға ұшыратты ғой. Үмітбай болса 1937 жылдың 2 шілдесінде тұтқындалыпты. Хаттамада себебі былай тұжырымдалыпты: «Тұтқындау арқылы террористік актінің алдын алдық». Аудан орталығы болған Марьевкада соттың екі отырысы өткізілгенін әупірімдеп оқып шықтым. «Көш бастайтын кілең зиялылардың көзін жойсақ, көштен қалып, көсеу мінген қара жаяу қалғандары қойдай ыға береді» деген пиғылмен қолдан жасалған, қасақана ұйымдастырылған қуғын-сүргіннің игі жақсыларды ит жемеде қыруды көздегендігі хаттамаларынан анық аңғарылады екен. Латын қарпімен жазылған хаттамаларда зәрелді зәр түбіне жіберетін зауалдың салқыны бірден сезілмейді: кімнің не деп жауап бергені тізбектеле береді де, соңында ұзын-сонар хаттаманың мазмұны орыс тілінде баяндалғанда, – о, ғаламат, – терісін айналдырып көрсетеді. Тағы бір сұмдығына қараңыз: хаттамаға қойылған қолдар бар, бірақ тектері көрсетілмеген. Қанды қырғынның хаттамалары, міне, осындай.

Үмітбайдыкі де сондай: шілдеде екі отырыс өткізілген, тамызда – тым-тырыс, қыркүйекте – қызыл көрген құзғын жемтігін жепті. 13-і күні үркіншіліктің аш қасқырдай анталаған үштігі мынадай үкім шығарыпты: «атылсын, мүлкі тәркіленсін». Атыжөнінің алдына «Контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымының мүшесі» деген анықтауыш қойылыпты. Үкім орындалған уақыт көрсетіліпті: 00.35-00.45. Яғни түн ортасында он минуттың ішінде қорғасын қарағұсын тесіп өтіпті. Шыбын жан шырқыраған әлгі он минутта орындалған үкім туралы жазылған қағаз істің ең соңғы парағы. Оның рәсімделуі де жалған сияқты: «ич» деген аффикспен бітетін тегі тұр, бірақ қолы қойылмаған. Мұндай құжат бойынша ешкімді әшкерелеу мүмкін емес.

Біздің қазақ кекшіл халық емес. Үш әріп те, үштік те халықтың қарғысының астында қалды – олардың тартқан «сазайлары» осы ғана. Әзірейіл сияқты жан алған, бірақ періште емес, әбілет басқыр пасық пенделер болған әпербақандарды адамдар емес, Алла әшкерелейді. Бәрінен бұрын халық жаулары емес, керісінше асылдары мен аяулылары болған Үмітбай сияқтылар Құдайдың қаһарына ұшырамаса екен деп тілеймін: олар жаназа түгіл, кебінсіз әрі көрсіз қалды ғой! «Имансыз кетті» деп айтуға аузым бармайды. Өйткені олардың бәрі де – жұмаққа баратын шәйіттер!

Болат ҚОЖАХМЕТОВ

ВЕЧНАЯ БОЛЬ СУРОВЫХ ВРЕМЕН

Никого нет рядом,
Хоть завой ты волком,
Все равно отвечает эхом тишина.
Не вернуть ушедших,
Не собрать осколки,
Пью я чашу горя, а она полна.

Григорий Тер-Азарян

Непросто складывались судьбы людей тех лет того не совсем давно прошедшего века! Тоталитарное общество, как отлаженный механизм подавления устремлений отдельного человека, не санкционированных государственной идеологией, и лишающее его вся-

кой свободы выбора, – вовсе не «достижение» XX века, как может показаться тому, кто оказался в его чудовищных тисках, кто знает о нем не понаслышке.

Террор, начатый в 1937 году, которому исполнилось ныне 75 лет не щадил никого. Тысячи семейных очагов были разрушены, искалечены судьбы детей, вынужденных терпеть унижения, оскорбления. Как это тяжело!

По велению Сталина осуществлено неслыханное в истории: женщин без суда отправляли в Алжир (Акмолинский лагерь жен изменников Родины); насильственное переселение народов с родных мест; миллионы детей осиротели, лишились детства.

О горечи утрат и страданий можно судить на примере нашей семьи.

Мне было только год, когда в сентябре 1937 года арестовали моего отца – Сагындыкова Магаза, уроженца Северо-Казахстанской области и просто рядового колхозника, обвинив в шпионаже и диверсионной работе в пользу Японии и против колхозного, следовательно, советского строя. Усугубляло «вину» то, что он был сыном муллы, за что и расстреляли приговором «тройки» в ноябре того же года.

Карательные органы того времени без зазрения совести обманывали нас, заявив, что якобы он осужден на 10 лет. А в 1955 году на моё письмо в адрес Председателя Президиума Верховного Совета СССР К. Е. Ворошилова Министерство госбезопасности ответило, что Сагындыков Магаз, т.е мой отец, умер в сентябре 1943 года от туберкулёза в местах заключения в Карагандинской области.

Вот так Верховная власть скрывала правду от своего народа, ибо подобные ложные ответы получали, оказывается, не только мы.

К горькому сожалению, нам неизвестно, где и в какой яме он похоронен. Имущество, в том числе скот, у нас конфисковали. Семеро сирот, самый младший – годовалый, остались на попечении матери. Говоря о материальных лишениях, до сих пор не могу без слез вспоминать моральные унижения, оскорбления, которые пережила наша семья.

Мать, как жену врага народа, летом отсылали за 40 километров в совхоз «Кзыласкерский» пасти овец, а зимой – молотить заскирдованный хлеб. Старший брат Шерашидтен по возрасту ушел на фронт, средний Килаж добровольно последовал за ним в свои шестнадцать лет, собственноручно приписав себе два лишних года.

Позже, как вспоминает сам Килеке: «Мне как сыну «врага народа» не давали покоя в школе, не брали в комсомол и я добровольцем ушел на фронт, чтобы кровью доказать, что мой отец не был «врагом»», всем стал понятен его поступок...

и быта своих односельчан. Слава Аллаһу, хоть мне сейчас и семдесять пять, я не собираюсь покидать все свои жизненные позиции. Хочу все: до последней капли пота и крови – пролить за благо своего народа.

В данный момент занимаюсь проблемами реабилитации политических репрессированных, невинных, как и мой отец, жертв той сталинской эпохи, чтобы вернуть им достойные их имена. Возглавил строительство памятника жертвам политических репрессий на месте бывшего здания НКВД в областном центре. Как руководитель и председатель общественного фонда «Память» не останавливаюсь на достигнутом.

Активисты фонда подготовили и выпустили справочник в двух томах на базе архива КНБ со всеми данными репрессированных по нашей области, а их на сегодня насчитывается почти шесть тысяч человек.

Тиражом полторы тысяч экземпляров выпустили мы книгу «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена»), где размещены воспоминания детей, внуков, близких, материалы краеведов, а так же архивные данные.

Ныне исполняется 75 лет тридцать седьмому году, обощено названному террору тридцатых годов прошлого века.

В ознаменование этой великой трагедии общественный фонд «Память» вышла с предложением построить Стену памяти о жертвах массовых политических репрессий.

От имени детей, внуков и близких жертв тоталитарного режима выражаю искренюю признательность акиму области Серику Султангазиновичу Билялову за активную поддержку нашей инициативы. И не только. Он сейчас принимает непосредственное участие в строительстве этого общественно- политического значения объекта.

Открытие этого уникального памятника намечено 31 мая, то есть в день памяти жертв репресий. Надо отдать должное и с благодарностью отметить отозвавшихся на наше обращение архитектора Софью Зейнель-Габитовну Молжигитову, директора предприятия «Севгражданпроект» Колкову Тамару Федоровну, благородно изготовивших эскизы и проектно- сметную документацию, а так же многочисленных спонсоров. Их имена, думается, будут занесены на отдельной доске этой Стены памяти.

Болат САГИНДЫКОВ

и быта своих односельчан. Слава АллаҺу, хоть мне сейчас и семдесять пять, я не собираюсь покидать все свои жизненные позиции. Хочу все: до последней капли пота и крови – пролить за благо своего народа.

В данный момент занимаюсь проблемами реабилитации политических репрессированных, невинных, как и мой отец, жертв той сталинской эпохи, чтобы вернуть им достойные их имена. Возглавил строительство памятника жертвам политических репрессий на месте бывшего здания НКВД в областном центре. Как руководитель и председатель общественного фонда «Память» не останавливаюсь на достигнутом.

Активисты фонда подготовили и выпустили справочник в двух томах на базе архива КНБ со всеми данными репрессированных по нашей области, а их на сегодня насчитывается почти шесть тысяч человек.

Тиражом полторы тысяч экземпляров выпустили мы книгу «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена»), где размещены воспоминания детей, внуков, близких, материалы краеведов, а так же архивные данные.

Ныне исполняется 75 лет тридцать седьмому году, обощено названному террору тридцатых годов прошлого века.

В ознаменование этой великой трагедии общественный фонд «Память» вышла с предложением построить Стену памяти о жертвах массовых политических репрессий.

От имени детей, внуков и близких жертв тоталитарного режима выражаю искренюю признательность акиму области Серику Султангазиновичу Билялову за активную поддержку нашей инициативы. И не только. Он сейчас принимает непосредственное участие в строительстве этого общественно- политического значения объекта.

Открытие этого уникального памятника намечено 31 мая, то есть в день памяти жертв репресий. Надо отдать должное и с благодарностью отметить отозвавшихся на наше обращение архитектора Софью Зейнель-Габитовну Молжигитову, директора предприятия «Севгражданпроект» Колкову Тамару Федоровну, благородно изготовивших эскизы и проектно- сметную документацию, а так же многочисленных спонсоров. Их имена, думается, будут занесены на отдельной доске этой Стены памяти.

Болат САГИНДЫКОВ

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН ЖАЙСАҢДАР

1930 жылдың қысы қатты болды. Мезгілсіз жауған жаңбырдан қалың түскен қардың беті қатып, мұздаққа айналып, жылқы малының қар теуіп қар астынан азық тауып жеуіне қиындық туғызды. Қар бетіндегі өткір пышақтай мұздақ жылқылардың шашасын қиып, қар тебуге келмей, жылқылар қырыла бастады. Оған азығы таусылған басқа да түліктер қосылды. Оның үстіне сол кездегі солақай саясаттың әсері де тиіп, мал өнімімен күн көріп отырған елдерді ашаршылық жайлады. Жоқшылық арқасына батқан отбасылар жеміс- жидектерін өсіріп, картобы мен егінін егіп, соның арқасында күн көріп отырған Ресейдің көрші селоларына бауыр басып қалған жерін, елін тастап көше бастады.

1931 жылы қысқа кірмей Жарғайың (Есіл ауданы) ауылынан қоныс аударған 12 үйдің бірі болып отбасында 11 жаны бар менің әкем Қасен де шығады. Әкем, жұрттың айтуына қарағанда, бесаспап етікші және ағаш шебері екен, ал шешем Ажар он саусағынан өнер тамған тігінші болыпты. Олар сол өнерлерімен бір селодан екінші селоға көше отырып, тұрмыс кешеді. 1932 жылдың наурыз айында Сладково селосында мен дүниеге келіппін.

Жылдар өте, қазақ жерінде аштық артта қала бастаған кезде, Ресейде көшіп жүрген босқын қазақтар бас қосып, өз күштерімен ұжымшар ашпақ болып, Булаев ауданының басшыларынан жер сұрап алады.

Сонымен 1936 жылдың мамыр айында артында қалың қайың орманы бар, алдында қалың жалпақ шілік өскен кең алаңда жаңа ұжымшардың алғашқы үйлері салына бастайды. Құрылыс материалы – ағаш бауырынан ойып алынған ақбауыр шым. Жергілікті материалдан үй тұрғызу оңай әрі тез және ондай баспана жылы болады екен. Төбе де шыммен жабылады, еден ақ балшықпен сыланып, әйнек болмаған-

дықтан, терезе қойдың қырып, кептіріп керген қарынымен қаптала-ды. Сөйтіп, қоңыр күзге дейін 20 шақты үй бой көтереді. Ұжымшарға кіргендер шамаларына қарай ортаға мал, арба, сайман салады. Аудан басшыларының шешімімен жаңа құрылым басшысы болып Мәлік есімді азамат тағайындалады. Ұжымшарға барлығы ақылдаса келе, Ежов атауын береді. Алайда, бір жылдан кейін ол ұжымшар Чапаев деп өзгертіледі. Бұл кезде Ежов «халық жауы» деп танылған болатын. «Ежов» деген атқа үйреніп қалып едік», – деген төрт азаматты сол түні ұстап әкетіпті. Олар: Баржақсы Әлжанов, Зейнолла Қалжанов, ағалы-інілі Бекі мен Мәжен Төрекұловтар. Бекі кейін ақталып, еліне оралыпты, ал қалған үш азамат «халық жауы» деген 58-баппен сотталып, хабарсыз кеткен. Кейін «Қарағанды түрмесінде атылыпты» деген хабар естіпті артында қалған ағайындары.

Мына бір оқиға 1918 жылы Кеңес Одағы әлі әлдене қоймаған кезде болыпты. Ақтар басымдық көрсетіп, қызыл әскерлерді Арқа жерінен қумақ болып, Есіл өзенінен асырып тастайды. Қашып келе жатқан қызылдардың бір тобы өзеннен өтіп, біздің Жарғайың ауылына келеді. Олар болдырған аттарын ауыстыру үшін әр үйдің аттарын сұраусыз ала бастайды. Бірақ олардың бәріне аттар жетпейді. «Басқа жылқылар қайда?» деген командирдің сауалына өз тұрмысының төменін өзгеден көретіндер «Жылқыларын тоғайға айдап салды» деп бес шалдың үйін көрсетеді. Тоғай алқабында жайылып жатқан жылқыларды айдап әкелуге уақыт жоқ. Қашқан солдаттар Жақып қажыны, Тоқбет қажыны, Рахмет пен Қазиді ұрып-соғып, ауыл сыртына шығарып, атып кетеді. Командирдің бұйрығы орындалды. Олардың кім екенінен, қайда кеткенінен бейхабар ел улап-шулап қала береді. Ол кезде одан басқа қолдан не келеді.

Жақып қажы – менің бабам. Жаны, ары таза, діни жолды ұстанған адам деседі көзі көргендер. Ол осылай нақақтан шейіт болыпты.

...1964 жылы мені сол кездегі Ленин (қазіргі Есіл) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы В. Супрюник қабылдауына шақырды. Қандай мәселеге байланысты керек қылғанын білгенім жоқ. Бірінші хатшы өте сабырлы адам екен, менімен жылы амандасып, алдындағы орындыққа отырғызып, сейфінен бір қағазды алып оқыды. Ол менің үстімнен жазылған арыз екен. Онда бабам – Жақып қажыны қызылдар атып кеткенін айтып, менің ұстаз болып қызмет етуім дұрыс емес екенін жазыпты. Маған сөз айтқызбай бірінші хатшы.

– Абыржымаңыз, біз бәрін тексердік. Сіз бабаңыз үшін жауап бермейсіз. Арыз түскеннен кейін оны тексеруге, сол жайлы сізге хабарлауға міндеттіміз. Алаңсыз қызметіңізді атқара беріңіз, – деп әдеппен шығарып салды.

Нақақтан атылған төрт қарияның, қуғын-сүргін құрбаны болған үш азаматтың ел ішіндегі адамдардың жалған жаласынан құрбан

болғанын, қазақтарда әділдік жетіспейтіндігін әкем назалана айтып, таңдайын қағып отыратынын жиі көретінмін.

1970 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде әдебиет сыншысы, академик Мұхамеджан Қаратаевтың «Қазақтың жауы – қазақ» деген мақаласын оқып, әкемнің ой-тұжырымының дұрыс екенін аңғардым. Елбасының: «Біртұтас ел боламыз десек, бірлігімізге берік болайық!» дегенді тектен-текке айтып жүрмегенін біз сияқты қариялар жақсы білеміз. Бірлікке не жатсін!..

Ескендір НҰРЫМ,
ардагер ұстаз

ЭТОТ БОЙ КОМАНДАРМ ПРОИГРАЛ

Дочь советского военачальника, комамдарма Иеронима Уборевича Надежда училась в Петропаловске, где по окончанию школы № 1 получила аттестат на имя Надежды Завьяловой. Шел 1939 год...

В то время в петропавловской школе №1 имелись классы, целиком состоявшие из детей, родители которых были сосланы в Казахстан и репрессированы. Вот судьба одной из выпускниц этой школы Нади Уборевич, дочери командарма Красной Армии. Напомним, что Иероним Петрович Уборевич (02.04.1896 г. – 11.06.1937 г.) в Гражданскую войну командовал армиями на Южном, Кавказском и Юго-Западном фронтах. В 1922 гаду стал военным министром и главкомом Народно-революционной армии Дальневосточной республики. Затем командовал войсками ряда военных округов, был заместителем председателя реввоенсовета СССР, членом ВЦИК.

Может возникнуть вопрос: как же дочь Уборевича оказалась в Петропавловске еще до того, как ее отец подвергся репрессиям? Надя родилась в 1920 году в Минске и сразу же лишилась матери, не выдержавшей родов. Когда отец женился второй раз, Надя стала жить у дяди и тети в Петропавловске. Все резко изменилось в ее жизни после того, как было объявлено о том, что видные советские военачальники Якир, Уборевич, Тухачевский являются врагами народа. По настоятельному совету НКВД и учителей школы №1 ей пришлось отречься от имени отца, и аттестат зрелости она получила уже как Завьялова Надежда Ивановна. О поступлении в вуз не могло быть и речи. Особенно трудным было время Великой Отечественной войны, когда ей пришлось, в полном смысле это-

го слова, бедствовать. Если удавалось устроиться на работу, скрыв свое «вражеское» происхождение в анкете, то находились бдительные люди, докладывавшие о ней «куда надо» и она была гонима. Лишь после того, как Надя вышла замуж за военного, жить ей стало легче.

После демобилизации мужа Надина семья (у нее родился сын) покинула Казахстан. О ее дальнейшей жизни иногда можно было прочитать в газетах.

Примечательна, что многие выпускники школы № 1 г.Петропавловска, окончившие ее в 1939 году, были детьми сосланных, репресированных.

Эмма КРАСИКОВА,
ветеран педагогического труда,
преподаватель истории

КӨШІП КЕЛГЕН ҮЙ

Әулетінің тауқыметті тағдырын көзі тірісінде өз аузынан жазып алған осы естелікті марқұм болған аяулы жеңгем Рахима Тәшімқызына арнаймын.

Еліміз егемендікке ие болғалы еңсемізді тік көтеріп, есіміз бен етек жеңімізді толық жинай бастадық. Ең алдымен төл тарихымызды оның беттеріндегі «ақ таңдақтардан» арылтып, оған қатысты құнды деректер тынымсыз ізденістердің арқасында табылып, баспасөз беттерінде үнемі жарияланып жатыр.

Келмеске кеткен Кеңес өкіметі тарихымызды теріс бұрмалап, «қысқа да нұсқа» ғып жазып берсе, енді жабулы тайқазанымыздың қақпағы ашылып, тарихи ащы шындықтарымызды негізге алып, елдің шежіресін өзіміз қайтадан дұрыстап жазуға мол мүмкіндік туды.

Кешегі қуғын-сүргін мен асыра сілтеу кезінде ірі қазақ байларымен қатар мал мен мүлкі тәркіленген орта дәулетті адамдар да бар екен.

Аты шулы осы науқан басталғанда олардың дені жиған-терген дүниесін көтергенінше алып, қалғаны шашылып қолды болып, бас сауғалап паналаған жерлері көрші Ресейдің Омбы, Челябі, Қорған мен Түмен облыстарында көп екен. Басқалар түсінбесін деген оймен жергілікті қазақтар оны ол кезде «ішке өтіп кетіпті» деп жұмбақтап айтады екен. «Байдың тұқымы» деген бір ауыз сөздің дүмпуінің күштілігі сондай, әбден зәрезап болған олардың ішінде аты-жөні мен тегін өзгертіп жазғандардың саны да аз болмаса керек. Құдайға да жан керек дегендей ол кезде қаншама қандастарымыз Ташкент шаһары мен оның төңірегіне тығылып, ұлтын өзгертіп жазып, қазіргі өзбек ағайындарымыздың санын көбейтіп отыр ғой.

Ұзын сөздің қысқасы ретінде осыған кішкене де болса бір бұлтартпас дәлел келтірейін, яғни бір жылдан астам өзім соңына түсіп, 2008 жылғы мамыр айының аяғында ғана қолыма тиген, 1933-1959 жылдардың аралығында Омбы жағында азамат Жұмабаев Шәріптің атына орыс тілінде толтырылып, қажалып ескірген бірқатар құжаттар, анықтама қағаздар мен жыртылған көмескі фотосуреттер әлі де сол зобалаң заманның зорлығын айғақтап тұр. Қағаздары әбден сарғайып, мүжіліп жыртылса да ондағы қойылған жалпақ табан және дөңгелек мөрлердің іздері анық, күлгін сиясы әлі де өше қоймаған, адамның қолымен жазылған мағлұматтар сайрап тұр. Осыларды зердеммен зерттеп, мазмұны мен мағынасына терең үңіле отырып, 1917 жылы басталған қилы кезеңдердің көріністерінің ішінен қуғын-сүргіннің ащы дәмін татқан бүтін бір әулеттің 90 жылдай өмір жолдарын көз алдыма анық елестеткендей әсер алдым. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданында оның әкесінің ағасы Тілеке батырдың ұрпақтары «Алқағаш» ауылында тұрып жатыр. Батырдың кейінгі бір бұтағы Ақпанбай қажыдан тарайтын ағайынды Жарасбай, Кәкіжан, Жұма мен Жамбы атты ұлдарының екеуінен қазір ұрпақ жоқ та, ал қалған екеуінен ұрпақ бар. Жарасбайдың жалғыз қызы Рәзипа 103-ке келіп қайтса, ал жиендері Есіл ауданының Қарағай ауылында бір бұтағын өрбітіп жатыр.

Ал ендігі әңгіменің арқауы – дәулетті бай болған Жамбы мен оның әйелі Бәдишәнің арқасында аман қалған осы әулеттің ұрпақтары жайлы болмақ. Тірі кезіндегі Бәдишә әжелерінің айтуына қарағанда Жамбының үйір-үйір аламойнақ жылқылары жайлауы болған Саумалкөлдің жағасында жусап жатады екен. «Аламойнақ» деген сөздің өзі асыл тұқымды малдың түсін аңғартса керек. Қыстауларының қазіргі орны Алқағаш, Ровное мен Кривощеково селоларының аралығындағы қалың ағаштардың баурайында, ол жерлерді елдегілер «үлкен пенай» және «кіші пенай» деп қызық атайды.

Бәдишәнің өзі еті тірі, ісіне пысық, тез шешім қабылдайтын ер мінезді әйел болса керек. Осы мінезімен аталары 2-3 әйелден алған күйеуі Жамбыға екінші әйел алдыртпаған. Жамбының дәл қайтқан жылы белгісіз, бірақ жерленген жері Есіл өзенінің оң жағындағы қос обаның маңайындағы ата-бабасының ескі қорымында, яғни қазіргі орны судың астында қалған Марьевка селосының Социал ауылы тұсында болса керек.

Оқиғаның уақытын тұспалдап айтқанда сол төңіректі аштық жайлаған 1931-1933 жылдардың шамасы болуы керек. Аласапыран кезеңде үш ер баласымен жесір қалған Бәдишә күйеуінің қабірінің басына үлкен тасты домалатып әкеліп, түбінде осы белгімен бір тауып алармын деп елінен үдере көшеді. Бұлай көшудің нақ себебін ешкім білмейді, дәл болжап айту қиын, сондықтан оны асықпай анықтаған дұрыс сияқты.

Бәдишә әжейдің айтуына қарағанда қолдарында бар болғаны: бір текемет, бір астау мен күміс моншақтары ғана болып, осы дүниесімен және үш баласымен Есіл өзенінен өткен. Бауырындағы ең кенжесі Молдабайды Қызылжар қаласындағы балалар үйіне тапсырып, бірақ артынан ес жинап іздеу салғанымен оны ешкім кейін таба алмайды.

Сол кеткеннен Бәдишә үлкен баласы Тәшім (1914 ж туған) мен ортаншы ұлы Сауытбайды алып, Омбы қаласына 90 шақырым жетпей, Любин ауданының сол тұстағы Қанжығалы, Керей және орта Жаңажол деген қазақ ауылдарының соңғысын таңдап тұрақтайды. Бас сауғалап келген жерінде ешқандай жанашыр туысы болмаса да, жан сақтауға қолайлы деген ойлары дұрыс болып, баспана мен екі қолға жұмыс табылып, тамақ пен киімнен кемдік көрмей, тұрмыстары басқалардан артық болмаса кем болмайды.

Себебі, олар келген бетте ауылдық кеңеске тектерін өзгертіп «Жумабаев» болып, ал шойын жол бойында жер қазушы (землекоп) болып жұмысқа орналасқан 20 жасар Тәшім өзін 1934 жылдан бастап барлық құжаттарына орысша «Жумабаев Шариф» деп жазғызыпты. Сол кезден бастап бұларды «байдың тұқымы» деп ешкім қуалап келіп, ешқашан отбасының тыныштығын бұзбаған. Жаңадан қоныс тепкен жерінде қазақша «Жұмабаев Шәріп» деп аталған азамат соғысқа дейінгі бейбіт өмірде жанын салып, аянбай еңбек еткен. Ол кезде тек еңбек озаттарына ғана берілген Шәріптің билеттерінде 100%-дық айлық нормасын оның 193%–202%-ға дейін орындап, табысты болып, сыйлықтар алып отырғаны анық көрсетілген.

Шәріп өзі тұрған Шулаев ауылдық кеңесінің жеріндегі «Дорога Наумену» деген ауыл шаруашылығында №6 артеліне бірауыздан мүше болып қабылданып, ол туралы жиналыстың 1937 жылғы 17 наурыздағы №5 протоколының мөрлерімен расталған көшірмесі қолына беріліпті.

Жастайынан уәделескен қызы Рахиланы (Рәш) әкелуге өзі бармай, соғыстың алдында ер жетіп қалған інісі Сауытбайды әдейі қайын жұрты Социал мен ел-жұрты Алқағаш ауылдарына жіберіп, сөйтіп Шәріп қалындығы Рәшті алдыртқан және оған үйленген. Мұның себебі, өзі туып өскен жеріндегі таныс көздерден аулақ болып, олардан әлі де қатты сақтанғанын көрсетеді.

1940 жылы Омбы жағынан әскер қатарына іліккен Сауытбай Брест қаласынан бірақ шығып, ондағы Буг өзенінің үстіндегі қайықта отырған оның қызыл әскер формасындағы фотосуреті хатымен ағасының үйіне келеді. Соғыс басталып жатқанда Сауытбайдан «бір жерден бір жерге ауысамыз, осындай уақытта Москвада боламыз» – деген ерте хабар үйіне жетеді. Шешесі Бәдишә поезбен айтылған уақытта Москва қаласына жеткен ғой. Әскери бөлімді тез тауып, баласының қасында 3 күн болады. Осы ақырғы кездесуде анасына баласын тірідей ақтық

рет көруге тағдырларына жазған ғой. Қанды соғысқа кіріскен Сауытбайдың артынан үйіне «пропал без вести» деп орысша жазылған извещение келгеннен кейін ол туралы басқа хабар-ошар болмайды.

Бәдишә әжесінің «Петерборға да екі рет, Мәскеуге де екі рет өзім бардым» – деп айтып отыратынын естеріне алады қазіргі оның шау тартқан немерелері. Әсіресе, олар әжесінің қалай ғана жалғыз Москваға барып, іздеген баласын қалай тез тауып алғанын сұраулы таңданыспен айтатынын байқадым. Шынында да, соғыс кезінде баласын бір көру үшін тәуекелге бел буған ананың алыс сапарға жалғыз аттануы – ол кездегі оқымаған қарапайым қазақ әйелдерінің өмірінде сирек болатын құбылыс қой. Ана баласы үшін не істемейді, бұл әрекет ерлікке пара-пар десек артық айтқандық емес сияқты. Сонымен марқұм әкесі Жамбының артында еркек кіндіктен жалғыз қалған Тәшім, яғни Жұмабаев Шәріп соғыс басталғанда Омбы қаласындағы жедел 6 айлық курсты оқып бітіріп, Омбы бөлімшесінің паровоз шаруашылығында броньмен жұмыс істейді. Сталинград майданында кескіленген қанды ұрыстар жүріп жатқанда бұлар талай рет тылдан осы қалаға қарай әскери жүктер тасиды. 1943 жылы осылай күндіз – түні ешқандай тынымсыз қатынап жүргенде жарылған бомбалардан жолдағы рельстер істен шығып, жүк поезы амалсыз уақытша тоқтайды. Тәуліктер бойы жолда ұйықтамай, әбден сілікпесі шығып, қалжыраған Шәріп алтыншы вагонға кіріп қисая кетеді. Бомбаның жарықшақтары вагонның қабырға тақтайларын шұрқ-шұрқ қылып тескен ғой. Содан соққан ызғарлы өкпек желден (сквозняк) қатты ұйқыдағы Шәріп кеудесіне суық тигізіп, айықпастай болып науқастанады. Любин аудандық соғыс комиссариатынан 1943 жылдың 4 маусым күні берілген №21 куәлігі бойынша Шәріп соғысқа жарамсыз деп танылып, жазылмас ауруы бойынша әскери есептен мүлдем шығарылады. Сонда да соғыс біткенше және одан кейін де Омбы бөлімшесінің паровоз шаруашылығында слесарь болып, елге қызметін абыроймен жалғастыра білген. 1949 жылдың 14 шілде күнгі комиссияның (ВТЭК) ұйғарымы бойынша Шәріп 2 топтағы мүгедек болып танылып, меңдеген туберкулез ауруынан 1951 жылдың 13 – інші желтоқсан күні көз жұмады. Асыраушы және сенімді тірегінен айырылған шешесі Бәдишә мен әйелі Рәш жап-жас балалары Қайыржан (1940 ж.т.), Қайыржамал (1941 ж.т.), Қадиша (1943ж.т.), Рахима (1947 ж.т.), Жамал (1949 ж.т.) және 11 айлық Ғалымжанмен (13.11.1950 ж.т.) қатал тағдырдың алдында бетпе-бет қалады. Бірақ Шәріптің өзі өлсе де артында қалған бала-шағасы жоқшылық көрмейді. Оның аруағын қатты сыйлаған орыс пен қазақтың ішіндегі сенімді жолдастары бұлардан ешқандай көмегін аямаған. Паровозда көп жыл бірге істеген серігі Ықылас қысылтаяңда үнемі қастарынан табылып, ал Омбы қаласындағы үлкен қызметте істеген ауқатты жолдасы Бақтыбайдың өзі жылқы сойып, марқұм

Шәріптің қырқында ас беріп қадірлеген. Бақтыбайдың өзі зор денелі, көрікті сақал-мұрт қойған, ылғи құндыз бөрік пен жағалы киіммен жүретін, бет әлпеті мен жүріс-тұрысы келісті адам болса керек. Сол кездің өзінде қорықпай үш әйел ұстап, олармен емін-еркін және тату-тәтті шаңырақ құрған деп көзі көргендер сүйсініп айтады. Бәдишә әжей Омбыдағы Бақтыбайдың үйінде талай рет қонақтап жатып, ол кездегі қат тауарлардың ішіндегі киім, үнді шайы, Кубань күріші, көгілдір шақпақ қант сияқты керек-жарағын әкеледі екен. Келген бетте әппақ күрішті былқытып асып, жұрт жаңа ғана көре бастаған лавр жапырағы мен қалампырды бұрқыраған үнді шәйіне қосып, хош иісін одан да күшті аңқытып, шақырылған көрші-қоланды бір қарқ қылып тастайды екен. Осылай елмен бірге бейбіт қалыпқа түскен Жұмабаевтар өмірінің шырқын бұзған және күрт өзгерткен – 1959 жылы аяқ астынан түгел күйген тұрған үйлерінің өрті екен.

Ел-жұртымен лезде хабарласып, олардың шақыруымен сол жылдың он жетінші маусым күні Алқағаш ауылына түгел көшіртіп әкелінеді. Артық дүниесі мен малдарын сатқанның өзінде үш құлынды бие, бір қысыр бие және бұзаулы сиырмен елге келеді. Бұл ол кезде Одақты билеген Н.С. Хрущевтің әр жеке меншікке белгіленген мал санының мөлшерінен өте жоғары тұрған ауыл тұрмысындағы көрсеткіш болатын.

1940 жылы туған Қайыржан әкесі Шәріптен (Тәшім) жетім қалған алты баланың үлкені ретінде осы шаңырақтың асыраушысы тізгінін қолына ерте алыпты. Сол кезде ол Жаңажолда қазақша 4 класты, сосын 7 класты орысша бітірген болатын.

Алқағаш ауылындағы өз қатары – Сұраганов Кемел, Жақсыбаев Нұрғали, Сыздықов Қалиақпар және Амантай Шәріпов деген жас жігіттермен 1959 жылдың қараша айында басталған алты айлық курста бірге оқып, Октябрь ауданының орталығы – Марьевка селосындағы осы училищені (УМСХ-133) кең профильді тракторист-машинист мамандығымен бітіріп шығады.

Тыңда жаңа құрылған «Заря»совхозының «Алқағаш» ауылындағы №3 бөлімшесінде 1960 жылдан 1996 жылға дейін доңғалақты темір тұлпардан түспей, үздіксіз 36 жыл таңдаулы механизатор болып, бейнетінің қазір зейнетін көріп отыр.

Марқұм әкесі Шәріптің еңбектегі жетістіктерін Қайыржан да кейін үзбей жалғастырып, Н.С. Хрущевтің Америка құрлығынан ұнатып әкелген дақылы- жүгеріні ауыл шаруашылығына жаппай енгізу идеясының негізінде 1963 жылы осы ауылда құрылған малға азық дайындау бригадасының басынан аяғына дейін белді мүшесі болды. Озат жүгерішілердің тобын басқарып (звеновой), еселі еңбектің арқасында 1967 жылы (МТЗ-50) және 1985 жылы (ЮМЗ-6КЛ) алған жаңа маркалы доңғалақты тракторлардың қызығын көріп, соңғысы жұмыс ұжымы

тараған қиын кезеңде оның көп жыл ала алмаған еңбек ақысының өтеуі ретінде өзіне бұйырыпты.

Ауданның шешімімен 1973 жылғы 15-ші қарашада әдейі сыйлыққа бөлінген және 5500 сом тұратын «ВАЗ-2101» маркалы автокөлігін өзінің ақшасына сатып алған Қайыржан: «Ол кезде біз сияқтыларға өз ақшасына дәл осындай машина алу мүмкін емес болатын, өзі тіпті орден алғаннан кем болмадық» – деп қанағат сезіммен еске алады. Еңбегі еленіп, бұдан да басқа әр жылдары алған мақтау қағаздарымен бірге берілген кілем, сиыр, торпақ және қой сияқты сыйлықтары жетерлік. Құлдыраудың құрсауы қатты қысқан 1992-1994 жылдардың өзінде өз тобындағы жүгерішілермен бірге егістіктердің әр гектарынан 400 центнерден кем түспейтін тұрақты өнім алып, аудандағы жоғары көрсеткіштің деңгейін қолдарында нық ұстаған ғой. Шынында да, айғайлап айтсақ та, жариялап жазсақ та ұялмай мақтауға тұрарлық жайт қой.

Әлі есімде орта мектепті бітірген 1972 жылдың қыркүйек айындағы орақ кезінде Қайыржанның қасында бір айдай жас көмекшісі болдым. Сондағы өте биік және қалың шыққан жүгерінің тасасынан оның тракторына тіркелген биік комбаин мен жүгері тиелген автомашиналар көрінбейтін. Бітік шыққандығы сондай, комбаин аз жүріп орғанның өзінде кузовтар лезде лық толып, маған жүгеріні таптап басуға үлгертпейтін. 1972-1973 жылдары біздің ауылдың малға азық дайындаудағы жеткен жоғары өнімдері аудандық және облыстық газеттерде жарияланып, фотосуреттерімен бірге шықты.

Қазір 75 жастағы Қайыржан ағамыз денсаулығы сыр беріп жатып қалды. Былтыр 2014 жылдың 23 қазан күні қайтқан қарындасы Рахима Тәшімқызының қазасы да оңай тиген жоқ. Ал бұған дейін 2-3 жыл бұрын ауырғанына қарамай темір тұлпарын ұршықша үйіріп, отын-шөбін өзі жинап, жастардың қолынан оңай келмейтін шаруаны тез тындырып тастайтын. Құдай қосқан жары Торғай екеуі өзінен кейінгі бес бауырын аяқтарынан тік тұрғызып, оқығысы келгендерін оқытып, оларды аяқтандырып және құтты орындарына қондырып, енді олардан өрбіген немере-жиендерді көтеруге де көмек күштерін аяп жатқан жоқ.

Әжесі Бәдишә қуғын-сүргінде және соғыста көп жерлерді аралап, көргені, білгені және ойына түйгені мол, көкірегі ояу жан болыпты. Сол төңіректегі елдердің білімпаз деген шалдары ауылымыздың дана ақсақалы Сұраған отырған жерде жұмған ауыздарын аша алмай, тек оның жатқа айтатын елдің шежіресі мен қиссаларын ұйып тыңдаудан басқа амалдары қалмайтын. Сол Сұраған қарт өзінің жеңгесі Бәдишәмен айтысқанда жеңіліп қалатын кездері де болса керек. Сондайда риза болған қайын інісі Сұраған: «Әй, Бәдишә – ай, менен де көп біледі екенсің! Сен нағыз Надежда Крупскаясың!» – дейді екен.

Еркек мал сияқты ер адамдар да өмірде әрқашан құрбандыққа ең бірінші болып іліккен ғой. Осындайда ердің шаңырағы мен бала-шағасын аман сақтап қалатын тек әйелдер ғана. Өз жерінен қатты үркіп ұшқан ана қаз ауыр жолда үш балапанынан айырылса да, араға 25 жылдан асқан ұзақ уақытты салып, ата-бабасының көлдеріне қайта оралған 2 ана қаз еріткен алты балапан қаздың бейнелерін көз алдыңа ап-анық көргендей әсер қалдырады.

Жас кезінде 14 құрсақ көтерген Бәдишә әжесі 30 жыл келіні болған Рәшті өте жоғары қастерлеген. Өле – өлгенше қызындай еркелетіп: «Жалғызым, құлыным, 14 баламның орнына құдай маған сені берді ғой» – деп маңдайынан иіскеп, ылғи аналық ризашылығын білдіріп отырады екен. Бәдишә әжесі 1970 жылы, ал оның келіні Рәш 1974 жылы бұл өмірден өтіпті. Қайтқан аралары 4 жылдың ішінде келіні үнемі жұмалық беріп, қайын енесінің аруағына дұға бағыштатып, балаларына әрдайым: «Сендерді аман өсірген, елге жеткізген осы аналарыңның аруағын сыйлаңдар, оны ешқашан ұмытпаңдар. Әжелерің өлерде: «сендерге ризамын деп кетті» – деп ескертіп отырады екен. Осы аманат сөздерге қос ананың ұрпағы алдындағы парызын толық өтегені, алғысы мен өсиеті бір-ақ сыйып тұр ғой. Олардың еңбегі өлшеусіз орасан және оған берілетін баға да сондай болуға тиіс.

Мектепте оқып жүрген кездерінде жаңа көшіп келген осы үйдің өрімдей жас қызына үлкен ағамыз өлердей ғашық болады деп кім ойлаған. Кейін құда болған Қайыржанның туған қарындасы Рахима өзіміз «үлкен үй» деп атайтын үлкен шаңырағымыздың кілтін нық ұстап кетті. Осы жеңгеміз көп жыл Москва аудандық ауруханасы мен Петропавл қаласындағы медициналық колледждің бас бухгалтері қызметтерін абыроймен атқарып, зейнет демалысына шықты. 2007 жылдың қыркүйек айында 60 жасқа қол ұстасып бірге жеткен Шортанбай ағамыз бен Рахима жеңгеміздің мерейтойында асаба «Рахима Шәріпқызы» деп атағанда қасымда отырған оның інісі Ғалымжан «Шәріпқызы емес, дұрысы Тәшімқызы» – деп айтып қалды. Күтпеген оқыс жаңалыққа елең еткенімді байқаған Ғалымжан: «Ол ұзақ әңгіме» – деп сырғыта салды. Сондағы ұстаған жіптің ұшын суыртпақтап тартып, өзім анықтаған шын оқиғаның желісін тарқатуға қолым 2008 жылдың мамыр айында ғана жетті. Алқағаш ауылында 1960 жылы көшенің ең шетіндегі енді салынып біткен ағаш үйге кірген осы әулеттің елге оралғанына осы 2015 жылдың 17 маусымында 56 жыл болады екен. «Жаңа көшіп келген кемпірдің үйі» деп аталған осы қара шаңырақтың жұмбағы да болғанын білмеппіз ғой. Жарты ғасырдан астам өткен уақыт оның жауабын өзі-ақ шешіп, бәрі өздерінің орындарына енді келген сияқты. Қуғын-сүргінде елден қашқан Жамбының баласы – Тәшім, ал елге оралғанда Жұмабаев Шәріптің отбасы болып, одан өрбіген

ұрпақтары кішігірім ауылды құрайды екен. Құдайға шүкір! Артында бар оңалар деген осы емес пе!

Қазір көшеде кездескен екі қазақтың бірі ата бабамыз жауды шыдатпаған батыр немесе шылқыған бай болыпты деп мақтан тұтады. Шамасы келгендері еске алып, ұлан-асыр ас беріп жатыр. Бұрынғыдай бұл әрекеттер қазір заң жүзінде қудаланбайды. Әйтеуір не істесең де өзің білесің. Түбінде бір шикілігі болмаса, заңды негізде ата тегің мен аты-жөніңді қалай өзгертсең де кедергі жоқ және заңда оған жағдай жасалған. Мұнымен айтайын дегенім: бұл жеке бастың өз құқығы немесе бір әулеттің тек өздері ғана шешетін ішкі шаруасы, сондықтан оны міндеттеу немесе үгіттеу дұрыс емес.

Өткен ғасырдың дүрбелеңге толы басында торғайдай тоз-тоз болып жан-жаққа бытырап немесе із-түссіз құрып кеткен кішігірім ауылдар мен әулеттер қаншама. Аман қалағандары, айналып қазығын тауып жатыр, осыған да тәубе дейміз! Тарихымыздың ащы шындықтары кейінгі ұрпаққа тек сабақ болып, бұдан былай қайталанбасын! Алтын бесік ауылымыздың қаймағы мен тыныштығы енді бұзылмасын, шаңырағымыз шайқалмасын және елдігіміздің кепілі-бірлігіміз мызғымасын дегім келеді!

Қайрат ДҮЙСЕНБІ

ӘКЕМНІҢ ЕСІМІ ҚАСИЕТТІ ҚАБЫРҒАДА...

Жайсаңдар жазықсыз жазаланған,
Ақты қаралаған зұлмат заман,
Содыр саясаттың қырсығынан
Қаншама зиялылар болды құрбан.

Әлі есімде сәуірдің қара түні,
«Қара қарға» әкемді әкеткені,
Үйде қалып жалғыз әпкелермен,
Әлі есімде зарлаған анам үні.

Отырып Ақ түрмеде, онбір айдай,
Ақталып шықты үйге жақтап Құдай.
Шалдығып сол түрмеде бір ауруға,
Сол аурудан қойып еді бір айықпай.

Нық ұстап дінді әке құрметтедің,
Дін жолында мол еді қол жеткенің,
Ораза, намазыңды қаза қылмай,
Есімде маған дағы үйреткенің.

Қиындық бастан кештің дін жолында,
Жасырын оқушы ең намазды да,
Құрбан шалып, ораза ұстайды деп,
Сегіз айдай отырдың сен абақтыда.

Оңған жоқ сол көрсеткен адамдар да,
Сыйынушың, сүйенушің Аллаң бар да,
Дінсіздер, құдайсыздар, қоқандаған,
Сондай заман болды ғой амал бар ма.

Сонда да оларды сен даттамадың,
Біреуінің ала жібін аттамадың,
Не болса да бір Алланың ісі ғой деп,
Жұбатып өзіңді-өзің амалдадың.

О әке! Жан едің-ау сен осындай,
Фәниден бақи өттің адам сыйлай,
Ары таза адамдарды жолдас қылдың,
Жүрегі лас адамдарға сен жоламай.

Адалдыққа тәрбиелеп ұрпағыңды,
Адами мінез сырын көрдік құнды,
Адал еңбек, адал кәсіп, таза жүрек,
Алдырар деуші едің сен талай шыңды.

Адал кәсіп жасадың тыным таппай,
Қиындықтан өттің сен талып-талмай,
Шіренген шіркіндерге күнің түспей,
Өттің сен сүйеу болып жаббар-құдай.

Отыз бірдің аштығы келіп елге,
Қыйын жағдай туыпты барлық жерде,
Қамқорсыз қазақтар да аштық көріп,
Көп үйлер көшкен екен Ресейге.

Әкемдағы көшіпті ішке қарай,
Күн көрерлік болмаған соң елде қалай,

Онбір жан бас көтерер өзің ғана,
Асырап-сақтау соларды болмай оңай.

Жүрдің әке әр-түрлі жұмыс жасап,
Қол қусырып отырмай үйде қарап.
Денсаулығың болмаса да бұрынғыдай,
Жұрт қатарлы күн көруге жүрдің жарап.

Жылдар өтер қайғының орны толмас,
Сенің бейнең жүрегімде ұмытылмас,
Отан үшін жан қидың, шаһитсың сен,
Жұмақтан орын иманыңыз болсын жолдас.

Оқыпсың қайтар күні таң намазын,
Дәрет алып, жайылып жайнамазың,
Түске қарай батыпсың тәтті ұйқыға,
Сол ұйқымен аяқталып ғұмыр жасың.

Үзілді өмір қаратпай алды-артына,
Тағдыр қатал, қарамас көз жасына,
Ағайын, туыс, жекжат құрметпенен,
Жерледік Чапаевтің зиратына.

Бұйырған осы жерден топырағың,
Осылайша жазылып лаһул мағың,
Ұлыңмын жалғастырар әке жолын,
Жаббар жар боп жабылмас шаңырағың.

Кең жүріп өмірде өзіңе ұқсап,
Адалдықпен әділеттің туын ұстап,
Бай-дәулет қалмаса да сенен асып,
Рухани байлығың мол кеткен тастап.

Берген бағыт түсірмей басқа жолға,
Жөн сілтеп тұрғандайсың, бастап алға,
Жаныңа, аруағыңа тіл тигізбей,
Қиянат қылғаным жоқ ешбір жанға.

Өмір деген қыйын жолда қалмай тұрып,
Біреу алда, біреу соңда – келем жүріп,
Жаным таза, арым таза жалтақтамай,
Өзіңе ұқсап өтсем деймін өмір сүріп.

Ата-баба аруағы көмектесіп,
Алла жаққан шырағым қалмай өшіп,
Арманың, аманатың орындалып,
Ел түбі Көбешіңе келдім жетіп.

Жоғары білім алды ұрпақтарың,
Мақтан етем қос ұл, қос қыз қолда барын,
Ата-баба көтерген туын жықпай,
Жалғастырса дәстүрін – сол арманым.

Болмаса да медіресе оқығаным,
Жадымда сенен әке тоқығаным,
Ата-баба аруағына, өзіңе арнап,
Жұма сайын құран оқып отырамын.

Ескендір Қасен ұлы тегім Нұрым,
Атығай (Құдайберді) – менің руым,
Артымда қалғандарға мирас қылдым,
Тәмәм болды әкеге арнап жазған жырым.

Ескендір НҰРЫМ

ЧЕЛОВЕК ТРАГИЧЕСКОЙ СУДЬБЫ

Этот день – 21 мая 1938 года разделил жизнь Николая Семеновича Кузнецова, первого секретаря Северо-Казахстанского обкома ВКП (б), на две половины. Первую – насыщенную трудной, но интересной работой, радостью созидания, и вторую – переполненную лишениями, физическими и духовными потрясениями. Именно в этот злополучный день вожак коммунистов нашего края прибыл по вызову в Алма-Ату, в ЦК Компартии Казахстана и был арестован в гостинице. На долгие годы он стал «врагом народа».

О чем он думал в первое время своей новой жизни? О том, что произошла трагическая ошибка, и правда вот-вот восторжествует? Или вспомнил о том, что в подобной ситуации ему уже приходилось бывать? В 1919 году он побывал в плену у колчаковцев. Но там были чужие, враги. А здесь свои. Со многими он был хорошо знаком, встречался на различного рода кворумах, жал руки…

Реденс, Панов, Павлов – эти люди хорошо были известны в Казахстане. Не мог он знать только одного: эти и многие другие работники НКВД стали исполнителями воли «великого вождя», который отдал

приказ – открыть огонь по партийным кадрам, прикрываясь лживым лозунгом «выкорчевывания и разгрома всех наших врагов, троцкистско-японско-германских шпионов и диверсантов, бухаринских реставраторов капитализма, контрреволюционных казахских националистов и всех двурушников, замаскированных врагов партии и народа».

Н.С. Кузнецов родился в 1898 году в деревне Абрамове Косинского района (нынешней Пермской области) в бедной крестьянской семье. В 14 лет становится молотобойцем на местной кузнице. Два года бурлачил на лесосплаве у графа Строганова. Восемнадцатилетним был призван в царскую армию. В г.Самаре встретил февральскую революцию. Идеи социализма, созвучные с внутренним пониманием правды жизни, привели его в лагерь большевиков. В апреле 1917 года вступил в партию.

Вскоре после Октябрьской революции молодой большевик возвратился в родные края Северного Приуралья и активно включился в работу. Вместе со старшим братом, красногвардейцем, Николай Семенович работал над организацией партийных ячеек, укреплением власти Советов на местах. Вскоре они расстались: Кузнецов – младший командируется в Пермь на военно-агитаторские курсы.

Будучи в краткосрочном отпуске у отца в конце 1918 года, узнал, что в Пермь попасть уже не сможет, путь отрезан белыми. Он становится заместителем, а затем и командиром партизанского отряда. Выданный предателями, оказался в плену у колчаковцев, подвергался жесточайшим пыткам. К счастью, среди охраны оказался друг детства, Петр Чугайлов, который и помог ему организовать побег...

Воевал в составе регулярной Красной Армии. После изгнания белых из родных мест стал председателем ревкома, политработником, военкомом полка. В начале 1920 года решением Пермского обкома партии был отозван из армии и стал партийным работником. Осенью 1920 года Н.С. Кузнецов уехал на учебу в Москву, в Коммуниверситет имени Свердлова.

В марте 1933 года по мобилизации ЦК ВКП (б) прибыл в Казахстан – в Карагандинскую (Северо-Казахстанскую) область начальником политотдела одной из крупнейших на севере республики Тайнчинской МТС. Через год, в апреле 1934-го, он – начальник областного политсектора МТС, а затем – заведующий сельскохозяйственным отделом обкома партии. Будучи начальником политотдела МТС, избирался депутатом XVII съезда ВКП (б).

Весной 1937 года Н.С. Кузнецов утверждается первым секретарем соседней – Кустанайской области. Это было тяжелое время. На февральско-мартовском (1937 года) Пленуме ЦК ВКП (б) Сталину и его окружению удалось протащить «теоретический фундамент» резкого усиления массовых репрессий под демагогическим лозунгом – «критика невзирая на лица». Именно здесь, в Кустанае, как справедливо отмечает публи-

цист Рой Медведев в своих очерках «О Сталине и сталинизме», ходил Н.С. Кузнецов в местную тюрьму и добивался освобождения многих коммунистов. Он категорически запретил Павлову (начальнику Кустанайского управления НКВД) применять пытки.Однако специально в Москву по вопросу прекращения «избивания кадров» Н.С. Кузнецов не ездил и приема у Сталина (как утверждает Рой Медведев) не добивался.

Об этом эпизоде лучше всех рассказывал сам Н.С. Кузнецов: «... На июльском (1937 г.) Пленуме ЦК ВКП (б) я рискнул обратиться с этим вопросом к Сталину. Он, не выслушав меня до конца, прервал и предложил все изложить Маленкову. Маленков тоже прервал меня, предложил ехать в Кустанай и оттуда «написать докладную записку в ЦК на имя Сталина, а мы здесь разберемся». Я не совсем был доволен таким отношением, мне стало ясно, что Сталин и Маленков знают об избиении наших партийных кадров. По приезду в Кустанай я все же написал об этом докладную с приложением к ней фактических материалов и послал по линии фельдсвязи на имя Сталина».

Неожиданно Николая Семеновича переводят в Петропавловск. 3 ноября 1937 года Н.С. Кузнецов избирается исполняющим обязанности первого секретаря Северо-Казахстанского обкома партии. Репрессии в то время достигли своего пика.

В конце 1937 года проводятся первые выборы в Верховный Совет СССР. Мандат депутата от нашей области наряду с другими кандидатами получает и Н.С. Кузнецов – партийный вожак коммунистов Приишимья. Они и сегодня хранятся в партийном архиве предвыборные листовки с биографией кандидата в депутаты, где броским текстом написано: «Трудящиеся Петропавловского городского избирательного округа! Выбирайте депутатом в Совет Союза преданного делу нашей родной Коммунистической партии товарища Кузнецова Николая Семеновича!». В этом документе не было и тени фальши. Однако один пожилой житель Петропавловска рассказывал автору этих строк о том, как он, будучи мальчишкой, срывал эти листовки с заборов города, за что в милиции платили по 25 копеек за штуку... В это время, в начале лета 1938 года, Н.С. Кузнецов был уже «врагом народа». Будучи комипермяком, по национальности (или угрофинн, как писал в анкете), он был обвинен в шпионаже в пользу Финляндии и протаскивании в жизнь троцкизма. Исключается из партии. Тюрьма, ежедневные допросы. Рой Медведев отмечает (ж. «Знамя», №3, 1989. С.169): «Самые изощрённые истязания перенес Н.С. Кузнецов, но не оговорил ни себя, ни товарищей. В первый же «конвейер» он простоял восемь суток подряд перед следователем, на девятые упал, потеряв сознание, но ничего не подписал». Решением Особого совещания Н.С. Кузнецов 26 октября 1940 г. был заключен в исправительно-трудовой лагерь сроком на 8 лет.

Не меньшие трудности выпали на долю мужественного человека в дальнейшем. Его освободили лишь в начале 1947 года, почти через год после незаконно «отмеренного» ему срока. Узнает самое печальное – погибла в тюрьме его жена, инструктор Петропавловского горкома А.Т. Вилесова. Она пошла на смерть, но не отказалась от своего мужа. Неизвестно, где дети. Умерла мать, погиб на войне брат. Еще в конце 1929 года был убит кулаками отец... Он едет к сестре во Львов, но без прописки не может устроиться на работу.

Лишь смерть Сталина и последовавшая за ней борьба партии с культом личности и его вредными последствиями дают Н.С. Кузнецову надежду на торжество справедливости. К этому времени он работает в Тихорецком лесопитомнике, проходит путь от рядового рабочего до и.о. руководителя, а затем трудится агрономом Таманской МТС (местному руководству все казалось, что слишком «большим начальником» стал бывший политзаключенный). Здесь, наконец, он получает известие о том, что Военная коллегия Верховного Суда страны от 15 октября 1955 года его полностью реабилитировала.

И, наконец, окончательное решение КПК при ЦК КПСС от 24 января 1957 года: «Ввиду того, что Кузнецов Н.С. был исключен из партии в 1938 году по необоснованным обвинениям и в настоящее время судебными органами полностью реабилитирован, во изменение решения Комитета партийного контроля при ЦК КПСС от 20 декабря 1955 года считать его членом КПСС с апреля 1917 года без указанного перерыва в партийном стаже. Поручить Темрюкскому райкому КПСС Краснодарского края оформить т. Кузнецову Н.С. выдачу новых партийных документов. Председатель Комитета партийного контроля при ЦК КПСС Н. Шверник». Правда, наконец, восторжествовала. Николай Семенович был сыном своей эпохи, безгранично верил в «великого Сталина», считал, что в его трагедии виноваты враги, пробравшиеся в органы НКВД. Он много писал о пережитом, стараясь отразить все, как было; есть у него и воспоминания о В.И. Ленине. Умер Н.С. Кузнецов в 1967 году. В настоящее время в Пермском издательстве вышла книга о его жизненном пути. И для нас, североказахстанцев, интересна судьба человека, связавшего свои молодые годы с Казахстаном, человека исковерканной судьбы, прошедшего через тюрьмы, лагеря и лишения, но навсегда оставшегося Человеком.

Михаил МЕЛЕХИН

ОПРАВДАТЕЛЬНЫЙ ДОКУМЕНТ ИНЖЕНЕРА ЯСТРЕМБСКОГО

Скоро Рождество за окнами небольшой квартирки на окраине Вены, которую снимали супруги Ястрембские, начинали зажигатся первые огни. Новый год не сулил ничего хорошего. Тяжело болел сын, работы не было ни ей Раисе, ни мужу. Сегодня друзья посоветовали сходить в одну контору. Где, говорят, набирают специалистов для работы в Советской россии. А ведь Иосиф прекрасный инженер строитель. Она может преподавать немецкий или пойти в больницу акушеркой. Правда об этой стране в Европе ходят самые ужасные слухи. Но им – то что? Политикой они не интересуются, главное сейчас найти место, где будут нужны их руки и знания.

Так супруги Ястрембские оказались в Петропавловске. В Европе остались их братья и сёстры. Война, безработица раскидала их по разным государствам. Брат Карл осел в Чехословакии, сестра Юзефина устроилась прачкой в Клестенберге. в Австрии, Юлия – в Вене, а Элеонора уехала в Румынию. А они вот – никому не известный Казахстан. Сына взять с собой побоялись, поэтому оставили его у Юлии в Вене: мальчик больной, а Сибирь она и есть Сибирь.

С Ястрембскими в Петропавловск приехали еще специалисты из Европы: Вильгельм Ган из Дрездена, хороший механик по машинам и механизмам. Холман из Австрии, который вскоре здесь женился на очаравательной девушке по фамилии Першина. Свадьбу помогали готовить всей колонией. Особенно старался немец Люс. Все были очень довольны и городом, и тем приемом, что был им оказан.

Раиса Ястрембская стала преподавать немецкий в татарской школе. Подрабатывала она и в обществе Красного креста, акушеркой в больнице железнодорожного поселка. Иосиф приступил к строительству элеватора. Монтажом оборудования там занялся Ган. Они часто собирались на квартире Ястрембских, строили планы, говорили о богатстве тех мест, где им довелось работать. Вот где есть простор для их знаний и опыта.

Вскоре Иосифа назначили инженером на строительство механического завода, а после его сдачи еще выше – на строительство железной дороги Петропавловск – Кокчетав. В России свирепствовал голод, а здесь в глубинках, скопилось много хлеба, но вывезти его не было никакой возможности. Поэтому задание правительства было твердым: в кратчайшие сроки построит дорогу и начать вывоз зерна в Европейскую часть России.

Иосиф почти не бывал дома. В редкие вечера они за чашкой чая обменивались своими впечатлениями о том резком повороте, который проделала с ними судьба. Иосиф очень хотел построить здесь свои дом, привезти из Вены сына и уж никуда более не уезжать. Раиса полностью поддерживала мужа. А что? Климат в Сибири хотя и суровый, но здоровый, и мальчику у них будет хорошо. В начале лета Ястрембские начали строит дом. Участок им отвели на улице Красноармейской.Дом получался просторный и уютный. К осени Раиса собиралась поехать в Вену.

Письмо от сестры было для них как гром среди ясного небо – сын умер.

Вскоре арестовали мужа, обвинив его во вредительстве. По всем пунктам обвинение Иосиф написал пространные объяснения. Депо строили, применяя пихтовые стойки, а не сосновые, потому что не было материала, паровозы же поступали, и их надо где то принимать. Насыпи делали без нагорной канавы, так как укладчики настигали, и канавы можно сделать и позже. При строительстве домов для железнодорожников руководствовались дешевизной и тем что наступала зима, а жить рабочим было негде. Саман же не самый плохой материал. Мост через Ишим если бы делали на сваях, то задержка с пуском дороги отодвинулась на полтора-два месяца, а в России люди гибли от голода. Поэтому стали применять ряжи, что не самое худшее в данной ситуации, поезда пошли вовремя, хлеб отправили Поволжье.

Однако эти объяснения не розымели на следователя. НКВД никакого действия. Раз иностранец, значит – враг. И жена его враг, хоть и показывала грамоты и благодарности от тубдиспансера, от красного креста и от отдела народного образования. Раиса Вацлавовна тоже была арестована. Им ставили в вину встречи со ссыльными князями Голициными с Игорем Владимировичем Римским-Корсаковым, родственником композитора и тоже из дворян. А уж чаепития с немцами, работавщими здесь по найму и тоже обвиненными во вредительстве, вошли в особую статью. Словом, два тома дела по обвинению супругов Ястрембских как врагов народа были состряпаны довольно быстро. Иосиф Августович недоумевал: как можно ставить ему в вину то, что он показал чертежи оборудования Вильгельму Гану, если машины эти поступили из Германии и ничего нового в них нет? Зачем немцам эти чертежи? Непонятно. Что в них секретного7 подобные машины описаны во многих технических журналах и не представляют какой-либо тайны. Да и дорога строилась по документации, опробованной во многих странах. Ничего здесь нового нет.

Не знал специалист из Европы, что в Советском Союзе запущена страшная машина тоталитарной системы и он лишь явился её очередной жертвой. Можно никак не навредить стране. Но если ты не вписываешься в её строй, не приемлешь ее взгляды, участь твоя предрешена.

Расстреляли супругов Ястрембских в августе 1938 года. И лишь спустя 51 год дело было пересмотрено, а Иосиф Августович и Раиса Вацлавовна Ястрембские реабилитированы. Справедливость восторжествовала. А железная дорога Петропавловск – Кокчетав действует и поныне, что само по себе является оправдательным документам.

Людмила ИЛЬИНЫХ

ХАЛЫҚ РУХЫНЫҢ ҚАНАТЫ

2011 жылғы мамырдың соңғы күндерінің бірінде «АЛЖИР» мемориалды мұражайы кешенінің Астана қаласындағы кеңсесіне елағасы жасындағы, белгілі сазгер Ерсайын Нарымбаев келді. Келісім бойынша мұражайдың директоры Болат Жүнісбекұлын дыбыс студиясында жазылған әнінің фонограммасын тыңдауға ертіп апарғалы келген екен. Шығарманы тыңдауға біз де ықылас таныттық.

Студияда әннің алғашқы әуені бірден жүрегімізді тебірентіп ала жөнелді. Фонограмманың кіріспесі өте күрделі, тұнжыраған қою үні дірілдеген шылдырмақты іліп әкетіп, жаңғырып шыққан қара қобыздың шерлі де үрейлі дыбысы тұла бойымызды билеп, тылсым сезімге бөледі. Үнсіз тыңдап отырған бізді керемет бір сарын өзіне еліктіріп, тұла бойымыз әуен құшағында болды. Ғажап, бұрын-соңды естіп көрмеген әуен бізді қатты толқытты, тебірентті. Қобыздың мұңды да зарлы үні құлағымыздан кетер емес.

Әннің кіріспесіндегі қобыздың жүрек тебірентер қоңыр үні әншінің қоңыр дауысымен үйлесім тауып, ақын мен композитордың айтар ойлары мен замана көрінісі ұштасып жатты. Шығарманы орындаған Астанадағы К. Байсейітова атындағы академиялық опера және балет театрының әншісі Азамат Жылтыркөзов болатын. Оның баритон дауысы туындының мазмұны мен мағынасын толықтырып, ерлік пен елдікті суреттей түсті. Тыңдаушы қауым әннің құдіретіне, тылсым күшіне бөленіп, тарихи маңызды ірі шығарманың дүниеге келгендігін аңғарды.

Сонымен, «Ерте солған гүлдер» атты азалы жыр сонау 37 жылдың қасіретке толы дүрбелеңінде құрбан болған Алаш азаматтарының

рухына арналған құнды дүние еді. Ақын Жарасбай Нұрқан сол тарихи кезеңді тұла бойынан өткізіп, жүрегімен сезінгендігі, жан ұшырған сәбилер мен қан жылаған аналардың жазықсыз жапа шеккендерін шығарманың өн бойына бейнелей білген. Мәселен, өлеңді оқыған кезде «Гуілдейді жел», «Мүжілгендей тас» деген тұсында зәрені ұшыратын табиғат құбылысы адам баласын еріксіз бүрістіріп, тұла бойына үрей сезімін ұялатады. «Көңілімізде – шер, көзімізде жас» деп сол кездегі әр адамның көңіліндегі айықпайтын мұң мен шерге толы күйін дәл келтіре білген. Ақын ел басына түскен қаһарлы күндерде замана соққысына тап болған Алаш азаматтарының жан күйзелісі мен қайғы-қасіретін 3-4 шумаққа шеберлікпен қамтып, мазмұны терең азалы жыр жазды.

Елбасының Жарлығымен 1997 жылдан бастап, бұл күнді – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу *күні деп жария* етті. Бұл *күн, «АЛЖИР»* мұражайы үшін аса жауапты әрі маңызды. Осында өткізілетін іс-шараға репрессия құрбандарының ұрпақтары, Астана қонақтары, соғыс ардагерлері мен қала тұрғындары шақырылады. Құрметті азаматтарды шақыру қағаздарын тарату барысына мен де қатыстым. Бұл жолы әңгіме арқауы болып отырған әннің сөзін жазған ақын Жарасбай Нұрқанға шақыру билетін апаруға жолым түсті. Ақынның жары Қазына апай қарсы алып, келген мақсатымды білгеннен кейін, шақыру билетін ақын ағамыздың өз қолына табыстауымды жөн көрді. Мұнда алғаш келуім. Үлкендер бөлмесіндегі жиюлы керуеттің үстінде жайғасып жатқан ағамызға сәлем беруге ұмтылдым. Ол кісі оқып жатқан кітабын тумбаның үстіне қойып, ақырын тұрып қолын ұсынды да жөн сұрасты. Мен бірден Жарасбай ағаға: «Ағай, сіздің өлеңіңіз керемет екен, жақсы ән болып шығыпты, құтты болсын! Сіз нағыз ақын екенсіз» – деген лебізімді білдіріп, қолын ұстаған күйі тұрып қалдым. Ағайдың қалжыраған жүзі бірден жарқырап қоя берді, күлімсіреп маған ризашылығын білдірді. Өзінің сырқаттан қажыған күйінен кешірім сұрағандай, бірден Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасынан үзіндіні қоңыр мақпал даусымен жатқа айта бастады:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм дүние абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.

Бір көргеннен-ақ, бұрыннан танитын кісілерше, әңгімелеріміз жарасып, ақын ағаның үйінде бір сағаттан астам уақыт отырып, біраз өлеңдері мен әңгімелерін тыңдадым. Ақын ағамыз әңгіме барысында Қазына апаймен қалай қосылғандарын айтып, күліп те алды.

– Мен Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Ленин орта мектебін 1955 жылы Алтын медальмен бітірдім. Содан кейін Алматыдағы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ге оқуға түстім. Медалист болғасын Мәскеуге баруға да болатынын деканаттан білген болатынмын. Бірақ филологтарға М. Әуезов лекция оқиды дегесін мен сол факультетке құжаттарымды тапсырып, кейіннен Әуезов ағамызбен араласу бақытына ие болдым. Ол кісі мені үйіне шақырып, бай кітапханасынан классикалық туындыларды маған оқуға беретін. Менің өлең жазатынымды біліп, оны кезінде «Лениншіл жас» газетінен көргендігін айтып: «Ақындық талабың мен талантың бар екен. Көп оқы, өмірді таны, сонда ғана жақсы ақын боласың», – деген еді. Міне, содан бері мен өлеңді көп жаза бермеймін, бірақ дөп жазуға тырысамын. Содан бес жыл оқып, 1960 жылы оқуды үздік бітіріп, «Алматыда қал» деген ұсыныстарына қарамай, өзім оқыған мектепке, яғни туған ауылыма келіп мұғалімдік қызмет атқарған едім. Облыстық газеттерде, «Егемен Қазақстанда», «Жазушы» және «Өнер» баспаларында қызмет атқардым, бірнеше өлең жинақтарын шығардым. «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау», «Буынсыз бала», «Қызылжар» сияқты туындыларым оқырманның тиісті бағасына ие болды. Соңғы жылдары жазған өлең-жырларым бар. Өмірімнің соңында Қасым Аманжоловтың жинағындай кітабым шықса деген арманым бар. Қазіргі кезде бұрынғы жазғандарымды қайта қарап, жаңадан өлеңдер жазып, бірнеше поэмаларым бар, дастандарым бар – шығармашылығым осы. Отбасын өзің көріп отырсың, Қазына – жарым менің. Ақынды өзіне ғашық еткен, – деп күлді.

Бұл тұста Қазына апай сөзге араласып, Жәкеңе өзі ғашық болғандығын айтып берді. Мектепті бітіргеннен кейін дәрігер боламын деп армандаған көрінеді. Бірақ әкесі Сәдуақас қайтыс болып совхозда жұмыс істей бастайды. Кешкілік түрлі үйірмелерге қатысып, ауылдағы халық театрының әртісі болады. Өнер мен поэзияны жаны жақын сезімтал қыз ақын Жарасбайға ғашық болып, алғашқы махаббат сезіміне бөленеді. Жәкең болса, жас қыздың өзіне деген ықыласының ауып жүргенін байқаса да, сөз айтуға бата алмайды.

Жарасбай ағамызға қосыларға дейін он жеті жастағы өрімдей жас қызға жан-жақтан құда түсіп, қалың мал беріп, мамырдың бас кезінде тойы белгіленген екен. Осы арада анасы Шамшия науқастанып, Герольд Бельгердің әкесі Карл Федорович сол аймақтың докторы болатын. Ауданнан санавиацияны шақыртып, Қазынаны анасымен бірге ұшаққа отырғызып, Марьевка деп аталатын аудан орталығында орналасқан ауруханаға алып келеді. Сол сапарға шығар алдында жеңгеміз ағаның немере інісінен бір тілім

қағазға «Я вас люблю, женитесь на мне» деп хат жазып жібереді. Сонымен, ақын ағамыз 1964 жылдың 9 мамырында ауданнан облысқа «АН-2» ұшағымен баратын комсомол делегаттарын ұшақтан түсіріп, Қазына апайды «алып қашқан» ғой. Апай сонда ұшаққа бірінші рет отырған көрінеді.

Апайымыз ағамыздың арқасында қазақ әдебиеті мен өнерінің майталмандары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев сынды қазақ әдебиетінің негізін қалаушылармен жүздесу бақытына ие болғандығын тебірене әңгімелейді. Елу жылға жуық мөлдір махаббат бесігінде тербеліп, өмір бойы бір-бірін сыйлап, басқаға үлгі болардай ерлі-зайыпты атанды. Екі ұлы да үлгілі отбасын құрып, немерелері ержетіп келеді. Қазына апайдың өзінің жан жолдасын науқастанған кезінде ерекше күтімге алып, баптап, уақытында емдерін қолданып, ағаның тұла бойын кіршіксіз таза ұстағаны таңғалдырды.

31 мамыр күні де жетті. Мен жеңіл машинаммен «Алжир» мұражайында өткізілетін іс-шараға, жоғарыда айтылған шығарманың тұсаукесер рәсіміне алып келу үшін таңғы сегіз жарымда Жарасбай мен Ерсайын ағалардың үйіне қоңырау соқсам, телефонды кешеуілдетіп барып Қазына апай көтерді де, Жарасбай ағайдың таңғы сәтте дүниеден өткенін егіліп тұрып, естірткен-ді...

Жәкеңнің анасы Күлсім сол төңірекке әнші-жыршы, ақындығымен танымал болған. Ашаршылық кезіндегі елге көрсеткен еңбегі өз бағасын алып, 1939 жылы Қазақ ССР-ының бірінші шақырылған сайлауында ауылдық советке қазақ әйелдері ішінен тұңғыш депутат болып сайланады.

Ал Жарасбайға ақындық анасының ақ сүтімен бойына дарыған. Сол тұстағы саясатқа байланысты ма, әйтеуір анасынан 4-5 жасында жетім қалады. Ол атасы мен әжесінің бауырында өсіп, жасынан зерек болып, бірінші өлеңдерін өзі редактор болған мектептегі қабырға газетінде жариялапты. Заман өзгерген сайын аты да өзгерген Төңкеріс, Тереңсай, кейін Ленин атындағы орта мектепте әдебиетші Жылгелді Мұқанов осы өрелі азаматтан дәріс алып, әдебиетке әуестенеді. Мектепте оқып жүргеннің өзінде шетел, орыс, қазақ әдебиеттерін көп оқып сусындады.

Студент кезінен бастап, «Лениншіл жас» пен «Қазақ әдебиеті» газеттерінде алғашқы өлеңдері жарық көре бастапты. Университетті үздік бітірген Жарасбай Нұрқан Алматыда қалмай, ауыл мектебіне мұғалім болып қайтып келіп, үйленіп, 1965 жылы Ақмола қаласына белгілі қаламгер Сапаржан Байжанов қызметке шақырып, өлкелік «Тың өлкесі», облыстық «Коммунизм нұры» газеттерінде және республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің Целиноград облысы бойынша меншікті тілшісі, кейіннен Алматыда баспаларда қызмет атқарады.

Жарасбай ағаны Жазушылар одағына ұсынған кезде, өлеңдерін оқыған Ғабиден Мұстафин мен Әбділда Тәжібаев сынды ақсақалдар «Алыңдар. Ақын екен», – деп, ақындығын мойындап, қысқа болса да – дөп айтқан екен. Поэзия әлемінде ақын болып мойындалудың өзі үлкен баға.

Ақынның шығармашылығына, «Туған аймақ» өлеңіне алғашқы ән жазған композитор Төлеген Мұхамеджанов болып, ол әнді Роза Рымбаева орындапты. Кейін Жарасбай Нұрқановтың өлеңдеріне Еркеғали Рахмадиев, Кенжебек Күмісбеков, Әшірхан Телғозиев, Алмабек Мейірбеков, Қадыр Адамбалинов, Жоламан Тұрсынбаев, Қасен Қожа-Ахмет, Гүлмайдан Сүндетова, Ақынай Шомытов, Болат Құсайынов, Қалқаман Жүнісбековтер әндерін жазыпты. Қазына апайдың көңіліне, Кенжебек Күмісбековтың, аға сөзіне жазған «Сәуірдің бозғылт кешінде» әні ерекше ыстық екен.

Біздің мақаламыздың жазылуына арқау болған әнді, композитор Ерсайын Нарымбаев «Жас Алаш» газетінің 2006 жылғы 31 мамыр қарсаңындағы нөмірінен оқып, өзінің айтуы бойынша – «Қолайлы дүние болған соң, қайшымен газет бетінен қиып алып, шамалы уақыттан кейін шабытым келіп, шығардым», – деді. Ерекеңнің осы әні шыққан жылы Алматы қаласына жолы түсіп, Жарасбай Нұрқанның мекен-жайын Жазушылар одағынан біліп, арнайы үйіне барыпты. Сол күні ғана ауруханадан шыққан ақынға өз орындауындағы баянмен сүйемелдеп жазған таспасын тыңдатып, көңілін өсіріп, қуантып кетіпті.

«АЛЖИР» мұражайының қолдауымен «Ерте солған гүлдер» әнінің дәріптелуі тек марқұм болған ақын Жарасбай ағаның аруағы немесе композитор Ерсайын ағаның атын таныту үшін ғана емес, бұл құрбан болған миллиондаған жазықсыз жандардың рухтарының алдындағы азаматтық борышымыз екені анық.

Қазақтың екі дарынының осы әні жас ұрпағымыздың санасына ізгілік тамырын сіңірудің мықты құралы ғой! Сондықтан осы ән мектеп бағдарламасындағы музыка пәнінің тізіміне енгізілсе, сол арқылы балалар еліміздің тоталитарлық кезеңінің зұлмат тарихынан да дәріс алар еді.

Жанбота КАРИПБАЕВ,
«АЛЖИР» мемориалды мұражай кешенінің
жетекші ғылыми қызметкері.

ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛДЕР

Сөзі: Жарасбай Нұрқандікі.
Әні: Ерсайын Нарымбаевтікі.

Неткен заман еді, мұздай суық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Кінәсі жоқ жандар, кімдер кінә таққан,
Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?
Аққа күйе жаққан, айтыңдаршы, кімдер,
Күрсінеді таулар, тұнжырайды көлдер.

Қайырмасы:

Отыз жетінші жыл,
Қасіретім бұл!
Тарқамайтын шер,
Айықпайтын мұң
Гуілдейді жел,
Мүжілгендей тас.
Көңілімізде шер.
Көзімізде жас.

Өңкей асыл, боздақ, болды-ау күні қараң,
Олар көрген азап – өлімнен де жаман
Елін сүйген ердің жау атанған кезін,
Ей, қазағым менің, жан-тәніңмен сезін.
Қарауытып орман, қалың тоғай, түнер,
Орнымыздан біздер тұрайықшы түгел,
Тағзым етіп тұрмын, қыбыр етпей, үнсіз,
Егілмейтін іштей, кім бар екен мұңсыз?

Қайырмасы:
Неткен заман еді, мұздай суық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Ерте солған гүлдер, аянышты бәрі,
Ең аяулы жандар, есте болсын мәңгі.
Аза күнгі зарым, азалы жыр, әнім
Аруақтарға дұға, қабыл етсін Тәңірім!

Сөзі: Ж. Нұрқан
Әні: Е. Нарымбаев

37-жыл (Ерте солған гүлдер)



«ЖАУ» ДЕГЕН – ЖАУДЫҢ ЖАЛАСЫ

Мағжантанудың ұзын көшінің басында алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тұрғанын айту парыз. Ол жер бетінде қазақ деген халық барын, бұл халықтың тәуелсіз болып, өз тағдырына өзі иелік жасауға құқы бар екендігін көрсете келіп, соның дәлелі ретінде Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып сияқты ұлы тұлғалардың қатарында Мағжанды да атап, оның:

Таң, күн деген жер жаны,
Бұл екеуісіз жоқ сәні,
Оқу-білім ер жаны,
Жараспас ерге құр жаны...

– деген сөздерін келтіріп, «Осындай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған бес миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады?!» – деп тебіренеді. 20 жастағы ақынға Әлекең 1913 жылы-ақ осындай баға берген.

Мағжанның шығармашылық өмірбаянының толық, шын ғылыми тұрғыда жасалатын күні де алыс емес шығар. Мысалы, «Мен жастарға сенемін!» деген өлеңі 1918 жылы осы Қызылжарда шығып тұрған, қазақтың жастар баспасөзінің тұңғышы «Жас азамат» газетінің үшінші санында, бірінші бетте басылған. Смағұл Садуақасов айтып, ел аузында қанатты сөзге айналған: «Мағжан – қазақ жастары ой-санасының әміршісі» деген бағаның түп-тамыры, бәлкім, осы бір отты-жалынды өлеңде жатыр.

Мағжан өмірінің аса бір шиеленісті кезеңі 1922 жылы басталды. Ұлты жоқ тексіз, «әлемдік пролетарлық революция» деген адамның ақылына сыймас қиялды күйттеген қайдағы бір жалаң аяқ пролетариаттың диктатурасы туралы сандыраққа сенген тобырдың идеологиясының аясына сыймайтын Мағжандай алып ой иесіне ұлтшылдық деген қара таңба басылды.

«Жау» деген – жаудың жаласы,
Әділ болсаң, өмірімді
Ақтарып әділ қарашы.

Отыз жыл өмір бойында,
Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы.

(Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. 2-том, Алматы, 2004, 173-бет).

Мағжанның жазығы жаңа ғасырдың көкжиегінен зор ақындық қуатпен жарқ етіп көрінуі еді. Мағжан тұрғанда, оның өлеңі ел құлағында жүргенде ақынмын деп, өлең жазамын деп айту әркімге оңай болмаған. Бұл ақынның мысы өзге өлеңшілерді басып кетті, өнердің төресі – өлең өлкесіне Мағжанды таптап қана өтуге болатын еді, ақындықтың дәрежесін Мағжаннан асыру керек еді. Міне, жаланың тамыры осында жатыр.

Ол ұлтшыл еді. Онысына жазықты да емес. Себебі, Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық-зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес».

Мағжан өз халқының ел болып, еркін дамуын аңсады. Оның шығармаларының сара тақырыбы – қазақ ұлтының мүддесі, жырлағаны – қазақ мұңы. Ол бұл тақырыпты жырлап қана қойған жоқ, бүкіл дарыны мен өнерін салып сол тәуелсіздік үшін күресті. Туған халқының бостандыққа шығу жолын көрсетті. «Оян, қазақ!» деп жар салған ұстазы Міржақып Дулатовқа үн қосты. Сол үшін мерт болды.

Мағжантанудың күрделі проблемаларының бір арнасы – Мағжанның өз кезіндегі басқа ақындармен, қайраткерлермен қатынасы. 1989 жылы шыққан үлкен жинаққа Әбділда Тәжібаев алғысөз жазып, өз замандастары атынан тарих алдындағы кінәсін мойындағаннан бері Мағжан туралы бірқатар еңбек жазылып, басылды. Бұл заңды да. Мағжан туралы білгенін, естігенін өз дәрежесі, қарым-қабілеті деңгейінде әркім жазып жатыр.

Алайда,1920 жылы жазған «Жан сөзі» Мағжан әкесінен қарғыс алып, қаражат бермей қойған соң туған деген мүлде қате пікір, бәлкім, білместік. Бұл – ақынның өз тағдырына, өзінің алау жүрегіне деген нала сезімі. Өлеңді оқыған адам бұл жолдардың Мағжанның әкесі Бекенге ешқандай қатысы жоқ екенін көреді.

«Мұғалімдер семинариясын алтын медальмен бітірді» деп ойдан шығармаса да, Мағжанның беделі биік. Ондай медаль болмаған. Осындай ойдан шығарылған қисынсыз сөздер мағжантануға пайда әкелмейді.

Мағжанды «Бостандық туы» газетіне редактор еткісі келгендерді де түсіну қиын. Рас, бұл газетті, тіпті, оның алғашқы нұсқасы «Кедей сөзін» де Мағжан өз қолымен құрды. Қазақ халқын тапқа бөле-жармау керектігін насихаттап, көптеген мақалалар жазды. Ал партиялық газеттің редакторы коммунист болуы керектігін бесіктегі бала да біледі. Рас, түрмеде отырғанда «редактор болдым» деп өзінің түсінігінде жазғаны бар. Бірақ ол «Бір шарапаты тиер ме екен?» деген тұрғыда,

тергеушілерді сендіру мақсатында шарасыздықтан жазылған. Редактор болмаса да, Мағжан деген атының өзі қазақ халқына жетіп жатыр ғой.

1922 жылы бір түнде Қызылжардан жылыстап, Мағжан Ташкентке бас сауғалап, пана іздеп барды. Алаш қайраткерлерінің арасына сіңді. «Ташкенттегі кезі – ақын ретіндегі ең өнімді жылдар» дегенмен, ол шабыты шалқып, көңілі көтеріліп қалам тербеген жоқ. Асықты. Берерін беріп кетуге ұмтылды. Аз күн еркіндіктің мезгілі ұзақ емесін білді. Бәз біреулер жазып жүргендей, Мәскеуге де оны Луначарский шақырған жоқ. Қазақтың кең даласына сыймай, «Сайында саяқ құрлы пана таппай» кетіп қалуға мәжбүр болды. Онда Әлекең (Ә. Бөкейхан) бар еді. Оқуды сылтауратып, бой тасалаған Мағжанның жағдайын түсіну керек.

Бірақ өз қандастары оған Мәскеуде де тыныш таптырмады. 1924 жылы 24 қараша күні «әдеби сын» дегенді ұйымдастырып, жазықсыз жанды «итке талатты». Соның нәтижесінде 1925 жылы Мағжан кітаптары да тұтқындалды. Қызылжарда, мысалы, Ж. Тілеулиннің үйі де тінтілді. Міне, Мағжанның көргендері осы еді.

«Мәскеуде аударма жұмыстарымен көп шұғылданды» дегенмен, ақын аудармашылық таланты тасып немесе саяси шабыты асып бара жатпағанды. Ол жан сақтау үшін, қаламақы табу үшін «Шығыс» баспасының жоспарындағы шығармаларды алып, аударды.

1927 жылы елге оралу себебі де, Қазақстандағы коммунистердің түртпегі мен өсегінің салдары еді. Оны Мәскеуге тұрғызбады.

«Мағжан 30 жыл бойы неге ақталмады?»– деген сұраққа жауапты Сәбит Мұқановтың 1960 жылы «Жұлдыз» журналының 8-санында: «Үміт Балқашевқа хат» деген үлкен мақаласынан табамыз. Сонда бәрі ашып айтылған. Екі қайраткердің арасына ара-ағайындықтың керегі жоқ. Әр нәрсе өз заманында. Кезінде Мағжанды ақтап алуға бел шешіп кіріскен азаматтар аз болмаған. Олар ҚазМУ-дің профессорлары Бейсенбай Кенжебаев, Хайролла Махмудов, Темірғали Нұртазин болатын. Бірақ олар жеңіске жете алмады.

Мағжан шығармаларын орыс тіліне аударып, орыстілді оқырмандардың пікірі арқылы табиғи түрде ақтап алуға ұмтылған Ілияс Омаров, Иван Шухов, Ахмет Жұбанов, Тахауи Ақтанов, Әнуар Әлімжанов, Александр Жовтис сияқты жүрегі адал, Мағжан ақын сияқты асылдың қадірін түсінген азаматтардың есімін ұмытпауымыз керек.

Мағжанның күнәдан пәк есімін өз халқына қайтару үшін беделін салған, билік орындарына хат жазып, дәлелдеген – башқұрт азаматы Сәйфи Құдаш. Ал «Әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалатын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», – деген Мұхтар Әуезов Мағжанды Еуропаның әлем таныған ақындарымен қатар қойған.

Ал Ғабит Мүсірепов: «...байшыл-ұлтшыл ақындар насихаттаған сарындама – социалдық романтизм емес. Ол сарындаманың жемісі Мағжанның «Батыр Баяны», «Ертегісі», «Түркістаны», «Жүсіп ханы» болатын. Сарындаманы ұсынған ұлтшылдар сарындай-сарындай аруаққа, жынға, құдайға жалынатын мистикаға келген. Бұлардың бәрі қазақтың ескі хандық дәуірін үгіттеп, қазақты баяғы таз қалпына шақырған, ұлтшыл-байшылдардың саяси сарыны болып шыққан», – деп 1932 жылғы баяндамасында айтты да, кейін осынау жетесіз желіні одан әрі тарқатпай, тізгінін тартуға азаматтығы жетті.

Мағжан Сәкенмен, Ілияспен, Бейімбетпен бірге сонау 1960 жылы-ақ ақталған болатын. Үш арысқа көрсетілген ғажайып құрметтің Мағжанға ұшығы да тиген жоқ. Мағжанның есімі де аталған жоқ. Дәл қазір кімнің кім екенін тарих өзі тергеп, екшеп, шындығын шығарып жатыр.

Мағжанның шығармашылық өмірбаянындағы үлкен түйткіл – оның 1922 жылдың күзінде Қызылжардан кетіп қалып, Ташкенттен бірақ шығуы. Мағжанның бұл кетуі оның бүкіл шығармашылығының, кейінгі бүкіл өмірінің күйреуінің басы еді. Қазіргі әдебиеттерде былай делінеді:

а) әкесі Бекен Мағжанға Қызылжар қаласының ауқатты тұрғыны Қуанышбаев Дәулидің Жәмила атты қызын айттырады. (Сонда 29 жастағы атақты ақын, басы бос, өзі көркем, орыс-қазақшаға бірдей, білімді Мағжан сияқты азаматқа әкесі қалындық іздеп пе?);

ә) Мағжан қалындығына бармапты, өзінен бірнеше жас үлкен Зылиқа деген жесір әйелмен бет ауған жаққа кетіп қалыпты.

Шындығында, Мағжан Петропавлдан, Қазақстаннан неге кетті? Бұл сұраққа жауап беру үшін сол 1921-1922 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси, қажет десеңіз, құқықтық жағдайын егжей-тегжейлі зерттеп шығу керек. Өйткені, Мағжан сияқты көрнекті тұлғаның тағдыры, қызметі, шығармашылығы өзін қоршаған ортаның жағдайымен сабақтас, тамырлас болатын.

1922 жылғы көктемде Орынборда «Аштыққа ұшыраған қазақты қалай сақтап қаламыз?» деген тақырыпта үлкен әңгіме болып жатты. КазЦИК-тің саяси хатшысы Мұхтар Әуезов: «Қазақстан қазақсыз қалады, қырдағы қазақтар үшін ештеңе жасалмай жатыр», – деп дабыл қақты...

Петропавлдағы губерниялық «Мир труда» газетінің бетінде 1922 жылдың маусым айында Мағжан «Сарыарқадағы аштық» деген тақырыппен мақала бастырды. Автор қазақ даласын жайлаған аштық туралы және қазақтың табиғи бітім-болмысы төзімді екендігі, аштан қырылып жатса да, тұяқ серіппейтін момындығы туралы айтады. «...Сарыарқаның күйзелген күйін көрейік, күңіренген үнін тыңдайық...» деп үкіметке сөз тастайды. Осы арқылы Мағжан орыстілді оқырманға, билік басындағы лауазым иелеріне өз халқының жағдайын түсіндіріп береді.

1922 жылдың күзінде кеңестер сайлауы өтетін болды. Көзі ашық, көкірегі ояу Мағжан бұл науқанның қазақ ауылдарына жақсылық әкелуін тіледі. Тіледі де, сайлаудың мәнісін түсіндіріп, «Бостандық туы» газетіне «Сайлау» деген мақала жазып, бастырды. Онда қазақ даласында қазір ревком деп аталатын әскери билік орнағанын, бұл биліктің құрамына ешкім сайламаған, жоғарыдан тағайындалған өкілдер кіргенін, демек, олар жергілікті халықтың мұң-мұқтажын білмейтіндігін көрсетті. "... Енді 15 августан қалдырмай губерниялық ревком таратылып, болыстық, ояздық һәм губерниялық исполкомдар құрылмақ болды. Екінші түрлі айтқанда – губерниямыздың барлық ісі жоғарыдан белгіленіп, уақытша отырған адамдардың қолынан алынып, елдің өзі білетін, өзі сенетін, өзі сайлаған адамдардың қолына тапсырылмақ...» деп жазды Мағжан. Осылайша, жаңа саясаттан бейхабар отандастарын сайлауға белсене қатысуға, билік құрамына елдің жағдайын білетін, аузы дуалы, беделді, іскер де адал азаматтарды сайлауға шақырды. Атап айту керек, бұл мақала – өзі қолымен қалыптастырған «Бостандық туындағы» Мағжанның ең соңғы қолтаңбасы.

Ертеңінде-ақ, орыс тілінде шығатын губерниялық «Мир труда» газетінің 1922 жылғы 8 тамыздағы санында губерниялық атқару комитетінің төрағасы Сабыр Шәріповтің (бүркеншік аты – Рибас) «Қазақ болыстарындағы кеңестер сайлауы» («К выборам Советов в киргизских волостях») деген мақаласы басылды. Тақырыбынан-ақ, көрініп тұрғандай, орыс болыстарынан қазақ болыстарын жеке бөліп алып, ұлтты кемсіткенін былай қойғанда, бұл нағыз байбалам еді.

«Рибастың» ұраны кеңестер құрамына лайықты адамдар сайлау қажет деген сияқты көрінгенімен, басты тезисі – «Жергілікті билік орындарына бұрынғы алашордашылар сайланып кетпесін!» – деп, жай жатқан елден жау іздеді. Атап айтқанда, газеттің кімдерді мегзеп, автордың кімдерге нұсқап отырғаны ертеңінде, 9 тамыздағы газетте жарияланған «Алашордашыларға Кеңес ұйымдарында орын жоқ!» деген екінші мақаласынан көрінеді.

Үзінді мынау:

«Қазақ интеллигенциясының көсемдері, буржуйлар мен кулактардың ұлдары, жалдаптары Жұмабаев, Тілеулин, Мұқышев, Сейітовтер, Итбаев, Тұрлыбаев, Жанайдаров, Нұралин кезінде Бөкейхановтың, Байтұрсынов пен Дулатовтың батасын алып, соңынан еріп, Колчак тұсында жауапты қызметтер атқарды. Біз еңбекші-кедейлер атынан мынаны мәлімдейміз: алдағы кеңестер сайлауында бұрынғы алашордашыларға, әсіресе, олардың көсемдеріне бірде-бір дауыс берілмесін... Біздің жолымыз олардан бөлек. Оларға дауыс бергендер – еңбекшілердің, кеңес өкіметінің жауы саналады...». Осы жаланы көре тұра Мағжан Қызылжардан жылыстап кетуге мәжбүр болды.

Оны қаралаушы «Рибас» газеттің кейінгі сандарында Сабыр Шәріпов деген атын ашық жазып, қол қойып, «Қазақстанның шығысындағы революциялық қозғалыстар тарихынан» деген ұзақ жазбаларын бастырды. Оқып отырсаңыз, «Тар жол, тайғақ кешудің» орысша нұсқасы сияқты әсер қалдырады. Мұнда да «Тұрлыбаев, Итбаев, Жұмабаев, Сейітовтер, Жанайдаров, Мұқышев... алашорда көсемдері болғаны, олардың қазан төңкерісінен бұрын-ақ «кеңес үкіметіне (?) қарсы болғаны» айтылады. Өтірікте шек болмайды екен-ау.

Қазақ автономиялы республикасының құрылуын Мағжан қуана қарсы алды. Колчак үкіметі күшпен таратқан Алашорданың қайраткерлері кеңестік жүйенің аясында да өз халқының игілігіне қызмет етуге бел байласты. Олар жаңа құрылыстың саяси бағытының қандай екеніне қарамастан, қазақ халқын отарлық езгіден құтқарып, ел қатарына қосуға жан сала атсалысты. Бірақ, өзінің қазағы, өзінің Отаны оны сыртқа тепті, ақыры басын жойып тынды...

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
профессор

МЕНІҢ АТАЛАРЫМНЫҢ ТАҒДЫРЫ

30-шы жылдардағы саясат халықтың зәресін алды. Тыңшылық, аңду ахуалында, ешкімнің де қамауға алынбасына кепілдік болмады.

Сол жылдары айыпталушылардың ішінде аталарымның бірі Далабай Божақов та болған еді. Ол 1896 жылы туған. Әкеден ерте айрылып, анасы Айғаныммен бірге қалады. Оны ауыл молдасына оқуға береді.

Бастауыш білімі бар Далабайға 1932-1934 жылдары Балуан ұжымшарын басқару жүктеледі. Ол жайында республикаға еңбек сіңірген мұғалім, жазушы Сейтен Сауытбеков: «Балуандықтардың көбі 32-ші жылдың күзіне дейін «Пламя» колхозында өмір сүріп, пәтер үй жетіспеуі себепті, «Балуан» колхозы болып қайта бөлінді. Колхоз бастығы болып, білікті коммунист Далабай Божақов сайланды», – деп жазады. («Қызылдар қырғыны» кітабы, 195-бет). Осыған қарағанда нәубет жылдары атамыз өзінің біліктілігімен ел басқара біліп, халықты аштықтан құтқаруға атсалысқан. Үлкендердің айтуынша, аққөңіл, қолы ашық, көмегін халықтан аямаған, сонымен бірге домбыра тартып, саятшылық құрған. Соның айғағы ретінде бүгінгі күнге дейін бүркіт отырғызған тұғыры сақталған. Атамның жүріп-тұрған

азамат екендігін көрсететін киім-кешек салатын фанерден жасалған, екі түпті чемоданы да сақтаулы.

Далабай Божақов ержете келе саяси, қоғамдық жұмыстарға қатысып, 1928 жылы Төңкеріс (Жамбыл ауданы Майбалық ауылы) ауданының орталығын салу жұмысына белсене араласып, басшылық жасайды. Ол кейін 1935-1936 жылы Баян ауылында басқарма болып істейді. 1937 жылы Преснов ауданының мал өнімдерін дайындау мекемесінде директор болып істеген кезінде қызметінен босатылып, коммунистік партия қатарынан аластатылып, осы жылдың 11 қарашасында «халық жауы» деп ұсталады.

Далабай Божақовтың айыбы қандай? Облыстық соттың көшпелі арнайы комиссиясының үкімінен (1937 ж. 22 қыркүйек – 3 қазан): «Сот тергеуімен және іс материалдарымен Преснов ауданында 1935 жылдан бері ұлтшыл-фашистік ұйымның облыстық орталығының басшылары Пановтың және Есқараевтың нұсқауымен контрреволюциялық топтар құрылғандығы толық дәлелденді. Топқа Конюхов, Кузнец, Калугин енді, ал ұлтшыл-фашистік топқа Қапаров, Оразбаев, Фазылов, Майкотов, Мырзатаев, Сәркенов кірді. Сол сияқты, Конюховтың көмегімен Қапаровтың, «Майбалық» колхозында құрамына «Ешмұхамедов, Құрманбаев, Сахабин кіретін және «Баян» колхозында құрамында Мұқаш Қанапин, Қ. Мырзатаев, Балабай Божақов (дұрыс аты Далабай – автор) және бай Жолымбет Мырзатаев кіретін екі топ құрғаны сотта анықталады. Сотталушылардан басқа аудан әкімі Сәрсеновтен бастап, барлығына да сот қылмыстық іс қозғайды. Осы айтылғандардың негізінде және Қылмыстық істер кодексінің 319 және 320-баптарын басшылыққа ала отырып, облыстық соттың арнайы алқасы үкім шығарады». Сотталушылардың бәрі де 58-ші бап бойынша өздеріне тағылған айыптауларды үзілді-кесілді жоққа шығарады. Соттың қарауы жай ғана формализм еді, үкім күні бұрын жазылып қойғанды. Алдын ала тергеуде де, сотта да тағылған айыптарды ешкімнің де мойындамағанына қарамастан, облыстық соттың арнаулы алқасы 1937 жылғы 3 қазанда үкім шығарды. Бұрынғы Преснов ауданының жауапты қызметкерлері Конюхов, Қапаров, Оразбаев және Фазыловты ату жазасына кеседі. Ал Далабай Божақовтың тағдыры не болды? «Колхозды тұралатты» деп Далабай Божақовқа да ату жазасы беріліп, сол күні атылған.

1959 жылғы КСРО Жоғарғы Сотының қаулысында былай делінген: «Преснов ауданында контрреволюциялық ұйымның болғаны, антикеңестік ұйым фактілері іс материалдарымен анықталмаған. Айыпталушылар тарапынан өздерінің қызмет бабын теріс пайдалану фактілері де анықталмаған». Сөйтіп, 62 жыл бойы ашылмай, тіпті, туған балалары «менің осындай әкем болған деп» айтуға да қорыққан Далабай Божақовтың ісі қайта қаралып, ҚР Жоғарғы Соты 1999 жылы 23 тамызда Далабай Божақовты толық ақтады.

Адам қанын суша ағызған сталиндік қуғындау науқанының отты шарпуы қолына қалам ұстаған журналист қауымын да айналып өтпегені – заңды құбылыс. Тағы да бір атам – талантты журналист Жақия Уақбаев.

Әжем Әспеттің әңгімелеуінше, әкесі Жақия Уақбаев, 1904 жылы қазіргі Жамбыл ауданы Есперлі ауылында туған. Жасында ауыл молдасы Кәрібай қажыдан оқып, білім алады. Ол озық ойлы адамдармен: ақын, революционер Баймағанбет Ізтөлинмен, Сәбит Мұқановпен қарым-қатынаста болған. Қызылжар, Троицк, Бурабай қалаларында мұғалімдік семинарияларда оқып, білімін жетілдіреді. 1924-27 жылдары қазақ ауылдарында мұғалім болады. 1928 жылы Төңкеріс ауданы (қазіргі Жамбыл ауданы) оқу ісінің меңгерушісі болып істейді. 1931 жылы Алматыда КомВУЗ-дың (коммунистік жоғары оқу орны) қысқамерзімдік журналистік курсын бітіреді. Кейін 1931-33 жылдары Төңкеріс аудандық «Кеңес» газетінің, 1933-34 жылдары Атбасар аудандық (қазіргі Ақмола облысы) газетінің редакторы болды. 1935-1937 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде ауыл шаруашылығы бөлімін басқарып, әрі партия ұйымының хатшысы болып істеп жүрген кезінде, 1937 жылы 20 желтоқсанда тұтқындалады.

1989 жылғы 5 мамыр күні шыққан «Ленин туы» газетінде Жақия атамыздың зайыбы Рақия әжеміз былай деп жазады: «1937-1938 жылдар көп адамның «әлде қайтеміз» деп үреймен жүретін жылдары болды ғой. 1937 жылдың 20 желтоқсан күні жолдасым Жақия редакцияға жұмысына кетті. Түскі тамағына келмеді, кешке дейін күттім. «Бір сұмдық болды ғой» деген қорқыныш, үрей кірді. Ертемен тұрып, қызмет орнынан білсем, тұтқындап әкетіпті. Соңынан тамақ, киім-кешек, керекті заттар берейін десем, алмады да, жолықтырмады да. Сөйтіп, бір айдай сергелдеңге түсіп, ақыры көруге жазбады. Хабар-ошарсыз кете барды.

Өзіме жылыстауға тура келді. Үйден қуылдық. Балаларды елдегі қайын ағама жібердім. Өзімді Меңдіқанның Мұқаметжаны бір жылдай үйінде паналатты. Топырағы торқа болсын, көп жақсылығы тиді.

Елге келдім, елде де жақсылық күтіп тұрған жоқ. Біреуден қорқып, біреуден жасқанып, «халық жауының әйелі» атандық. Колхоз жұмысына кірдім. Соғыс басталды. Екі қайнымды соғысқа аттандырып, **қалған жандарға, балаларға бас-көз болып қала бердім. Кіші қайным** Ілияс хабарсыз кетті. Екінші қайным Қатия аман оралды. Ол 1977 жылы қайтыс болды. Соғыс кезінде елдегі ауыр жұмыс әйелдердің мойнында болды ғой. Жан-тәнімізбен аянбай жұмыс істедік. Жұмыста сәл кемшілік болса: «Халық жауының қатыны!» деп елдегі «белсенділер» қара түнек орнатты. Біздің өмір осымен өтті ғой...

Сүйікті жарым Жақияның алтын шаңырағын 60 жыл бойы ұстап келемін. Сүйікті жарым Жақияны өмір бойы тосумен өттім. Бұл дүниеде оны көре алмайтынымды білдім. 1957 жылы өлідей ақталды деген хабарын алдым. Бірақ жұртшылыққа жарияланбады. Біз сияқтылар көп қой, әйтсе де редакциядан өтінетінім – жолдасым туралы айтылған бір-екі ауыз сөзім жұртшылыққа жария етілсе екен. Көзімнің тірісінде мен де риза болар едім. Уақбай келіні Рақия».

Әрине, бұл хат Жақия Уақбаев туралы қосымша деректер іздеуге түрткі болып, көп ұзамай «Ленин туы» газетінде белгілі журналист, «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болған Мәлік Мұкановтың Жақия атамыз туралы «Телегей трагедияның тырнақтай сынығы» атты зерттеу мақаласы жарық көрді.

Сол мақаладан үзінділер келтіре кетейін: «Түркістан әскери округінің Әскери трибуналы 1957 жылы Ж. Уақбаевты ақтаған болатын. Осы жылғы тамыз айында Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы оны партиялық жағынан да ақтады. Сөйтіп, біздің аяулы қаламдасымыздың азамат ретінде де, коммунист ретінде де халық пен қоғам алдында ешқандай кінәсі жоқтығы толық анықталды» деп көрсеткен. Одан әрі Ж. Уақбаевтың тағдырын дәлірек білу үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы құжаттармен танысады.

«Ж. Уақбаев жалғыз сотталмапты. 1937 жылдың 5 ақпан күні онымен бірге тағы да бес адам сотталыпты. Соттаушы – Ішкі істер халық комиссариатының Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасының «үштігі». Айыптаушы прокурор да, айыпкерлерді қорғайтын адвокат та қатыстырылмаған. Үкім олардың сыртынан шығарылған. Оларға ақталу тұрмақ, бірауыз сөз айтуға да мұрша берілмеген». Автор сот хаттамаларының да бір жапырақ қағазға ғана жазылғанын айтады. Бесеуі – ату жазасына, біреуі он жылға лагерьге кесілген.

«Халық жауы» деген айдар тағылған осылардың ішіндегі Жақия Уақбаевтың қылмысы қандай екен соған тоқталайық.

Одан жауап алу хаттамаларында былай делінген: «Саналы түрде газет бетінде көктемгі егіс, күзгі орақ, сүдігер жырту науқандарына әзірлік туралы жазбаған, жазса кешіктіріп жазған. Газет бетінде ауыл шаруашылығының стахановшыларын, екпінділерін көрсетпеген. Лайық емес адамдарды мақтап жазған». Бар қылмысы – осы.

1957 жылы Жақия Уақбаевтың ісі қайта қаралып, онымен кезінде бірге жұмыс істеген Ғ. Нұрмолдин, Н. Ибрагимов, Қ. Сүлейменов сияқты журналистер атамыздың сабырлы мінезді, кішіпейіл, үлкенге де, кішіге де жұғымды азамат, өз ісіне, кеңес өкіметіне шынайы берілген коммунист болғаны туралы мінездеме беріп, растайды. Кейін ол Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы» Заңына сәйкес екінші рет толығымен ақталды.

Әжем Әспеттің айтуынша, олар әкелерінің қай күні атылғанын да білмеген. Өйткені, оны іздеп, сұрап бір ай бойы барған ұлы әжемізді жолықтырмаған. Содан хат-хабарсыз кеткен. Жазалау органдары он жылға сотталды деп те алдаған, кейін кейбіреулер жер аударылды, тірі деп те шығарған. Осындай қасіретті басынан кешірген ұлы әжем Рақияның ішкі жан дүниесін түсініп, сезінуге болады. Мен өзім ол кісіні көрмесем де, әжем Әспеттің әңгімесінен ұлы әжеміздің ақылды, көзі ашық, сауатты, қолынан өнер тамған шебер тігінші болғанын, соғыс кезінде солдаттарға қолғап, байпақ тоқып, күпәйке, шалбар тігіп фашистерді жеңуге өз үлесін қосқанын естіп өстім. Өзі тұрған ауылдың тұрғындары «мама» деп, қатты сыйлаған. «Халық жауының» «әйелдерінің лагерінде» болмаса да, ауыл «белсенділері» «халық жауының» әйелі деп басынып, әңгір-таяқ ойнатқанын да айта кету керек. Колхоздағы ең ауыр жұмыстарға салған: соқа айдап, шөп үйген, май құюшы болып, т.б. жұмыстарды атқарған. Басына түскен ауыртпалықты мойымай, көтере білген қайсарлығы, ұсталып кеткен жұбайын өмірінің соңғы күніне дейін адал тосуы, нағыз қазақ әйеліне тән сабырлы мінезі біз сияқты өскелең ұрпаққа үлгі болады ғой деп ойлаймын. Бүгінде қуғынға ұшырап, ату жазасына кесілген ұлы атам Жақия Уақбаевтың облысымыздың тарихи-өлкетану мұражайынан өз орнын тапқанын мақтаныш етемін. Бұл – біз үшін ескерткіш іспеттес.

Бабаларымыз Далабай Божақов мен Жақия Уақбаев есімдерін біз, ұрпақтары, жадымызда мәңгі сақтаймыз. Бұл – әкелерінен айрылған атам Сәби мен әжем Әспеттің жүректерінде қалған өшпес өкініш, қайғылы қасірет.

Ақзада МАҚЫШЕВА,
Қазақ Өнер университетінің студенті

ГДЕ ЗОЛОТО РОЮТ В ГОРАХ...

год памяти и согласия

Колеса вагона-теплушки постукивали в такт одной его мысли, как бурав, сверлившей в мозгу; «За что? За что?». Времени в дороге было много, и Федя Овсянников еще и еще раз прокручивал события последних месяцев. Тогда, казалось, ничто не предвещало беды. На исходе лето 1937 года, август. Ребята на Миролюбова и Новорыбинки, с которыми недавно сидел за одной партой в Пресновской средней школе, частенько встречались по вечерам, допоздна вели свои мальчишечьи разговоры. Им было по 17, вся жизнь впереди. Чтобы не топать

в Миролюбово или Новорыбинку, договаривались идти навстречу друг другу. Так и встречались где-то на полпути. Там, на опушке было у них свое заветное местечко.

Однажды новорыбинцы привели с собой незнакомого парня. Как объяснили они, жил он в Петухове, хоты сам родом из Новорыбинки. По возрасту он был гораздо старше их всех. И тогда у Феди мелькнула мысль: интересно ль взрослому, работающему парню встречаться со вчерашними школярами?

В тот раз все было, как всегда. При расставании посетовали, что видимо, больше им не собраться вот так вместе: кто уезжал в город учиться, кто – работать, помогать родителям. Не пришлось. Но по другой причине.

Ровно через неделю начались аресты. За юными «врагами народа» приехали аж из Петухова. На допросах требовали назвать соучастников группы по подготовке вооруженного восстания. Предъявили даже ржавый пистолет без патронов, который они нашли как-то в лесу. Хранился пистолет у кого-то из пацанов. И вот, надо же – вещественное доказательство. Хотел Федя сказать, что не годится этот «дедушка» для стрельбы даже по воробьям, но не сказал, встретившись со взглядом сурового следователя.

Сопоставив все события последних месяцев, Федя уже почти не сомневался: сдал их тот самый парень из Петухова. Вот только непонятно, за что? Что они такого крамольного говорили? «Ни-че-го, ни-чего», – простучали в такт его мыслям колеса на стыках. Ехал 17-летний «враг народа» на восток, к самому Тихому океану.

Потом дней 9 или 10 плыли они в Петропавловск-Камчатский. Бывалые люди смекнули: значит, везут их в Магадан, в один из самых страшных лагерей ГУЛАГа. И правда, не дав ни дня для отдыха, их этап отправился к Магадану. Но оказалось, что этот город был не последней точкой их трудного пути. Когда посадили арестантов на машины, колонна двинулась по дороге, вглубь материка еще на 600 километров. Ехали по насквозь померзшей тундре, перемежающейся тайгой. По обе стороны от дороги высились сопки, покрытые снегом.

«Прииск «?Нечаянный», – прочитал Федор вывеску на здании, должно быть, конторы. «Вот уж поистине «Нечаянный», – подумалось ему. Дали день отдыха, поскольку люди едва держались на ногах. Это понял даже суровый начальник лагеря. Зато назавтра – кайло в руки и пошел в забой. Добывали золото для державы. Десятник объявил коротко и доходчиво: не выполнишь норму – 400 граммов хлеба, выполнишь – получишь вдвое больше. «Здесь вам не Крым, так что привар – сушенная картошка и каша, – добавил он после паузы. – Опять же, если выполните норму».

Через два года Федора Овсянникова перевели на прииск «Гастелло». Здесь он пробыл до звонка. Работал и забойщиком, и откатчиком, и бурильщиком, ставил крепи – огромные бревна-сваи, чтобы не обвалилась порода, помогал взрывникам. Его ценили и товарищи по несчастью, и десятники: немногословный деревенский парень поражал недюжиной физической силой, всегда приходил на помощь тем, кто слабее. И хотя условия здесь были адские, никогда не жаловался.

Однако и такого, как Федор Овсянников, свалила болезнь. В лазаретном бараке, куда его полуживого притащили товарищи, поставили диагноз: воспаление легких. Выздоравливал долго, поскольку ни о каких лекарствах речи не шло. Есть силы и здоровье – выживешь, нет – на твое место прибудут десятки новых «врагов народа». Репрессивная машина работала на полную катушку. В лагере имелась своя похоронная бригада. И она никогда не сидела без работы.

Скупое северное солнце уже начало пригревать оттаивающие проталины, когда Федор вышел из лазарета. В забой ему было нельзя. Да и толку там от него, едва стоящего на ногах, никакого. Перевели, как грамотного, – все же 8 классов за плечами – на легкую работу, в контору счетоводом.

В 1946 году, когда Федору Овсянникову исполнилось уже 26 лет, пришел с Большой земли приказ о его освобождении. Приказ-то пришел, а об отправке домой речи не шло. Нужно ждать, когда придет специальная телеграмма с разрешением покинуть прииск. Этой телеграммы он ждал почти год, работая в той же шахте. От заключенных отличался лишь тем, что ходил на работу без конвоя.

Целый месяц добирался Федор до родной Миролюбовки. Снова, как и десять лет назад, вагон-теплушка, долгие остановки на полустанциях. Неделю пробыл на вокзале в Омске, не купить билет до Петропавловска. Там же твердо решил для себя: если он считает себя невиновным, то негоже уезжать из родного села. Односельчане встретили его хорошо, как будто и не было тех страшных десятки лет. Устроился в контору счетоводом. Работал на совесть. Однако председатель колхоза нет-нет да и упрекнет его в «страшных грехах юности». Тут же председателю подпевали и члены правления, мол, у нас за просто так не посадят.

Однажды Федор Николаевич не выдержал и поехал в Пресновку, к районному начальству, попросился в любое село. Перевели опытного счетовода в Буденовское. Не успел приехать, следом пришел донос: знайте, кого берете, «врага народа». Видимо, из Миролюбова не один донос написан, поскольку Федор Николаевич вновь оказался на допросе в НКВД. За то же самое он теперь должен еще 5 лет отмечаться в спецкомендатуре, никуда из села не выезжать. Словом,

уголовное дело, состряпанное в 1937 году, опять сыграло с ним злую шутку.

Екеуміздің тағдырымыз қалай ұқсас! Сен репрессия құрбанының немересі болсаң, мен – баласымын, екеуміз аттас та екенбіз. Атаң туралы

жазғандарың бар ма? Дайын болмаса, тездет, материал бер. Кітапты шығаруды сәл бөгейін, – деді.

Қолымда бар материалдарды реттеп беруге шамалы мұрсат беріңіз. Атам қызмет істеген Тораңғылға да барсам деп едім. Соған барып келген соң жазып берейін, – деп бір жағынан шындыққа, екінші жағы уақыт ұтпақ мақсатта сөзбұйдалап жатырмын.

Тораңғылға жалғыз барма! Онда қазір кеңшар жоқ. Бәрі жеке меншік. Ауданға, әкімдікке соғайық. Онда да шаруа басын қайтара келейік. Қазір шешіле қоймас, бірақ, нобайын білейік. Кейінге қармақ тастап қояйық. Ал жазуды созба. Тез бітір. Кітап онсыз да кешігіп жатыр. Қаншама мұңлық тосып отыр, – деп түйіндеп тастады. Сөзі нақпа-нақ. Мығым. Бұлталақтатпайтын, бас бұрғызбайтын, ноқтаны сыпыртпайтын тегеурін бар.

Бөкең, Зақаң жетекші болған сол сапар меніңше сәтті болды. Сонау 30-жылдары атам директоры болған «Тораңғыл» кеңшарының орталық қонысына барып қайттық. Шаруашылық басшылары жоқ екен. Бөкең алдын ала хабарласқан соң ауыл әкімі Амангелді, басқа қызметкерлері күтіп алды. Аралатты. Қазіргі мәдениет үйін, мектебін, тұрмысын көрдік. Бұлардың бәрінің негізін бір кезде атам салғанын ойлап тұрдым...

Міне, сол жолы осылай басталған таныстық-білістік одан әрі бекіді. Болат Мағазұлы бастаған белсенділердің бастамасымен бұрынғы НКВД түрмесінің қирандысын сүріп тастап орнатылған ескерткішті көрдік. Тағзым еттік. Сәуле Зейноллақызы Мәлікова басқарған облыстық мұрағаттан көп жадығатқа кезіктім. Зердеме түйдім, көшірмелерін алдым. Бөкең жауапты шығарушы болған «Ақталған есімдер – Возвращенные имена» кітабына атамыз туралы мақала беріп үлгердім. Бұл атам туралы өз атымнан баспаға өткізген алғашқы материал еді. Оған дейін ақмолалық өлкетанушы, есімі елге мәлім, қазақтың асыл қыздарының бірегейі, бүгінде марқұм болған Клара Әмірқызының қалам қарымы мен парасат-пайымына иек артушы едік. Негізін өзіміз дайындайтын материалды өз атымыздан беруге жүрексінетінбіз. Енді секемшіл жүректегі сең бұзылғандай болды. Сол жолы ұлым екеуміз біраз шаруаның басын бастадық. Әлі игере алмай жатырмыз...

Бір жылы Тәуелсіздік күніне орай Қызылжарда шақырылған жиынға қатыстым. Репрессия құрбандарының бүгінгі күні жасы келіп қартайып, күші қайтып кейуана болған қаншама ұрпағы жас баладай әлі де біреуден көмек, біреуден назар, біреуден жәрдем, кеңес күтеді. Болат Мағазұлы соларға аса бір төзімділікпен ақыл-кеңес береді.

Тән жарасы жазылса да, жан жарасы жазылмайды екен. Еске алу мүмкіндігі болғанда іштегі шерін сыртқа шығарып, көз жасын төгіп, тыңдаса екен, құлақ түрсе екен, көрсе екен деген үміт жетегіне ерген жандар әлі де жетерлік. Бірінің мұңын бірі тыңдаса ғана, адам адам болып қалмақ. Адамдар адамдықтан кетіп қалмау үшін сондай жиындар керек-ақ. Осындай жиындарды өткізуге «Память» қоры мұрындық болып тұрады екен.

Енді бірде Бөкеңнің мерейтойының қонағы болдым. Маңайында ылғи толған адам. Бөкең өзіне Алла берген сабырлы мінезімен, аспай-саспай қалт жібермей жасайтын қимылымен адамды өзіне баурап тұрады. Соған орай тереңдегі тоңды ерітер, көңілдегі кірді кетірер жүрекжарды ыстық лебіздердің тиегі ағытылды. Нөсер болып төгілді, сел болып ақты. Бөкең сол маңғаз қалпы. Бала кезін, өткен өмірін еске алғанда көзіне жас алды...

2013 жылдың алғашқы күндері ағам Бекболат Омарұлы, жұбайым Жаңагүл – үшеуміз Қызылжарға барып, орталық мешітте атама арнап кішігірім ас бердік, дұға оқыттық. Бас имам Қасымханның өзі қатысты. Сыздық атам мен Қалима әжеме, және жаппай саяси қуғын-сүргіннен наһақ жапа шеккен Алаштың мыңдаған ұл-қыздарының, текқырғынға ұласқан ашаршылықта қырылған бейкүнә жандардың рухына арнап шығарған «Шандоз» кітабын тараттық.

Қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің сырт жағына тұрғызылған «Қайғы-мұң қабырғасына» бардық. Айнала әппақ ұлпа қар. Күн сәулесімен жылт-жылт етіп, жарқырап, көзді қариды. Осынау әппақ әдемі суретті қара мәрмәрден өрілген қаралы қабырға қақ жарып, жер астынан шыққан жіктей бұзып тұр. Қара мәрмәрге қашалған аза тұтар есімдердің ұзыннан-ұзақ, бітпес тізімі. Жазықсыз ұсталғандар. Кінәсіз сотталғандар. Наһақ атылғандар. Қабірі беймәлім мұңлықтар. Бірнеше мың адамның тізімі...

Оларды қара қабырғаға қатарластырған қатыгез заманның қатал заңы. Жарып өте алмас жар басына жинаған Жеті жарғы, әділ заң емес. Жендет жарлық. Үкім де емес, үштіктің қаулысы. Бір облыстың өзінде ұшы-қиыры жоқ бітпес тізімде кімдер жоқ дейсіз! Бір жарда жолығысқанымен әркімнің өзіндік тағдыр-талайы бар. Біреулері өмірден мүлде ұрпақсыз өтті. Отау құрып үлгермеді. Үлгерсе де жар қызығын, бала рахатын көре алмады. Бірінің артында ұрпақ қалды. Қалт-құлт етіп санатқа ілікті, қатарға қосылды. Енді бірінің ұрпағы тоз-тоз болып, қырылды... Біреулерден қалған шиеттей ұрпақ ата-анасының кім екенін білмей лақты, мәңгірді. Шежіресі үзіліп, жеті ата тегі шатасқан. Әлі күнге дейін біле алмай жүргендер баршылық. Оған олар кінәлі емес. Кінәлі – XX ғасыр. Ата-анасынан ажыратып, тентіретіп, балалар үйіне қамап, есі кіріп үлгермеген балалардың аты-жөнін еріксіз ауыстырып, тағдырын шимай-шатақ қылып жіберген. Енді білу қайдан!? Қазақтығын естен шығармаған әйтеуір. Енді жаңадан, өзінен бастау керек.

XX ғасыр. Жазу суретінің өзі қос айқыш белгіден тұруы тегін емес. Иесіз қалған үйдің терезелерін қос тақтайды айқастыра шегелеп қоятыны бар. Танкіге қарсы кедергі де осы бейнелес. Танкінің өзі бұзып өте алмайтын не деген қырғын бөгет! Тіршілікті, қозғалысты, өмірді жоюды білдіретін нышан. Нышанының өзі қорқынышты сұрапыл ғасыр.

Бұл толғау тежеусіз тоқтамайды. Толассыз келген түйдек ойлар жазылып үлгермейді. Көмейге лықсып тірелген өксік өздігінен тыйыла

қоймайды. Қалам мұқалып, сия сарқылып, қағаз желініп, бас мең-зең болып, сезімді сабырға жеңдіріп барып саябыр табасыз. Тапсаңыз.

Қаншама жан құрбан болды! Артынан іздеуге біреу жараса, біреу жарамады...

Артында қалған ұрпақпыз дегенмен, егер де алдымызда осы Болат Мағазұлындай ұйымдастырушы, жетекші, басшы ардагерлер болмаса, қайтер едік?

Ардагердің ардагер серігі Қайролла Мұқанұлы, солардың анық ізбасары, көкірегі ояу, көзі ашық Таңат Айтмұқашұлындай толқын болмаса, қайсымыз қандай қайрат қылар едік? Бұларға қолдау-көмегін, кеңесі мен жәрдемін беріп жүрген Зарқын Сыздықұлы, Сәуле Зейноллақызы, Бикен Мухамадиқызы сияқты жанашыр жандар болмаса ше?

Біздің әулетті мысалға алсақ, әкесін бір адамдай іздеп, ақтау қағазын 1957 жылы қолына алған Жаңалық Сыздықұлы 1978 жылы 49 мүшелінде дүниеден қайтты. Егер жариялылық, қайта құру заманына, тәуелсіздік табалдырығына сәл іліккенде қайрат қылар еді! Шәріп Сыздықұлы өзі де қуғын-сүргін тақсыретін бір адамдай тартқан, әділетсіздікке, тексіздікке іштей де, сырттай да қарсы болып жүйкесін тоздырған жан-тын. Іші қазандай қайнағанмен, сауаты аз. Мүмкіндігі болмады. Бауырлары мен балаларына қамқорлық жасады. Менің әкем Кенел 1963 жылы 28-ден енді аса бергенде дүниеден өтті. Қанша саналы, көкірек көзі ашық десе де жан-жағына қарап үлгермегені анық.

Роза Сыздыққызы іздеуден, ізденуден әлі жалыққан жоқ. Ол кісінің үлкен еңбегі бізді – Сыздықтың немерелерін – қайрат көрсетуге тәрбиеледі. Алайда біздің қайратымыз өзімізді түгендеуге әрең жетіп жатыр.

Сыздық атам сияқты репрессия құрбандарының жер-жерге шашыраған ұрпақтары өз бетімен «Память» қоғамдық қорының, «Асыл мұра» тарихи-мәдени және ғылыми әдістемелік орталығының атқарған жұмысының ширегін атқара алмас еді. Бірақ олар да жеке зерттеулерге мұқтаж. Әркім өз арысын ардақтап, ізденіп, ортақ қорға дерек берсе ғана жұмыс алға жылжымақ.

Кез келген іске жалын жүрек бастамашы керек. Қажымас қайраткер керек. Көреген басшы керек. Тағатты да табанды орындаушысыз болмайды. Ізгілікті ізбасар болса құба-құп.

Осы керектің бәрі мен атаған адамдардың бойынан табылып тұр. Күнделікті араласпағаннан соң, мен әрине, «Память» қорының да, «Асыл мұра» орталығының да қажырлы да қарапайым мүшелерін біле бермеймін. Олар аз ба, көп пе, хабарсызбын. Мәселе санда емес, ұйым-бірлікте. Жатты жақын, жақыныңды дос, досыңды серіктес, қасыңды әріптес ете білуде. Жоспарлы да жүйелі жұмыс істей білуде.

Адамға керек, қоғамға керек, келер ұрпаққа керек, мемлекетімізге керек деп ізгі істі бастаған ардагерлерді, ақсақалдарды ешкім де құшақ жайып қарсы алып, мұқтажын мүлтіксіз өтеп, алдын ала қаржысын дай-

ындап, қолқабысын тигізуге құштар болып отырмағанын да білемін. Бәрі де қажырмен, күреспен, ақылмен, айламен, сындарлы саясатпен келді.

Бір әулеттің бір кітапты шығаруы – жыр. Ал жұрт үшін қызмет етіп, көптің көңілінен шығу – ерлік.

Сол ерліктің аясында мен өзім куә болған шаруалар біршама. Тізіп көрейік: қор құру, құрбан болғандардың тізімін жасау, кітапқа енгізу, естелік жинақтар шығару, жыл сайынғы еске алу шараларын, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізуге қатысу, жермен-жексен болған бұрынғы «Ақ түрменің» орны жеке меншік сауда орнына айналып кете жаздағанда, күресіп жүріп оны ескерткіш үшін алып қалу, сол жерге заман мен қоғамның мүмкіндігіне сай, сыналап болса да қарапайым ескерткіш орнату. Ескерткіш маңына «Қайғы-мұң қабырғасын» орнатып, жазықсыз жандардың есімдерін қара мәрмәрға қашап жазғызу... Осылайша өздерін мойындату, тобырдан топ жасау, халықты соңынан ерту.

Қаншама есім еліне қайта оралды. Қаншама жүректе сенім оты алаулады. Үміт шамы жанды. Өлгенді тірілтіп, өшкенді жақпаса да, құрбандардың алдындағы тірілердің парызы мен қарызын еске салды. Өксігеннен өзегі талып, өшіп бара жатқан рухты оятты, кеңестік тоталитарлық құрсаудан қусырылып қалған сананы тірілтті.

Кезінде орысы мен орысшалығы басым ортада түсінікті болсын, ешкімді үркітіп алмайық деп орысша «Память» аталған Солтүстік Қазақстан облысындағы осынау қоғамдық қор Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарының ішіндегі сөзбен емес, іспен айналысатын біреегейі. Билікпен де, қоғаммен де, жекелеген азаматтармен де тіл табысып, ел мұраты үшін қызмет етуде. Қазағың да, қайманаң да, мұсылманың да, христианың да бұл қорға мойын бұрады. Істеп жатқан ісінің ізгілігін, баршаға ортақтығын мойындайды. Қариялар батасын берсе, орта буын қолдайды, жас өскін түсінеді.

Ол қазаққа, қазақтың жадының жұтаң болмауына, ұрпағының жадыбас болмауына қызмет етіп келе жатыр. Рухты оятуға, сананы серпілтуге еткен қызметі ұшан-теңіз. Атқарып жатқан жұмыстары тілге де, ділге де, дінге де қатысты. Оны өлшейтін шама жоқ.

Еліміздің Тәуелсіздігімен жете-қабыл ілесе өсіп келе жатқан, жиырма жылдық тарихын ізгі де игі істермен жазған қоғамдық қордың белсенділері мен үшін ардақты асыл тұлғалар болып табылады. Оларда кешегі еңбегімнің бүгінгі зейнетін көретін кезім келді деген тоқмейілсу жоқ. Кеше керек едім қоғамға, бүгін де қатардан шыққан жоқпыз деген риясыз **көңілмен белсенді өмір сүріп жатқан жандар.**

Өз бастарына тағдырдың салған тауқыметі аз емес осы жандар жеке басының қайғы-қасіретіне қамалып қалмаған. Өзі емес өзге үшін Қара қасқа атты Қамбардай қам жеп, Қобыландыдай қайрат қылып, Бауыржандай батылдық көрсетіп, бейбіт заманда бірі сардар, бірі сарбаз болып халыққа қызмет қылуда. Кешегі еткен қызметтері мен жеткен мансаптары

да бір бастарына жетерлік. Соған тоқмейілсіп, зейнетке шықтық деп шалқаймай, бойдағы жалынды өшірмей, жан-жағын жарықтандыруға жұмсауда.

Менің түсінігімде «Память» қоғамдық қоры мен «Асыл мұра» орталығы – егіз. Егіз болмаса да бауырлас, қарындас, құрсақтас құбылыстар.

Екеуі біріне-бірі сүйене жүріп, қаз тұрып, қыруар шаруа атқарғанын жобалаймын. Әлі де алда алар асулары, жүзеге асырмақ жоспарлары бар. Алла соған асып жетерлік қажыр-күш берсін!

Қызылжарға барған сайын, Болат Мағазұлымен, оның маңайындағы тұлғалармен сұхбаттасқан сайын өзіме керек рухани қуат алып қайтамын. Осы серіктестік, әріптестік үзілмесін, бұзылмасын деп тілеймін.

Жиырма жылдық жалынды жастық шаққа келіпсіздер, құтты болсын! Жақсы істеріңіз жалғасын тапсын! Елмен бірге болғанға, жерден ажырамағанға не жетсін! Сіздер ел мұңын жердің иесі кім екенін ұлықтап жүрген ұлансыздар. Ұлан – бір жағынан жасқа қарата айтылатын сөз. Жиырмадағы жасқа жарайды. Екінші жағынан қазіргі ұғымда гвардия дегенді білдіреді. Арғы қазақта гвардия дегенді сарбаз дейді екен. Гвардиялық дәрежелеріңіз төмендемесін. Сарбаздар қатары сиремесін! Сардарларыңыз сарабдал болсын!

Болат Кенелұлы СЫЗДЫҚ,
репрессия құрбанының немересі,
заң ғылымдарының кандидаты, Қарағанды «Болашақ» университетінің профессоры

ҚАТЫГЕЗ ЗАМАН ҚАСІРЕТІ

Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысында құрылықтың алтыдан бір бөлігін алып жатқан Ресей империясы жерінде төңкерістер мен қантөгістер орын алған қаралы да қасіретті жылдар болып тарихта қалды.

Ресейдің құрамында болған миллиондаған халық соғыстардан шығын болса, тағы да сан миллиондаған адамдар саяси репрессия құрбандарына айналды.

Бұл ретте Қазақстан халқының басына түскен зорлық-зомбылықтың да қасіреті жан түршіктірерлік. Сойқанның басы 1916-жылғы ақ патшаның июнь жарлығына қарсы бүкіл қазақ жерінде көтеріліске шыққан халықты қарудың күшімен басудан басталды. Сол қарсылық соңында ұлт-азаттық көтеріліске айналып, 1917-ші жылғы қазан төңкерісінен кейін азамат соғысына жалғасты. Сорақысы сол, азамат соғысы бай мен кедей, ақ пен қызылдың соғысы болып, халықты екіге бөліп

жіберді. Қысқасы, қызылдар жеңіп, большевиктер билікке келген соң қазақтың басына қара түнек орнады. Үш жылға созылған азамат соғысынан титықтап шыққан халықты 1921-22ж.ж ашаршылықтан 1,7 миллиондай қазақ қырғынға ұшырады деген дерек айтылып жүр. Ел ашаршылықтан құтылып енді еңсесін көтере бастағанда Қазақстан басшылығына Ф. И. Голощекин келді.

Жергілікті халықтың өмір сүру ғұрпы мен әдетінен, мәдениеті мен дәстүрінен, ұлттық болмысынан мүлде мақұрым өркөкірек, кеудемсоқ басшы бірден «кіші октябрьді» орнатуға кірісті. Елді ел қылып отырған байлардың мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аударып, ауылдарда күштеп ұжымдастыру науқанын асқан асыра сілтеушілікпен жүзеге асыра бастады. Сонымен бірге, ұлт көсемдері мен алаш қайраткерлерін қудалауды қатар жүргізді. Өзіне қаймықпай қарсы шыққан Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Садуақасов, Нығмет Нұрмақов сынды т.б халық арасында аса беделді мемлекет қайраткерлерін басшылықтан ығыстырып, Қазақстаннан кетуге мәжбүр етті. 1928-30-шы жылдары Алаш қайраткерлерін жаппай тұтқындатып, сотқа тартқызды. 1930-шы жылы Ахмет Байтұрсынов бастаған қырықтан астам адам сот үкімімен 10 жылға концлагерьлерге айдалса, 1931-ші жылы Мұқаметжан Тынышбаев бастаған 20-дан астам адам бес жылға жер аударылды. Бұлардың ішінде Міржақып Дулатов, Мырзағазы Есболов, Мағжан Жұмабаев, Халел Ғаббасов, Қошке Кемеңгеров, Жақып Ақбаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар, Жұмахан Күдерин және т.б. көрнекті қайраткерлер бар болатын. Ал, Ж. Аймауытов, Ә. Байділдин, Д. Әділов, А. Жүнісовтер 1930-шы жылы Москвада атылып Ваганка зиратында жерленеді.

Күн көріп отырған малынан айырылған қарапайым халық 1931-32ж.ж. жаппай аштыққа ұшырады. Ел басына түскен осы ұлы нәубеттен қазақ жартысынан көбінен айрылды. Сол кезде, Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаев Мәскеуге: «Халық аштан қырылып жатыр, аң аулауға рұқсат беріңіздер» – деген жеделхат жібереді. Бұған Куйбышевтің қолы қойылған «бір құс атсаңдар сотқа тартыласыңдар» – деген жауап келеді. Аштан қырылған халықты аман сақтап қалу үшін өз жеріндегі аң-құсқа дейін аулауға тиым салынған қатыгез, жауыздықты қалай атауға болады?

Бұны қазақ халқын ұлт ретінде жоюға бағытталған зұлымдық саясаты, – деп атауға толық негіз бар.

Осы тұста, большевиктердің өктемдікпен жүргізіп отырған зорлық саясатына қарсылық қалың бұқараның ішінде де өрши түседі. Тарихшыларымыздың айтуы бойынша, 1929-32ж.ж. қазақ жерінде кеңестерге қарсы 372 көтеріліс болған екен. Солардың бәрі әскердің күшімен қырып-жою арқылы басылған. Өкініштісі, сол көтерілістерде өздерінің азаматтық құқын қорғау жолында мерт болып, немесе

мұздай қаруланған әскерге төтеп бере алмай шетел асып кеткен азаматтарымыз, әлі күнге дейін, Кеңес үкіметіне қарсы шыққан бандалық құрамалардың мүшелері ретінде ақталмай отыр.

1916-шы жылдан бастап 1933-ші жылға дейін кезең кезеңімен келіп ұлтымызды ойсыратып кеткен нәубеттер сәл бәсеңдеп барып, 1937-38ж.ж. «халық жауларын әшкерелеу» деген саяси репрессияға жалғасты. Шектен шыққан қатігездікпен жүргізілген «халық жауларын әшкерелеу» науқаны ең алдымен зиялы қауым өкілдерін жазалауға бағытталған болатын. Бүкіл Кеңестер одағының көлемінде 1937-ші жылғы 5 тамызда Сталин қол қойған «антисоветтік элементтерді» жою туралы жарлығына сәйкес басталған үлкен террор қанды қасапқа айналды. Осы саяси репрессия барысында 1937-38ж.ж. Қазақстанда 120 мыңдай адам сотталып, 25 мыңдай адам ату жазасына кесілген. Ал өлім жазасына, негізінен басшылық қызметте жүргендер мен зиялы қауым өкілдері іліккен. Елдің есін жиғызбай үсті-үстінен жүргізіліп отырған жазалау шараларының астарында халықтың рухын жасытып, айтқанға көніп, айдауға жүретін қоғамда темірдей тәртіп орнату саясаты жатқаны ақиқат. Дегенмен, Кеңестік билік халық жігерін жасытып, сағын сындырып, көнбіс қоғам құрдық дегенімен, Ер Түріктің ұрпағының бойында бар батырлық 1986 жылдың желтоқсанында жарқ етіп тағы көрінді. Қазақтың пікірімен санаспай өктемдікпен билеп – төстеуге үйреніп қалған Мәскеу Қазақстанға Колбин деген өкілін жібергенде бейбіт қарсылыққа шыққан қазақ жастарын арнайы дайындалған әскердің күшімен қанды қырғынға айналдырды. Қазақ жастарының бұл көтерілісі өзінің жемісін де берді. Қазақстанда басталған ұлт-азаттық көтерілісі Кеңестер одағы құрамындағы басқа республикаларға үлгі болып, ақыры тоталитарлық жүйені таратып тынды.

Міне, осындай «тар жол, тайғақ кешулерден» өте келе тәуелсіздікке де қол жетті. Енді осы тәуелсіздігіміз тұғырлы, бағымыз баянды, болашағымыз жарқын болу жолында еңбек етіп, ел ырысын арттыру әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы болуы керек.

Жұмабек АШУҰЛЫ
ҚР саяси қуғын-сүргінге ұшыраған дар қауымдастығының төрағасы.

ОБЪЯВИЛИ «ВРАГОМ НАРОДА»...

Потомственный железнодорожник Семен Акольшин начинал свой трудовой путь ремонтным рабочим службы пути настанции Петропавловск сразу же после освобождения нашего города от колчаковцев. Воспоминания земляков свидетельствуют, что он вместе с Ф. Рузаевым, А. Панасенко, А. Спиридоновым, Д. Шапоренко и другими активистами создавал в конце 1919 года первый клуб молодежи, переименованный в феврале 1920 года в Союз Коммунистической молодежи.

Бывший секретарь Акмолинского губкома комсомола (с центром в г.Петропавловске) Федор Рузаев тепло вспоминает о своих товарищах, славных коммунарах-железнодорожниках: «Наступала зима 1920-21 годов. В деревнях, казачьих станицах, станциях Петропавловского и Кокчетавского уездов, в теплых атаманских и кулацких избах пригрелись и заворочались последыши адмирала Колчака... Тучами двинулись бандиты на город, угрожая захватить станцию Петропавловск. Около двух суток героически отбивались железнодорожники от попыток кулацких банд захватить узел. Руководитель железнодорожной ЧК тов. Морозов, бывший шахтер, принял на себя команду обороной узла. Вооруженный комсомол был активно действующей ударной группой, 120 комсомольцев взялись за оружие. К концу вторых суток из Омска пришла помощь. В соединении с артиллерией повела наступление на город часть железнодорожной обороны. Город был очищен.

...Весна 1922 года принесла гололедицу. Телеграфные и телефонные провода обвисли от льда, не выдержав тяжесть, рвались. Лучшие силы нужно было бросить на востановление телеграфных линий. Под холодным дождем около двух суток отряд рабочих человек в сто в разных направлениях взялся за восстановление телеграфной сети. В отряде было 30 лучших комсомольцев. В 4-5 дней линия была восстановлена. Весной и летом 1922 года готовились к губернскому съезду комсомола. На нем в состав губкома были избраны

от железнодорожного комсомола А. Прокофьев, С. Акольшин, А. Панасенко, Б. Кузнецов, А. Николаев».

Нужно только добавить, что Семен Акольшин к тому времени был уже коммунистом, а после окончания Омского годичного комвуза становится ответственным секретарем райкома комсомола. В 1925 году молодого двадцатидвухлетнего коммуниста, вожака молодежи призывают в Красную Армию, после службы в которой он становится сотрудником ОГПУ. Кзыл-Орда и Чимкент, Алма-Ата и Караганда – другие города юга и Центра Казахстана становятся боевыми строками биографии нашего земляка. Борьба с вооруженными бандами, защита молодой Советской республики от недобитых врагов стала профессией Семена Акольшина.

Можно с большой степенью уверенности предположить о причине того, что переведенный с повышением в г.Иваново опытный чекист С.С. Акольшин неожиданно отказывается служить в органах НКВД. Видимо, другие задачи стали решать эти органы, с каждым месяцем все больше раскручивая маховик тотальной подозрительности, слежки друг за другом, шпиономании и массовых беззаконий. В такой обстановке работать становилось все труднее и труднее. Сегодняшний друг завтра вдруг становится врагом, причем целого народа...

С. Акольшин возвращается в Петропавловск. В партархиве имеется его персональное дело. «Из протокола №68 заседания бюро Петропавловского горкома, состоявшегося 3 апреля 1935 года. Дело по обвинению Акольшина, присланное Ивановским горкомом ВКП (б) по месту жительства Акольшина. Тов. Акольшин С.С., член ВКП (б) с 1921 года, соцположение – рабочий, обвиняется в антипартийном поступке, выразившемся в отказе работать в органах НКВД, ставя личные интересы выше интересов партии. Во время серьезной и сложнейшей обстановки борьбы с остатками контрреволюции в нашей стране и период острой необходимости усиления бдительности Акольшин партийным комитетом при управлении НКВД Ивановской области из партии исключен. Бюро горкома постановляет: отметить, что решение партийного комитета при управлении НКВД вполне правильное, но, принимая во внимание, что тов. Акольшин осознал свой непартийный поступок и в дальнейшем обещает исправиться на работе, решение об исключении из партии Акольшина отменить. Акольшина в партии восстановить... объявить ему выговор. Секретарь горкома ВКП (б) Жамбулов». (Заметим: сам секретарь Петропавловского горкома КП (б) Казахстана Абушахман Жамбулов 9 сентября 1937 года исключен из партии как враг народа. Репрессирован.).

Так начался «второй виток» жизни Семена Семеновича Акольшина в нашем городе. Вскоре его избирают заместителем председателя горисполкома, а затем он работает начальником планового отдела

в облзаготзерно. Летом 1937 года его арестовали (были «взяты» практически все работники заготзерна). Обвинения стандарты – троцкистско-фашистские шпионы...

Все сказанное здесь мы с сыном Семена Семеновича – Львом Семеновичем, дополняя друг друга, с документами и многочисленными фотографиями в руках, восстановили как есть. Но остался не менее важным вопрос: а как же сложилась жизнь сына? Какова судьба Акольшина младшего, тринадцатилетнего мальчишки, вдруг лишившегося отца? Его постигла судьба тысяч наших земляков, потерявших родителей, в основном отцов, по воле «великого вождя».

...А жизнь шла своим чередом. Вслед за отцом арестовывают мать. Не разрешают жить даже с бабушкой, определяют в детский дом. Выселяют из квартиры. Тренер детской секции футболистов спортклуба «Динамо» сказал на очередной тренировке: «Ты, Лев, больше не приходи сюда, нам дети врагов народа не нужны...». Чувствуя, что произошла страшная ошибка и его отец не виновен, (а в этом сын ни на минуту не сомневался), он сбегает из «казенного дома», садится «зайцем» на поезд и едет в Москву к товарищу Сталину искать правду, раскрыть ему глаза на безобразия, творимые на местах. Но вождь один, а таких, как Лева много, даже очень много, всех не переслушаешь. Его отлавливают в пути и вновь отправляют в детдом. Совсем отчаевшегося паренька радуют новостью: за недоказанностью состава преступления из заключения освобождают мать. Чуть-чуть стало легче. Хотя и горько до слез за свое исковерканное детство: не раз приходил домой битым, потому как не терпел несправедливости, а то, что он «сын врага народа», знали все – от учителей до первоклашек.

Война позвала Льва Акольшина на защиту Родины. Ибо Родина – есть мать, даже если она и поругана «отцом народов». После ускоренных шестимесячных курсов в Орловском пехотном училище, что эвакуировалось в Чарджоу, он направляется на передовую. Всю тяжесть войны, особенно ее первого, самого трагического периода, пришлось хлебнуть нашему земляку. Бои, большие и малые, вошли навсегда в биографию старшего сержанта Льва Акольшина. А его «координаты» – 250-я дивизия, 91-й полк, 1 батальон, 1 рота, 1 взвод – до сих пор звучат в ушах тревожной музыкой...

При наступлении на Курской дуге в районе города Орла 13 июня 1943 года Лев Акольшин был тяжело ранен... Не знал герой, истекающий кровью, что примерно в это же время его отец умирал в гулаговских лагерях на севере Урала... После – демобилизации по ранению, небольшая пенсия, работа на Петропавловском мясокомбинате, художничал в областном драматическом театре, на заводе имени Куйбышева. Глядя на этого человека, я подумал: и какую же силу нужно иметь, чтобы вот так выстоять, не сломиться, показать свой истинный, а непоказной

патриотизм? Откуда эта сила? Может быть, передана в генах от отца – коммуниста, ставшего, как и многие наши земляки, жертвой произвола, но воскресшая в сыне? Лев Семенович Акольшин, кавалер орденов Отечественной войны I степени, Красной звезды, многих боевых и трудовых медалей – не коммунист, не был комсомольцем. Ведь вступающему первым задается вопрос о его происхождении, а попросту говоря, спрашивают, кто твой отец. А он у него репрессированный... Это только теперь, в период всеобщей гласности, мы добавляем «незаконно».

Михаил МЕЛЕХИН,
инструктор партархива обкома парти.

ЭТО НЕ МОЖЕТ БЫТЬ НЕЦЕЛЕСООБРАЗНЫМ

В последние годы у нас проделана большая работа по увековечению памяти наших отцов, дедов, матерей и бабушек, ставших жертвами тоталитаризма. Активисты общественного фонда «Память» приложили массу усилий по уточнению списка репрессированных по нашей области. С помощью управления внутренней политики выпущен двухтомный справочник, в котором помещены данные о погибших. В нем значится также, кто из репрессированных остался жив, когда и каким органом реабилитирован.

Нами выпущена книга «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена») на двух языках тиражом полторы тысячи экземпляров, где приведены воспоминания детей, внуков и близких репрессированных, архивные и статистические данные по репрессиям.

В 2006 году в Петропавловске на том месте, где ранее располагалось здание НКВД, сооружен памятник жертвам массовых политических репрессий. А нынче там построена стена Памяти, установлены плиты в память о жертвах депортации и голода 1932-1933 годов. На территорию нашей области были депортированы свыше 134 тысяч человек. Число умерших от голода мы не можем установить, так как официального учета их не велось.

Установка этих памятников вызвала большой общественный резонанс. К нам приходят и приезжают дети, внуки и близкие родственники пострадавших, можно сказать, не умолкают телефонные звонки. Кстати, наша область первой в республике возвела стену Памяти. Высокую оценку проделанному нами дает республиканская ассоциация жертв массовых политических репрессий. У нас побывала делегация из музея-комплекса «АЛЖИР», что под Астаной, и выразила признательность.

Наш мемориал должен стать местом проведения факультативных занятий школьников и студентов, средних и высших учебных заведений, восполняющих пробелы программ по этой теме.

Стена Памяти является, по сути, символической братской могилой, местом поклонения душам предков. Нам, детям, неизвестно, где похоронены наши расстрелянные и умершие в местах заключения родственники, если они похоронены. Многие люди хотели бы получить информацию о тех, чьи имена занесены на эту стену Памяти. А у кого? Хочется сыну, дочери или внуку совершить молитву, почитать Коран, внести садаку. А кого сейчас можно попросить совершить этот мусульманский ритуал?

Завершающим объектом мемориального комплекса мог бы стать музей, с небольшим штатом, с экскурсоводом шыракшы, умеющим читать молитву.

В этом музее можно разместить портреты наиболее известных репрессированных земляков с короткой справкой, а также полный список занесенных на стену Памяти с данными о них. Одним из таких земляков является Магжан Жумабаев, 120-летие со дня рождения которого отмечаем в следующем, 2013 году. Было бы уместно один зал музея посвятить жизни и творчеству наследию великого поэта.

Исходя из этих и других обстоятельств, общественный фонд «Память» в лице его председателя обратился к председателю областного филиала НДП «Нур Отан», акиму области С. С. Билялову с инициативой о строительстве музея, завершающего мемориальный комплекс, как это сделано в «АЛЖИРе». Мы очень признательны Серику Султангазиновичу за то, что он одобрил наше предложение. С удовлетворением это воспринято и общественностью.

Казалось бы, ни у кого не должно возникнуть сомнения в целесообразности строительства музея. Однако сомневающиеся нашлись. К сожалению, ими оказались специалисты областного управления культуры. Не вникнув в суть вопроса, не поняв рационального зерна инициативы, они поспешно пришли к выводу о нецелесообразности организации такого музея. Их аргумент – у нас, дескать, и без того немало музеев и уголков, посвященных жизни и творчеству Магжана Жумабаева.

Чиновники не уловили главного: предлагается открыть музей мемориального комплекса, А в нем не лишним было бы отвести один зал под экспозицию о жизни и творческом наследии великого земляка.

Наш фонд вел переговоры с руководством республиканской ассоциации жертв репрессий. В Алматы закрыты два зала музея репрессированных из-за отсутствия помещения, и нам может быть оказана помощь экспонатами. Есть договоренность с руководством мемориального комплекса «АЛЖИР» по оказанию нам материальной помощи. Начата работа с родственниками репрессированных о передаче личных вещей

узников лагерей – наших земляков. Готово помочь руководство областного музейного объединения. В музеях области немало предметов, принадлежавших в свое время репрессированным землякам. Так что трудности с подбором экспонатов при желании преодолимы.

Хочется надеяться, что управление культуры пересмотрит свое заключение, ибо оно похоже, на экспертизу положительного решения данного вопроса первым руководителем области.

Болат САГИНДЫКОВ,
председатель общественного фонда «Память»,
член Союза журналистов Казахстана

СЕРҒАЗЫНЫҢ СЕРГЕЛДЕҢІ
(Серғазы Нұрмағамбетов)

Бар жалынды жастық шағын қара түнек қапаста өткізген, зорлық-зомбылықтың көкесін көрген Серғазы ақсақалдың сотталатындай еш кінәсі жоқ еді. Ол жазықсыз жазаланды. Түсінікті болу үшін әңгімені әртіннен бастаған жөн болар.

Серғазы Нұрмағанбетов 1910 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Булаев, кейін Возвышен, бүгінде Мағжан Жұмабаев ауданындағы Шаңдақ ауылында дүниеге келген. Бұл елді мекендер алғашында ұжымдық шаруашылықтар болса, кейін кеңшарларға айналған, яғни Ұзынкөл шаруашылығы атанған.

Серғазы алдымен ауыл мектебінде білім алады. Үй шаруашылығымен айналысып, әке-шешесіне қолқабыс тигізеді. Есейіп, ер жеткен соң өзінің зеректігінің арқасында Қызылжардағы заңгерлер дайындайтын курсқа түсіп, оны 1935 жылы үздік бітіріп шығады. Сол жылы ол Қарағанды облысының Сталин ауданында (орталығы Алексеевка) халық соты қызметін атқарады. Кейін осы қызметімен осы облыстың Есіл ауданына ауыстырылады. Ол кезде біздің облыс – Қарағанды облысы деп аталған, бірақ, орталығы Қызылжар қаласы болған. Таңдаған мамандығы өзіне ұнап, көңілден шыққаннан кейін Серекең қызметті тиянақты, жан-тәнімен, адал атқарған. Өзі заңгер болғандықтан заңды айналып өтуге немесе аттап өтуге болмайтындығын жақсы түсінген, заңды бұлжытпай адал орындау ардақты борышым деп есептеген.

Халыққа қайғы-қасірет әкелген зобалаң заман – 37-де келіп жетті. Бұл жылы көп адамдар құрбан болды, атылды, немесе 10, 20, 25 жылдарға

сотталды, жер аударылды. Отыз жетінің дүрбелеңіне алдымен атқа мінерлер, ақылды ел басқарған адамдар ілікті. Серғазыны «Үштік» ұстап, Мағжан Жұмабаевтың туған жиені екенсің, сен де «халық жауысың» деп түрмеге жабады. Алдымен Қызылжардың атақты «ақ түрмесіне» қамалады. Ертеде «Абылайдың ақ үйі», «Абылайдың ақ түрмесі» дегендерді аталарымыз жиі айтатын. Абылайдың ақ үйі болғаны рас, оны тарих дәлелдеп отыр, ал соңғысы – Абылайдың ақ түрмесі деген шындыққа жанаспайды. Абылай түрмені не үшін, кімдерді қамау үшін салғызады? Түрменің болғаны рас, мен оны өз көзіммен көрдім. Қабырғасының қалыңдығы бір метрден асады, тастан қаланған, арасында саусақтың жуандығындай сом темірмен торланған, терезелері өте тар бас сыймайтындай етіп жасалған. Қабырғаларын тек бомбы тәрізді жарылғыштар ғана бұза алады. Түрмені салған, әрине, Патшалық Ресей. Қазақстанның Ресеймен қосылып, бодан болғаннан кейінгі бір ескерткіш – ажал абақтысы осы еді.

Серғазы осы абақтыда жатқанда облысымыздың талай ақсақалдарын, атқа мінер басшыларын кездестіреді. Дәл осы кезде Преснов ауданының бүкіл басшылары қамалыпты, яғни аудан партия ұйымының бірінші хатшысы, аудан Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, аудан прокуроры, аудан соты, оқу, ауылшаруашылығы бөлімдерінің басшылары т.б. зиялы азаматтары еді. Дәл осындай жағдай Есіл ауданына да кездесіп, он бір басшы адамы түрмеге жабылып, сотталады, олардың онына ату жазасы беріледі де, біреуі 25 жылға бас еркінен айырылады. Сөйтіп, тез арада жаппай қырғын басталады. Түрмеде бірін-бірі таныйтындар да, танымайтындар да жетіп жатыр.

Қамалғандардың бәрі де сең соққандай сенделіп, жүректері ойран – асыр, өңдері солғын, көңілдері қаяу, тек «не үшін?» деген бір сұрақ бәрінің бойын мазалайды.

Серғазының алғаш анық таныған Қызылжардағы қазақ театрының директоры Кәрім Жабин мен «Ленин туы» газетінің қызметкері, жас ақын Абдолла Садуақасов болды. Ал, Абдолла мен Серғазы Казкоммунада бірге оқыпты. Кәрім мен Серғазы өткенде Мағжан Жұмабаевпен қонақта болғанда танысқан еді. Осы қарым-қатынас «үндеместердің» құлағына тез жеткен екен. Біздің бар кінәміз осы ғана деп өздерінше тұжырымдаған еді алғашында. Бірақ мәселе ойлағандай болып шықпады, насырға шапты, жағдай күннен-күнге қиындай түсті. «Үштік» ұстап, түрмеге жапқаннан кейін (үштіктің екеуі қазақ, бірі орыс) тергеу, сұрақ пен жауап басталды. Алдын ала тергеуде «Сен, Серғазы Нұрмағанбетов алашордашылар ұйымына мүше болыпсың, онда контрреволюциялық жұмыспен айналысыпсың» деп бетіне таңба басып, қоятын кінәнің басын ашып, турасынан айтқан. Серғазының қайдағы ұйым, алашорда ұйымы ашылғанда жетіақ жастағы бала едім, ал бүгін мен комсомол қатарындамын, партияның, Сталинның жолынан еш тайған емеспін деген сөздеріне тергеушілер еш құлақ аспаған. Қайта өршелене түсіп, дүркін-дүркін жауап алып,

қылмысты мойындап, қағазға қол қоюды талап еткен. Қандай қылмыс, нені мойындауым керек, не үшін қол қоямын? – деген сұрақтар Серекенді жиі-жиі мазалайды, жүрегін тырнайды. Сол сұрақтарға «Жоқ» дегеннен басқа жауап таба алмай жаны қиналады.

– Мен ешқандай ұйымда мүше емеспін, көзім де көрген жоқ ондай ұйымды, – деп бар шындықты айтады Серғазы. – Сондықтан өтірікке қол қоймаймын...

– Сен қасарыспа! – дейді тергеуші. – Оныннан ештеңе шықпайды. – Егер сен осы істі мойындасаң, онда ату жазасын алмайсың, он жылға ғана бас еркіннен айырылып, еңбекпен түзеу колониясына жіберілесің, үйіңмен хат алысып тұруға да құқылы боласың...

Сөйтіп, Серғазыны жарты ай тергеп, күні-түні әурелеп, мәжіліс хатқа (протоколға) қол қойдыру мақсатында жендеттердің жасаған қиянаттары оның әбден титығына жетеді. Одан әрі жүйкесі жұқарып, амалы таусылып, көрген қорлыққа шыдай алмай амалсыздан қағазға-протоколға қол қояды. Тәуекел, ақырын көре жатармын, аз да болса тыныс алайын деген ой шығар. Бірақ, бұл қадам өзіне-өзі көр қазумен немесе өзіне үкімді күнібұрын шығарумен тең еді. Бұдан кейін жағдай қалай болды? 1938 жылдың қаңтар айының басында сотталғандарды Қызылжар түрмесінен шығарып, эшалонмен, қатаң күзетпен, Рыбинск қаласына (Солтүстік Батыстағы) жеткізеді.

– Мен 10 жылға сотталғанымды осы қалаға келгесін естідім, – дейді Серғазы ақсақал. – Бұл қалада 120 мыңдай сотталғандар болдық, бәріміз су электр стансасының құрылысына қатынастық (олардың мың жарымы Қызылжардан) ...

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен алдағы аталған станса-ның құрылысы тоқтатылады. Ондағы сотталғандардың барлығын енді Калинин қаласына ауыстырады. Ол қаланың жанында аэродром құрылысы басталады және соғыс қаруларын, құралдарын жер астына түсіру үшін тереңдігі үш метрдей орлар қазыла бастайды. Барлық жұмыс «тегін құлдардың» күшімен (еш техникасыз) атқарылған. Олар жерді күрекпен қазады, ордың ішіндегі босаған балшықты да сыртқа қолмен шығарады. Мұндай ауыр жұмысқа, мардымсыз тамаққа кез-келген адам шыдай бермейді.

Нәтижесінде ауру да, өлім де көбейіп, жағдай мүшкілге айналған. Көпшілігі елге оралмады. Талай абзал арыстар сол жерде қайтыс болды, елден топырақ бұйырмағаны былай тұрсын, олар сол жердің топырағына адам сияқты көмілмеген (оның ішінде біздің жерлестеріміз де бар). Сондай адам төзгісіз жағдайға төтеп беріп, аман-сау елге қайтқан Серғазы ағамызды нағыз батыр, сүйегі асыл адам деуге болады. Үйткені оның адалдығы, байыптылығы, төзімділігі алға зор үмітпен қарауға көмектескен болу керек.

1946 жылы Серғазы Нұрмағанбетов елге оралды. «Үштік» берген он жылдың тоғыз жылын өтеп, мойыны босап, тар қапастан жарық

дүниеге шықты. Туған елі, өскен жері Булаев (бүгінгі Мағжан Жұмабаев) ауданы Ұзынкөл кеңшарына келді. Осы жерде қолдан келген әртүрлі жұмыстарды атқарып, зейнеткерлікке шығады.

Шәу тартқан шағында бала-шағаның қызығын көргенге не жетсін. Дегенмен, Серекеңнің көкейінен кетпейтін, жүрегінің түбінде жатқан бір сыр бар еді. Ол сыр емес-ау, кешегі жазықсыз жаланың зардабынан қалған күйіктен қалайда ақталу арманы еді. Сол арманға да жетті. 1958 жылы облыстық прокуратураның қозғауымен Солтүстік Қазақстан облыстық соты Нұрмағанбетов Серғазының ісін қайта қарап, УНКВД «Үштігінің» 1937 жылғы шешімін негізсіз деп тауып, қылмысты іс тоқтатылсын деген шешім қабылдайды. «Қылмысты іс тоқтатылсын» бұл қалай? Мен өтеп келдім-ғой. Тек осы қаулыдан көп жылдардан кейін Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуір айындағы қабылданған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» жөніндегі заңына сәйкес Нұрмағанбетов Серғазы ақталды делінген Қазақстан Жоғарғы сотының шешімінде. Бұл шешімді Серекең өз құлағымен естіп кетті. Өмір бойы арқалап келген ауыр жүк арқасынан енді ғана түскендей болды.

Бірақ, 1983 жылы оның жан жолдасы Қайыржан Кәрібайқызы дүниеден өтті. Жасы келген адамға бұл да ауыр жағдай. Серғазы ақсақал осыдан кейін Алматыдағы ортаншы қызы – Гүлнардың қолына барып паналайды. Пәтердің қолайсыздығы (жатақханаға арналған екі бөлмелі үйдің тарлығы). Одан кейін жеке пәтер беру жөніндегі, Алматы қаласы басшыларының құрғақ уәдесі ұзақ сонарға ұласып, Серекеңнің еңсесін тағы түсірді. Жастықтағы көрген тауқыметі өмірінің аяғына дейін созылып, бар ғұмыры сергелдеңмен өтті деуге болады.

Нұрмағанбетов Серғазы Тұрашұлы тоқсаннан асып, дүниеден өтті. Оның артында бір ұлы, үш қызы қалды: Серік, Рауза, Гүлнәр, Үміт, немерелері де баршылық, ол бәрі де жанұялы болды. Ұрпақтары Қызылжарда, Көкшетауда, Қызылордада, Алматыда тұрып, жақсы өмір сүріп жатыр бұл күнде.

Мен Серғазы Тұрашұлын тұғырынан төмендеп, қартайып тоқсаннан асқан шағында көріп едім. Кездескен жеріміз Алматы қаласы. Ақсақал өзінің ортаншы қызы Гүлнәрдікінде тұрады. Ол орта бойлы, қара торы, артық сөйлемейтін сабырлы адам екен. Жігіт шағында көрген қайғы-қасіретінің жоғалмастай қалған ізі білініп-ақ тұр. Маған бір ой келеді. Шіркін-ай, Мағжанды да, Серғазыны да және оның туыстарын да 37 де Сталин және оның жендеттері ауылға іздеп келіп, ұстаған жоқ қой. Ендеше оған кінәлі өзіміздің – қазақ жеріндегі шенғұмар, шолақ белсенділер, үстемдігін асыра орындауға тырысып, өз ағайындарын ұстап берген адамдар кінәлі болмақ демекпіз.

Ғалым ҚАДІРӘЛІ

АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛГЕН ҚОС РЕДАКТОР

Сонау аласапыран заманда өмірге келіп, ел мүддесін қорғап қалуды мақсат тұтқан талай арыстарымыз тарих жадында сақтаулы. Егер қара қылды қақ жарған айбынды батырларымыз ұлттың тұтастығын найзаның ұшымен, білектің күшімен сақтап қалса, ақ пен қызыл арпалысқан алмағайып уақытта арыстарымыз найзаны – қаламға, білекті – білімге алмастырып, ашық майданда күреске шықты. Олардың қаруы білім мен ғылым болды. Мұқан Әйтпенов – солардың бірі.

Мұқан Әйтпенов 1920 жылы «Кедей сөзі» газетінің алғашқы редакторларының бірі болған. Омбы қаласында білім алып, елдің дамуына өз үлесін қосқан қазақ зиялылары жайында көптеген зерттеу жұмыстарын жазған Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Зиябек Қабылдинов өзінің «Сумели сохранить культуру и язык» мақаласында Мұқан Әйтпеновті Омбы облысының Шарбақкөл ауданының тумасы деп жазады. Ол генерал-губернатордың тілмашы болған. Кейіннен уездік комитетте қызмет етіп, «Үш жүз» партиясын құрды. Тарихтан білетініміздей, бұл партия – 1917 жылдың қазан-қараша айларында дүниеге келген саяси ұйым. Партияның алғашқы төрағасы Мұқан Әйтпенов болды. Орталық органы – «Үш жүз» газеті, оған Тоғысов редакторлық етті.

1917 жылдың мамырында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандардың съезінде-ақ «Үш жүз» бен «Алаш» жетекшілерінің арасындағы қақтығыс анық аңғарылған. Сол жылы Омбыдағы кездесуде М. Әйтпенов Ә. Бөкейхановқа өз партиясының бағдарламасын ұсынды. Келіссөз өткенмен, қос партияның жетекшілері ымыраға келе алмады.

«Алаш» пен «Үш жүз» партияларының арасындағы күрес негізінен басылым беттерінде жүрді. Ол жөнінде жазушы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романынан оқуға болады. Жазушы кітапта М. Әйтпеновпен жақын араласқанын да жазған. 1919 жылдың наурызында концлагерьден қашқан С. Сейфуллин М. Әйтпеновтің Петропавлдағы үйінде жан сауғалаған.

Партия басшылығына Қазан төңкерісінен кейін М. Әйтпеновтің орнына Көлбай Тоғысов келді. 1918 жылдың жазында партия елеулі күшке айнала алмай тарады. 1919 жылы К. Тоғысов ату жазасына кесілді.

М. Әйтпеновтің зайыбының есімі – Бәтима. Мұхамеджан деген ұлы болғаны белгілі. Оны өткен ғасырдың 20-шы жылдары бандылар атып кетті, деп жазады 2010 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген мақаласында қарағандылық Шалқарбек Кәрібаев. Бұл

мақалада автор қоғам қайраткері Жанайдар Сәдуақасовтың Омбы қаласында білім алып жүрген уақытында М. Әйтпеновтің үйінде тұрғанын айтады.

«Солтүстік Қазақстан» газетінің 90 жылдық мерейтойына орай жарық көрген «Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі» атты кітапта М. Әйтпеновтің «Кедей сөзі» газетіне редакторлық еткені жөнінде былай делінген: «Кедей сөзінің» бірінші саны 1920 жылдың 22 ақпанында шыкса, екіншісі наурызда бір-ақ жарық көрген. Новосибирск облыстық партия комитетінің мұрағатындағы құжаттарға қарағанда, 1920 жылы «Кедей сөзінің» редакторы большевиктік партияның байырғы мүшесі Мұқан Әйтпенов болған».

М. Әйтпенов «Кедей сөзі» газетіне редак-торлық еткен 1920 жылы Смағұл Сәдуақасовтың, С. Қыпшақбаевтың, Өтел Сариннің мақалалары жарияланғанды. «Солтүстік Қазақстан» газетінің 85 жылдық мерейтойына орай шығарылған «Дәуір-дастан» кітабында 1920 жылы «Кедей сөзі» газетінде Өтел Сариннің «Оян, бейнетқорлар!» атты мақаласы басылғаны баяндалады.

М. Әйтпеновтің газеттегі қызметі ұзаққа созылмаған көрінеді. Ол 1920 жылдың ақпанынан бастап шілдеге дейін редакторлық еткен. Одан кейін газеттегі басшылық қызметті Смағұл Сәдуақасов, Әбілхайыр Досов жалғастырған. Оның газеттен кейін қандай қызмет атқарғандығы жөнінде деректер табылмады. Ал 1937 жылы М. Әйтпенов ату жазасына кесілді.

1920 жылдың аяғында «Кедей сөзі» газетінің редакторы болып Темірболат Телжанов тағайындалды. Ол Омбы қаласының маңындағы Қаникей мекенінде дүниеге келген. Темірболат Телжанов 1898 жылдан омбылық қазақтар арасындағы саяси-қоғамдық жұмысқа белсене араласа бастаған. Алғашында Ақмола облысының шекарасында «Алаш» ұлттық-демократиялық қозғалысына қатысқан. Кеңес өкіметінің «Алаш» қозғалысының қатысушыларына саяси кешірім жасағаннан кейін ол 1919 жылы кеңестік-партиялық органдар қызметіне ауысып, 21 жасында большевиктер партиясына өткен.

Елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан Т. Телжанов 1919-1921 жылдар аралығында Сібір БКП бюросының (б) ресми органы – «Кедей сөзі» газетінің редакциялық алқасына мүшелікке сайланды. Бұл туралы кеңестік зерттеушісі В. Познанский былай деп жазады: «Сібір бюросы ОК РКП (б) «Кедей сөзі» газетінің редакциялық алқасын құру мәселесін шешу барысында Ғ. Тоғжановпен қатар Сібір облыстық татар-қырғыз бюросы РКП (б) ұйымдастырушылары атынан Т. Телжанов, сондай-ақ, алқа құрамына партияда жоқ белгілі қазақ ағартушысы М. Жұмабаев сайланды».

«Кедей сөзі» газетінде Т. Телжанов жаңа мектептер ашу қажеттілігі мен қазақ балаларын жоғары оқу орнына түсіру, өлке тарихын зерттеу,

ұлттың үйлену мен жерлеу ғұрпындағы бірқатар ескірген тұстарды жою туралы, жергілікті мал тұқымдарын жетілдіру сынды көкейкесті мәселелерге арнап көптеген мақалалар жариялайды. Газетті аптасына бір рет шығару жоспарланады. Алайда, ол айына бір рет шығарылып тұрады. Осы тұста аталмыш газеттің беттеушісі, атақты балуан Қажымұқан Мұнайтпасұлы болғандығы жөнінде дерек бар, дейді Зиябек Қабылдинов.

2013 жылы Темірболат Телжановтың ұлы КСРО халық суретшісі Қанафия Телжановпен сұхбаттасқанымда әкесі мен атасы Телжан болыс туралы айтып берген еді. Оның арғы атасы Телжан болыс 1906 жылы патша өкіметі Ақмола облысының аумағында екіжылдық орыс-қазақ мектептерін аша бастағанда Ақмола әскери губернаторына өзінің жерлестері үшін осындай мектеп салуға өтініш жасаған екен. Мектепке өз үйін ақысыз берген екен. Мектеп ашылған ауыл болыстың құрметіне Телжан ауылы (қазіргі Уәлиханов ауданында) деп аталып кеткен.

1921 жылы Т. Телжанов Сібір революциялық комитетіне қарасты ҚАССР өкілдігінің ресми баспа органы – «Бостандық туы» газетінің редакторы қызметін қоса атқарады. 1922 жылы ол республикалық «Еңбекші қазақ» газетінің (бүгінгі «Егемен Қазақстан») ұйымдастырушысы әрі бас редакторы болды.

Саяси қуғын-сүргін Темірболат Телжановты да айналып өтпеді. 1937 жылдың 4 қарашасында ол тұтқынға алынып, 1938 жылдың 15 сәуірінде Ленинград облысы бойынша НКВД «үштігінің» қаулысымен ату жазасына кесілді.

Қазақстан егемендік алған 1990 жылы Т. Телжанов толық ақталады.

Бақытжан ЖОЛДАСҚЫЗЫ,
журналист

«ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫННЫҢ» ҚҰРБАНДАРЫ

Қазақ қазақ болғалы небір азаптарды бастан кешкені белгілі. 1925 жылдың қыркүйегінде билік басына келген Голощекин біздің елімізде «Кіші Октябрь» деп аталған науқанды ұйымдастырды. Бұл қазақ халқының еңсесін көтеретін шара емес, керісінше, езіп-жаншитын, оның басына әдейі төндірілген нәубет болатын. Сөйтіп, сол науқанның соңына ілесе 1928 жыл келді. Ол – кәмпескелеу еді. Одан әрі 1932-1933 жылдар жалғасты: елді ашаршылық жайлады.

1937-1938 жылдардың зобалаңы да ұмытылмақ емес.

«Қызыл қырғынға» тап болғандардың арасында қолдарына қалам ұстаған журналистер де болды. Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұрағаты мен «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы елімізде 125 журналистің саяси қуғын-сүргінге ұшыраганын анықтаған. Сол зерттеу жұмыстарында былай делінген: «Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінің редакторлары Шайдулла Молдабеков, Сейілбек Үсенов, Хасенбай Сахабин, жауапты хатшы Абдолла Садуақасов, әдеби қызметкері Жахия Уақбаев, осы газетті «Бостандық туы» аталып тұрганда басқарып, одан Жетісудағы «Тілші» газетінің редакторы болған Сабыр Айтхожин, Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленинское знамя» газетінің жауапты хатшысы Мария Утина, қызметкері Александр Меньшиков... секілді ондаған азаматтардың тағдыры оққа байланды».

Кезінде қуғын-сүргінге ұшыраган қаламгерлер Сейілбек Үсенов пен Ғаббас Бегеев сияқты ағаларымыздың үстінен қозғалған істермен танысу үшін облыстық ішкі істер департаментіндегі ақпараттық-талдама орталығының бастығынан арнайы рұқсат алуыма тура келді. Мұндай құжаттар бұған дейін облыстық ұлттық қауіпсіздік департаментінде сақталатын.

Сейілбек Үсеновтің үстінен қозғалған істі қолға алдым. Ол 1905 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында кедей шаруаның отбасында туған. Мектепті жақсы аяқтаған. Кейін Шымкент, Ташкент қалаларындағы педагогикалық техникумды, институтты бітірген. Жиырма жасында Шымкенттегі қазақ педагогикалық техникумында еңбек жолын бастаған. Одан әрі мектеп директоры, аудандық партия комитетінің хатшысы және газет редакцияларында жауапты қызметтер атқарған. 1927 жылы К «б» П-нің мүшесі атанған.

Сейілбек Үсенов 1936 жылдың тамыз айында облыстық «Ленин туы» газетінің редакторы қызметіне тағайындалады. Өкінішке қарай, ол бұл орында көп бөгелмейді. Олай болатын себебі, НКВД-ның жансыздары оның соңына шырақ алып түсіп, маза таптырмайды. Сейілбек сияқты ұлтжанды әрі лауазымды қызметтегі жанға сол алмағайып заманда жала жабу түк емес қой. Ол 1937 жылдың 4 қараша күні қызмет орнында ұсталып, қамауға алынады. Газет редакторына 1932 жылдан бастап ұлттық-фашистік ұйымның мүшесі болды, кеңес өкіметіне қарсы баспасөз беттерінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді және басқа да жат әрекеттер жасады деген айыптар тағылады. Бұл сол кездегі РСФСР Қылмыстық кодексінің өте ауыр 58-бабы болғандықтан, оған әлгі баптың 4 бірдей тармағы қосылатындықтан, Сейілбектің аман қалмайтыны анық еді.

Үштіктің үкімі 1938 жылдың 25 қыркүйек күні түнгі сағат 23.55-те орындалған. Сейілбектің артында жан жары – Фарида, балалары – 6

жастағы Калима мен 5 жастағы Сәлім қалған. Сейілбек Үсенов арага 21 жыл салып барып, 1959 жылдың 23 наурызында ақталды.

Ғаббас Бегеев деген ағамыз 1905 жылы қазіргі Жамбыл ауданының Майбалық ауылында өмірге келген. Бұл ағамыз да сауатты, беделді болған. 1926-1937 жылдар аралығында, қамауға алынғанша, К «б» П-нің мүшесі. Кеңес партия мектебінің марксизм-ленинизм курсын тамамдаған. Атқарушы органдарда жауапты қызметтерде істеген. 1936-1937 жылдары Бейнетқор аудандық (қазіргі Аққайың ауданы) «Социалистік еңбек» газетінің редакторы және облыстық «Ленин туы» газетінің меншікті тілшісі болған.

НКВД-ның жендеттері Ғаббас Бегеевке де неше түрлі жала жауып, «халық жауы» деп шығарған. Ол ұлттық-буржуазиялық, бүлікшілдік-кестік және диверсиялық-зиянкестік ұйымның мүшесі, Смағұл Садуақасовтың жақтаушысы деп танылған. Оның 1928 жылы байдың қызына үйленіп, той өткізгені де кінәсін ауырлата түскен.

Ақыры не керек, ол 10 жылға сотталады. Ғ. Бегеев жазасын өтеп жүргенде елден жырақ жерде, Севастополь қаласында 1940 жылы 11 қаңтарда көз жұмған. Оның артында іңгәлап бесікте жатқан сәби ұлы – Қайрат, 3 және 5 жастағы қыздары – Күлжан мен Күлбаршын, 8 жастағы ұлы – Қайырбек, зайыбы Биға қала берді. Зұлмат заманда тағдыры оққа байланған кінәсіз жан 1968 жылы ғана Жоғарғы соттың әскери алқасының шешімімен толық ақталды.

Иә, қазақ халқының басына түскен сол зобалаң қаралы жылдары Сейілбек Үсенов, Ғаббас Бегеев сияқты 30-дан асар-аспас жастағы қаншама арыс азаматтарымыз қыршынынан қиылды десеңізші?! Оларды ұмытуға қақымыз жоқ.

Қошан ҚАЛИЕВ,
журналист

«ҚАРЛЫКӨЛДІҢ» ҚАС БАТЫРЫ

«Қарлыкөлдің» қас батыры немесе осы елдің тумасы, үш «Даңқ» соғыс ордендерінің иегері – Әбілқайыр Бегәліұлының ерлікке толы таңғажайып тағдыры туралы естелік.

1941-45 жылдары Жердің жүзін дүр сілкіндіріп, адамзатты өз қанына бөктіріп, тірі жан дүниесін түршіктіріп, ойына келген ойранын салған фашистік Германияның Ұлы Отан соғысындағы масқара жеңілісіне биыл 70 жыл болып қалыпты. Осы соғыстың сан алуан қырлы күрделі тарихы кешегі Кеңес дәуірінде Коммунистік партияның ықпалымен және тоталитарлық биліктің нұсқауымен бір сарынмен

жазылып, соғыстың себеп-салдары мен небір ащы шындықтары туралы ашық айтуға, сұрауға және білуге мүлдем болмайтын еді. Қазір еліміз егемендік алғалы төл тарихымызды толық қанды зерттеуге зор мүмкіншілік жасалып, ақиқаттар жалғандықтан аршылып, тарихтың таразысына таза тартылып, тың деректермен толықтырылып, заманауи талапқа сай ғылыми сараптаудың нәтижесінде қоғамның әділ де және оң бағасын алып жатыр. Соның бір мысқалдай ғана мысалы ретінде осы уақытқа дейін жұртқа әлі мәлім емес деректі бір әңгіменің ақиқатын айтуға рұқсатын алдым. Себебі, өткен ғасырда 1917 жылы болған Қазан төңкерісінің дүмпуімен басталып, соғыс біткен 1945 жылға дейін және одан да кейінгі біраз уақытты қамтыған кешегі қолдан жасалған қуғын-сүргіннің дүйім елді діңкелеткен құтқармас ұзын құрығынан ұзақ жылдар бойы бойларын тасалап, жандарын сақтап, бүтін бір әулеттің бастарын аман алып шыққан бес ағайынды арыстардың шытырман оқиғаларға толы таңғажайып тағдырлары туралы естеліктер жанымды толғандырып, еркімді жазуға итермеледі.

2011 жылдың қазан айында Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев, ал қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының атақты «Тамань дивизиясы» атындағы елді мекенінен Петропавл қаласына көшіп келіп, құдайы көрші болған Айкенов Назымбек ағамыз (12.05.1942 ж.т.) 2012 жылы 70 жасқа толып, ал 42 жыл жұптары жазылмаған жанжары Нурикамал (Шәрбану) Әбілқайыр қызы (20.03.1952 ж.т.) 60 жасқа толып, жанұясы жарасқан қос зейнеткер жаңа қоныста ел-жұртының ортасында мерейтойларын өткізді. Екеуі де 2012 жылдың 9-ыншы қыркүйек күні Ақмола облысының Зеренді ауданындағы Қарлыкөл ауылында өткен Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Әбілқайыр Бегәліұлының (1912 ж.–1981 ж.) аруағына арналған ғасырлық асында болып қайтты. Олардың осы аста елдің аузынан естіген даңқты әкелерінің ерлік және игі істері туралы әсерлі әңгімелерін мұқият тыңдап, сол жақтан әкелген «Көкшетау» газеті (06.09.2012 ж.) мен өзім алатын «Бұқпа» газетінде (№35, 06.09.2012 ж.) жарияланған көлемді мақалаларда оның асқан ерліктер көрсетіп, соғысқан жерлері (Сталинград шайқасы, Курск иіні, Қырым түбегі, Перекоп, Севастополь, Сапунгора, Бақшасарай, Ялта) мен бейбіт өмірдегі жемісті еңбек жолдарына зер салдым. Үш «Даңқ» ордендерінің иегері Әбілқайыр Бегәліұлына берілген үш орденнің екеуі бірдей – үшінші дәрежелі де, ал қалған біреуі – екінші дәрежелі екен. Сол себепті Кеңес Одағы Батырларына заң жүзінде мәртебесі теңестірілген бірінші, екінші және үшінші дәрежелі «Даңқ» ордендерінің толық иегерлерінің Қазақстандағы қазіргі саны 110 болған тізіміне оның аты ешқандай мекемеде енбей қалыпты. Мемлекеттік марапаттар туралы бекітілген ережелерде үш дәрежесі бар ордендер өз кезегімен бір-бірден ғана иесіне тапсырылуға тиісті болса, ал үшінші дәрежелі орденді

екі рет бірінің артынан келесіде дәл сондайын беру көрсетілмеген. Мұндайды бұрын заңгерлер орысша «юридический казус» десе, ал қазір қазақша «сорақылық, шырғалаң» деп аударылып жүр. Сұрапыл соғыстың дәл қайнаған шағында жердегі дүниенің бәрі астан-кестен болып жататыны белгілі ғой. Сол кезде жоғары жақтан жіберілген сорақы қателіктердің сан алуан түрлерінің қазір беттері ашылып жатыр. Менің пайымдауынша осы шырғалаңнан шығатын бір жол бар сияқты. Ол кешегі құрып кеткен Кеңес Одағының қазіргі құқықтық мирасқоры (правопреемник) Ресей мемлекетінің өкілетті органдары соғыстың марапаттау құжаттарындағы жіберілген қателіктерді түзей алса, онда мұндай заңды мүмкіншілікті тиімді пайдалана білудің нәтижесінде иесіне берілуге тиісті бірінші дәрежелі «Даңқ» орденінің орны толады ғой. Ол үшін көпшіліктің қолдауымен еліміздің тиісті органдары арқылы заң жүзінде қозғау салу керек. Күні кеше ғана осындай жолмен соғыста батырлықтың асқан үлгілерін көрсеткен Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлына, Халық Қаһармандары Қасым Қайсеновке, Рақымжан Қошқарбаевқа, Хиуаз Доспановаға және т.б. кеш болса да лайықты атақтарын алуларына қол жеткіздік қой. Ал үш «Даңқ» ордендерінің иегері Әбілқайыр Бегәліұлының ерліктерін дәлелдеудің еш керегі жоқ, тек жоғарыда көрсетілген құжаттық кедергілерден заңды жолмен бүкіл ел болып өткізуіміз керек. Осындай бітім болмысы мен батырлығы дап-дайын ерді Ұлы Отан соғысының Батырларының алып жұлдыздар шоғырында жарқырата алсақ, онда нұр үстіне нұр жауып, елімізге абырой және айтулы батырымызға кеш болса да көрсетілген лайықты құрмет болар еді.

Осындай оймен және тумысынан табиғи қара күштің иесі, қолдары қарулы, батырдай ірі денелі Әбілқайыр Бегәліұлының палуандық өнерін ел-жұртына онша мәлім емес жағынан көрсетуді жөн санап, оның күйеу баласы, үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иегері – көршім Назымбек Айкеновтың палуан қайын атасы туралы естелігімен баяндайын. Әлқисса, сонымен 1970 жылдың 27 маусым күні бұрынғы Булаев ауданының Тамань селосындағы Назымбектің үйіне Көкшетау жақтағы Қарлыкөлден 15 адам құдалар сау ете түседі. Себебі, осының алдында ғана 28 жастағы сүрбойдақ Назымбек осы ауылдағы туысына қонаққа келген, 10 класты жаңа ғана бітірген, 18 жастағы үрімдей көркем Нурикамал Әбілқайырқызын қатты ұнатып, алып қалған ғой. Қайын атасы Әбілқайырды бірінші рет көргенде Назымбек өзінің бойынан (175 см.) атасының бойы әлдеқайда биік, денесі құйылған сом темірдей тік, кең жауырынды, мойыны мен білектері жуан, саусақтарының жұмыр екенін байқаған. Оң аяғы тізеден жоғары жоқ, қос балдақпен тұрған қайын атасының алдында Назымбек бір тізесін бүгіп, күйеу ретінде иіліп сәлемдесіпті. Оң қолымен күйеу баласының басынан сипап: «Қызымды алған екенсің, бақытты

болыңдар!» – деп қайын атасы оң батасын беріпті. Қаншама кездессе де Назымбек табиғатынан тұйық қайын атасының қалай соғысқаны туралы ашылып бір айтқанын және ордендері мен медальдарын жарқыратып таққанын бір де көрмепті. Бертін келе күйеу баласына бір рет шешіліп айтқан қайын атасының бір әңгімесі шынында да қызық екен. Соғыстың алдындағы бір жылы жігіт Әбілқайыр көк ала атпен бір жаққа жолаушылап бара жатып, жол-жөнекей Айыртау ауданынында колхозшылардың үлкен жиын-тойына (слет) соғады. Сол тойда қаумалаған қалың жұрттың ортасында бір түйе палуан күресуге шыққан 4-5 палуанды шетінен жығып, сосын ешкім шықпағасын: «Тағы кімің бар менімен күресетін?» – деп айғай салып тұр екен. Ешкім тайқақсып шыға қоймайды. Сол кезде шетте тасада тұрған Әбілқайыр: «Мен бармын» – деп атынан түсіп, шап беріп түйе палуанмен белдесе кеткен екен. Шалт қимылдап, түйе палуанды жамбасқа алып ұрғанда салмағынан жердің шаңы бұрқ етіп, сұлап жатқан қарсыласының басынан бір аттап жүре берген. Мынадай оқыс көрініске ел шу ете түскенде Әбілқайыр жылдам көк ала атына міне сала тез ғайып болыпты. Әп сәтте не болғанын түсінбей қалған түйе палуан жатқан жерінен атып тұрып: «Анау көк ала аттыны тоқтатыңдар, мені жыққан кім өзі?» – деп соңынан айқайлап қала беріпті. Содан бері екі палуан 40 жылдан аса бір-бірімен кездеспеген екен. Бірақ құдай тағы кездестірейін десе оның қолында ғой. Тағдырларының жазуымен екі палуанның бастары екінші рет қызық жағдайда тоғысыпты.

1980 жылдардың басында жаңа жылдан кейін күйеу баласының үйінде бір жұмадай қонақтап болған қайын атасын Назымбек автокөлігімен алыстағы Қарлыкөлге апарады. Жолдағы Аралағаш ауылында бөлімше басқармасы Сәдіров Зәйтөн деген туысының үйінде түстенеді. Ас үстіндегі әңгімеде сөзден сөз шығып, осы ауылда төңірекке аты шыққан түйе палуанның әбден қартайып, бала-шағасымен тұрып жатқанын естиді. Елең ете қалған Әбілқайыр ақсақал Назымбекке қолқа салып, түйе палуанның (атын ұмытыпты) үйіне апарғызады. Бұлар кіріп барып, пештің жанында отырған сақал-шашы аппақ, ақ киімді, 80 жастан асқан қарияға сәлем бергенде: «Қарағым, танымадым, кімсіңдер?» – деп жөн сұрайды. Қайын атасы жымиып тұрып: «Руым Қарауыл, Қарлыкөлде тұрамын, танымайтын шығарсыз. Есіңізде бар ма, сізді жығып, көк ала атпен қашқан мен едім!» – деп жауабын береді. Қария аңтарыла қарап тұрып: «Атың Әбілқайыр ғой, сені бір көруге зар болып жүр едім» – деп орнынан түрегеліпті. Сөйткенде Әбілқайыр ақсақал екі балдағын тастай сала қарсы ұмтылып, бір аяғы шолтаңдап қарияның кең құшағына көміліп кеткен екен. Таңданғаннан есі шығып кеткен Назымбектің көргені қайын атасымен салыстырғанда қария өте зор, еңсесі биік, жүн басқан жуан білектеріне сай бармақтары да ірі екен. Нар тұлғасына қарап, кезінде қарияның нағыз

түйе палуан болғанына тәнті болыпты. «Әй, Әбілқайыр, сенің бір аяғың қайда?» – деген қарияның сұрағына: «Аяғымнан соғыста айырылдым. Аяқ астынан осында екеніңізді естіп, жолымнан бұрылып, әдейі сізге сәлем беруге келдім» – деп қайынатасы ізеттілік танытыпты. Ілезде келініне қария дастархан жайғызып, әңгіменің көрігін қыздырған екі шал дәм үстінде бір шөлмек ақ арақты тауысып, екінші шөлмекті орталағанда: «Әй, Әбілқайыр, мен осы төңіректе жауырыны жерге тимеген атақты палуан едім. Сен мені алып ұрып, басымнан аттап кеткенің жаныма қатты батты ғой. Бір көруге зар болып жүргенде құдай айдап, екеуімізді менің үйімде дәм үстінде кездестіргенін қарашы! Мынау қасыңдағы сенің балаң ба, аты кім?» – деп Назымбекті нұсқапты. Күйеу баласының кім екенін біліп алған қария оған орталанған жартыны көрсетіп: «Мына қалғанды біз бітіре аламыз ба?» – деп сынай қарапты. Назымбектің сонда: «Жүйрік аттың шабысы қалса да қырындауы қалмайды. Екі палуанға екі жарты жұғын да болмайды ғой» – деп әзілдеген жауабына риза болғаны ма: «Мына баланың тілінде бар екен, айналайын, бақытты бол!» – деп қария оң батасын беріпті. Қартайғанда екі палуанның сырлары кетсе де сындарының әлі сыр бермегенін Назымбек көршім тамсанып тұрып осылай айтқан еді.

Соғыстан кейінгі еңбек заңдылықтарының талаптары бойынша 1-інші мен 2-інші топтардағы мүгедектерге жұмыс істеуге онша рұқсат етілмейтін, ал шамалап зейнетақы төленетін. Үйдегі қара қазанның қамын ойлап, қос балдақпен Әбілқайыр ауыл шаруашылығында екі қолынан келген күзетшілікті еркін атқарып, тапқан еңбек ақыларын әйелі Мәржанның атына жазғызып, бала-шағасын үнемі жеткілікті түрде өле-өлгенше асырап өткен екен. Қолдары бос кезінде есік алдында жаздағы көгалда ауылдың балаларын жиі жинап, оларды күрестіруді ермек қылады екен. Күрестің қызығымен тіпті қызып кетіп, қос балдағын ұмытып, орнынан атып тұрып, балаларға айла-тәсілдерін көрсетемін деп ұмтылғанда талай етбетімен құлаған кездері де болыпты.

Ал енді Бегәліұлы Әбілқайырдың қызы Нурикамал апамыз ұзақ жылдар бойы қуғын-сүргіннің зардаптарын әбден тартқан бай әулетінің бастарынан кешкендерін өз әкесінің ауызынан естіпті. «Қарлыкөл» деген үлкен көлдің төңірегін жайлаған арғы атасы Наурызбайдың ер балалары Бегім, Бегәлі, Жүсіп, Кәсен болса, ал олардың ішіндегі мыңғырған ең байы Бегәлі қазақ жеріндегі 500 ірі байлардың тізіміне ілігіп, мал-мүлкі тәркіленіп, өзі айдалып кетіпті. 1928-30 жылдары басталған осы науқаннан жасырған мол дәулеттің бір бөлігін ақшаға, алтын мен күміс бұйымдарға және құндыз терілерге айырбастап үлгеріпті. Осы асыл заттар ұзынсонар қуғын-сүргіннің кезінде артта қалған бала-шағаны асырауға мол жетіп, ақшалары таусылғанда сом

алтындар ашаршылық жылдары таба нандарға айырбасталып, жандарын сақтап қалса керек. Қуғынның ұзын құрығы «байдың тұқымдары» деп ағайын-туыстарына салына бастағанда олардың жасөспірім балалары Қабділ мен Қабдырахман Бегімовтар, Жүсіпов Қали, Кәсенов Нығметжан, Бегалин Әбілқайыр, оның кіші қарындасы Ғалия мен шешесі Сағила және т.б. бірге үдере көшеді. Петропавл қаласын бетке алып, көзге түспес үшін темір жолға тым жақындамай, оның бойымен түнде жүріп, күндіз қалың шіліктің ішінде жасырынып, демалып жатады екен. Көбінесе осы жол бойындағы мініс аттарын суаруға көлдерді жағалап, қысылғанда қалың қамысқа тығылған кездері де болыпты. Осылай қашып жүрген қысылтаяң және ашаршылық уақытта жолдағы Ұзынкөл деген жерде Әбілқайырдың анасы Сағила қайтып, сол маңайдағы Шаңдақ деген ауылдың зиратына жылдам жерлеп, өздері сол жерден тез жоғалыпты. Себебі, Қарлыкөл жақтағы ел-жұртымен жасырын байланыстарын үзбеген, бұларды «қасқырдың бөлтіріктері» деп іздеп жүрген қуғыншылардың қашан шыққанын және қай жақтан келетіндерін күні бұрын біліп отырған. Қуғынның алдын ала іздерін суытып, ұзақ уақыт ұстатпай қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы және Аққайың аудандарындағы ауылдардың төңірегіндегі қалың ағаштарға жасырынып, сол маңайдағы таныс туыстарын жағалап, паналаған жерлерін жиі ауыстырып отырған. Соғыстың басталған жылы жаз айларында Қызыл ту және Еңбек деген ауылдарды төңіректеп жүргенде қуғынның хабары жетіп, қарындастары Ғалияны осы елдегі туыстарына аманат етіп қалдырып, қалғандары Аралағаш деген ауылдың маңындағы қалың ағаштарға келіп тығылады. Күндіз жасырынып, кезекпен күнде біреуі ғана шығып, жақын елдерден тамақ тасыпты. Күз басталғанда тағы да қуғынның суыт хабары жетіп, бес ағайынды бұлар – Қабділ мен Қабдрахман Бегімовтар, Жүсіпов Қали, Кәсенов Нығметжан және Бегалин Әбілқайыр түнделетіп қашып, Петропавл қаласының вокзалынан жүретін поездың босаған вагондарының біріне жасырынып үлгеріпті. Жүйткіген поездың ұйтқыған суық желінен бұлар дірдектеп, көтерілген таскөмірдің тозаңы көздері мен ауыздарын аштырмай, вагонның бір бұрышына барып тығылыпты.

Бір біріне жабысып, жүн шекпендерін жамылып, денелерімен өздерін жылытып, алып шыққан үлкен шақпақ қантты кезек сорып, талғажау қылыпты. Қанша жүргендерін білмейді, бірнеше күндерден кейін поезд таң ата бір жерге ұзақ тоқтайды. Біреуі түсіп маңайын байқап келсе Новосибирск қаласынан бірақ шығыпты. Ешкім жоқ кезде бір-бірлеп түсіп, ең жақын орманға тығылады. Көмірдің тозаңынан тек көздері мен тістері ғана жылтырап көрініп, қап-қара түске боялып шыққан ғой. Табылған суық сумен дірдектеп жуынып, киімдерін тазалап, естерін жинағасын енді не істейтіндерін өзара ақылдасыпты. Ішіндегі ең үлкені Қабділдің: «Елге барсақ «қасқырдың бөлтіріктері» деп бізді

оңдырмайды, кейін қайтатын жол жоқ. Соғысқа барамыз, онда, әйтеуір, бір тілім нан мен бір стақан шай береді. Нар тәуекел, не болса да сонда көреміз, өлсек соғыста өлеміз!» – дегенін қалғандары қостайды. Сұрастырып Новосибирск қаласының соғыс комиссариатын тауып, төртеуі еш тексерусіз соғысқа сұранған еріктілердің тізіміне ілігіп, ал 18-ге толмаған Нығметжанға жылы жүзбен қараған орыстың әскери адамы: «Ты еще маленький, хочешь учиться, пойдешь в милицию?» – деп сұрайды. Түсінбесе де жылы сөзге жаны елжіреген Нығметжан: «Буду, буду!» – деп орысша бар білгенін айтып, басын изей беріпті.

Сөйтіп жолдары ашылып, қоштасатын сәт жеткенде үлкені Қабділ: «Нығметжан, сен бізден қалып барасың, өздері жібермесе, сен соғысқа сұранба, елге біреуіміз тірі қайту керек. Біз төртеуіміз соғысқа кетіп барамыз, тірі қалғанымыз Қызыл ту мен Еңбекте кездесейік, онда Ғалия бар ғой!» – деп ақылын айтып, төрт ағасы соғысқа аттанып кетіпті. Новосибирск қаласында Нығметжан милицияның 6 айлық курсында оқып, жанын сала орысшаны тез үйреніп, «Казах, молодец!» – деген ылғи мақтаумен жақсы аяқтапты. Жасы әлі толмаса да боларда болмай қайта-қайта сұранып, соғысқа ағаларының соңынан кетіпті. Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз ешкім өлмейді ғой. Құдай өлімнен сақтап, бесеуі де соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, Булаев ауданындағы өздері келіскен жерде қалған жан бастарымен тегіс қосылыпты. Жалғыз Әбілқайыр ғана екі-үш рет жараланып, оң аяғын екі жерден кескізіп, соғыстың 2 топтағы мүгедегі болып оралса, ал қалған төртеуі соғыста ешқандай жарақат алмапты. Өздері де осыған таң қалып, құдайдың бұларға жасаған рақымшылығы деп мойындап, ризашылықтарын үнемі ауыздарынан тастамайды екен.

Қуғын-сүргіннен әбден зәрезап болған бұлар соғыстан кейін де Қарлыкөл жаққа жоламапты. Елдеріне біреуі білдірмей барып, соғыстың зардабынан әбден естері шыққан елдестерінің бұрынғыдай біреулерді аңдып, қуғындауға шамасы жоқ екеніне көздері жеткесін ғана осы ауылға 1950 жылдардың басында бір-бірлеп ақырын көше бастайды. Ал соғыста милицияның оқуын бітірген Кәсенов Нығметжан осы салада зейнет жасына дейін Көкшетау өңірінде абыроймен қызмет атқарыпты.

Әбілқайырдың қызы Нурикамал да әкесінің соғыс марапатттарын жарқыратып тағып, қалай соғысқаны туралы мақтанып айтқанын бір де естімепті. Тек жоғарыда қуғында кешкен азаптарын және соғыста ауыр жараланғанда көрген таукыметін ішінен тамтұмдап қана ақтарыпты. Кескілескен қан майданда Әбілқайырдың дәл қасына түсіп, жарылған снарядтан оң жақ аяғының ып-ыстық болғанын сезіп, сосын есінен айырылыпты. Үлкен сарайдың ішінде есін жинап, жан-жағына қараса айналасындағы қиналып ыңырсыған, ыңқылдап айқайлап көмекке шақырған ауыр жаралылардан аяқ алып жүргісіз екен.

Жаздың аптап ыстығында судай ағып, сасыған қан мен өлгендердің иістері кеңсірік пен қолқаны жарып, жүрегін айныта лоқсытып, тұншыққандай хал кешіпті. Тізеден төмен кесілген оң аяғы дәкемен тастай таңылып, сыртына шыпшып шыққан қанға үймелеген өліктің қара шыбындары қаптап кетіпті. Ашыта қышыған жарасы жанына қатты батып, ішіндегі жегідей жыбырлаудың үдеуіне шыдай алмаған Әбілқайыр дәкені жұлып тарқатыпты. Кесілген жаралы сирақтағы быжынаған аппақ құрттардан гангренаның басталғанын біліп, дәрігерлер оның аяғын тізеден жоғары кесуге тағы да мәжбүр болыпты. Госпитальда емделіп, соғысқа енді жарамсыз деп танылса да елге қайтуға қорқып, шаруашылық бөлімде қалдыруына көндіріпті. Қос балдақпен жүріп, соғыста өлгендердің қалталарынан құжаттарын жинап, денелерін окопқа қатар жатқызып, шинельдерімен жауып отырған. Қазақтың не мұсылманның мүрделері кездессе ашық көздерін жауып, етіктерін шешіп, шұлғауымен олардың бастарын орап, бір уыс топырақ сеуіп, «Аллаh акпар!» – деп қолын жайып, бетін сипап, яғни Қабділ ағасының бұрын үйреткендерін бұлжытпай орындап отырыпты. Арасында табылған тірі жаралыларды апарысып, атпен су және тамақ тасуға көмектескен, сөйтіп шамасы келгенше соғыстың аяғына дейін қалуға тырысқан.

Бейбіт өмірде соғыстан кейін ежәптәуір уақыт өтіп, Қарлыкөлдегі ел-жұртында Әбілқайырдың үйінде бес ағайынды арыстардың бастары қосылып, дәм үстінде кездескен сайын өзара шүйіркелесіп, тағдырларының тауқыметін талдап, шерлерін бір тарқатып алады екен. Сондағы үнемі айтатындары: «Біз осы топыраққа енді келеміз деп ойладық па? Ұрпақ көреміз деп ойладық па? Топыраққа да келдік, ұрпақ та көрдік! Енді бізде қандай арман бар?» – деп егіліп, қосылып тұрып жылайды екен. Бала- шағаларының көзінше аң-таң қылып, шау тартқан үп-үлкен кісілердің кәдімгі бордай езіліп жылағандарын талай көрген Нурикамал осы көріністі есінен әсте шығарған емес. Бұл шын мәнісінде арқалаған аманаттың сенімі ақталып, ақырғы ақтық армандарының өмірде шын орындалғанына көздері жетіп, жан дүниелерін булықтарған удай ащы зардаптарды шайып жатқан бұлақтай қуаныштарының кернеген көз жасы ғой.

Себебі, жалғанның жазуымен бүтін бір әулеттің тағдыры тәлкекке түсіп, тірінің тозағындай небір шырғалаңының шырмауынан шығар жол тауып, ата-жұртының киелі топырағында қайта қауышып, өрбіген ұрпақтарының ортасында өрісін тамашалаудың ғаламатын сезіну бақыты бесеуіне бұйырыпты. Тәуелсіздіктің таңына жеткізіп, кіндіктерінен өрбіген үрім бұтағына ұлан-асыр өмір сыйлаған осындай әкелерінің өнегелі жолдарын лайықты жалғастыруды аманат деп ұсындым.

Қайрат ДҮЙСЕНБІ

ШЕШЕНСТАНДА ТҰРСАМ ДА, ҚАЗАҚСТАНЫМДЫ САҒЫНАМЫН

Мен – шешен қызымын. Біздің қазақ жеріне қалай келгенімізді білмейтін адам жоқ шығар. Ал Қазақстаннан тарихи Отаныма оралғаныма, міне, 50 жыл болды. Бұл бір адамның ғұмыры ғой. Сол себепті қазақ тілін ұмытпасам да, дәл бұрынғыдай жақсы жазу қиынырақ. Қазір жасым 76-да. Оның 30 жылын ұстаздық қызметке арнадым.

Өздеріңіз тарихтан жақсы білесіздер, біз сол кездегі саясаттың құрбанына айналып, 1944 жылы Солтүстік Қазақстанға тұрақтадық. Біздің тартқан азабымыз бен көрген қиыншылығымызды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бірақ біз бар қиыншылықты мойымай көтеріп, тірі қалдық, тіршілік еттік. Тоңдық, ашықтық... Соғыстан кейінгі жылдарда депортацияға ұшыраған халық қана емес, жергілікті қазақ отбасылары да ашыққан еді. Айырмашылығымыз – қазақтар өз үйінде күнелтіп жатса, біз туған жерден еріксіз ажыратылғандар едік.

Біз Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында (қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы) тұрдық. Алғашында В. Молотов атындағы ұжымшарда, 1954 жылы сол ауданның Сулышоқ деген ауылына көштік. Бала өзге тілді тез үйренеді ғой. 1945 жылдың оқу жылына дейін біз қазақша еркін сөйлеп жүрдік. Сол себепті мені бірден екінші сыныпқа қабылдады (1-сыныпты депортацияға дейін орыстілді мектепте оқыған болатынмын). Осылай бір мектептен бір мектепке көшіп, білім алдым. 3-сыныпты бітіргеннен кейін білімімді Комсомол деген көрші ауылда жалғастыруыма тура келді. Ал 5-7 сыныптарды Еңбекші қазақ мектебінде оқыдым. Мектептің жанында интернат болатұғын. Ол болмаса, мен білім ала алмас та едім. 7-сыныпты мақтау грамотасымен аяқтаған мені енді білім алуды қалай жалғастырсам екен деген ой толғандырды. Ауданда қазақтілді орта мектептің жоқтығынан Петропавлға бару керек болды. Ал ең бастысы, Петропавлдағы мектепте аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына арналған интернат болатын. Бірақ бұл мақсатқа жету оңай емес-тін. Ол кезде жер аударылғандар комендатураның қатаң бақылауында тұратын. Ресми рұқсат алмай, ауданның шекарасынан шықпаймыз. Әр қадамымыз санаулы еді. Ал ата-анам біздің білім алғанымызды қалады. Дана кісілер еді ғой... Әсіресе, баланың үлкені – көп үміт артты. Сол себепті әкем екеуміз Петропавл қаласындағы мектеп-интернатта білім алуыма рұқсат алу үшін ауданның комендантына бардық. Комендант менің құжаттарыма бір қарап: «Рұқсат жоқ. 7-сыныпты бітірді, сол жетеді. Үйде отырсын», – деді.

Әкем қапаланса да, ештеңе айтпады. Мен бетімнен қақса да, мойымадым. Ішімнен білім алуға бел байлаған болатынмын. Коменданттың кабинетінен шыққан кезде әкеме: «Сіз үйге қайтыңыз, мен осы жақтан

Петропавлға барып, интернаты бар мектепті тауып аламын. Менен хат тосыңыздар», – дедім. Ол кезде мен 17 жаста болатынмын. Сол күні-ақ мені мектепке де, интернатқа да қабылдап, үйге қуанышқа толы хатымды жібердім.

Мен алғашқы күннен бастап тәртібі де, үлгерімі де жақсы оқушылардың қатарынан көріндім. Жақсы оқып қана қоймай, қазақтың әнін шырқай алатындығымды, билерін тамаша орындайтындығымды, домбыра тарта білетіндігімді көрсеттім. Мектептің жұлдызы болдым десем, артық айтпаймын. Үнемі мектепшілік шараларға атсалысып, радиодан ән шырқаушы едім. Байқауларға қатысып, жүлделі орындар алатынмын. Музыка мектебінде домбыра сыныбында оқыдым. Мұғалімім Құрманғазы атындағы оркестірдің бұрынғы мүшесі – Ғилман Әлжанов еді. (Ол кісі қазір бұл өмірде жоқ та шығар). Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен Мәлік Нұрпейісов сабақ беретін. Бірақ ол кейін сол кезде «Ленин туы» деп аталған облыстық газеттің редакциясына кетті.

Мен осылай рұқсатсыз Петропавлға білім қуып кеткенімді аудандық комендатура артынан біліп, қалалық комендатураға хабарлапты. Сол жылдың желтоқсан айында интернатқа милиционер келді. Барлық сыныптастарымның алдында мені тергеуге алды. Менің сол кездегі күйімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Рұқсатсыз кеткенім үшін 15 тәулікке абақтыға қамап, сосын үйге қайтаратындығын айтып, қорқытқан ол киініп, оның соңынан еруді бұйырды. Мен қамауға алынған адамдай милиционердің соңынан еріп бара жатқанда достарым көзбен шығарып салды. Ұяттан кірерге тесік таппадым. Маған бір қағаздарға қол қойғызып, жаза ретінде ай сайын 10 шешен-ингуш отбасын аралап, олардың қолын қойдыртып, есеп беруім керек болды. Бұл мен үшін қорлық болатын. Берілген тапсырмасын екі ай орындағаннан кейін мені еш пайдасы жоқ бұл «жұмыстан» босатты. Бұл кезде мен төлқұжат алатын жасқа жеткен болатынмын. Жұрт кәдімгідей төлқұжат алып жатқанда, маған жеке басымды куәландыратын екі беттік қағаз берді. Мен, әрине, оны жұртқа көрсетуге ұялып, тығып жүретінмін. Ақыры 1955 жылы орта мектепті жақсы бағамен тәмамдадым. Екі-ақ 4 болды.

Орта мектептен кейін қайда барып оқимын? Институтқа түскім келді. Бірақ онда көп жыл оқу керек. Ал мені ауылда көмегім ауадай қажет ата-анам, бауырларым тосып отырды. Бақытыма қарай педучилищеде екі жылдық қазақ бөлімі ашылды. Жатақханасы бар, сондай-ақ шәкіртақы беретін. Маған керегі осы болатын. Енді білім алуға болады. Оқып жүрген кезде бейтаныс кісілер астыртын көмек көрсетіп, азық-түлік беріп отыратын. Ол азық-түлікті маған педучилищенің бір кітапханашысы әкеліп беретін. Қанша сұрағаныммен, маған көмектесіп жүрген кісінің атын-жөнін айтқан емес. Білмесем де, танымасам да, оларға деген алғысым шексіз.

1957 жылы педучилищені үздік бітірдім. Сондағы қуанышымды көрсеңіз ғой! Осылай бақыт құшағына жүргенімде сіңлім анамды облыстық

ауруханаға әкелді. Мен өз анамды әзер таныдым. Сырқаттан қатты жүдеп кетіпті. Дәрігерлер асқазан обырына шалдыққанын айтты. Анам 1958 жылы небары 46 жасында дүниеден өтті. Әкем болса, 7 баламен қала берді. Әлі күнге дейін әкемнің басқа түскен ауыртпашылықтың барлығын жалғыз өзі қалай көтергеніне таңғаламын. Бұл кезде шешендер мен ингуштар тарихи Отандарына қайта бастаған. Бірақ біздің көшуге жағдайымыз болмады.

Ал 1959 жылы тұрмысқа шықтым. Жұбайыммен 46 жыл өмір сүрдім. Жұбайымның тегі – Чараев. Менің қыз кезімдегі тегім – Калиматова. Мені Қазақстандағы таныстарым қыз кезімдегі тегім арқылы таныр. 2005 жылы жұбайым дүниеден өтті. Құдай бізге сәби сүйдірмеді. Қазір жалғыздығымды өзімнің туған ауылым – Толстой-Юрт ауылында өткізіп жатырмын. Бұл ауылдың атауы орыстың атақты жазушысы Лев Толстойдың құрметіне қойылған. Ол бұл ауылда жиі болып, Солдо атты шешенмен достасып кеткен екен.

Осының бәрін еске алуыма себеп те жоқ емес. Қанша өмірім қалғанын бір Құдайдың өзі біледі. Сол себепті қазақ халқына деген менің және туған-туыстарымның ілтипаты ерекше екенін жеткізгім келді. Біз қазір Қазақстанды қатты сағынамыз. Сондықтан да Ресей арналарында көрсетілетін КВН ойындарына Қазақстаннан команда қатысса, оларға сәттілік тілеп, жетістіктері үшін қуанып отырамын. Сондай-ақ өмірімді бүгешігесіне дейін баяндап отырғаным: білетін, танитын, көзі тірі достарыма өзімнің өмірімнің қалай өтіп жатқанын айтқым келеді. Олар тым болмаса, менің қайда тұрып жатқанымды білсе екен. Бұл – менің осы өмірдегі соңғы тілегім. Себебі, қатарлас достарым мені, ал мен оларды қатты жақсы көретінмін. Өзіме білім берген ұстаздарымның білімділігіне таңғаламын. Олар бізге сапалы білім берді. Осы алған білімім үлкен өмірге жол ашты. 1971 жылы Шешен-Ингуш мемлекеттік педагогикалық институтын тәмамдап, 1990 жылға дейін орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ бердім. Ұстаздық қызмет атқарған жылдары «Халық ағарту ісінің үздігі» атағын алдым. Бірнеше медальдармен, төсбелгілермен марапаттадым. Сол себепті мені осындай дәрежеге жетуге септігін тигізіп, терең білім берген ұстаздарыма бас иемін. Жас кезімде Мәскеуге барып, «Кітап әлемінен» қазақ тіліндегі кітаптарды сатып алушы едім. Ол кітаптарды мен бірнеше қайтара оқыдым. Ал қазақ әндері бар дискілерді бұл жақтан таба алмадым. Менің елімдегі жағдайды білгісі келетіндерге айтарым: бізде қазір бәрі жақсы. Көрген қиыншылық артта қалды. Білікті басшымыздың арқасында жаңа кезеңге аяқ бастық. Біз болашақтан тек жақсылық күтіп, 65 жыл бойы шешен-ингуш ұлты тартқан азап енді қайтып оралмайды деп сенеміз. Хатымды қорытындылай отыра, мен бізді жәбірлемей, керісінше, қарсы алып, бауырына басқан, көмектескен қазақ халқына алғысымды білдіремін.

Сіздерге денсаулық, ұзақ ғұмыр тілей отыра, Қазақстан Республикасы гүлдене берсін демекпін.

Тамара ЧАРАЕВА, Ресей Федерациясы,
Шешенстан автономиясы,
Толстой-Юрт ауылы.

ШЕШЕН ҚЫЗЫ ТАМАРАҒА

Бармысың Тамаражан, сыныптасым,
(Ол кезде деуші едік кластасым).
Жарты ғасыр өтсе де сен кеткелі,
Қазақ елін, бауырым, ұмытпапсың.

Көз алдымда өзіңнің жарқын жүзің,
Қыпша бел, толықсыған балғын мүсін.
Бұл күнде қандай әже болдың екен,
Өткенде талай-талай жазың, күзің.

Сабақта алғыр едің, зерек едің,
Талапты еңбекте сен ерен едің.
Алланың өзі берген қасиеті,
Ойың, санаң, білімің терең еді.

Тарихи отаныңа сен кеткелі,
Өмірге не келмеді, не кетпеді.
Қазағымның басына бақ орнады,
Алла бізді тәуелсіз ел еткелі.

Біраз ел егемендік алып жатыр,
Біразы бодандықта қалып жатыр.
Бейбітшілік Отанға орнатам деп,
Шешен елі ақ жолын салып жатыр.
Оқыдық газетке сен жазғаныңды,
Білдірген сағыныш пен наздарыңды.
Тебіреніп еске алсаң жас шағыңды,
Бірге өткізген көктем мен жаздарыңды.

Жас келді, күрең тартқан күзің келді,
Өмір, шіркін, базарын үзімдеді.

Қайсарлық қанында бар өз ұлтыңның,
Солғын тартып кетпесін жүзің енді.

Қазымыр қарттық бойды жеңдіреді,
Қатарымыз азайды, селдіреді.
Көзің көрген кешегі сұлу жігіт,
Шашы ағарып сақалы желбіреді.

Тамара, кәрілікке берілмейік,
Бой түзеп, кер маралдай керілейік.
Алдағы сексендіде күтіп алып,
Қымбатты Тамара! Кездесейік.

Балдай тәтті балалық шағың өткен, өз отаныңдай болып кеткен қасиетті қазақ елінен жалынды сәлем!

Бұл сәлемді мен өзіннің мектептес құрбы-құрдастарыңның атынан жолдаймын. Кластардың әр қайсысының тағдыры әр түрлі қалыптасты.

Қазір көбі өмірден озды: Қалқаман, Нұрашке, Көку, Шәрбану, Тұрар, Сейілбек, Серік Мусин, Сабыр, Сайран, Ақан, Баяубаев...

Ғазез Есмұқанов Алматыда, ірі-ірі қызметтер атқарды, Нұрғиса, Мағзұм-Максим Петропавлда.

Мен Омбы ауылшаруашылық университетін бітіріп, 45 жыл ауылшаруашылығында қызмет атқардым. Орден, медальдар жеткілікті. Москвада ЦК КПСС жанындағы жоғары партия мектебін 1972 жылы қызыл дипломмен бітірдім, Францияда Савой университеті жанындағы халықаралық агробизнес мектебінде оқып келдім.

Қазір қоғам жұмыстарында: «Память» қоғамдық қорды басқарамын, саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімін мәңгілік сақтау жолындамын.

Әкем 1937 жылы «халық жауы» деп атылған. Өзім бас болып Петропавл ортасында құрбандарға ескерткіш орнаттым, екі томдық 7 мыңдай құрбандардың барлық деректерімен анықтама кітап, «Ақталған есімдер» атты 1,5 мың дана 500 беттік естеліктер шығардық. Петропавл қаласының ақсақалдар алқасын басқарамын. Мектепте ақындығым бар еді ғой. Зейнетке шыққаннан кейін үш өлеңдер жинағым баспадан шықты. Алла жазса бесеуге жеткізем деген ойым бар. **Биыл 75-жасымды тойлап тастадық.**

Ұстаздардан Қабдөш Қалиев қана тірі. Былтыр мектептің 75-жылдық тойы болды. Булаев ауданы қазір Мағжан Жұмабаев есімінде. Сұлушоқ бітіп барады.

Қала түбіндегі Прибрежное селосында тұрғаныма 26 жыл болды. Бұл жерде 12 жыл кеңшар директоры болып қызмет атқардым.

Айтар сөз көп, Тамара. Қонаққа кел, әңгімеге жарытам, аралатам, облысымызда, республикамызда өзгеріс көп.

Мына бір өлең жолдарын өзіне арнадым.

Хабарлас бол, қадірлі құрбым.

Сәлеммен Болат Сағындықов.
24.08.2011 жыл

ӘКЕМ ТІРІЛГЕНДЕЙ БОЛДЫ

Осыдан екі жыл бұрын Қызылжар қаласының орталығында қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға арналған мемориалдық тақта ашылып, онда жетім-жесірлердің әкелерінің, аталарының, күйеулерінің аты-жөні жазылды.

Сол тізімде менің де әкемнің аты бар. Сол жазуды көріп әкем тіріліп келгендей, тасты алақаныммен аялап көз жасыма ерік бердім. Сол сәтте менің бүкіл балалық шағым көз алдыма келді.

Әкем, Башығұлов Құлжабай елде болыс болып тұрған кезінде 9-тамызда 1937 жылы тұтқындалды, сондағы таққан кінәлары «байдың баласы». Шешем марқұм 42 жасында үйелмелі-сүйелмелі үш баламен зар жылап қала берді. Мен сонда екі жаста болыппын.

Әкем тұтқындалғаннан кейін біздің жанұямызда да тыныштық болмады. Халық жауының жанұясы деген атқа қалып, қаншама қайғы-қасірет көрдік. Мүлкіміз тәркіленді, өзімізді әкемнің інісі Олжабай бапам ауылымыздың жанындағы орыстың Орловка деген қаласына апарып паналатты. Халық жауының балалары деп оқу да оқи алмадық. Анамызға да күн көрсетпеді. Асқар таудай асыл әкем 1937 жылдың 18-қыркүйегінде түнгі сағат бір жарымда Дмитриев, Гимлердің бұйрығымен атылған. Қайран әкем жаның жәнәтта, топырағың торқа болсын. Әкемнің аты жазылған тасты сипап бір жылап, бір қуанып тұрғанымда қасымда өз әкесінің атын көріп осындай толғанысқа

түскен бір орыстың әйелі де жылап тұрып рахметін айтып жатты. Араға ғасыр салып, жетім-жесірлердің өлгендерін тірілткен ел басына, содан қалды осы істі қолдарына алып, мандай терлерін төккен елдің азаматтарына, соның ішінде ерекше Болат Мағазұлы бауырыма басымды иіп мың алғысымды айтамын. Біздер көрген сол зұлмат сұм заманды кейінгі ұрпақтарымыз көрмесін деп тілеймін.

Күлзира Құлжабайқызы ӘУБӘКІРОВА

ЖАЗАЛАУДЫҢ ЖЕТІ АТАСЫ

Репрессия қазақтың жалпақ тілімен аударғанда жаза деген сөз. Репрессировать – жазаға тарту. Бірден адамның санасын шайқалтар ауыр сөз екені жүректі тітірентеді. Осы бір қаралы сөз ғаламшардың Евразиі аталған бөлігінде Совет өкіметі орналғаннан кейін пайда бола қалды. Оны орнатып қара жамылдырған «ұлы» деп аталған Октябрь революциясы. Жер дүниені дүр сілкіндірген осы төңкерістің жалғасы төрт жыл азамат соғысына ұласты. Он төрт капитал мемлекеті жанжақтан қасқырдың ұясындай жабылса да патшалар жоқ жітіктердің жолы болды. Совет өкіметі яғни Кеңестік өкімет басқаратын өкем ожар патшалық осылай пайда болған еді.

Төрткүл дүние төрт жылдық қиратылысынан батысы сонау Белоруссиядағы Брест қаласынан, қияр шығысы Тынық мұхитына дейін, терістігі «жаңа жерден» оңтүстігі Кушка қаласына дейін тасталқаны шығып жайрап жатты. Әлбетте дүниені қирату оңай, түзету дегенің діңкелейді емес пе? Бұл тұста жаңа өкімет не істерін білмей есеңгіреп қалды. Қай пышпағынан көтеру керек, абдырап дағдарып қалды. Көтеруге күш жоқ, қазына таланып кеткен. Ақылды, алтын бастар бет алған жаққа қашып кеткен. Осылай 1921-1922 жылдары халық жаппай аштыққа жаланаштыққа ұшырады. Жер-жерде көтерілістер басталды. Қолдарында қаруы бар өкімет оларды аяусыздықпен үндерін өшірді. Осы кезеңде алғашқы бесжылдық жоспар жарияланды, алайда орындауға қаржы жоқ, не істеу керек деген сұрақ туды. Халықтың әлді тобының байлығын ортаға салу керек. Міне осылай байларды кәмпескелеу деген жаза пайда болды. Бай атанғандардың бар мүлкі тәркіленді. Адамдарды «итжеккен» «Көкарал» жерлеріне айдады. Пайданың мұндай көзін білгеннен кейін орташаларды тәркілеу басталды. Бұл әлгі жайрап жатқан жерде миллиондап саналатын еді. Осы кезде жерін, елін тастап жаппай шет елге қашу басталды. Мұны тоқтату қиын болды. Кәзіргі оралман аталғандардың басым көпшілігі сол кезеңдегі елден қашып кеткендер еді. Қазіргі, Ресей жеріндегі қандастар сол жылдары ауып кеткендер болатын.

Бүкіл елді электрлендіреміз деген ұранның екпіні орталықта «Шатура» «Днепрогес» атты екі электр станциясын салуға ғана қол жеткізді. Сол кезде екі толқынмен жүргізілген кәмпескелеу (тәркілеу) соңы 1931-1932 жылғы жаппай аштыққа әкеліп тіреді. Бұл аштық Қазақстаннан ғана біржарым – екі миллиондай адамды жалмады дегенді айтады. Аштықтан өлгендердің нақты есебін кәзірге дейін ешкім анықтай алмайды. Міне адамдарды жазықсыздан жазықсыз жазалаудың жеті атасы осылардай өрескел өктем қаталдықтан басталған еді. Бұл сойқан содырлыққа ұшырағандардың бірқатары жолда, қалғандары айдалып барған жерде қырылып кеткен.

НЭП кезеңінде (новая экономическая политика) аз болса да тыныс алып шаруашылық жәйін түзегендерге көз алартты. Олармен бірге Сібірден күштеп қайтарылған қазақтардан жаппай ұжымдастыру науқаны басталды. Әр төбеде тоз, колхоз атанған ұжымдар күшпен ойсыз, жөнсіз жүргізілді. Мұны жер жердегі шаруаның мән-мағынасынан ешбір хабарсыз ұр да жық дауырықпа белсенділер арқылы жүзеге асырылды. Осылай қазақтардың өмір сүру қағидаларының дәстүр, салтының тас-талқаны шықты. Халық жоқшылыққа душар болды. Бұл кезеңде адамдарды жазалаудың жаңа түрін ойлап тапты. Айдың күннің аманында әр ауылда, әр қыстақта «халық жауы» қаптап кетті. Адамдарды біріне-бірін қарсы қойып, айдап салудың соңында ағайын көрші-көлем бір-бірін көрсете бастады. Әр ауылда үштік деген пәлені ол кезде білмейтін едік. НКВД-ның агентіне айналған үштік жасырын «қажетсіз» деген адамдарды сырттай шешіп ұстап беріп отырған.

Содан өзім білетін бір ғана мысал келтіре кетейін. Біздің 40 үйлі Сарман деген ауылдың айналасы екі айдың ішінде он үш ақсақал «халық жауы» болып ұсталып кетті. Соның бірі біздің көрші Құрмантай деген етікші еді. Оның бір бөлме үйінің жартысы қысы-жазы жыртылған аяқ киімге үйіліп жатушы еді. Етік жамаумен шаршаған ол кейде қара домбырасын алып, ыңылдап өлең айтып дем алатын. Мұны қызық көрген біздей қара балалар жиналып тыңдайтынбыз. Осыны әлгі «үштік» деген сатқын, етікші Құрмантай жұмысын доғарып қойып, балаларды жинап алып Совет өкіметіне қарсы теріс тәрбие жүргізеді деп хабар жеткізген ғой. Осылай бір түнде Құрмантай жоқ болды. Ауыл адамдары оны неге іздеп бармайсың дегенге әйелі Салиман: Қайда кетер дейсің, өзін жаңа автомобильмен алып кетті. Әкеткені де дұрыс болды. Етік жамаудан көкжұлын болып өлетін болып еді, біраз демалып қайтсын», – деп маңқиып отыр.

Ал, Құрмантай болса сол кеткеннен оралмады. Міне «халық жауы» деген ұғымның осындай түрлері де орын алған еді. Осындай ойға келмес жалған қиянат жалалардың негізінде қалған 12 шал да ізім-ғайым жоқ болып кетті. Бір ғажабы сол оларды іздеп, соңынан қуып жатқан ешкім болмайтынына таң қаласың. Біреулер атасын, біреулер әкесін,

ал біреулер баласын кәдуілгі садақаға бергендей үн-түнсіз, у-шусыз қала береді. Әр ауылдың төбесіне үрейлі қара бұлт үйіріліп, қара жамылып қала беретін уақыт еді ғой ол бір кез.

Елу жылда ел жаңа, қырық жылда қыр жаңа дегендей сол сойқаннан бері де жетпіс жыл өтіпті. Бүгіндер Петропавл қаласының Пушкин мен Кәрім Сүтішев көшесі қилысында, бұрынғы қанды қырғын жасаған НКВД орнында бір кварталға созылған алаңда ұзыннан ұзақ қара тақтаны көруге болады. Мұнда 1937-1938 жылдарда атылып кеткен боздақтардың тізімдері бар. Ұзын ырғасы 7 мыңнан астам. Бұл жазықсыздан жазықсыз атылып кеткен аталарымыздың, әкелеріміздің тізімдері. Алаң ортасында шытырман тор темірден көтерілген сол мұндықтарға арналған ескерткіш тұр.

Бір кездері Возвышен аудандық атқару комитетінің төрағасы болып жүргенде Ғилаж Мағазов осы тізімдерді маған құпия сыр қылып сыбырлап айтқаны бар еді. Ол тізім бір қалың қара дәптер болатын. Мұны бір кітап етіп шығарсам деп армандаған еді. Ол арманға жете алмады, марқұм болды. Ағасының осы бір арманын інісі Болат Сағындықов одан әрі жалғап әкеткеніне оны білетіндер қуана құптады. Осы Болат алты жыл бойы қайтпас қайсарлық танытып, жоғарыда айтқан, жазықсыз атылып кеткендерге темір тор ескерткіш орнатуға қол жеткізді. «Ақталған есімдер» атты кітапты жарыққа шығарды. Тағы арада бес жыл бойы табан тоздыра жүріп жоғарыда аталған бір кварталға созылған қара мәрмәрдан тақта орнатуға жетісті. Енді бет алған бетінен қайтпай сол Болат сол алаңға мұражай ашамын деп игі істің басын құрауға дамыл көрмей шапқылап жүр.

Ата-бабаларымызға бір кездері жазықсыз жасалған жазаның жетпіс жылға созылған азасын кейінгі ұрпаққа мәңгі есте қалдыруға жасап жатқан игілікті ісің сауаптан болсын, Болат бауырым.

Ожан ҚАЛИ,
жазушы

ВСЕ МЫ – ДЕТИ ЗЕМЛИ

Мы ехали в Алжир. Нет, это – не государство, что на севере Африки… Это – бывшая страна в стране по имени ГУЛАГ, что находилась в нескольких десятках километров от города Акмолы, в голой казахстанской степи на «семи ветрах». «Акмолинский лагерь жен изменников родины» – вот так расшифровывается аббревиатура Алжир. Надо же было такое придумать в 1937 году для борьбы с собственным народом.

Мы ехали, молча, как бы примеряя на себя этот страшный путь к человеческому унижению и гибели. Хоть и минуло с тех пор более

70 лет, но жутковато было на душе. И вроде, степь не такая голая, повсюду – обустроенные поселки, и асфальт ровный, по которому мчался наш автобус, а вместо Акмолы выросла новая прекрасная столица Казахстана – Астана, куда приехала наша северо-казахстанская делегация на очередную сессию Ассамблеи народа РК. За день до начала работы сессии, наши шефы организовали интересную программу, которая и начиналась с Алжира.

Проработав много лет в телевизионной журналистике, я занималась изучением материалов массовых политических репрессий, записывала интервью с детьми погибших, а также – депортированными, ссыльными, было снято несколько фильмов на эту тему. Но то, что мы увидели здесь, потрясло всех. От лагеря сохранился лишь один товарный вагон, в котором перевозили женщин и детей. Все бараки были снесены в годы освоения целины. Так вот, этот единственный вагончик с нарами, 1926 года выпуска, рассчитанный на 40, перевозил по 70 человек. Бесценная музейная редкость. Заглянув внутрь его, теряешь чувство времени. На нарах лежит муляж женщины в фуфайке, платке, валенках и смотрит на тебя. Застывший взгляд, ужас и безысходность в ее глазах, в буквальном смысле слова, пронзают душу. Я не смогла, не посмела повернуть к ней фотоаппарат и сделать снимок. Затем, нам показали документальный фильм, музейные экспозиции, фотографии и проводили к бесконечно длинной черной мраморной стене – мартирологу. Фамилии, имена женщин и детей – целые семьи разных национальностей. 8 тысяч замученных и безвинно загубленных жизней со всего великого могучего Советского Союза в холодной казахстанской степи. А если сюда прибавить еще и жертвы карагандинских лагерей, петропавловских пересыльных тюрем, да плюс тысячи и тысячи депортированных народов Кавказа, западной Украины, Поволжья, Дальнего Востока – вот и получается почти полный семейный портрет казахстанцев. В те безжалостные годы сталинской деспотии, люди разных национальностей, став врагами народа, оказались здесь не по своей воле. Они до сих пор с благодарностью вспоминают о том, как казахи оказывали им помощь, делились питанием, жильем, теплом, чтобы не дать исчезнуть. Для многих Казахстан стал второй родиной, здесь родились и живут их дети и внуки. Более 130 представителей различных этносов насчитывает сегодня казахстанская семья. Десятилетиями люди трудятся на этой земле, живут мирно, уважая друг друга. Выступая на 15 сессии Ассамблеи РК, Президент Казахстана Н. А. Назарбаев уделил этому особое внимание. Он сказал: «Единство народа Казахстана держится на трех столпах.

Во-первых, это наша общая история. Из ее драматических страниц важно извлечь необходимые уроки.

Во-вторых, это общие для всех казахстанских этносов ценности. Мы вместе создаем огромное культурное наследие, разделить которое

невозможно. И, наконец, третья опора – это наше общее будущее. С обретением независимости, казахстанцы сообща сделали свободный выбор собственной судьбы. У нас будет все, если мы передадим своим детям и внукам чувства дружбы и братства, доверия и толерантности».

В своем выступлении Н. А. Назарбаев проанализировал деятельность Ассамблеи, которая сыграла важную роль в истории страны, как главный механизм межэтнического и межконфессионального согласия и поблагодарил тех, кто поддержал президента в то непростое время.

А начиналось все в 1992 году, когда впервые прозвучала идея о создании Ассамблеи народа Казахстана. В декабре состоялся Форум представителей разных национальностей республики, чтобы решить главный вопрос, как сохранить мир в нашем многонациональном доме. Уже рушатся границы бывшего СССР, начинается миграция населения, люди в растерянности, уже вспыхнули локальные войны, к примеру, Нагорный Карабах. И как позже писал Н. Назарбаев, – «Это были годы, когда принимались важнейшие решения, от которых зависел дальнейший путь нашего государства, когда один неверный шаг мог существенно изменить траекторию движения страны». В 1995 году в Алматы состоялась первая сессия Ассамблеи народа Казахстана. Помню, как бурно и неоднозначно обсуждались вопросы, как мы учились слышать и понимать друг друга. Казахи, русские, немцы, корейцы, татары, уйгуры, поляки и т. д. – таким многоязычным и богатым предстал собирательный образ казахстанца. И на каждой очередной сессии главной темой разговора было укрепление национального единства, а значит, безопасность нашей страны. За прошедшие годы АНК выполнила свою основную функцию, способствуя эволюционному развитию и динамичному продвижению Казахстана в новых условиях. Опыт работы Ассамблеи народа Казахстана широко известен за рубежом «Доктрина национального единства», так называется новый документ, с которым познакомил делегатов 15 сессии АНК Президент РК Н. А. Назарбаев. Это будет целостная программа действий по всему комплексу межэтнических и межконфессиональных отношений. «Дружба и единство нашего народа – основное условие поступательного развития страны, – сказал в заключение Н. А. Назарбаев, обращаясь к членам Ассамблеи, – Мы живем в эпоху, когда все страны тесно взаимодействуют. Кризис, который охватил весь мир, еще не закончился. Трудности, приобретшие глобальную окраску, могут вернуться. Поэтому, сохраняя наше самое большое богатство- независимость, для укрепления государства нам в первую очередь нужно единство!» И как всегда, в зале Ассамблеи, а это было во Дворце Мира и Согласия, сидели представители всех этносов страны, руководители национально-культурных центров, депутаты парламента, члены правительства. А в заключение был дан яркий праздничный концерт, и зазвучали ритмы всего многонационального Казахстана.

Глядя на эту светлую, позитивную сцену, думалось о добром и теплом доме, в котором мы живем, о надежном будущем наших детей и внуков. И вновь вспомнилась долгая степная дорога, по которой в разные годы съезжались в Казахстан люди, и они обрели здесь свою родину. Благодаря уважению друг к другу и взаимопониманию, мы все вместе строим новую жизнь. Потому что, все мы – дети Земли!

Раиса БИКМУХАМЕТОВА,
член Ассамблеи народа Казахстана с 1995 года,
Председатель правления СКО татаро-башкирского центра «Дуслык», Заслуженный работник культуры республики Татарстан, Почетный Гражданин Северо-Казахстанской области

ҰРПАҚТАР ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫН ҰМЫТПАСЫН

Еліміздің тарихында қара көлеңкедей тұнжыр кезеңдер болғанын амалсыз мойындауға тура келеді. Әсіресе, бүгіндері қуғын-сүргін жылдары деп аталып жүрген осы кезең туралы айтқанда оның құрбандары ойға оралмай қоймайды. Өйткені, сол құрбандардың ұрпақтары ата-бабаларының, аналарының басынан өткен зардапты күндерді ұмыта алмайды.

Өткен ғасырдың 20-шы-50-ші жылдары аралығын қамтыған бұл кезең халқымыздың басына орны толмас өкініш, қайғы-қасірет әкелді. Миллиондаған адамдардың тағдыры тәлкекке айналып, олардың өздерінің, ұрпақтарының да жүректерінде жазылмайтын шемен болып қатып қалды.

Адам айтқысыз азаптарға төзбеген адамдар туған жерден сыртқа сытылса, поляктар, немістер, қырым татарлары, шешендер мен ингуштар, корейлер, балқарлар мен қабардалар ата-коныстарынан еріксіз, зорлықпен көшіріліп, босып кетті. Қуғын-сүргінге ұшыраған-дардың шеккен зардаптарын ешқандай табиғи апаттармен, зілзалалармен салыстыруға да келмейді. Бұл зардаптар – табиғи апат емес, адам қолымен қасақана жасалған қасірет. Осы қасіреттен 40 миллионнан аса адам жапа шекті. Олар қан майданда емес, бейбіт елде опат болды. Жекелеген адамдар емес, тұтастай тұрғындар қайғы-қасіретке ұшырады. Міне, әкімшілдік-әміршілдік жүйенің зардаптары осындай.

Есімі өңірімізге әйгілі өлкетанушы марқұм Қилаж Мағазов ұзақ жылдар мұрағаттардың құпия деректерін көз майын тауыса жүріп зерттеп, ізденіп, айғақтар жинау кезінде «Япыр-ау, осының бәрін

халқымыз қалай көтерген?! Өркениетті өзге дүниеде біздің халықтай қасірет шеккендер бар ма екен?» деп таңданушы еді.

Қуғын-сүргін жылдары біздерден күн санап алыстап барады. Алайда, оларды әсте естен шығара алмайсың.

Бүгінгі ұрпағымыздың және де олардың ғана емес, кемел келешектің де саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын мәңгілік есте сақтауы – парыз. Біз бүгіндері оларды жүрегіміз қан жылап еске аламыз. Біздің облыс өңірінде ғана зардап шегіп, кейін ақталған адамдардың саны 7 мыңнан асады. 1,5 мың адам ату жазасына ұшыраған.

Қудаланғандар қазақтар мен орыстар ғана емес. Өзге он шақты ұлттың өкілдері де осы кепті бастан өткерген. «Халық жауы» деген үрейлі жаланы кімдерге ғана жаппаған? Олардың арасында аудандардың, кеңшарлардың ұжымшарлардың басшылары, дәрігерлер, мейірбикелер, дәрі-дәрмек даярлаушылар мен сатушылар, малшылар, трактор-шылар, күзетшілер, бір сөзбен айтқанда, саяси білікті ірі қызметкерлер мен ақ-қараны айыра бермейтін еңбек адамдары да бар.

Большевиктік жаналғыштар жоғарыдан берілген нұсқауды асыра орындау үшін «Шаш ал десе, бас алып», «халық жауларын» анықтауда айрықша белсенділік танытқан.

Бүгіндері біз осы қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін зердемізде сақтау үшін, қолымыздан келген игілікті істерді жүзеге асыруға тиіспіз. Бұл орайда атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Әсіресе, Қ. Мағазов, В. Трусов, А. Ряжских, Е. Жолболдин сияқты тарихшылар мен өлкетанушылар игілікті істер тындырды. Облыстық әкімдіктің қолдауымен «Қасірет пен ояну» атты кітап шығарылды. 1937-1938 жылдардағы зор террордың құрбандарына арналып «Қасірет кітабы» да шығарылғанын айтуымыз керек. Жұртшылық еңбектерді зор ризашылықпен оқып, қуғын-сүргін құрбандығына ұшыраған жазықсыз адамдарды танып-білуде.

«Зерде» қоғамдық қоры «Асыл мұра» орталығымен бірлесе отырып, «Саясат құрбандары» атты естеліктер кітабын шығаруға даярлауда. Оған облыс әкімдігі қаржылай көмек көрсетіп отыр. Әрине, біз бұл кітапта өңірімізде қуғын-сүргін зардабын шеккендердің бәрін қамтыдық деп айта алмаймыз. Кейінде ол толықтырылатын болады.

Біздің облысымыздың орталығында «Зерде» қоғамдық қорының бастамасымен және бұрынғы облыс әкімі Тайыр Мансуровтың барынша қолдауымен орнатылған ескерткіш қуғын-сүргінге ұшыраған дардың алдындағы борышымызды атқарудың бір өнегесі деп білеміз. Бұл ретте, болашақ ұрпақ тағдыр тәлкегіне ұшыраған жазықсыз құрбандардың адал есімдерін жаладан ақтап алу ісіне белсене кірісетініне біз сенімдіміз. Осы ескерткіштің сол жылдары адамдарды азаптаған ішкі істер халық комиссариатының үйі тұрған жерге орнатылуына зор маңыз бар. Осында азап шеккендер жендеттердің зұлымдығын әшкерлеп тұрғандай.

Сондай-ақ, ішкі саясат және ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменттерінің ықпалдасуымен қуғын-сүргінге ұшырап, сотталғандардың қысқаша деректері бар тізімдері берілген екі томдық кітап шығарылды. Біздің қорымыз бірнеше жылдар бойы 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етіп келеді. Өйткені, бұл заңды даярлау және қабылдау барысында оның қолданылуында көптеген түсінбестіктер тудырған тармақтар бар.

Қуғын-сүргіннің салдарынан өмірден өткен, қапастарда азап шеккен адамдардың адал есімдері, ата-аналарына жабылған жаланың зардабын тартқан балалары мемлекеттік деңгейдегі барлық басшылардың және қоғамдық ұйымдардың құрметі мен қамқорлығын көруі керек. Бүгіндері саяси қуғын-сүргін құрбандары саусақпен санарлық қана. Олардың балаларының өздері шау тартқан.

Бізді бір қынжылтатыны – кейде жастар арасында ел тарихындағы осы бір аса қасіретті кезең жайлы білмейтін немесе хабарлары аз адамдардың кездесуі. Жасыратын несі бар, өткен ғасырдың еншісінде кеткен әріректегі сол жылдарды ғана емес, күні кешегі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын білмейтіндер де ұшырасады. Сондықтан, мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында тарихи бұл кезеңдерді бағдарламаға және қоғамдық шараларға енгізу керек деп ойлаймын. Болашақ ұрпақ тарихымыздан тағылым алмайынша, қоғамның тұтастығы қалыптаспайды.

Болат САҒЫНДЫҚОВ

ГОРЖУСЬ СВОИМ ДЕДОМ

Его сложная судьба – отражение истории страны, которую пережил наш народ. Детство совпало с голодом двадцатых и тридцатых годов и началом массовых политических репрессий.

Когда ему было 10 лет, отца Магаза Сагындыкова, рядового колхозника, бывшего председателя колхоза и сельского совета обвинив в шпионстве в пользу Японии, осудили и расстреляли как врага народа.

Его, отличника учебы, круглого сироту в классе сторонились, отказали в приеме в комсомол. Конечно же, переполняла его душу большая обида.

После седьмого класса выучившись на механизатора, стал работать помощником комбайнера.

Однажды в аул приехал работник райвоенкомата, и он 16-летний мальчик обращался к нему с просьбой отправить его на фронт.

При этом он скрытно приписал себе 2 года.

Его толкнуло на этот шаг чувство горести обиды и дал себе слово доказать своей кровью и жизнью, что его отец не враг народа.

Он вспоминал, что в строю стоял последний поскольку рост маленький, ни одежда, ни обувь не подходили для него. В больших сапогах протирал ноги, шинель свисала до пола. На плечах тяжелое военное снаряжение.

Для Килажа фронт начался с Керчи и длился до Берлина.

Жизнь на войне, как на войне как и для всех фронтовиков.

Будучи рядовым отдельной Приморской армии прошел с боями от Керчи до Севастополя, освобождал Украину, закончил войну в Чехословакии. Во время Берлинской и Постдамской конференций глав государств принимал участие в обеспечении безопасности конференции. До 1949 года являлся командиром отделения 105-го стрелкового Рижского Краснознаменного полка ВВ КГБ в Берлине.

Трудовая послевоенная биография Килажа Магазовича следующая: В 1949-1950 гг. – заведующий отделом культуры Соколовского райисполкома. В 1950-1951 гг. – учитель Кустовской семилетней школы Соколовского района. В 1951-1953 гг. – директор Лузинской семилетней школы Ленинского района. В 1953-1954 гг. – заведующий партийным кабинетом Ленинского райкома партии. В 1954-1957 гг. – директор Кара-Агашской, Лузинской семилетних школ Ленинского района. В 1957 г. Он стал заместителем редактора, а чуть позже редактором газеты «Ленинский путь». Привычка не останавливаться на достигнутом и желание стать настоящим мастером пера привели его на отделение журналистики Алма-Атинской Высшей партийной школы. Проучившись там около 4-х лет, Килаж Магазович вернулся в родную область и стал редактором межрайонной газеты «Ишим». В 1963-1967 гг. он – председатель Пресновского районного отдела партийного контроля, народного контроля. В 1967 году избран секретарем Возвышенского райкома партии. Затем стал председателем райисполкома этого же района. На протяжении восьми лет начальником производственного управления автомобильных дорог област-

ного и местного значения города Петропавловска и Северо-Казахстанской области. С 1968 г. на пенсии.

В своей биографии Магазов всегда выделял годы работы в Возвышенском районе. После неудачной идеи создания хрущевских совхозов-гигантов, состоявших каждый из 8-10 сел, было принято решение о разкрупнении с целью остановки дальнейшего распада деревни. И Килажу Магазовичу суждено было стать организатором по созданию Возвышенского района и его центра. Перед ним, его соратниками стояли нелегкие задачи. Необходимо было создать всю инфраструктуру: от комплектации всех подразделений кадрами до реорганизации производственной деятельности со всеми его коммуникациями, налаживание жизнедеятельности десятков населенных пунктов. Работы было – поле непаханое. Вот как описывают ситуацию сам Килаж Магазович в своей статье «О тех, кто степь возвысил»: «Первое знакомство произвело на нас удручающее впечатление. Забитые окна хрущевских двухэтажек, покосившиеся, ветхие, барачного типа здания школ, клубов, детских садов ...».

За 9 лет под руководством Магазова, несмотря на слабое финансирование и нехватку кадров, в райцентре были отстроены средняя школа, больница, узел связи, котлован и телевизионная вышка. В заботе о людях, об образовании, здравоохранении, культуре, быте Килаж Магазович проявил незаурядные организаторские способности. Люди в этом регионе и сегодня помнят его как эрудированного и простого, строгого и справедливого руководителя.

Его желание помочь людям и невероятное трудолюбие не дали ему сидеть без дела и на пенсии. Занимал должность заместителя председателя областного совета ветеранов, был главным редактором книги «Тернистый путь к Победе», выпущенной к 50-летию победы ВОВ. Также Килаж Магазович продолжал и журналистскую деятельность. Он писал о войне, о репрессиях и голоде в 30-е годы, о положении в деревне, о важности казахского языка, о целине и о насущных проблемах начала 90-х годов.

Был главой общественного клуба «Долг», целями которого были сохранение и увековечение памяти о жертвах сталинизма (эта тема особенно волновала Магазова, так как его отец также попал под несправедливый маховик репрессий), оказание помощи лицам, пострадавшим от репрессий, защита их интересов, создание на местах памятников жертвам сталинизма, а также воспитание подрастающего поколения в духе правового государства, пропаганда и популяризация истории края.

Килаж Магазович награжден тремя орденами: «Знак Почета», Октябрьской Революции, Отечественной войны I степени, десятью медалями, тремя Почетными грамотами Президиума Верховного Совета Казахской ССР. Его не стало в 1999 году.

Несколько лет Килаж Магазович изучая архивные материалы, касающиеся жертв массовых политических репрессии, собрал богатый материал.

Под его редакцией подготовлены книга «Книга памяти» и «Трагедия и презрение», на страницах газет опубликовал много статей по репрессиям, голоду и особенно в период перестройки о дружбе народов, о судьбе государственного языка.

Килаж Магазович последние годы своей жизни работал заместителем председателя областного совета ветеранов.

Он уделял много внимания благосостоянию ветеранов Великой Отечественной войны, активно включался в решение необходимых для этого задач.

Используя свою высокую эрудицию, культуру и ораторский талант, он проводил большую воспитательную работу среди молодого поколения, смело и доходчиво высказывался по различным общественным проблемам.

Те, с кем Килажу Магазовичу пришлось трудиться, высоко ценят его заслуги в обществе и помнят как уважаемого аксакала. Общественность области отдает дань уважения Килажу Магазовичу, которому исполнилось бы 90 лет.

Мой дед прожил яркую, содержательную и примерную для нашего поколения жизнь. Я горжусь своим дедом и хочу быть похожим на него.

Внук, Магазов Данияр,
Студент 3- го курса
Назарбаев Университета

ВЕРНАЯ ДРУЖБА

Давным-давно наши предки установили дружбу с русскими.

В каждой русской деревне казахи имели своих друзей, называемых тамырами.

Дружба помогала выживать в трудных жизненных условиях, взаимно поддерживать друг друга, пережить в годы голода.

Сама жизнь заставила сплачиваться, делить невзгоды.

В тридцатые годы прошлого века у моего отца Магаза Сагындыкова из нашего аула в соседнем селе Андреевка свой друг Несин Борис дружили семьями.

Верность их дружбы я познал с раннего детства.

Когда в проклятом 1937 году моего отца осудили как врага народа и расстреляли большевики, Борис Несин постоянно проявлял заботу

о нашей семье. А семья нуждалась в материальной и моральной помощи. Дружелюбное свое отношение к нам дядя Борис сохранил на всю жизнь.

С пятого класса я учился в ауле Октябрь, который находился в 30-ти километрах от нашего аула.

Тогда транспорта никакого не было. Зимой и летом через каждые две недели вынуждены были приходить домой за лепешкой хлеба, так как в интернате жили на голодном пайке.

Дорога наша проходила через Андреевку. Пройдя 20 километров усталый и голодный всегда привал делал в Андреевке у дяди Бориса. Приходил к ним как правила не один. Увидев меня в дверях жена дяди Бориса радуясь моему приходу восклицала: «глянь Борис, Магазов сын пришел!» она сразу накрывала на стол, угощала белым хлебом из буханки собственной выпечки, сметаны и горячим чаем.

А что мне, сироте – десятилетнему мальчишке, нужно было, кроме теплого приема, суетливого уважаемого отношения друзей моего отца.

Я наверное чувствовал теплоту их как близких родственников. И каждый раз так. Вот это и есть верность дружбе.

Помню, как часто на корове приезжала мать к Несиным, находила у них всяческую поддержку.

Дядя Борис заведовал почтой, жили они зажиточно, был у них богатый огород.

Это был яркий пример дружбы казахов с русскими. Дружба проверяется через испытание в трудностях. К сожалению, у Несиных не было детей и внуков, с которыми мы продолжили бы верную дружбу наших отцов. Несины не отвернулись, когда нас постигло горе.

В 1944 году завезли к нам в аул депортированных чеченцев.

В нашу пятистенку заселили сразу три семьи. У них продуктов не было. Наша семья делилась с ними последним куском хлеба и другими продуктами. Тогда у них видел, как можно есть корни лопуха.

Вечерами они на полу сядут кругом и поют печальным голосом. Сейчас думаю, это песня, видимо, похоже на «Елим-ай».

Расквартировав других, у нас оставили одну семью: Хаметханов со своей бабушкой и сыном их Ахмет – подросток.

Моя мать, проявив почтение старым, поместила их в нашей комнате.

Наши семьи сдружились. Как мусульмане с мусульманами, моя бабушка и мать были истинными верующими.

Ахмет мне стал как брат.

В 1982 году по приглашению моего друга балкара Куаныша, с которым учился вместе в Москве, отдыхал в Нальчике.

Куаныш возил меня по горам, где встречался с местными балкарами и карачаевцами, которые узнав, что я казах, низко склоняли головы и благодарили казахов, благодаря их заботе выжили как нация.

Друг моего товарища, кабардинец директор завода тяжелого машиностроения в Нальчике, при встрече рассказывал со слезами на глазах.

«Меня в Казахстан привезли грудным ребенком, у моей матери грудного молока не было.

А хозяйка этого дома, где мы заселились жить, имела грудного ребенка. Так вот она сначала кормила грудью меня, и потом своего собственного ребенка.»

Наш народ пережил в своей истории страшные трагедии: голод 20-х и 30-х годов, преследовавших геноцид, массовые политические репрессии, последствия сталинского тоталитаризма – депортация народов, Великая Отечественная война. И народ выжил благодаря сплоченности, взаимовыручки, дружбе и согласия.

В пятидесятые годы в одной школе, в одном классе учились с чеченкой Тамарой Калиматовой, семья которой волею судьбы была депортирована в нашу область.

Училась она отлично, играла на домбре, активно участвовала в художественной самодеятельности, дружила со всеми, была уважаемая в школе.

Хотя почти 60 лет тому назад она уехала на свою историческую родину, сохранила в себе чувство дружбы и огромной благодарности к Казахстану, к нам.

Часто переписываемся.

«... хочу отметить нашу дружбу с казахским народом. Казахстан для неё стал второй Родиной, а сам народ как близкие родственники. Никогда не было отчуждения, оскорбления, унижения, наборот нами восхищались за ум, за отличное знание казахского языка.

Все знания, полученные в Казахстане ох как пригодились в жизни. Люблю народ казахский, друзей своих. Низкий поклон Вам, доброго здоровья и процветания вашей Республике. Ваша Тамара» пишет в своем письме.

Вот настоящая оценка нашей дружбе, проверенный в тяжелой судьбе и сохраненной до наших дней.

Это я говорю для того, чтобы нынешнее поколение должно знать, что дружба всех людей населяющих Казахстан сложилась, исторически продолжается веками и сейчас укрепляется как никогда благодаря мудрой политике государства.

Представители более 120 этносов у нас живут в мире, дружбе, с одной целью и задачей, благодаря которой Казахстан семимильными шагами идет к прогрессу в экономике и социальной жизни.

Этим мы по праву гордимся и наша процветающая Республика является ярким примером для многих в мире.

За эти 25 лет у нас никогда не замечалось какое-либо разногласие на межнациональной и межрелигиозной основе.

И отрадно то, что казахстанские этносы чаще стали высказывать свою любовь к нашей общей родине, уважение к культуре, традициям и языку государствообразующей нации.

У нас созданы все условия для развития своих национальных традиций, обычаев и языка каждой национальности.

Нынешний 2015-год – объявлен годом ассамблеи народа Казахстана, отмечается двадцатилетия её создания.

Наши достижения на лицо.

Нам не страшен никакой кризис.

Гарантия этому дружба, единство, согласие народа, и мудрая политика в области экономии и социальной сфере.

Мы вместе уверенно шагаем по жизни.

Б. САГИНДЫКОВ
Почетный гражданин области
Председатель совета аксакалов

В ПОКОЛЕНИЯХ НЕ ЗАБУДЕТСЯ

Память, связывающая поколения, никогда не умрет. Не властны над ней ветры перемен. Хранит она и трагические страницы истории.

37 год – пик репрессий сталинской системы. В период сталинского режима арестованы миллионы людей, многие расстреляны «за измену Родине» по печально знаменитой 58-й статье. Известно, что с 1936 по 1956 годы в Казахстане располагалось 11 лагерей системы ГУЛАГ. Названия некоторых из них – КарЛАГ, АлЖИР и СтепЛАГ сегодня знают, наверное, большинство жителей Казахстана, ведь, например, только за один 1937 год «за пособничество силам фашизма и японского милитаризма» лишены жизни тысячи человек. Опасаясь после нападения гитлеровцев на СССР предательства, кремлевские «мечтатели» депортировали в нашу республику немцев, имевших автономию в Поволжье. В товарных вагонах привозили в Казахстан корейцев с Дальнего Востока, чеченцев, ингушей и дагестанцев с Кавказа, литовцев, латышей и эстонцев из Прибалтики. Репрессиям подвергались русские, украинцы, казахи.

По данным профессора С. Борбасова, декана исторического факультета Казахского национального политехнического университета, в лагерях ГУЛАГа от непосильного труда погибло свыше 90% казахской интеллигенции. Репрессиям подвергались и простые люди, работавшие конюхами, сторожами…

О горечи утрат и страданий можно судить на примере нашей семьи. Мне было только год, когда в 1937 году арестовали отца – рядового

колхозника, обвинив в шпионаже и диверсионной работе в пользу Японии, против колхозного, следовательно, советского строя. Усугубляло «вину», что он был сыном муллы. Его расстреляли, а карательные органы того времени без зазрения совести обманывали нас, заявив, что якобы он осужден на десять лет. Тщетно прождали 20 лет его возвращения. В 1957 году получили справку облсуда о реабилитации.

А в 1955 году на мое письмо в адрес Председателя Президиума Верховного Совета СССР К.Е. Ворошилова Министерство госбезопасности ответило, что Сагындыков Магаз умер 10 сентября 1943 года от туберкулеза в местах заключения в Карагандинской области. Вот так власть скрывала правду.

Имущество, в том числе скот, у нас конфисковали. Семеро сирот, самый младший – годовалый, остались на попечении матери. Говоря о материальных лишениях, до сих пор не могу без слез вспоминать моральные унижения, оскорбления, которые пережила наша семья.

Мать, как жену врага народа, летом отсылали за 40 километров в совхоз «Кзыласкерский» пасти овец, а зимой – молотить заскирдованный хлеб. Моего старшего брата, фронтовика, прошедшего путь от Крыма до Берлина, пролившего кровь за освобождение своей Отчизны, прослужившего 4 года после Победы в органах госбезопасности, подвергли гонениям: уволили из органов МГБ, а в последующем – с должности завпарткабинетом райкома партии, как сына врага народа. Меня, ученика 8-класса, записали, оберегая от возможных гонений, на другую фамилию и попросили называть отца дядей.

Теперь мы живем в независимой, расцветающей стране – Республике Казахстан. Каждый из нас твердо уверен, что в скором будущем мы непременно войдем в число пятидесяти высокоразвитых стран мира. Ставя перед собой амбициозные задачи, сегодняшнее поколение не вправе забывать историю страны. Мы обязаны отдать должное памяти тех, кто волею судьбы стал жертвой всенародной трагедии.

Принят Закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий». 31 мая стало днем памяти жертв, ежегодно он отмечается нашим народом.

Значительная работа в восстановлении истинной истории тех лет ведется в нашей области. Благодаря поддержке руководителя региона Таира Аймуха мвтовича Мансурова, за короткий срок в областном центре возведен монумент на месте бывшего здания НКВД в память жертв политических репрессий.

При содействии департаментов КНБ и внутренней политики изданы два тома книг с краткими данными о тех, кто невинно пострадал. Готовится к выпуску книга воспоминаний.

Общественным фондом «Память» подготовлено предложение о внесении дополнений и изменений в Закон «О реабилитации жертв массо-

вых политических репрессий». Вопрос в том что дети репрессированных в силу допущенных неточностей, в ходе подготовки и принятия выше названного закона, не могут быть признаны пострадавшими. Хочется надеяться, что после вмешательства парламентской фракции НДП «Нур Отан» этот вопрос сдвинется с мертвой точки и справедливость восторжествует.

Мы всегда должны помнить о людях невинно пострадавших. В живых их осталось так мало, что можно пересчитать по пальцам. Всех детей репрессированных немного, поскольку самому молодому из них уже более семидесяти лет.

Встречаясь с молодежью, мы убеждаемся, что она недостаточно осведомлена о трагических событиях 20-50-х годов. Мы много забываем. Словно отказываемся от тех, кто невинно страдал или погибал, А помнить надо, не только для того, чтобы мрачная история не повторилась. Неосведомленность новых поколений о прошлой жизни грозит обернуться тотальным взаимонепониманием. Наш долг – сделать все для того, чтобы крепкие духовные корни, память народа продолжались в поколениях.

Болат САГИНДЫКОВ

ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР САНАТЫНА ЖАТҚЫЗЫЛМАУЫМЫЗ ҚАЛАЙ?

Парламенттің бір топ депутаттары ұсынған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңға толықтыру, өзгерістер енгізуге байланысты заң жобасына Үкіметтің берген қорытындысы ашық хат жазуға мәжбүр етті. Бұл заң жобасы біздің Парламентке жіберген үндеуімізден кейін туған еді. Біз, солтүстікқазақстандық қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары, Үкіметтің мұндай шешіміне қатты қынжылыс білдіреміз. Саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің анықталған саны болмағандықтан, қажетті қаржыны есептеп шығу мүмкіндігі жоқтан аталмыш Заңға (14 сәуір, 1993 жыл) өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысын тоқтату керек деген Үкімет шешімімен келісу қиын.

Шындап қолға алса, Үкімет қажетті деректерді жинай алмайды дегенге кім сенеді? Мұндай қадамды біз көтерген проблемаларға, сталиндік зобалаң тұсында саяси зардап көргендердің айтып жеткізгісіз қайғы-қасіретіне көз жұма қараушылық деп білеміз. Үкіметтің Парламентке берген жауабындағы салқын сөздер үлкен ренішімізді туғызып қана қоймай, жазылмас жан жарамызды тырнап тастағандай әсер қалдырды. Заң жобасы қабылдана қалса, төленетін мемлекеттік

шығынды әкелеріміз бен аналарымыздың, жетім қалып, аш-жалаңаштықпен күн көрген ұрпақтың моральдық зор нұқсанымен әсте салыстыруға болмайды.

Үкіметтің мұндай жеңіл шешімі ұлағатты Елбасымыз бастаған ұлы жолға түскендегі саясатына, халқымыздың рухани, адамгершілік таным-түсінігіне сәйкес келе қояр ма екен? Есін білер-білмес сәбидің әкесін тек молданың баласы болғаны үшін ғана «халық жауы» ретінде атып тастағанда, шешесінің мойнында тоғыз жетім қалғанда «халық жауының» әйелі ретінде жаз қой бағуға, қыс маядан астық соғуға алыстағы аудандарға айдалғанда аш отырған, от жағылмаған суық үйлерде тоңған жетімектер зардап шекпеген бе? Ұлы Отан соғысынан халық үшін қан төгіп, жан беріп оралған азаматтар бірнеше мәрте «халық жауының» баласы ретінде жұмыстан, қызметтен талай қуылғанда ол қуғын-сүргін болып есептелмеуі қалай?

Әділет министрлігі, Бас прокуратура, Жоғарғы Сот 1993 жылғы 14 сәуірде қабылдаған Заңда қателіктер мен қайшылықтар барын айтады. Солардың бүгінге дейін түзетілмеуі, сөйтіп, біздің ризығымызға кесір келтіріп отырғанына не кінә-жазығымыз бар? Ауыр зардап көрген балалардың арты бүгінде 70 жасқа толды, өте аз қалдық. Ертең осы мәселе кім үшін шешілері тағы неғайбыл.

Шүкіршілік, еліміздің экономикасы көтеріліп, өркендеп келеді. Олай болса, мүмкіншілік тауып, ұсынылған заң жобасына қайта оралып, сталиндік қуғын-сүргін құрбандарының балалары зардап шеккендер санатына жатқызылады деген үмітімізді үзгіміз келмейді.

Солтүстікқазақстандық жеті мың саяси қуғын-сүргін құрбандары балаларының атынан: Ғ. Қадыралин, С. Жұмабаев, Қ. Мұқанов, Д. Омаров, С. Қапаров, Ж. Сақыпкереев, Б. Сағындықов, Қ. Ысқақов, Р. Үәйісов, Ә. Алпысов, А. Қайырбеков, А. Сманов, Қ. Қажытаев, М. Оспанова, З. Олжабаев, тағы басқалары

ӘДІЛДІК БОЛАРЫНА ҮМІТТІМІЗ

Сан ғасырлар қасырет шеккен қазақ халқының тарихында қаралы беттер аз емес.

Ұлтымызды зар еңіреткен келелі кезеңдер кейін қалды. Бірақ оны ұмытуға, ескерусіз қалдыруға біздің қақымыз жоқ. Оларды айрықша еске алып, айшықтап, анықтап, тұжырымды, нақтылы баға беру бүгінгі ұрпақтың еншісіне жүктелер ауыр да абыройлы міндет.

Өткенімізді тыңғылықты талдап, көзқарасымызды қалыптастырып алмай алда ауқымды алға басу сәтті бола бермес.

Саяси қуғын-сүргін тарихымызда індетті із қалдырды.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы-елуінші жылдары большевиктердің қанды балақ қарақшылары қараны да төрені де қасқырдай шауып, қойдай қырды емес пе? НКВД-ның жоғарыдан жолдаған жоспарын орындауда елді жаудай қырғынға ұшыратып, қолға түскенге «халық жауы» деген қара күйе жағып, абақтыға жауып отырды. Соғыстағы жаудың қолынан емес, өз елінде, өз жерінде, өз адамдарының қолынан қаза тауып, сталиннің лагерлерінде шіріп, түрмелерде оққа ұшыраганына не дерсің!

Тек, біздің Солтүстік Қазақстаннан ғана жеті мыңдай адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның бір жарым мыңы атылған. Обкомның бірінші хатшысынан бастап малшы, күзетшіге дейін сұмырай саясаттың құрбаны болған.

2008 жылы біздің қоғамдық «Память» қоры «Асыл мұра» ғылыми орталығымен бірігіп «Ақталған есімдер» атты мың жарым дана 500 беттік кітап шығарды. Онда мұрағаттық, статистикалық мол материалдармен қатар, құрбандардың балалары мен немерелерінің жіберген хаттарын оқыганда төбе шашың тік тұрады.

Шала сауатты қатыгез тергеушілердің әліпті таяқ деп білмейтін тұтқындардың үстінен қорлап-зорлап жазған протоколында не көрсетілмеген.

Басым көпшілігі Жапонияның не екенінен мүлде хабары жоқ бола тұрса да сол елдің жансызымын деп мойындаған. Әрине, аяусыз зорлық-зомбылықтың салдарынан. «Үштік» мүртеттердің шешімімен миллиондаған бейшаралардың тағдыры тәлкекке ұшырап, қыршындарынан қиылған. Атылғандарды түгелінен 10 жылға сотталды деген жалған үкім жариялаған сұмырайлардың аузы-мұрны қисаймаған екен. Сол қаныпезерлердің өздері де Аллаһтың қаһарына ілініп, жазаларын алғаны белгілі.

Біздің облыста бұдан бес жыл бұрын «Память» қоғамдық қоры құрылды. Қордың ұсынысы мен облыс әкімінің қолдауымен облыс орталығында саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш орнатылды. Құрбандардың есімдерін есте қалдыру мақсатында жеті мыңдай адамдардың аты-жөні, туған жылы, мекен жайы, кім боп қызмет атқарғаны, қандай заңның қай бабымен сотталғаны, артында кімдер қалғаны, қашан, қалай ақталғаны туралы мәлімет бар, аудан-аудандарға бөліп, алфавитпен жазып екі томдық анықтама кітап шығарып тараттық.

Жоғарыда айтылғандай «Ақталған есімдер» немесе «Возвращенные имена» атты екі тілде жазылған кітап етіп шығардық.

Осы саяси қуғын-сүргін мәселелерімен айналысып жүріп, жергілікті басшылардан қолдау тауып, жоғарғы жақтағы тізгін ұстаған шенеуниктердің немқұрайлылығына еріксіз қынжыласың. «Қап, эттеген-ай» деуден басқа амал қалмады.

Облыстық газетте 2009 жылдың 11 желтоқсанында жарияланған саясаттанушы, Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер, заң ғылымының кандидаты, көп жылдар осы проблемалармен айналысып, қомақты істер атқарған Сабыр Қасымов мырзаның «Қарғысқа ұшырамайық десек»... атты кең көлемді мақаласын оқыдым. Көптеген жәйттарды жайып салып, автордың жүрегін сыздатқан өкініштерін жаным ашып қоштадым. Бұл көптің көкейіндегі реніші мен мұңы. Мен оны растайын.

1993 жылдың 14 сәуірінде қабылданған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданған. Бұл заңға сәйкес біраз игі істердің атқарылғаны анық, көпшіліктің адал есімдері ақталды.

Бірақ бұл заңның кейбір баптарының бүгінге дейін іске аспай отырғанын қамығып айтқым келеді.

Осы заңның екінші бабында былай жазылған: «Пострадавшими от политических репрессий, признаются дети жертв от политических репрессий, не достигшие восемнадцатилетнего возраста на момент репрессии и в результате ее применения оставшиеся без родительского попечения».

Пәле «оставшиеся без родительского попечения» деген ұғымның шалалығында. Мысалы, маған әкең атылды, бірақ шешең тірі үйде қалды, сондықтан сен зардап шеккендер қатарына ілекпейсің деп жергілікті прокуратура анықтама бермейді. Сонда әкемнің артында қалған жеті жетім: алды кәрі әжеміз, арты бір жастағы мен тірі жесір қалған шешеміздің еңбекақысыз (мал-мүлік тәркіленген) отырған қарауында аш-жалаңаш болсақта зардап шекпеген екенбіз. «Халық жауының қатыны» деп жергілікті басшысымақтар шешемізді бірде алыс жерге қой бағуға, бірде қыс ішінде шетке егін соғуға қуып отырған. Үйдегі біз ішерге ас, жағарға отын жоқ қорадай суық үйде қамалып отырсақ зардап шекпеппіз.

Осындай Ресей заңында: «Пострадавшими от репрессий родителей считаются дети, не достигшие восьмилетнего возраста, оставшиеся на момент репрессии без родительского (одного или обоих попечения».

Соқырға таяқ ұстатқандай.

Бір тоталитарлық режимде зардап шегіп, мемлекет бөлінгенде заңның қиқы-шиқы жазылуына не дерсің.

Осы заңды дайындағанда және қабылдағанда кеткен шалалықты Жоғарғы сот, Әділет министрлігі және бас прокуратура кезінде мойындаған.

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің № 8-1-2 / а-4816 03.10.2003 ж. хабарламасында «в настоящее время Министерством юстиции совместно с Министерством труда и соц. Защиты населения Республики Казахстан разработан законопроект. «О внесении и изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан. О реабилитации

жертв массовых политических репрессий», предлагающий установить, что под пострадавшими должны признаватся также дети, оставшиеся без родительского попечения одного или обоих родителей».

Өкінішке орай, жоба қағаз жүзінде қалып қойған.

Солтүстік Қазақстан облысындағы «Память» қоғамдық қоры осы жобаның жүзеге асуына бес жыл бойы қажымай-талмай әрекет етуде. Жиырма екі саяси қуғын-сүргін құрбандарының балалары 2004 жылы ҚР Парламентіне Үндеу жолдадық. 30 мәжіліс депутаты қол қойып Үкіметке жоба дайындауға тапсырыс берген еді. Ахметов мырза басқарған министрлер кабинеті еліміздегі зардап шеккендердің санын және бұған қажет қаражатты анықтау мүмкіншілігі жоқтықтан заң жобасын Мәжіліске ұсынуды жөн көрмедік деген сылтау тауып, үкімет бүгінгі ұрпақтар алдында, жұмсағырақ айтсақ, жауапкерсіздік көрсетті. Бұған дейін Ахметов мырзаның атына ашық хат жолдап, өзіміздің наразылығымызды білдіріп, бұл мәселені қайта қарауға оралуын талап еттік.

Жауапты еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігі бүгінгі бар заңға түсініктеме берумен шектелген.

Бір өкініштісі – бұл Министрлік істің мән-жәйіне жетпей «саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккендердің статусын жергілікті прокуратура, ішкі істер Министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің жергілікті органдарының құзырында» деп немқұрайдылық білдіргені бізді қатты ашындырды. Ал жергілікті органдар басшыларының күлкісін тудырды. Қашаннан Заңға өзгертулер кіргізу жергілікті органдардың құзырына беріліп еді?!

Біз әуелі Парламенттегі «Нұр Отан» партиясының фракциясына, кейін «Нұр Отан» партиясының төраға орынбасары Громов мырзаға өтініш білдірдік. Бұл ұйым да баяғы Еңбек және қорғау министрлігіне жіберіпті. Бұлардан баяғы «әнді» естіп қарық болып қалдық.

Президент аппаратының мемлекеттік инспекторы Квитковский мырзамен Петропавлда екі рет кездесіп, мұң-мұқтажымызды баяндадық, Елбасының назарына жеткізуді өтіндік. Тағы да баяғы сара жол, жауап баяғы сарын.

«Барар жер, басар тау қалмады-ау» деп қиналғанда Президентіміз тікелей эфирде халықпен сұхбаттасады дегенге қуанып, дәл осы жолы Елбасының қолына тиер деп үміттендік.

Уақытында мәселеміз туралы сауалымызды жеткіздік. Ай өткен соң сайттан жауап іздедік. Жауапты Түсіпбеков мырза беріпті. Салымыз суға кетті. Мардымсыз жауапты оқып «Әй, эттеген-ай, тағы да Елбасының қолына жеткізбей, електен өтіп чиновниктердің қаламына қадалып қалды-ау» дедік.

Сөйтіп, бес рет жолдаған ресми сауалымызға бес рет ресми бюрократтық жымысқы жауап алдық.

«Баяғы жартас, бір жартас»... деуден басқа амалымыз қалмады. Кімге барып мұңымызды шағармыз?!

Бір жасымда құрбан болған әкемнен қалып, жетімдіктің ащы зардабын тартсам да, заман өзгеріп, еліміз егемендік алып, әкемнің адал есімі ақталғанына шексіз қуанышқа бөлендім. Әттең «сен зардап шеккен жоқсың» дегендері нағыз әділетсіздік. Жетпіс төртте жасым бар, әділ шешімді көре алмай кетер ме екем. Тағдырдың тауқыметі жалғыз менің басыма түскен жоқ. Көбі бұл дүниеден өтіп кетті. Санаулы ғана қалған мен сияқты жасында сорланғандарды материалдық емес-ау, моральдық жағынан әділ шешіммен қуантарлық күн туып та қалар.

Қайдам, қуана да қалмай жүрмесе.

Отызыншы дүрбелең жылдары туғандардың тоқтының ғұмырындай ғана уақыттары қалды ғой.

Әлі де болса өкімет пен үкімет біздей қарттардың қамына тиісті көңіл бөлер, әділдік орнатар деген үмітімізді үзбейміз.

Болат Мағазұлы САҒЫНДЫҚОВ,
«Память» қоғамдық қорының төрағасы.

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАПА ШЕККЕН

Преснов ауданына қарасты, Киров колхозының мүшесі Елубай Ыбыраев 1900 жылы туған еді 1941 жылы соғыс басталғанда бір үйден ағайынды Елубай мен Қали екеуі де майданға аттанады. Менің әкем Қали Ыбыраев Ленинград майданында жауға қарсы соғысса, ағасы шығыстағы майдан бекінісіне аттанған. Әкем соғыстың сұрапыл кезінде Ленинградты қорғауда қаза тапты.

Ал әкемнің ағасы Елубай Ыбыраев ауыр шайқаста қатты жараланып, осы Петропавл қаласындағы әскери госпитальға жеткізілген. Мұнда төрт ай бойы емделіп, жазылып шыққаннан кейін, төрт адамды еңбек армиясына алып, ТЭЦ-1-ге жұмысқа жібереді. Содан 1947 жылға дейін осында жұмыс істеп, сол жылы әскерден босату жөніндегі Жарлық бойынша елге оралады. Елге оралған бетте колхозға мүше болып кіріп, бірден бейбіт еңбекке араласады.

1951 жылы қарашаның төрті күні, біз күзгі каникулға шығып, үйге келген бетіміз болатын. Бір күні үстеріне әскери киім киген, түстері суық, үш кісі үйге кіріп келіп:

– Сіз Ыбыраев Елубайсыз ба?, – деді. Жайбарақат отырған ағам әлгі тосыннан келген әскери адамдарды көріп, абыржып қалды.

– Біз сені әкетуге келдік, үстіңнен арыз түсті, – деді НКВД адамы қатқыл сөйлеп: – Мынау Преснов ауданының милиция бастығы Баймурзин деген кісі, – деп жанындағыларды таныстырды да, өзін атамады.

Апам екеуімізге далаға шықпауды қатты ескертті. Әскери шендері қандай екенін аңдамадым, әйтеуір, бұйыра сөйлеген түрлеріне қарағанда, шенсіз адамдар емес. Бір кезде үлкен бастығы:

– Осы үйде Мағжан Жұмабаевтың кітабы бар деп естідік, соны тауып беріңдер, – деді.

– Мен төте оқумен екі класс қана бітірдім. Мен де, кемпірім де хат танымаймыз, сауатымыз жоқ. Мына бала- інімнің баласы, әкесі соғыста қайтыс болған, шешесі тұрмысқа шыққан, біздің үйде тұрып жатыр, – деді ағам. Содан әлгілер үйді астан-кестен тінтіп шықты, ештеңе таба алмаған соң, ағама, сіз киініңіз деп бұйырды. Апам екеумізді далаға шығармады.

– Құлыным, Мәкенжан, сабағыңды жақсы оқы, Петропавлға оқуға түс, білім алып шық, – деп маңдайымнан иіскеді де, апама: – Үйді жап та, қалаға көшіп барып, Мәкенжанды оқыт, адам болсын, – деді де, киініп әлгілердің соңына ерді.

1952 жылғы қаңтардың сегізі күні ауылдан төрт коммунисті, екі комсомол мүшесін қалаға сотқа шақырды. Сол белсенділер ағама жала жауып, «Ағылшынның шпионы», «Жапонның жансызы» деп, 58 баптың «б» тармағымен он жылға, «халық жауы» деген атақпен сотталып кете барды. Ағама жалған жаланы мойындату үшін әрекет еткен сот, қырық минутқа созылыпты. Іздеп барған апамдарды сот маңына да жуытпапты. Сол кезде ағама жазықсыз жала жауып, соттатқан белсенділер өмірде жоқ. Ұрпақтары тірі жүрген соң аттарын атамай отырмын.

1953 жылы Сталин өлгеннен кейін, үкімет басына Маленков келген соң, рақымшылық жасап, 58 баптың «Б» тармағымен жазықсыз сотталған адамдарды босатқан. 1954 жылы шілде айында ағам босап үйге келді. 1958 жылы облыстық сот пен прокуратураның шешімімен ағам жалған жаладан ақталып шықты. Бұл шешім сол кездегі облыстық «Ленин туы» газетінде жарияланған болатын. Міне, ағам «үштіктің» тырнағынан осылайша жазықсыз жапа шегіп, аман қалды.

Ағам қамауда отырған кезде басқа түскен қиыншылықтан, жалған жаладан қапаланып «Түрмеден сәлем» деген өлеңін жазған екен. Мынау Елубай Ыбыраевтың сол өлеңі.

ТҮРМЕДЕН СӘЛЕМ

Дүние бірде оңда, бірде солда,
Шіркін-ай тұрмайды екен үнем қолда.
Ойымда ешнәрсе жоқ жүргенімде,
Түсірді-ау дұшпан қамап темір торға.

Жеккенім торлап шана қара керге,
Ойласам не түспейді саналы ерге.
Ойымда ешнәрсе жоқ жүргенімде,
Түсірді-ау қастықпенен бұл кәмерге.

Бұл кәмір стенасы тастан салған,
Опасыз өтер мекен дүние жалған.
Бекерге көп қайғырып жыламаңдар,
Ақ шешіліп арамнан кегін алар.

Ей Сақып сүйіп алған жарым сенсің,
Жалғанда сенетұғын барым сенсің.
Басыма екі талай іс түскенде,
Көтеріп алатұғын нарым сенсің.
Тапсырдым артта қалған Балтабайға,
Түсімде бауырларым көріп жүрмін,
Қолқанат Сапар менен Ғазез қайда.
Қайнатқан қорғасындай еріп жүрмін

Уайс білгенінше ақыл айтар,
Бәріңе басшы болып ақыл айтып,
Бекерге көп қайғырып жүдемеңдер осындайда.
Ақ зоннан көйлек бөліп беріп жүрмін..

Мәкен Қалиұлы

ҮШІНШІ
БӨЛІМ

СЕКСЕН АЛТЫ – ЖЕЛТОҚСАН ЫЗҒАРЫ

ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ЖОЙҚЫН БҰЛҚЫНЫС

Бұрынғы кеңес одағы құрамындағы республикалар арасынан әміршіл- әкімшіл жүйеге бірінші болып қарсы шыққан қазақ жастарының 1986 жылғы қозғалысы Тәуелсіздігіміздің арайлы таңына ұласты.

БАСЫЛЫМДАР ЖАРЫСА ЖАЗҒАН ТАҚЫРЫП.

Ел Тәуелсіздігінің мерекесі жылда атап өтіледі. Мемлекеттік мерекелер ішінде ең ұлығы саналатын осы күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап өтті. Біз шын мәнінде бақытты ұрпақпыз. Әлемдік қоғамдастық таныған елде өмір сүріп жатырмыз. Жүрекке жарық сәуле түсіретін, көкейге жылылық себелейтін егемендік, азаттық деген тәтті ұғымдар айтуға оңай болғанымен, оған жету жолдары тар жол, тайғақ кешулерге, азапты асуларға, бейнетті белестерге толы екенін қазақстандық тәжірибеден жақсы білеміз. Осындайда осыдан 30 жыл бұрынғы қазақ халқының тарихында да, өмірінде де өшпес із, ұмытылмас белгі қалдырған қазақтың өрімдей ұл-қыздарының мұқалмас саяси ерік-жігері, арман-тілегі, қайсар мінезі еске оралады. «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, арада қанша уақыт өтсе де ерен ерлік ешқашан ескірмек емес. 1986 жылғы желтоқсанның ызғарлы кешінде Мәскеудің бір орталықтан басқарған өктемдігіне бейбіт түрде қарсылық білдіргені үшін олардың саяси құқығы аяусыз жаншылды. Небәрі 18 минутқа ғана созылған Қазақстан компартиясы орталық комитетінің шешімімен келіспеген мыңдаған студент-жұмысшылар бұрынғы Брежнев, қазіргі Желтоқсан алаңына жиналып, ұлттық рухтың биік үлгісін көрсетті. Есімдері посткеңестік дәуірдегі демократиялық қозғалыстың «алғашқы қарлығаштары» ретінде ерекше мақтанышпен аталады. Олардың ашық наразылық білдіруіне бірінші хатшылыққа ешкім білмейтін Колбин деген келімсектің халықты қорлайтындай түрде тағайындалуы түрткі болғанымен, оның арғы жағында рухани да, әлеуметтік те, экономикалық та езгіге түскен, **қазақ халқын «екінші сортқа» айналдырған империялық, отаршылдық** үстемдікпен жүргізілген ұлт саясатына қарсы дүниені дүр сілкіндірген жойқын бұлқыныс, есіктен төрге оза алмай, босағада қалған тіл, діл, ел мүдделері жатқан еді.

Жергілікті басылымдар «Правда» мен «Известияға» сілтеме жасап, «араққа, есірткіге уланған, сана-сезімі төмен қазақ жастары» жайлы

жарыса жазып жатты. Аталмыш газеттердің ерекше белсенділік көрсеткен тілшілері Дильдяев, Есілбаев, Патрушевтың «Паутина», «Цена самолюбования», «Еще раз о старых связах» секілді мақалаларын аудандық газеттерге дейін көшіріп басты. Облыстық «Ленин туы» газеті «Алматыдан хабар»/20.12.86. №245/секілді жалпылама ақпараттармен шектелсе, «Ленинская знамя» беттерінде жастардың іс-әрекеттерін аяусыз әшкерелейтін пікірлер топтамалары ұйымдастырылды. Сондай жарияланымдардың бірі «КПСС – партия социалистического интернационализма» деп аталады./14.01.87. №10/Онда есімі облысымызға белгілі тарихшы ағамыз Петропавл пединститутында оқитын студенттер арасында қазақ жастарының көбейіп бара жатқанын қапалана жазды. Фактілерді көпекөрінеу бұрмалап, қара күйені аямай жағуға тырысқаны байқалады. Республикалық басылымдардың бірінде Қазақ ССР жоғарғы советі президиумының председателі З. Камалединов былай деді: «1986 жылғы декабрь оқиғаларын бүгінгі таңда қайта-қайта талдау барысында мынадай қорытындыға келесің:... адамдардың кейбір бөлігінің санасында теріс ұғым тудырып, социалистік ұлтаралық қатынастардағы интернационализм мұраттары мен қазыналарын аяққа басуға алып барып соқтырды». Қазақстан компартиясы орталық комитеті жанындағы партия тарихы институтының директоры Б. Төлепбаев одан да асып түсті. «Мұхамеджан Тынышбаев туралы жуырда «Түрксіб» атты толық метражды фильм жасалды. Баспасөз оған мадақтау бағаларын беріп, Тынышбаев бейнесін тұңғыш теміржолшы қазақ инженері ретінде жарнамалауға асықты.

Ал, тарихи шындық мынадай. 1917 жылдың ноябрінде клерикал-ұлтшылдық топтардың лидері ретінде Тынышбаев ұлтшыл контрреволюцияның тірегі және басмашы қозғалысының алғашқы саяси базасы Қоқан автономиясы үкіметінің премьері болды. Кейбіреулер, міне, осындай адамды ақтауға тырысып жүр».

Керісінше, шетелдік басылымдар мен демократиялық күштер әміршіл- әкімшіл режімнің әпербақан, асыра сілтеу саясатын ашық айыптап, қазақ жастарына араша, сүйеніш, таяныш болуға ұмтылғанын біреу білер, біреу білмес. Ол кездері сырт түгіл ішкі толыққанды ақпаратқа қанығу мүмкін емес-ті. Алғашқылардың қатарында Венгрия және Польша зиялылары үн қосып, Қайрат Рысқұлбековты өлім жазасына кесуге ашық қарсылық білдірді. КСРО үкіметіне 2 рет ресми мәлімдеме жасады. «18 жастағы балаға/Қ. Рысқұлбековты айтып отыр – Ө. Е./мұндай жазаның қолданылуы, оны советтік академиялық заң жүйесінің мақұлдауы – біз үшін ақылға сыймайтын іс. Бұл – тым асығыс әрі моралдық азғын үкім болып табылады» делінген мәлімдемеде. Оған Нобель сыйлығының лауреаты Лех Валенса бастаған 70 адам қол қойған. Мәлімдемені «Польша Пресс Агенттігі» төрткүл дүниеге таратқан. Мажарстанда/Венгрия/41 адам қол қойған

мәлімдемеде «кеңес одағы жоғарғы кеңес төрағасы А. Громыкодан орыстар өлім жазасына кескен қазақ түркі жасына кешірім жасау» талап етілген. АҚШ-тың президенті Р. Рейган «Езілуші ұлттар» аптасына байланысты жариялаған мәлімдемеде «адам құқықтары және тәуелсіздік үшін күрескен халықтар санатында қазақтарды» ерекше атап көрсеткен. Батыс Германиядағы Түркі елі комитеті «Бұл студенттің қылмысы бар болса, ол азаттық пен егемендікке ұмтылыс қана, оның жанкешті әрекетінің сыр-сипаты беймәлім қалған» деген көзқарасын білдірген. КСРО басшылығы дүниежүзілік демократиялық күштермен санасуға мәжбүр болды. Өлім жазасы 20 жыл бас бостандығынан айырумен алмастырылды.

Ж. Молдағалиев, С. Зиманов, С. Шаймерденов, М. Есенәлиев, М. Шаханов, Б. Қойшыбаев, тағы басқа көрнекті ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің жастарға араша түскен ой-толғамдары да қоғамдық пікірлерге қозғау салды.

ЕГЕМЕНДІ ЕЛ БОЛАМ ДЕП ШАРҚ ҰРҒАН.

Алматыдағы наразылық толқулары еліміздің басқа өңірлерін де қамтып, үлкенді-кішілі 14 қалада түрлі шерулер ұйымдастырылды. Басым көпшілігі күшпен, қорқытып-үркітумен таратылды. Негізгі ошағы «қазақтың астанасы, орыстың баспанасы, ұйғырдың асханасы» атанған Алматы болды. Ол заңды еді. Жоғары оқу орындарының да, қазақ жастарының да, зиялы қауымның да дені осында шоғырланғандықтан, өз елінде, өз жерінде тұрса да, тілімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айрылып, өгейліктің күнін кешу алдымен олардың арқасына аяздай бататын. Олардың Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайына әбден қанық білімді, озық ойлы азаматтығына ешкім шәк келтірмейтін. Өткен ғасырдың 30-шы жылдары ауыл шаруаларының кеңес өкіметіне қарсы 400-ге жақын толқулары болып, 80 мыңдай адамды қамтыған. Қолдан жасалған аштықтан, індетті аурулардан 2 миллионнан астам қазақ қырылған. 1,5 миллиондайы шетел ауып кеткен. Сталиндік репрессия кезінде 25 мың адам атылған, 120 мыңдайы итжеккенге айдалған. Тың игеру жылдары ата-бабаның тарихи қонысында 26 пайыздай ғана қалған. 16 желтоқсан күнгі Пленум көп жылдар бойы іште жасырынып келген бітеу жараның аузын ашты. Бейбіт сипаттағы жиын неге көтеріліске айналып кетті деген сауал төңірегінде бірер сөз.

Аланда тұрған жастарға алдымен қару кезеген әскер мен милиция болды. Жарлық Мәскеуден келді. Ондағылардың бойын қазақ «қойдан да жуас, момын, көнбіс, не айтсақ та тыңдайды, орындайды, мыңқ етпейді» деген империялық астамшылық әбден дендеп, көздерін шел басқан еді. Ол кездері, шынын айтсақ, компартияның шешіміне қарсы

шығу аждаханың аузына түскенмен бірдей еді. Оқиғаның дәл бұлайша өрістеп, басқа арнада ширығуын ешкім күтпеді. Горбачев, Соломенцев сияқты ұр да жық, ожар басшылар шовинистік мінездеріне басып, «нашақорлар мен маскүнемдерді» жөнге салуға әмір етті. Сол-ақ екен, «бассыздықты» жойып, қоғамдық тәртіпті «қалпына келтіру» мақсатымен алдынала ойластырылған «Құйын» операциясы қанды қасапты бастап кеп жіберді. Милиция, ішкі әскер жауынгерлері, «алдыңғы қатарлы» жұмысшы жасақтары сапер күректермен, темір белдіктермен қаруландырылды. Өрт сөндіретін машиналар жұмылдырылып, суық сумен атқылады. Жастар күш алып бара жатқаннан кейін Қырғызстаннан, Ресейдің 8 қаласынан арнайы әскери құрамалар жеткізілді. Әрлі-берлі сеңдей соғылысқан жалаңаш қол мұздай қаруланған әскерге екі күн бойы қайрат көрсетіп бақты. Олардың шынайы елдік, ұлттық республика, дербес мемлекет болуға әрекеттенген үміт-армандары айуандықпен жанышталды. Толық емес мәліметтерге қарағанда, 20 мыңдай адам ұсталып, қамалған. 10 мыңға жуық адам түрлі дене жарақатын алған. 120 адам сотталған. Рухы мықты жас ұрпақ шыбын жанын шүберекке түйіп, ашық айқасқа шықты. «Өзекті жанға– бір өлім» деп өзара серттесті, анттасты. Ақ қар қызыл қанға боялды. Лениндік ұлт саясатын қолдаған ұрандар мен плакаттар аяққа тапталды. Түрмелердегі ұрып-соғу, азаптау, оқудан, комсомолдан шығару науқандары талай жазықсыз жандарды торғайша шырылдатты.

СЫЗЫ ЖАТЫР СОЛ КЕЗДЕГІ САЛҚЫННЫҢ.

Желтоқсан ызғары Қызылжар өңірін де шарпыды. Солтүстікқазақстандық жерлестеріміз ел тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық күресте толқулардың алғы шебінен көріне білді. Олардың деншілігі Алматы, Қарағанды секілді іргелі қалаларда оқып жүріп, сын сағаттарда сыр бермеді. Солардың бірі Алматы сәулет және құрылыс институтының бірінші курс студенті Нұржан Қалиасқаров оқу орны басшыларының қысымына қарамастан жастарға қосылып, екі күн бойы алаңнан табылған. Жаппай жазалау кезінде ұсталып, ауыр соққы алған. Алматыдағы қоғамға қарсы бейберекетсіз іс-әрекетке қатысқаны үшін «кеңестік студентке лайықсыз деп табылып, оқудан, комсомолдан шығарылған. Кейін алған жарақаты асқынып, 1994 жылы небәрі 28 жасында қайтыс болған. Қазір оны облыс жұрттшылығы жақсы біледі. Нұржанның есімі Халық Қахарманы Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Сабира Мұхамеджанова сықылды замандастармен қатар аталады. 1996 жылдан бері оның атында қор құрылып, волейболдан еске алу турнирі өткізіліп келеді. Биыл облыстық спорт және туризм басқармасының күнтізбелік іс-шаралар тізбесіне енгізіліп, 17-ші рет ұйымдастырылды. Мектептерде,

кітапханаларда, колледждерде қоғамдық саяси, тақырыптық кештер, «дөңгелек үстелдер» ұйымдастыру дәстүрі қалыптасқан. «Желтоқсан» қоры Боташ Қажымов жетекшілік ететін «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалымен бірлесе отырып, биыл Желтоқсан оқиғасының тарихи, саяси мән-маңызын түсіндіруге арналған, өскелең ұрпақты отаншылдық рухында баулитын бірқатар шаралар ұйымдастырды. Солардың біріне Нұржан бауырымыз оқыған Тимирязев ауданы Ақсуат мектебінде мемориалдық тақтаның орнатылуын атауға болады. Жуырда аталмыш қоғамдық ұйымдардың қазақстандық патриотизм идеясын насихаттау жоспары облыстық әкімдікке ұсынылып, қолдау тапты. Онда Петропавл көшелерінің біріне Нұржанның есімін беру, желтоқсаншылар жайлы жинақ шығару, оларға арнап ескерткіш белгі қою, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау секілді шаралар бар. Бұл мәселелер жергілікті билік тарапынан қолдау табар деген үміттеміз.

Желтоқсан оқиғасына қатысты деректер іздестіру барысында Петропавлдағы еңбекпен түзету мекемесіне 4 желтоқсаншының этаппен әкелінгені анықталды. Олар – атыраулық Мұзафаров Алик, жамбылдық Иманғожаев Бақтыбек, алматылық Мәлібеков Ержан және көкшетаулық Күзембаев Қайыркелді. Әрқайсысы 3,5 жылдан 14 жылға дейін бас бостандығынан айрылып, жазаның 8 айын осында өтеген. Мекеме бастығының орынбасары Бектұров Еркебұлан кей дәрігерлердің емдеуден бас тартқан қарсылығына қарамастан тұрақты емдом алуларына көмектескен. Бүгінде 30-ға жуық солтүстікқазақстандық желтоқсаншылар жайлы мәліметтер жинақталып қалды. Әскери қызметкер Боташ Қажымов 7 жыл бойы теперіш көрген. Әлі күнге дейін отбасымен бір бөлмелі ескі үйде тұрып жатқан жайы бар. Оқудан шеттетілген, дене жарақатын алған Қайрат Оспанов – қанды қырғын куәгерлерінің бірі. Боташ Дайыров, Нүркен Төлеков сотталса, Дүйсенбай Құрмашев СОПК қатарынан шығарылған. Желтоқсаншылар қатарында Дулат Ғабдуллиннің, Кәрібай Құсайыновтың, Еділ Қожабековтың, Ләззат Сапарованың, Бағдат Мұқанованың, Жанна Досполованың, тағы басқаларының есімдері мақтанышпен аталады. Мұның өзі әлі толық тізім емес. Іздестіру жұмыстарының жалғаса түсері күмәнсіз.

Президент Н. Назарбаевтың Жарлығымен 17 желтоқсан Демократиялық жаңару күні ретінде белгіленді. Демек, қос мереке де қазақ үшін киелі де қасиетті саналары анық.

Өмір ЕСҚАЛИ,
республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің
СҚО бойынша меншікті тілшісі,
Желтоқсан тақырыбын зерттеуші

7 ЖЫЛ, 9 АЙ, 22 КҮН

Осынша уақыт бойы құдалау мен сергелдеңге түсіп, қаншама азапты кезеңді басынан өткерсе де, азаматтық тұлғасына мін түсірмеген әскери журналист Боташ Қажымовтың айтары аз емес.

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЫЗҒАРЫ ШАРПЫҒАН

– Боташ, желтоқсанның ызғарлы кездері қайда болдың?

– Степногорск қаласындағы № 6636 әскери бөлімшеде прапорщик болып қызмет атқаратынмын. Бір жағынан, Алматыдағы ҚазМУ-дың журналистика факультетінде сырттай оқитынмын. Жас кезімізде қазақтың батыр ұлдары Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев секілді ағалардай болуды армандаушы едік. Сөйтіп жүргенде дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан көтерілісі менің алға қойған мақсаттарымды ғана емес, тағдырымды мүлдем басқа арнаға бұрып жіберді.

– Студент-жастардың Мәскеудің әкімшіл-әміршіл өктемдігіне бейбіт түрде қарсы шығып, оның соңы қызыл қанға боялғанын қайдан естідің?

– 17 желтоқсан күні кешке қарай батальонда партия жиналысы өтіп, әскери қызметшілер тегіс қатыстырылды. Біздің негізгі қызметіміз – қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалау ғой. Сол күні ел шетіне жау тигендей дүрлігіп, әскери дайындықты күшейтуге пәрмен берілді. Ешкім ешнәрсені біліп болмайды. Еститініміз – тек қаңқу сөз. Жиында сөйлеушілер сол оқиғаның ішінен оралғандай Алматыда көшеге шығып, наразылық шеруін ұйымдастырған топты жамандап жатты. Бәрінен де батальон командирінің «олар шеттерінен нашақорлар, маскүнемдер» деп жерден алып жерге салған сөздеріне қаным әбден қарайып, намыс оты бойымды өртей бастады. Жиналғандардың ешқайсысы жақ ашар емес. Ақыры шыдай алмаған күйі орнымнан түрегеліп, даусымды көтере сөйледім. Мұндайда қазақ «не бел кетеді, не белбеу кетеді» демеуші ме еді?

– Сіздің бұл айыптауларыңызбен мүлдем келіспеймін. Мен өз ұлтымды жақсы білемін. Жастар үлкенді сыйлайды, алдын кесіп өтпейді. Жөн сөзге тоқтайды. Ондай теріс әрекеттерге ешуақытта бармайтынына кепілдік беремін, – деп ішімдегі запыранды ақтарып салдым.

Кеңестік кездегі әскери тәртіптің өлшемімен қарайтын болсақ, қатардағы прапорщиктің азуын айға білеген командирге қарсы шығуы – қылмыспен тең. Жиналыста отырғандар мұндай оқыс қимылды күтпесе керек, сілтідей тынған. Бір қызарып, бір бозарған командир қарсы әрекетке көшті. Қанша айтқанмен, тәжірибесі мол сыралғы емес пе.

– Бәлкім, сен де сондай шығарсың? Соларды қолдап отырсың ғой, – деді кекесінмен.

– Ұрандар көтеріп, алаңға шыққан ұлтшылдар емес, сана-сезімі жоғары студенттер, – деп мен де тістесіп қалдым. Қазақстанды жергілікті ұлт өкілдері басқаруы керек, – деп және үстемеледім. Сол-ақ екен, «ұлтшыл, шовинист, экстремист» болып шыға келдім. Содан бастап төбеме қара бұлт үйіріліп, күліп-ойнап жүрген қызметтестерім де, жора-жолдастарым да менен теріс айналды. Сәлемдеспей өте шығатындары жаныма қатты батты.

Арада үш күн өткеннен кейін Целиноградтан полк командирінің орынбасары, подполковник Подлесный арнайы келіп, «әскер арасында іріткі салып жүргенің қалай? Түсініктеме жаз», деді.

– Жаңылыппын, жаза басыппын деген пендешілік оймен кешірім сұрауға оқталған жоқсың ба?

– Партия жиналысында айтқандарымды қағазға түсірдім. Обалы не керек, жаны ашығандар болды. Солардың бірі аға офицер С. Сурнин «Түсініктемені жұмсартып жазғаның жөн», деп ақыл қосты. Бірақ мен өз пікірімнен таймадым. Түсініктеменің сиясы кеппей жатып Алматыдан бір полковник пен екі майор сау ете қалды. Осыдан жарты жыл бұрын осындағы түрмеден үш бірдей аса қауіпті рецидивист қашқан кезде бір ғана майор келген еді. Менің «ісім» олардан да сорақы болса керек. Айтқан сөзімнен қайтпайтынымды сезді білем, қарсы шаралар ұйымдастырыла бастады. Осылайша мен секілді «асауларды» «жуасытып» алайын дегендері шығар.

– Атап айтқанда?

– Солардың бірі – сақылдаған сары аязға қарамастан жылы тонымды шешкізіп, жарты сағат сап дайындығын өткізді. Жарғыға сай әмірлерін екі етпей өжеттене орындап, одан әрі ызаланды. Артынша жиналыс өткізіп, әскер қатарынан аластатты. Бұл қорлығы аз болғандай университет ректорына хат жолданып, 1987 жылы наурызда оқудан шығарылдым. Сонда полк командирі орынбасарының «Егер сен журфакты бітірсең, мен иығымдағы погондарды жұлып тастауға дайынмын», деген сөздері әлі күнге деген қалыпты.

– Жұмыстан да, оқудан да қуылдың. Алдың-тұман, артың-жар...

– Айтпа. Жел қуалаған қаңбақ құсап ой-қырды көп кездім. Ақыры Сілеті ауданындағы Ақсу тоғызжылдық мектебіне жұмысқа орналастым. Алайда, мұғалімдік диплом болғанына қарамастан көп тұрақтай алмадым. Полктан «Қажымов партия саясатына қарсы шыққаны үшін әскерден шығарылған. Оның ұстаз болуға еш қақысы жоқ» деген хат келіп жетті. Мектеп басшылығы аупарткомнан, оқу бөлімінен өкілдер шақыртып, жиналысқа салды. Соңғы айдың жалақысын да берместен мұғалімдіктен қуды. «Жазған құлда шаршау жоқ» деген. Бұдан кейін Көкшетау аудандық «За коммунизм» газетіне жұмысқа кірдім.

Онда да көп тұрақтай алған жоқпын. Әбден ізіме түсіп алған полктен тағы хат келіп, кетуге мәжбүр болдым. Қудалаудың құрығы жетпес алысқа қарамды батырайын деген ниетпен түкпірдегі Куйбышев/қазір Ғ. Мүсірепов/ауданына жол тарттым. Соңымнан тағы «полктің хаты» қуып жетті. Аудан басындағылар төсектерінен бүйі көргендей шошынды. Редактор Владимир Брюллев «редакцияда онсыз да маман аз, орнына адам тапқанша шығармаймын», деп маған шын жанашырлық танытты. Сонда бір ағайынның үйіне барғанда желкелеп қуып шыққаны есіме түсіп, жанарыма жас үйірілді. Округтік «Боевое знамя» газетінің әскери тілшісі Сапарғали Жағыпаров үнемі қолдау көрсетіп, жігеріме жігер қосып жүрді.

– Ақтау құжаттары қолға тигендегі қуанышты айтпаймысың бәрінен де!

– Мына қызықты қараңыз! 1989 жылы Мәскеуде өткен жоғарғы кеңес сессиясында ақын ағамыз Мұхтар Шахановтың желтоқсаншыларға қатысты әйгілі сөзін теледидардан бүкіл редакция болып тыңдадық. Сөйтіп, мені жұмыстан шығару мәселесі жайына қалып, өзімді тұңғыш рет еркін сезіндім. 1989 жылы журфакқа қайта қабылдандым. Оны бітірген соң дипломның көшірмесін «сен журфакты бітірсең иығымдағы погондарды жұлып тастаймын» деген командиріме жібердім. Бірақ ол уәдесінде тұрмады.

Туған жерім Көкшетауға оралғанмен, мамандығым бойынша біраз уақыт жұмыс таппай жүрдім. 1994 жылы 23 маусымда облыстық еңбек биржасының бастығы Д. Қазбеков менің «Степной маяк» газетіне негізсіз жұмысқа тұра алмай жүргенім жайлы әкімдікке хат түсіргенімен, жауапсыз қалды. Тек осы жылы 12 шілдеде Алматы гарнизондық сотының шешімімен толық ақталғанда жан дүниемдегі толқынысты тілмен жеткізу қиын. Әскери қызметіме қайтадан құлшына кірістім. Санап отырсам, қуғын-сүргінге ұшырағаныма тұп-тура 7 жыл, 9 ай, 22 күн болыпты. Бұл жұмыс өтілдерім қайтадан қалпына келтірілді. Республика ішкі әскері шығаратын «Қалқан» газетінің Петропавл әскери бөлімінде ұзақ жылдар бойы меншікті тілші міндетін атқардым. Шенім прапорщиктен майорға дейін өсті.

ЕГЕМЕНДІКТІ АҢСАҒАН ЖАСТАР.

– Боташ, желтоқсан көтерілісі жайлы аз айтылып жүрген жоқ. Десек те, демократиялық өскіннің тұңғыш қарлығаштарына баланып жүрген жастарымыз жайлы жергілікті жерлерде аз білетін секілді.

– Сауалың орынды. Біз Желтоқсан жөнінде сөз еткенде көбіне Алматыны ғана әңгімелейміз де, өзге қалаларға онша мән бермейміз. Сондай-ақ Қайрат Рысқұлбеков, Сәбира Мұхамеджанова, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев сияқты есімдері елге белгілі ұл-қыздар жайлы

кеңірек жазылады да, өзгелері жете ескерілмейді. Індетіп іздеген, зерттеген жаңа жергілікті жерлерден де көп мағлұматтар табуға болады. Мәселен, Жамбыл ауданының тұрғыны Құрмашев Дүйсенбай ағамыз Алматы облысында білім жетілдіру курсында жүргенде желтоқсаншыларды қорғап сөйлегені үшін қудаланған. Партия қатарынан шығарылған. Басқалардай бұғып қалмай өз көзқарасын ашық айтқан азаматтың батылдығы сүйсінтпей қоймайды.

Бүгінде 30-ға жуық солтүстікқазақстандық жастардың еліміздің әр өңірлерінде өткен қозғалыстарға, шерулерге, митингілерге қатысқаны белгілі болып отыр. Олардың қатарында Қалиасқаров Нұржанның есімі ерекше құрметпен аталады. Ол Алматы сәулет және құрылыс институтының бірінші курсында оқып жүргенде курстастарымен бірге екі күн бойы Брежнев алаңында болған. Жаппай жазалау кезінде ұсталып, ауыр соққы алған. Қоғамға қарсы бейберекетсіз іс-әрекетке қатысқаны үшін кеңестік студентке лайықсыз деп табылып, оқудан, комсомолдан шығарылған. Қайтадан оқуға түсуге екі рет барса да, құжаттарын қабылдамай қойған. Кейін «желтоқсаншы» екенін жасырып, Алматы ауыл шаруашылық институтына оқуға түскен. Алған жарақатының асқынуы салдарынан 28 жасында көз жұмған. Бүгінде ол жайында облыс жұртшылығы жақсы біледі. 1996 жылдан бері оның атында қор құрылып, волейболдан еске алу турнирі тұрақты өткізіліп келеді. Биылғы шара Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналды. Ондағы мақсат өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, саламатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Былтырдан бастап облыс әкімдігінің күнтізбелік жоспарына енгізіліп, өткізілу ауқымы да кеңейе түсті. Ол оқыған Тимирязев ауданындағы Ақсуат мектебінің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды. Оқу орындарында, кітапханаларда қоғамдық-саяси, тақырыптық кештер ұйымдастыру дәстүрі қалыптасқан.

Оспанов Қайрат, Досполова Жанна, Ғабдуллин Дулат, Сапарова Ләззат, Мұқанова Бағдат, Қожабеков Еділ, Төлеков Нұркен секілді жерлестеріміздің бірі сотталған, бірі ауыр жарақат алған. Айта берсе, мұндай мысалдар аз емес.

– Өзің басқаратын «Желтоқсан ақиқаты» республикалық бірлестігінің облыстық бөлімшесі қандай шаралар атқаруды көздеп отыр?

– Алда көп жұмыстар күтіп тұр. Солардың бірі – көшелердің біріне Нұржанның есімін беру, жерлестеріміз жайлы жинақ шығару, оларға арнап символикалық белгі орнату, тағысын тағылар. Мынандай тыңдеректер де табылып отыр. Атап айтқанда, Петропавлдағы түрмеде төрт желтоқсаншының болуы. Олар – атыраулық Мұзафаров Алик, жамбылдық Иманғожаев Бақытбек, алматылық Мәлібеков Ержан және көкшетаулық Күзембаев Қайыргелді. Әрқайсысы – 3,5 жылдан 14 жылға дейін бас бостандықтарынан айрылып, жазаның 8 айын осында

өтеген. Мекеме бастығының орынбасары Бектұров Еркебұлан кейбіреулердің қарсылығына қарамастан олардың тұрақты ем-дом алуларына жәрдемдесіп отырған.Тәуелсіздік күніне орай 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқандарға түрлі әлеуметтік, отбасыларына бір реттік ақшалай көмек көрсетілуін жоспарлық іс-шаралар тізбегіне енгізіп, тиісті орындарға ұсыныс ретінде жолдап отырмыз.

Биыл Ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Мемлекеттік мерекелер ішіндегі ең ұлығы саналатын осы күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап өткен. Біз шын мәнінде бақытты ұрпақпыз. Әлемдік қоғамдастық мойындаған демократиялы Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз. Елбасының «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын» деген тамаша сөзі бар. Жүрекке жылылық ұялататын, көкейде өшпестей із қалдыратын егемендік, азаттық деген тәтті ұғымдар айтуға оңай болғанымен, оған жету жолындағы кермек дәмді, бұрлаң жолды кейінгі ұрпақ біліп өссе деген ағалық тілегім бар. Дүниені дүр сілкіндірген жойқын бұлқыныстың Тәуелсіздігіміздің арайлы таңына ұласуы, 17 желтоқсанның Демократиялық жаңару күні ретінде белгіленуі өткен тарихтың ешқашан ұмытылмайтынын айғақтайды.

– Әңгімеңізге рахмет.

Өмір ЕСҚАЛИ

ДЕЛО БЫЛО В ДЕКАБРЕ

Воспринимая все это как должное, мы, тем не менее, переглянулись и почти в один голос произнесли: «Русский?!»

Этот момент ясно запечатлелся в памяти. Далеки, очень далеки мы были от всякого рода «-измов», национализма, шовинизма и т. д., а вот удивление было. Обычная, естественная реакция людей рядовых, с которой, впрочем, все и началось в те дни. Такое удивление в тот час ощутили, наверное, многие мои сверстники, если не большинство. Прозрение пришло позднее.

Утром, 17 декабря, наш журфак гудел. Как улей. В каждой аудитории, в любом закутке коридора студенты бурно обсуждали новость. Повсюду слышны были безответные реплики: «Неужели своего, местного. Не могли найти?», «Ему приличную пенсию заработать надо, а Казахстан-то тут при чем?», «Как он может руководить республикой, не зная местных традиций и особенностей?». Недоумение и непонимание происходящего коснулось каждого из нас вполне естественным образом.

Прозвенел звонок, начались занятия. На первой паре к нам в аудиторию постучали, попросили «на выход» Ибрагима. Он вышел. А когда вернулся – довольно возбужденно рассказывал что-то сидящим рядом. Мы с любопытством оглядывались в его сторону. Очень хотелось знать, о чем идет речь. Наконец, и до нашего первого ряда дошла невероятная новость на площади Брежнева (так называлась тогда площадь у здания ЦК. – авт.) начался митинг протеста.

– А кто протестует-то? – любопытствовали мы.

– Кажется, «нархозники» (студенты института народного хозяйства – авт.), – доносилось шепотом, – но должны и другие подойти. Наше казотделение тоже собирается.

Несмотря на волнение, объявшее аудиторию, профессор, читающий лекцию и обычно такой строгий, не делал никому замечаний. Читал, бросая фразы, точно автомат. Должно быть, он тоже находился под впечатлением нежданно- негаданно случившегося. А может, нам это только казалось.

Кое-как дождались звонка. В перерыве страсти разбушевались – повсюду можно было видеть кучкующихся студентов. Потом пришел наш куратор Юрий Алексеевич Крикунов и сказал, что занятия отменяются. Строго-настрого велел алмаатинцам ехать прямо по домам, а нам – «общигинцам» – сидеть в своей «пятерке» (общежитие журфака) и никуда не выходить. Радости по случаю отмены занятий не было. В другое время такую новость приняли бы на «ура», но в этот раз все было иначе. Никто не торопился уходить, хотелось пообщаться, выяснить все, разобраться. Более того, появилось предложение – поддержать митингующих. Однако «вдохновителя» и организатора среди нас не нашлось, и мы разошлись.

В общежитии тем временем волнение охватило журфаковцев казахского отделения. Староста первого курса Айдар предложил и нам присоединиться к ним. Но мы не решились. Сидеть спокойно в комнате тоже не могли. Хотелось увидеть своими глазами, что творилось на площади. Тут созрела идея: может, в магазин «Политкнига» наведаться? Это, надо сказать, был наш с Мариной любимый магазин. И располагался он как раз на площади. Собрались – поехали.

Выйдя из автобуса, с удивлением обнаружили: проход на площадь оцеплен милицией. Конечно, попытались пройти, но стражи порядка остановили: «Туда нельзя!»

– Почему?

– Сказано – нельзя, значит нельзя!

– Но нам же в «Политкнигу»...

– Она не работает!

Досадно. Но выход все же нашли. Проход, вернее. Обошли площадь по улице Фурманова, добрались-таки до «Политкниги». Магазин не работал. Витрины и двери были разбиты. Дальше, на площадь, не протиснуть-

ся. А там, в глубине, у правительственных трибун – людской водоворот, шум, крики, неразборчивое скандирование.

Рядом операторы снимали происходящее на камеру. Мы с Мариной обрадовались, поднялись на цыпочки, чтобы попасть в объектив. Думали, вот мамы дома нас по телевизору увидят – удивятся! Откуда было знать нам, молодым и наивным, что съемки эти были вовсе не для телевизионного вещания.

Вечером в общежитии председатель студсовета Абай прошел по комнатам и предупредил, когда стемнеет чтобы свет никто не включал. Мера предосторожности, впрочем, себя оправдала: всю ночь неизвестные ходили по дорожкам КазГУграда, швыряли в иные окна камни, что-то кричали. Было страшно.

На следующий день, 18 декабря, несмотря на запрет куратора, мы все же опять поехали на площадь. То, что увидели там на этот раз, запомнилось навсегда. Митингующих уже почти не осталось. Зато был спецназ. Экипировку такую раньше я видела лишь по телевизору. Показывают бывало, по телевизору разгон демонстрации где-то там, на Западе, а полицейские точно такие, как эти вот: в касках, с дубинками, с щитами. Так жаль было тех телевизионных демонстрантов. Думала: какое счастье жить в нашей стране!

И вот впервые наяву увидела таких же «буржуйских» полицейских. Именно тогда, на площади, у меня, наивной девчонки из далекого североказахстанского села, стали рассеиваться представления о моей стране как самой свободной и справедливой, прозрение было трудным. И оно было потом. А пока, в действительности, начались допросы, разбирательства. Каждый из нас держал ответ, где был и чем занимался 16-18 декабря…

Когда показывают по телевизору хронику тех дней, вижу некоторые знакомые лица. Вот, к примеру, девушка с «зачеткой». Она училась на журфаке на курс старше меня. Тогда ходили слухи, что она обкурилась чего-то, потому и вышла на трибуну. Ее, как и других «декабристов», обвинили в национализме и отчислили из университета. Лишь спустя два года после реабилитации она была восстановлена на второй курс. Некоторое время мы даже жили с ней в одной комнате. Познакомившись поближе, я поняла, в чем заключался ее «национализм» – она, простая провинциалка, горячо и преданно любит свою Родину, и так же как многие наши сверстники, была истинной патриоткой…

Сейчас, спустя годы, мне понятно, что я была свидетелем первого и яростного штурма тоталитаризма, и на моих глазах вершилась новейшая история. Величия же происходящего не ощущалось, была тревога. Как и сейчас, когда видишь на экране хронику тех отдаленных от нас временем, историей событий – тревога и боль. Ощущение эти всегда в памяти, всегда со мной.

Татьяна РАСУЛИ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЖЕЛТОҚСАНДА ТУҒАН ҰЛ

Ұлым Дулатқа

Жыл ед сексен алтыншы.
Желтоқсан ай.
Жаңа жылды алдағы
ел тосқан ай.
Солтүстүкте –
аяз боп он алтысы,
Оңтүстікте –
ызғарлы жел соққаны-ай!
Солтүстүкте –
қиналып шешең жатты.
Оңтүстікте –
орнынан көсемді апты.
Жамиғатты
табиғат жақтайды ғой, –
желтоқсанның аязы
осы ед қатты…
Солтүстікте –
өз шешең қансырады,
сұп-суық тер
маңдайдан тамшылады.
Ол сенімен – ұлымен –
берсе жауап,
пенделіктің тынардай
бар сұрағы.
Солтүстікте,
өз қалаң – Қызылжарда
сен шыр еттің:
жол берді қыз ұлдарға.
Төрт қыздан соң жарқ етсе
жалғыз Күнің, –
қаратады екенсің
жүзіңді алға.
Оңтүстікте –
тап беріп түкті адамға,
орда бұзар кіл жастар
шықты алаңға.
Жаса, ұрпақ!

Таптатпас ұлт намысын!
Әттең бәрі тап болды-ау
қысталанға.
Жаба алмады олардың
ауыздарын,
жыламады – сібірлік жауызға мың.
Соққы, тепкі, мұздай су –
бәрін көрді,
мейлі, тастап жіберсін
тау, мұз, қарын!
Ұраншысы ұлтымның –
Қайраттар-ай…
Барлығыңды
жендеттер жайратты ма-ай?
Тәуелсіздік қары мен қаны
жауған
желтоқсанда жоқ деші
айбатты рай?!
…Солтүстікте осылай,
ұлым менің,
сен туғанда,
әрине, күлімдедім.
Ерте туған көбеген
болғандықтан
желтоқсанның сезбедік –
жылу-лебін.
Оңтүстікте –
алаңға шыққандар-ай!..
Ұлтымыздың мүддесін
ұққандар-ай…
Ерте туған көбеген
болғандықтан
қараладық бәріміз
түк талғамай…
Оңтүстікте –
көмкерген гүл етегін
сол алаңды көргенде
дір етемін.
Солтүстікте –
мен дағы кейін ұқтым:
Тәуелсіздік дегеннің
Ұл екенін…

Болат ҚОЖАХМЕТОВ

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЫЗҒАРЛЫ КҮНІ

Желтоқсанның сол бір ызғарлы күндеріндегі жазалаушылардың ауыр соққылары мен тепкілері оған ауыр дерт болып жабысты. Бірақ Нұржан сегіз-ақ жыл ғұмырының қалғанын білген жоқ еді.

1986 жылы желтоқсан айының бас кезінде Отан алдындағы міндетті борышын өтеп келген соң ата-анасының, туған-туыстарының арасында көп болмады. Сағыныш мауқын басқаннан кейін сәулет-құрылыс институтындағы оқуын жалғастыру үшін астанаға тезірек аттанып кетті.

Бұрынғы курстастарымен құлын-тайдай шұрқырасып табысты. «Оқуың жақсы еді, мүмкін бізді қуып жетерсің», – деп қалжыңдасып жатыр екі жыл «озып кеткен» курстастары. Жатақханаға келсе, бөлмеде қарадомалақ келген бірінші курстың «сарыауыз балапаны» отыр екен. Бір-біріне қол беріп, амандасып, танысты.

– Нұржан.

– Қайрат.

Нұржан Желтоқсанның болашақ Қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков осылайша танысып, кейін жолдастыққа жалғасып кетті.

Алматының қоңыр салқын күзі жаңа жылға дейін жалғасып қаңтар кіре суытып, кәрі құдаң – қыс келіп, әлек сала бастады. Әсіресе, желтоқсан айында сақылдаған сары аяз күшейіп, күн күрт суытты. Алматыда алыпқашпа әңгіме көп. Екі-үш адамның басы қосыла қалса, сөз ауаны – саясат «Қонаевты орнынан алады екен, орнына сырттан орыс басшыны қоятын көрінеді» деген сөз өзгелер сықылды Нұржанның да құлағына шалынбай қалған жоқ. Бөлмеде анда-санда жоғары курстықтар келіп, «дайын болыңдар» деп қояды. Ашып айтпайды, емеуінмен ғана білдіреді. Көпшілік қауым арасында тілге, ұлтқа қатысты мәселелер көтеріле бастады. Оқытушылар да жатақханаларға келгіш. Әрлі-берлі жағдайды сұрайды. «Саясатты қайтесіңдер, сабақтарыңды оқып алыңдар» дейді. Әйтеуір, дауыл алдындағы өлі тыныштық еді бұл.

Небәрі он сегіз минөтке ғана созылған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының шешімі әсіресе студент жастардың орынды ашу-ызасын туғызды. Талай жылдан бері кеудеде бұғып келген қордалы проблемалар арнасынан асқан асау өзен құсап, лықси жөнелді. Сол күні көптеген жоғары оқу орындарында студенттер сабаққа барудан бас тартып, өздерінің конституциялық құқықтарын білдіру мақсатында Брежнев алаңына жинала бастады.

Нұржан бөлмеге келсе, Қайрат апыл-ғұпыл жиналып, тысқа шыққалы жатыр екен.

– Жол болсын, деді Нұржан, оның жайшылықтағы сабырлы мінезінен айрылып қалғанына іштей таңданып.

– Алаңға, – деді Қайрат шығып бара жатып. Сосын артына кілт бұрылды. – Әлде сен естіген жоқсың ба?

– Нені? Қонаевтың орнынан алынып, орнына Колбиннің сайланғанын?

– Жоқ. Кеше Брежнев алаңына көптеген жастар жиналып, өздерінің талаптарын білдіріпті. Төменде жерлестерім күтіп тұр. Алаңға кетіп барамыз. Асығыспыз. Мүмкін, аланда жолығысып қалармыз. – Қайрат шығып кетті.

Нұржан бөлмеде көп отыра алмады. Алаңға барсам, көрсем деген әуестік жеңді. «Бәсе, – деді ішінен, – кеше лекцияда мұғалімдер алаңға бармаңдар, барғандар оқудан қуылады» деп еді. Жатақханаға да кезекшіліктің қойылғаны сол екен ғой. Алаңға барғанда не тұр, – деп және ойлады ішінен. – Ешкімді балағаттап жатқан жоқпын». Ол да Қайрат құсап апылғұпыл жиналды да, жатақханадан шығып, трамвайға бет алды.

Трамвай іші қазақтың жастарына толы. Гу-гу таныстарын кезіктірді. Бәрі де алаңға бет алыпты. Гу-гу әңгімеден құлақ тұнады. Сөздеріне қарағанда оттан да тайсалатын түрлері жоқ.

– Қазақстанды басқаруға бір қазақтың табылмағаны не деген сұмдық!

Біреулер трамвай ішінде ән шырқады «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған...» Бір-екі қартаңдау орыс кемпірі бұларға қорқақтай, жасқаншақтай қарайды. Бірақ жастардың бірде-біреуі оларға назар аудармады. Орыс ұлтына қатысты теріс пиғыл да аңғарылмады.

Студент жастар ұран-плакаттар да алып шығыпты. Нұржан «Ленриндік ұлт саясаты жасасын!» деген ұранды оқыды. «Алаңға шығуға дайындалған екен, жарайсыңдар», деп іштей сүйсініп, қостай кеткенін өзі де сезбей қалды. Оның бойына да ерекше сезім кернеп, солтүстік өңірдегі қазақтардың «орыстанып» кеткенін ойлады. Саясаттан хабардар Нұржан ол үшін әлдебір ұлтты кінәлаудан аулақ еді.

Жастардың трамвайдан түсіп, Брежнев алаңына қарай бет алуы мұң екен, алдарынан бір топ милиция қызметкерлері мен сарбаздар қарсы алды. Бәрі де мұздай қаруланған. Түстері суық, тесіле қарайды. Бейне бір жан алғыш әзірейілдей бұларды тарпа бас салып, жеке тұрған автобусқа күштеп кіргізе бастады. Қосақ арасында Нұржан да кете бастады. Автобуста өздері сықылды өрімдей қыздар мен жігіттер отыр. Қыздар жылаған болу керек, көздері ісіп кетіпті. Кей жігіттердің бет-аузы көгерген. Қозғалған сайын ауырсынады. Шамасы, алаңға баруға талпынғаны үшін резеңке таяқпен әрлі-берлі соққылаған болу керек. «Жаланаш бар да жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің» деген. Жаланқол жастар мұздай қаруланған топқа не істей алады?

– Иә, айта бер, желтоқсанның батыры, – деді бұны тергеуге алған шикіл сары милиция лейтенанты. – Қане, баяндай бер, ұйымдастырушылар кімдер? Ата-тегін, аты-жөндерін айтсаң, бірден босатамыз. Әйтпесе... – Босаға жақта тұрған еңгезердей екі жігітке көз тастады.

– Алаңға жастар жиналып жатыр деген соң көрейін деп әншейін келген едім... – Тағы бірдеңелер айтуға оқтала бергенде шикіл сары оның сөзін үзіп жіберді.

– Жо-о-о-қ... Сендер тегін жүрген жоқсыңдар! Білеміз ойларыңды. Бәрі бір дегендерің болмайды. Қазақстанды қазақ басқарсын! Тапқан екенсіңдер. Ұлтшылдар! – Босағадағы екеуіне иек қақты. – Алып кетіңіздер нашақорды. «Аюға намаз үйреткен-таяқ». Содан кейін сөзі түзелер.

Нұржан ауыр соққыдан есін әрең жиды. Әсіресе, іштен тиген тепкі жанын қоярға жер тапқызбайды. Мұнда таяқ жемегендер кемде-кем. Өз «кінәларын» мойындағандардан қолхат алып, босатып қоя беріпті. Қара суға, бір үзім нанға зар болып, қапас түнекте үш күн жатты. «Ешнәрсе білмеймін, кінәсізбін» деп табандап тұрып алған қайсарлығының арқасында қамауға алушылардың босатпауға амалдары қалмады. Бірақ олар босатар алдын да «ұрып соғу» жөнінде тіс жармауды қатты тапсырды. Рысқұлбеков халық жасақшысын ұрып-өлтірді деген желеумен қамауға алды. Айналасы бірер күннің ішінде қазақ жастары «ұлтшыл, маскүнем, нашақор, бұзақы» атанып, дүние жүзіндегі ең момын халықтардың біріне «ұлтшыл» деген қара қамыт ілінді.

***

Телефон шыр етті. Алматы жаққа еленде отырған Нұрғиса телефон құлағын дереу көтерді. Зайыбы Гүлбаршын да елегізи қалды.

– Алло, алло, – деді телефонның арғы жағындағы дауыс.

– Болатпысыз? – Нұрғиса қуанып кетті. – Жайшылық па? Амансыңдар ма?

– Алматымен байланыс жоқ. Ұзынағаштан телефондап тұрмын. Нұрғиса, тез жет! Нұржан аман. Тек желтоқсанға қатысты деп оқудан шығарып жіберді. Өзің келмесең болмайды.

Телефон байланысы үзіліп кетті. Нұрғиса сылқ етіп отыра кетті. Гүлбаршын өксіп қоя берді.

Нұрғиса аэропорттан тура жатақханаға тартты. Жолдасы Болат қарсы алды. Жол бойы мән-жайды түсіндіріп келеді. Нұржан жатақханада отыр екен. Нұржанның бар айтқаны: «Әке, менің еш кінәм жоқ. Алаңға бара жатқан жерімнен милиция ұстап, үш күн бойы соққыға жықты».

Нұрғиса Нұржанды ертіп алып, аудандық прокуратураға да, қауіпсіздік комитетіне де барды. «Баламның кінәсі болса, неге айтпайсыздар. Кінәлі емес екен, онда оқудан, комсомолдан жөнсіз шығаруы қалай?». Бәрі де: «Балаңыздың еш кінәсі жоқ» деп шығарып салады. «Олай болса, неге бірнеше күн бойы соққыға жығады?». «Ол өтірік сөз, ондай болған жоқ». «Олардың сөзін балам терістей алмайды, ол жөнінде тіс жармау туралы қолхат беріп қойыпты, – дейді әңгімелескен кезде Қалиасқар аға.

Алматы сәулет-құрылыс институтының ректоры Байболовты да қызметінен алып тастапты. Бұларды жаңа ректор Атрушкейевич қабылдады. «Келер жылы келсін, оқуын сонда жалғастырады» деп алдаусыратын шығарып салды. Қалиасқар сонда ғана қуанғанмен, істің өз пайдасына шешілмейтінін түсінді. Нәубат, зобалаң бір ғана баласының басына емес, күллі қазақ халқы басына туғанын іштей сезді.

Нұржан бұдан кейін де біразға тиыштық көрмеді. Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушылардың аты-жөндерін сұраумен болды. Нұржан «білмеймін» деген қайсар мінезден танбады. Олар ешқандай нәтижеге жетпейтіндерін білді ме, келуді саябырсытып, ақыры мүлдем тыйылды.

– Енді не ойың бар? – деді әке-шеше бір шүйірлескенде Нұржанға. – Мүмкін, басқа институтқа барарсың?

– Арманым-сәулетші болу еді. Сол арманыма енді қолым жетіп еді... – Нұржан ауырсынып, бүйірін ұстағандай болды, сосын сөзін қайта жалғастырды. – Оның үстіне ректор да кел деп қалды ғой.

Аққөңіл Нұржан ректордың алдамшы сөзіне бекер сеніпті. Факультет деканы Әділов «декабристерге орын жоқ» деп институттан шығарып жіберді. Тағы да елге келді. Нұржан алған бетінен қайтпады. Келер жылы армандаған мамандығына қол жеткізді. Бірақ бұл жолы да Әділов кесе-көлденең тұрды. Жазықсыз жала, орынсыз нақақ, шындықты, ақиқатты айналып өту арманшыл жастың тағы да бетін қайтарды. Әсіресе анасы Гүлбаршын, нағашы әжесі қатты қапаланды.

– Қарағым, Әділов тірі тұрса, сені институттың есігінен де қаратпайды. Мүмкін, басқа институтқа барып, бағыңды сынап көрерсің, – деп асқар тау әке ақыл қосты. Жастайынан үлкенді тыңдап үйренген Нұржан да осындай ойда еді. Ауыл шаруашылығы институтының механика факультетіне құжат тапсырып, барлық сынақтан ойдағыдай өтті. Студент атанды. Бұл жолы Нұржан желтоқсан оқиғасына қатысқанын жасырып қалды. Шындықты ашып айтса, мұнда да Әділовтың кебін келтіретіндердің бар екенін сезіп еді.

***

Институтты аман-есен бітіріп, жоғары білімді маман атанып, үлкен өмірге енді қол соза бергенде кенеттен қатты ауырды.

З. Құдабаева, әжесі: – Қайтсе де оқу оқитындығын айтты ғой. Жиырма жеті жасында ажалды ауру кездесіп, бәріміз де шырылдап қалдық. Оқу, оқу деп елең-алаң қылмай, сездірмей жүре берген. Немеремнің көзіндей болып шөберем Нұрсұлтаным қалды. Әкесі қайтыс болғанда тоғыз айда болатын. Ажал тырнағынан алып қаламыз деп бәріміз де жанталастық. Әкесі Омбыдан да, Алматыдан да дәрілер әкелді. Болмады. Жуырда туған күнін еске алдық. Тірі болса отызға келгенін жора-жолдастарының арасында тойлар еді.

Г. Қалиасқарова, анасы: – Аузы-мұрнынан қан кетіп, аяқ астынан ауырды. Содан бірнеше ай жатып емделіп, операция жасап, көп ұзамай айырылып қалдық. Баламның «Мама, оқуға түстім» деп телефон соққаны әлі есімде. Шығарып жібергеннен кейін екінші жолы баратын тұсы. Іле-шала тағы телефон соғып тұр. Сол Әділов шығарып жіберіпті. Қайрат туралы көп айтатын еді.

Н. Қалиасқаров, әкесі: – Менің балам Нұржан сықылды нақақтан нақақ жаламен тағдырдың ауыр тауқыметін көргендер қаншама? Солардың бәрі ақталуы тиіс деп ойлаймын. Желтоқсан оқиғасына қатысушылар кейін Президенттің арнайы Жарлығымен ақталды. Соған орай тиісті орындардан ешкім де келіп, кешірім сұрамағаны қабырғама қатты батады. Солар емес пе, менің баламның түбіне жеткен?!

Біз Нұржанды да Желтоқсан Қаһарманы қатарына жатқызуға толық қақылымыз. Ел басына ауыр күн туған сәтте ерлік жасау шарт емес. Қиын-қыстау кезеңде қайсарлық, шыдамдылық көрсету, айтқан сөзден танбау, өтірікке, екіжүзділікке, қулық-сұмдыққа бармау – үлкен ерлікке пара-пар. Кей жастарымыздың ұрып-соғуға шыдай алмай жалған куәліктер бергені шындық. Олай болса, Нұржан сияқты жастарымыз мәңгілік жас қалпында қала береді. Өйткені, олар – халық мақтанышы!

Өмір ЕСҚАЛИ

ЖІГЕРІ МҰҚАЛМАҒАН ЖАНАРБЕК – Желтоқсан көтерілісіне қатысушы

Сексен алтыншы жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жалынды жастардың есімдері кейінгі ұрпаққа ұмытылмас үлгі –өнеге болып келеді және бола бермек. Өйткені, олар Тәуелсіздіктің атар таңы үшін алаңға шығып, шындықтың туын желбіретті, намыстың отын маздатты. Сол үшін олар да жазықсыз жығылды, оқудан шығарылды, қуғын-сүргінге ұшырады. Тергеудің тепкісіне түсіп, небір қиямет қиыншылықтарды бастан кешірді. Солардың ішінде жерлесіміз Жанарбек Ахметов те болды.

Жанарбек Қазиұлы қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Рощино ауылының үшінші бөлімшесінде дүниеге келген. Республикамызға белгілі ақын Хамза Абдуллиннің туған жиені болады. Әкесі Қази Алпысбайұлы – Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер, шешесі Рақыш Айтоллақызы – көпбалалы ардақты ана, белгілі ұстаз. Екеуі де өмірден өткенше елге елеулі, жұртқа қалаулы, қадірлі жандар болған.

Осындай ардақ тұтар ата-анадан жастайынан тәлімді тәрбие алып өскен Жанарбек те мектепте жақсы оқып, бірінші сыныптан бастап өнегелі шәкірттердің бірі атанады. Әсіресе, Ұлы Отан соғысының отты жылдарында көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «Бірінші дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, жиырма төрт медальмен марапатталған әкесінің: «Балам, оқып білім алудан жалықпа, тең құрбыңның алды болуға ұмтылып бақ» деген өсиетті сөзі Жанарбекті жақсы оқуға, тыңдаулы да тәртіпті, ұқыпты да ұғымды оқушы болуға баули түседі. Ал соғыс жылдарында Отан үшін, ел үшін жалаң кеуделерін оққа тосып, жаумен қасық қаны қалғанша айқасқан жауынгерлердің ерлік қимылдары туралы айтқан әке әңгімелері Жанарбектің бойында патриоттық, отаншылдық сезімдерді қалыптастыруға түрткі болғаны анық.

Әке-шеше өсиеттерінен нәр алып өскен Жанарбек орта мектепті жақсы деген бағамен тамамдап шығады. Бұл кезде кеңшарда жаңа құрылыстар көптеп салынып, оған мамандар жетіспей жататын. Осыны сезінген балаң жігіт мамандық таңдап көп толғанып жатпай-ақ қаладағы есеп-экономика техникумының құрылыс бөліміне сынақтарды ойдағыдай тапсырып, оқуға түседі. Мұнда да зеректілігімен көзге шалынып, мамандықты жаңылмай қалағанын сезген оқытушылары оған енді білімді жоғары оқу орнында жалғастыруға ақыл-кеңес береді.

Бірақ жасы жеткен Жанарбек техникумнан кейін Отан алдындағы міндетті әскери борышын өтеуге аттанады. Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін, техникумдағы оқытушыларының айтқан ақыл-кеңесін есіне алып, Алматыдағы іргелі оқу орындарының бірі – сәулет-құрылыс институтына оқуға түседі. Бір сүйсінерлігі әскер қатарында жүріп қарайып қалмай, барлық сынақты жақсы бағаға тапсырады. Әскери өмірден ысылғандығы болар, бірінші курстың алғашқы кезінен бастап жолдас-жоралары көбейіп, студенттік қайнаған өмірге араласып кетеді. Сол жолдастарының ішінде ерекше қадір тұтатыны Қайрат Рысқұлбеков деген жігіт болады.

– Адалдығымен, адамгершілігімен іш тартып, жақын жолдастай болып кеткен Қайрат демалыс күндері кешкілік өзі шығарған өлеңдерін оқып, көңілімізді бір көтеріп тастаушы еді. Өзі ақынжандылығымен бәрімізді сүйсіндіретін, – деп еске алады Жанарбек.

Сабақтан соң кітапханаға барып, көше аралап, дүкен кезіп, шараларын тындырған студенттердің жиналатын негізгі тұрағы жатақхана ғой. Сол 16 желтоқсан күні терістен соққан желдің екпіні қатты, ерекше ызғарлы болды. Бетті қарыған ызғарлы суық желден ығысқан студенттер жатақханаға ерте жинала бастады. Кешкісін жатақханаға ызғарлы желмен қабаттасып әр түкпірден суық хабарлар да гуілдеп жетіп жатты. Сол түні қала тұрғындарының көпшілігі ұйқы-күлкі көрмей, серпілісті сергелдеңге түскен күй кешті. Көшелерге топ-топ болып шыққан адамдардың айғай-шуы түн тыныштығын бұзды.

– Біз сол түні жатақханада болғанымен, ұйықтаған жоқпыз. Терезеден қайта-қайта көшені қарап, жиналған жұрттың абыр-дабыр сөйлеген сөздерінен, айғайлаған ұрандарынан оқиғаның мәнісін сездік... Ертеңіне ертемен жастар лек-легімен алаңға қарай ағыла бастады. «Алаңға да, оқуға да бармаңдар. Ешкімнің үгіттеген сөздеріне құлақ аспаңдар. Жатақханадан шықпаңдар. Бөлмелерінде болыңдар. Ал орындарында болмасаңдар, оңбайсыңдар», – деген институт оқытушыларының, декандардың өктем сөздерін тыңдаған студенттер болған жоқ. Қайта бойымызды бір құдіретті күштің сезімі билегендей өршелене түсіп, тысқа шығып жаттық. Кейін ойласам, бұл өз Отаның мен еліне деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімнің, буырқанып қайнап жатқан шындықтың, жігерлі намыстың күші екен. Сол күні бұғып жатқан көзі ашылған асау бұлақтың лықсып аққан ағынды суындай әр көшеден суырылып шығып, топталып жылжыған жастар легі алаңға жиналып жатты, – деп еске алады Жанарбек бүгінде.

Ол да желтоқсаншылардың бел ортасында жүрді. Жұрт көрген соққыны, тепкіні, азапты, қапас камера-түрмені ол да көрді. Таныс, бауырлас жолдастарымен, әсіресе, жерлесі Нұржанмен осы тар қапаста кездесті. Камерада үш күн бірге түнегеннен кейін оны басқа камераға алып кетті. Ал алаңда бірге болған досы Қайраттан мүлдем көз жазып қалды. Жанарбек жиырма күндей тергеуде болды. Күн сайын тергеушінің от шашқан өткір көзі жанын жегідей жесе, оның қасындағы соқталдай екі-үш жігіттің ұрып-соғуы тұла бойының құр сілікпесін қалдырды. Бірақ Жанарбек жасыған жоқ, жапқан жаланы да мойнына алмай, шындықты айтудан тайынбады. Ақыры бірнеше күннен кейін мойындарына жабатын дәйекті деректер болмаған соң ғана біраз жігітті камерадан босатты. Жанарбекке көрген-білгенін, қараңғы камерада отырғанын, соққы жегенін тіс жарып ешкімге айтпау жөнінде бұйырып, қолхат жаздырып алып қалды.

Қамаудан қамығып шыққан, қалтасында ақшасы жоқ Жанарбекке жатақхана есігі де жабық еді. Өзіне сабақ берген жүзі жылы деген оқытушылар да, декан да сырт айналды. Алматыны кезіп, жұмысқа орналасайын десе, соңына түскендер адымын аштырмай қойды. Басар жер, барар тау қалмағасын, институтпен біржола қош айтысып, елге оралды. Соның өзінде оны дүркін-дүркін тексеріп, Желтоқсан жайын есіне ұмыттырмай салып отырған үкімет бақылаушылары келіп тұрды.

Елге келген соң енді оңайлықпен жоғары білім алудың сәті түсе қоймайтынын сезген Жанарбек Ахметов Петропавл локоматив депосындағы электровоз машинистерін даярлайтын алты айлық курсқа оқуға түседі. Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін біраз қиыншылықты көрсе де, жігерін жасытпаған Жанарбек мұнда да жақсы оқып, мамандық алып шығады. Мұндағы алғашқы еңбек қадамын машинистің көмекшілігінен бастайды.

Иә, Жанарбектің сол Желтоқсан оқиғасынан кейінгі тағдыры, келешегі ешкімнен кем болған жоқ. Өз ісінің сәулеті мен дәулетіне бөленіп, көңілден шыққан қызметін абыроймен атқаруда. Отбасында да бақыттың тұтқасы болуда. Ұлы Шыңғыс әке жолын қуып, Омбының темір жол университетін тамамдады.

– Мен Желтоқсан оқиғасына қатысқанымды мақтан тұтамын. Еліміздің одан әрі дамып, гүлденуі үшін қазіргі жастарымыздың бойында үлкен патриоттық рухтың қалыптасуына тілектеспін, – дейді Жанарбек.

Жоламан ШАХАНОВ

«КӨҢІЛДЕ МҰҢДЫ ІЗ ҚАЛДЫ...»

Ол кезде мен Ақмола облысына қарасты Степногорск қаласындағы № 6636 әскери бөлімшеде прапорщик болып қызмет атқарып жүрдім. Алматыдағы ҚазМУ-дің журналистика факультетінде сырттай оқимын. Жас кезімде халық батырлары Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов сияқты ағалардай болуды армандаушы ем. Қызметтес әскери командирлер: «Офицер болуға лайықсың, оған сенің барлық мүмкіндігің де, қабілетің де жетеді», – дейтін. Жұмысыма тиянақты болып, ойымды жүзеге асыруға жақындап жүргенде дүниені дүрліктірген Желтоқсан көтерілісі менің ойларымды тосыннан бөліп жіберді, ойымды ғана емес, барлық жоспарымды, келешек әскери жоғары жылжу «сатымды» бұзып кетті.

«Тоңдырды мені,
Тоңдырды сені –
Желтоқсан желі ызғарлы.
Солдырды гүлді,
Оңдырды нұрды
Көңілде мұңды із қалды».

Ә. Асылбеков.

Бұл 1986 жылдың желтоқсан айының 17-сі күні болатын. Кешке қарай біздің батальонда ашық партия жиналысы өтті. Жеке құрам түгел жиналды. Біздің атқаратын қызметіміз елдің ішіндегі тәртіп және түрмені бақылау болатын. Сол күні, тіпті, ел шетіне жау тигендей, полк әскери дайындықты күшейту деңгейіне келтірілді. Жиналыста тек әскери қызметшілер (ол кезде олардың арасында қазақ болмайтын). Алматыда көшеге шыққан жастарды «нашақорлар, маскүнемдер, ұлтшылдар» деп жамандады. Әсіресе, батальон командирі, подполковник Георгий Школин: «Қазақ жастары орыстардың пәтеріне есікті сындырып кіріп, оларды балкондардан лақтырды. Балабақшаларға еніп, ондағы қазақ емес ұлттардың балаларының іштерін жарып, ішектерін сыртқа шығарды. Олардың орнына мақта тығып, аяқтарынан ағашқа асып қойды», – деген намысқа тиетін жала сөздер айтты. Жиналғандар оның сөзін сілтідей тынып тыңдады. Сенгендерін ыза мен ашу биледі. Сенбегендері үндемеді. Мұндай өрескел сөздер ұлттар арасына дау-жанжал, бір-біріне жек көрушілік сезімін тудыратыны анық. Ең бастысы, қазақ жастарының атына айтылған жалған айыптауға мен шыдай алмадым.

– Сіздің бұл айтқаныңыз дұрыс емес. Мен өз ұлтымды жақсы білемін. Біздің жастар үлкенді сыйлайды, өзге ұлттарды қонақтай қадірлейді. Мұндай иттік әрекеттерге бармайды, – деп айтып салдым. Әскерде тәртіп қатал. Командирдің бір ғана сөзімен взвод, рота, тіпті, бүкіл дивизия жат десе жатады, тұр десе тұрады. Командирдің сөзін теріске шығару – әлгі тәртіптің бәрін жоқ қылып жіберу. Қатардағы прапорщиктің бұл сөздері әскерилердің төбесінен жай түсіргендей болды. Мұндайды күтпеген жұрт әуелгі сәтте тынып қалды. Бір қызарып, бір бозарған командир қарсы әрекетке көшті.

– Қайдан білейік, бәлкім, сен де сондай шығарсың, өйткені, соларды қолдап отырсың ғой, – деді кекесінмен.

– Алматыда алаңға шыққан ұлтшылдар емес, олар сана-сезімі жоғары студенттер, – деп тағы айттым. Содан ашық айқас басталды. «Қазақстанды жергілікті ұлт өкілі басқаруға тиіс, сырттан келген адам республиканы дұрыс басқара алмайды», – деп қасарыстым. Содан маған «ұлтшыл, шовинист, экстремист» деген жала жабылды. Төбеме қара бұлт үйірілді. Кеше ғана ойнап-күліп, достық рәуіште жүрген қызметтестерім менен сырт айналды.

20 желтоқсанда Целиноградтан полк командирінің орынбасары, подполковник Подлесный келді. Маған түсініктеме жазғызды. «Сен неге әскер арасына іріткі салып жүрсің», – деді. Мен ойларымды толық қағазға түсірдім. Сонда аға офицер С. Сурнин деген маған жаны ашып: «Түсініктемені жұмсартып жазғаның жөн», – деп ақыл қосты. Бірақ мен өз пікірімде қалдым. Түсініктеменің сиясы кеппей жатып, Алматыдан бір полковник пен қос майор сау етіп жетіп келді. Тура

осыдан жарты жыл бұрын осындағы түрмеден үш бірдей қауіпті рецидивист қашқан кезде оларды ұстау үшін көмекке полктан бір ғана жалаң майор келіп еді. Енді менің ісім түрмеден оншақты баскесер қашқаннан да қауіптіге айналған түрі бар. Әлгілер «пікіріңді өзгерт!» деп ақыл-кеңес бергендей болды. Бірақ оларынан ештеңе шықпады. Енді маған қарсы шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі – менің жылы тонымды шешкізіп, сары аязға қарамастан, жарты сағат сап дайындығын өткізді. Бір топ офицер менің жоғары командирлердің әмірін әскери жарғыға сай екі етпей өжеттене орындағанымды көріп тұрып, бір жағынан таңданды да, екінші жағынан ызаланды. Артынша тағы жиналыс болып, мені «ұлтшыл, экстремист» деп айыптады. Әрине, бұдан кейін мені әскер қатарында қалдырған жоқ. Бұл аз болғандай, сырттай оқып жүрген университет ректорына әскери бөлім басшылығынан арнайы хат жолданды. 1987 жылы наурызда мені оқудан шығару жайлы ректордың бұйрығы жарық көрді. Сондағы подполковник Подлесныйдың айтқан сөзі әлі есімнен кетер емес. «Егер сен журфакты бітірсең, онда мен погондарымды жұлып тастап, офицерліктен бас тартам!» – деп ант-су ішті. Ол саяси жүйенің өзгермейтіндігіне сенген. Өзгелер де солай ойлаған болатын...

Әскерден шығарғаннан соң Целиноград облысының Сілеті ауданындағы Ақсу тоғызжылдық мектебіне жұмысқа орналастым. (Қолымда мұғалімдік дипломым бар еді). Бірақ онда көп істей алмадым, соңымнан полктен хат қуып жетті: «Б. Қажымов партия саясатына қарсы болғаны үшін әскерден қуылған. Оны ұстаздық жұмысқа алуға болмайды». Мектеп директорының орынбасары Н. Романова хабар келісімен дереу аудан орталығына барып, аупарткомнан, оқу бөлімінен кісілерді шақыртты. Мені қайыра жиналысқа салды. «Қажымовтың өмірбаяны мен бүкіл туысқандарын терең тексеру керек», – деп сөйледі Н. Романова. Ондай сөздерге шыдай алмай: «Фамилияңыз Романова, Ресей ақ патшасына туыс емессіз бе?» – деп өзіне сұрақ қойдым. Осы сөздерімді естіген аупарткомнан келген қазақ азаматы мені оңаша бөлмеге алып кетті. «Сен де қазақсың, мен де қазақпын, менің саған шын жаным ашиды», – деп іш-бауырыма кірді. Жанашыр сөзіне сеніп қалып, мен бар шындығымды айттым. Кейін анықталғандай, әлгі қазағым: «Б. Қажымов өз ойынан қайтпаған. Партия саясатына әлі де қарсы, оны мұғалімдікте қалдыруға болмайды», – деп аудандық оқу бөліміне жазып беріпті. Соңғы айдың еңбекақысын да бермей, мені мұғалімдіктен қуды.

Осыдан кейін өзім туып-өскен Көкшетау облысына оралып, Көкшетау аудандық «За коммунизм» газетіне қызметке орналастым. Онда да көп тұрақтамадым. Соңымнан баяғы полктен хат тағы келіп жетті. Амал жоқ, бұдан да кетуге мәжбүр болдым. Құдалаудың

құрығы жетпес алысқа кетейін деген оймен түкпірдегі Куйбышев (қазіргі Ғ. Мүсірепов атындағы) ауданына бардым. Мұнда «Вперед» газетіне орналастым. Бірақ көп ұзамай артымнан тағы да сол полк хаты жетті. Хат келісімен аудан басшылары төсектерінен бүйі көргендей шошынды. «Б. Қажымовты редакциядан аластау керек!»– дегенді бірден айтты. Обалы не керек, редактор орыс жігіті Владимир Брюллев жаны ашып: «Редакцияда онсыз да кісі аз, орнына адам тапқанша оны шығара алмаймын», – деп біраз қасарысты. Бұл жерде айта кететін жайт: қиналып, қиындық көріп жүргенде туыстардың өзі қырын қарап, қол ұшын бермей жүрді, тіпті, теріс айналып кететін. Бір ағайынның үйіне барғанымда мені желкелеп үйінен қуып шықты. «Сені барлық жерде жұмыстан қуған, сені бәрі аңдып жүр. Көрінбе, кет! Бізге пәленді жұқтырасың» деп. Жеңгем мен балалары шырылдап келіп ара түсіп жатса да, ағам саяси жүйеден қатты қорықты. Бірақ та сол қиын-қыстау кезеңдерде сүйеу болған азаматтар да болды. Ондайлар өз ұлтымыздың арасынан да, орыстардан да табылды. Округтік «Боевое знамя» газетінің әскери тілшісі майор (қазіргі уақытта полковник) Сапарғали Жағыпаров: «Боташ, көресің, сендерді әлі ел-жұрт ақтайды, биікке көтереді», – деп еді... Бұл кез 1989 жылдың жазы еді. Мәскеуде Жоғарғы Кеңестің алғашқы сессиясының өтіп жатқан кезі. Бір күні теледидардан депутат Мұхтар Шахановтың әйгілі сөзі естілді. Оны бүкіл редакция болып тыңдадық. Сөйтіп, мені жұмыстан шығару мәселесі өз-өзінен аяқсыз қалды.

1989 жылы университеттегі журфакқа қайта қабылдандым. Менің ақтауыма алғаш көмек жасаған қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов ағамыз болды. Университетті бітірген соң дипломның көшірмесін «Сен журфакты бітірсең, погондарымды жұлып тастаймын», – деп уәде берген С. Подлесныйға жібердім. Подполковник уәдесінде тұрмады.

Университет бітіргеннен кейін де мекеме басшыларының маған көзқарастары өзгере қойған жоқ. Туған жерім Көкшетауда көпке дейін өз мамандығым бойынша жұмысқа орналаса алмай жүрдім. 1994 жылы 23 маусымда Көкшетау облыстық еңбек биржасының бастығы Д. Қазбеков облыстық әкімдікке «Степной маяк» газеті мені негізсіз жұмысқа қабылдамағаны жөнінде хат түсірді, бірақ облыс басшылары ол хатқа мойын да бұрмады. Екі қолға бір күрек табылмай, біраз жүрдім. Атақты ақынның қайта-қайта талап етуімен 1994 жылы 12 шілде күні Алматы гарнизондық сотының шешімімен толық ақталдым. Сонда әлгі есік түгілі, тесігінен сығалатпаған мекемелер, мектептер, редакциялар мені жұмысқа өздері шақыра бастады. Ал мен әскери қызметіме кірістім. Сөйтіп, қуғынға ұшыраған сегіз жылға жуық жұмыс өтілім қайтадан қалпына келтірілді. Республика Ішкі әскері шығаратын «Қалқан» газетінің Петропавл

әскери бөлімінде меншікті тілшісі болып істедім. Шенім прапорщиктен майорға дейін өсті.

Ақталған күннің ертеңінде Ішкі әскерлер Бас басқармасының кадр бөліміне кірдім. Ондағы полковник Александр Пономаренко мені үнемі ешқандай негізсіз жамандап, сотқа, прокуратураға, Парламентке, М. Шахановтың депутаттық сұрауына анықтама жіберетін. «Кажимов уволен правильно,... за дискредитацию звания военнослужащего», – деп біраз қанымды ішіп еді.

– «Теперь, когда есть решение суда об оправдании, признаете ли, что вы меня оклеветали незаконно?! – дедім оған. Төмен бұғып отырса да, ол әдетінше: «Әлі қайта қаратамыз ісіңді Әскерлер сотына...», – деді. «А вы что, думаете Суд войск вас поддержит и пойдет против решения гарнизонного суда, Конституционного суда и решения Правительства», – деп қайтадан сұрадым. Сол кезде ол үндемей қалды, сәлден соң ол: «Түсінші мені, маған солай жаз деді басшылар...» деп үн қатты. «Өз арыңыз қайда, құдыққа түс десе, түсер ме едіңіз?»– дедім ашумен. Күтпеген жерде ол орнынан тұрып, маған қолын созды: «Кешір мені. Кешір, енді дос болайық», – деді. Бұл жағдайдың осылай болатынын кім ойлапты, полковник шеніндегі адам прапорщикке дос болайық деп тұр. Гипноздың әсерінде қалғандай күйде болып, созған қолын қалай алғанымды білмей қалдым.

Әділеттік орнығу үшін адамға көп нәрсе керегі жоқ, тек қана кінәсін мойындап, Пономаренко сияқты кешірім сұраса – болғаны. Бірақ өз қандастарымыз 1986 жылғы көтеріліске шыққан жастарды соққыға жығып, қудалағаны үшін сол орыс полковнигіндей бола алмады. Желтоқсандықтар жеке бастары үшін ештеңе талап етіп, сұрап жатқан жоқ, тек қана сол кездегі күш құрылымдары, партия қызметкерлері мен әр деңгейдегі билік басында болған адамдар ақиқатқа мойынсынып, қателіктерін, жаңылыс басқандарын мойындап, халық алдында кешірім сұраса дейді. Сонда қоғамымызда азаматтық татулық болады.

Біз өскелең ұрпаққа Желтоқсан көтерілісінің маңызын, ұлылығын шынайы, тұрақты түсіндіруіміз керек. 1986 жылғы Желтоқсанның аязды түнінде алаңда қанға бөккен, жаны да, тәні де жараланған, итке таланып, қорлық көрген барша бауыр-қарындастарымыздың алдында біз мәңгі қарыздармыз. Желтоқсан көтерілісі – бүкіл ұлттардың санасын оятқан, қазақ қыз-жігіттерінің өз намысын көтере білген үлкен көтеріліс. Бұл көтеріліс – жастардың ғана емес, сол кездегі елінің тәуелсіздігін аңсаған тұтас халықтың көтерілісі. Оны біз мақтан етуіміз керек. Оған саяси және құқықтық әділ баға берілуі керек.

Боташ ҚАЖЫМОВ, әскери журналист,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЖЕЛТОҚСАН – ЕГЕМЕНДІКТІҢ ЕЛЕҢ-АЛАҢЫ

Халқымыз ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге, міне, он сегіз жыл толып отыр. Осы аз ғана уақыт ішінде еліміз төрт құбыласын танып, өзгелермен терезесін теңестіріп, әлемге тәуелсіз ел ретінде танылып үлгерді. Мұның бәрі елін, жерін, халқын шын жүрегімен сүйген, жергілікті жағдайды шынайы көңілімен сезіне білген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендік саясаты арқасында, халқымыздың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ортақ мүдде, ұлы мақсат үшін тату-тәтті өмір сүріп, еңбек ете білуінің нәтижесінде мүмкін болып отыр.

Тәуелсіздік оңайлықпен келе қалатын іс емес. Егемендік таңын аңсаған халқымыз оның жолында талай рет қарулы көтеріліске шығып, қанды қырғын қақтығыстарға қатысып, сан мәрте дүмпуі қатты толқуларға түсіп, небір қиын оқиғаларды бастарынан өткізген еді. Бірақ, 1986 жылдың он алтыншы желтоқсанындағы оқиға тәуелсіз еліміздің тарихынан ерекше орын алды. Бұл күні қызыл империяның бар билікті уысынан шығармаған өктемдігіне, болашағымызды бодандыққа айналдырып, ұлттық рухани байлығымызды, тілімізді, дініміз бен ділімізді тұншықтырған сыңар жақты саясатына халқымыздың сан жылдар қайнап келген ашу-ызасы шарықтау шегіне жетті. Желтоксан толқуында көшеге шыққан халықтың алдыңғы легінде студенттер мен жастар жүрді. Шеруге шыққан халық бір күннің ішінде Д. Қонаевтың орнына Ресейден Колбинді қойғанға, жалпы Мәскеудің шексіз билігіне наразылық білдіріп жатты.

Мен ол кезде Алматыдағы белгілі өнер білімінің ошағы – Құрмангазы атындағы мемлекеттік консерваториясының күндізгі бөлімінің екінші курсында оқып жүрген болатынмын. Мұндай үлкен қалада қолайлы баспана табу қиын ғой, сол жылы қолым жетіп, студенттік

жатақханада тұрдым. Басым көпшілігіміз өнерге бейіміміз бар ауыл балаларымыз. Сондықтан бір-бірімізге жақын әрі тату жүреміз. Сабақтан кейін бірлесіп ас дайындаймыз. Қол босағанда бір бөлмеге жиналып, әңгіме-дүкен құрып, дем аламыз. Он алтыншы желтоқсан күні де осындай тіршілігіміз жалғасып жатты.

Сол күні күндізгі сағат үште республикалық радиодан Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің кезектен тыс пленумы өткенін естігеніміз бар. Басында әдеттегі саяси хабар деп түсініп, мән бере қоймадық. Кешке таман жатақханамызға біз танымайтын белгісіз кісілер келіп, Пленумның шешіміне қарсы наразылық білдіру үшін көшеге шығу керектігін, өзге жатақханалардағы студенттер мен жұмысшы жастардың көшеге шеруге аттанғалы жатқандығын айтып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

– Өз елімізді өз ұлтымыздың өкілі басқару керек. Бойларында туған елімізге сүйіспеншілік, болашағымызға жанашырлық сезім, намыс-жігер болса, Мәскеудің билігіне қарсы шығайық, – деп қайрап та қояды әлгі кісілер. Олардың сөздерін ен далада еркін өсіп, қазақ ауылдарынан келген, сабақты қазақша оқитын студенттер топталып тыңдап тұрды. Әңгімеге араласқан жігіттердің бойларында намыс ұшқыны жарқылдағаны байқалады.

– Жүр, кеттік, – дескендердің де дауыстары саңқылдап шығып жатты. Әсіресе, бізден бір-екі курс жоғары оқитын студенттер курткаларын иықтарына іле салып, ойланып-толғанып жатпастан сыртқа бет алды. Қазір солардың бейнесін көз алдыма елестетсем, ел басына қиын-қыстау күн туа қалса, оттан да, судан да тартынбай, батыл шешім қабылдап, бірден атойлап алға шығатын өжет жігіттердің тұлғасын көремін.

Таңертең ерте тұрып жиналып жатсақ, біраз студенттер бөлмелерінде де, кейін сабақта да жоқ болып шықты. Алғашқы сабақ басталысымен кафедра меңгерушілері, декандар мен проректорлар бірінен соң бірі жығыла-сүрініп, бөлмелерді аралап, сабаққа кімнің келгенін, кімнің келмегенін тексере бастады. Айғай-шумен жүріп қолдарындағы қағазға оқуға келмеген студенттердің тізімін жазып алды. Ол кезде біздің домбыра тобы оркестр сабағында отырған. Сабақ өтіп жатқан акті залына бір кезде біздің деканымыз Мүлкаман Қалауов кіріп келді де, қатулы қабағымен бәрімізді тексеріп шықты. Содан кейін қолындағы журналды үстелдің үстіне тастай салды. Жүзінде ашу бар екені байқалып тұр.

– Көшеге шықпаңдар, көтеріліске қатыспаңдар! Кімде-кім қатысатын болса оқудан қуыласыңдар, жазаланасыңдар, стипендиядан айрыласыңдар, комсомолдан шығарыласыңдар. Әне, жоғары курстардың студенттері не сабақта жоқ, не жатақханада жоқ, көтеріліске қашып кетіпті. Олар сыбағасын алады! Пленумның шешіміне қарсы

шыққан не сұмдық! Ұятқа қалдық, – деп ол ызғарлы үнімен бәрімізге зеки сөйледі.

Деканның әлгі айғайына құлақ асқан біз жоқ. Оркестр сабағы аяқталысымен студенттер оқу корпусынан жасырынып шығып, алаңға бет алдық. Біз алаңға жақындағанда сағат күндізгі он бірлер шамасы болатын. Футлярға салынған домбырамды қолтығыма қысып, қалың нөпір ұйысқан тұсқа жақындай түстім. Жан-жақтағы көшелерден де лек-легімен жастар жиналып жатыр. Алдымызда алаң. Қандай күш екенін білмеймін, тұла бойларын өздері басқара алмайтындай бір өршіл сезім билеген жастар легі алаңға лықсып жинала түсуде. Биік бағананың басындағы радиодан эстрадалық ырғақты екпін әуенмен шырқаған әндер де оларды алға жетелей түсетіндей күш-қуат берді. Көз мөлшерімен шамалағанда, жиналған отыз мыңдай қыз-жігіттер дәл ортадағы тастан жасалған мінберге жақындап баруға ұмтыла түсті. Құрсаулы шынжырдай иықтарына иықтарын тірестіріп, екі ұзын қатарға тұрған милициялар мен жасақшылар жастарды бір адым болса да алға жібермеуге қасарысып бағуда. Қатты толқындай қалың лек екпінмен лықсыса олардың құрсауы үзіліп кетері сөзсіз. Оны аңғарғаным, арамызда жүрген милициялардың рацияларынан «Тездетіп қосымша күш жіберіңдер!» деген сөздер жиі естіліп жатты.

Алаңға жиналған жастардың мақсат-мүддесі олардың хормен қосыла айтқан сөздерінен, биікке көтерген ұрандардан байқалып-ақ тұр. Үлкен әріптермен орыс тілінде жазылған ұрандарда «Лениндік принцип бойынша әр ұлт өзін-өзі басқаруға тиісті!», «Колбин орнынан кетсін!», «Тоталитарлық билік жойылсын!» және басқа да сөздер қалың лектің лепті үніне айналған.

Мінбердің маңында бір әйелді қаумалап алған жастарды көрдім. Жақын келіп тыңдасақ, ол кісі кеше кешкісін жатақханаларды аралаған үгіт жұмысын жүргізуші, ұйымдастырушы кейіпіндегі адамдардың бірі екен. Жастардың намыс-жігерін қоздырып, кешке зауыт-фабрикалардың, құрылыс ұйымдарының жұмысшылары да шеруге шығатынын, сөйтіп күш қалыңдап, деген мақсатқа, сөз жоқ, жететіндікке сенім артатындығын айтып жатыр. Мұндай үгітшілер лек-лек жастардың арасында әр жерде сөйлеп жатты.

Не керек, сол аз уақыттың ішінде кереғар үгіт ағыны бәсеңсіген жоқ. Біреулер орталықтың жеке билікпен шығарылған шешіміне қарсы шығып, көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін көтеріліске шақырып жатса, біреулер сабыр сақтап, сабаға түсіп, үйді-үйге тарауды насихаттайды. Бір кезде алаңға ««Волга» машинасымен республикалық орталық комсомол комитетінің хатшысы келді. Ол кісі қол микрофонымен бар дауысына салып, үкімет шешіміне ешкімнің қарсы келмейтіндігін, мына толқу ұлт араздығын жасамай, үйді-үйге тарау қажеттігін айтты. Жастарға тыңдамаған жағдайда қатты жазаланатындықтарын

ескертіп: «Менің машинамның соңынан еріңдер», деп, алаңнан ақырын жылжып өтті. Бірақ жастар оның соңынан ерген жоқ. Бұдан кейін бірнеше лауазымды адамдар осы шамалас ұсыныстарын айтып, жастарға істі насырға шапқызбай, алаңнан тез тарауды ұсынды.

Сөз тыңдау қайда, қайта алаңға жиналған студенттер мен жастардың қатары қалыңдай түсті. Қалың нөпірдің ішінен адасып қалған курстас достарымды іздеп, алаңға қосылатын Абай даңғылына, К. Байсейітова көшесі жағына бардым. Қандай қиын жағдай болмасын, жастардың жүрген жерінде ән қалған ба! Әлгі көшелердегі алаңға бет алған жастардың легі патриоттық, достық, ерлікке шақыру әндерін шырқап келеді екен. Дауыстарында ғажап жігер, екпін бар. Налу, басты төмен түсіру жоқ. Кеуделерін тік көтеріп, еш нәрседен қаймығатын түрлері байқалмайды. Бір кезде екпіндей алаңға жылжып келе жатқан бір топ қазақ қыз-жігіттері «Менің Қазақстаным» әнін бастап кетті. Қазіргі уақытта бұл киелі ән – Әнұранымызға айналып, барша қазақстандықтың жүрегінен терең орын алды ғой. Топтың арасынан біреуі: «Әй, жігіт, шығар андағы домбыраңды, қосыл әнге!» деді. Мен әнге қалай қосылып кеткенімді өзім де байқамай қалдым. Күмбірлете тартқан домбырамның үніне сүйсінді ме, әлде оның ғасырлар бойы қанымызға сіңген қасиетіне бас иді ме, маңайыма біраз жігіт топталып қалды. Мұны байқап қалған бір топ милиция бізге қарай келе жатыр екен. Біз де лезде жиналып, Абай даңғылындағы қалың топтың ішіне қашып тығылдық. Осы жерде ауылдық үш-төрт жігітпен танысып үлгердім. Қазір есімдері есімде жоқ. Әйтеуір, сол күні алаңда осы жігіттермен бірге болдым.

Желтоқсанның он жетісі күні түстен кейін алаңға жиналған халық көп болды. Оларды тарату үшін бірнеше шара қолданылды. Ақыры студент жастар алаңнан кетпегесін, өрт сөндіретін бірнеше машиналар шақыртылды. Осы кезден бастап жасақшылар мен жастар арасындағы қақтығыс шиеленісе бастады. Алаңның Мир көшесі жақ бетінде милицияның «Жигули» машинасы өртенді. Осы жерде жастар өздеріне су шашқан машиналарға қарсылық көрсетті. Намысқой, қайраты мол, өжет жігіттердің бір тобы алға ұмтылып, су шашып тұрған машиналардың құбыршегін жұлып алып, лақтырып тастады. Біразының құбыршегін кесіп, жарамсыз қылды. Фурманов көшесінің бойында ұзын өрт машинасының терезесі қиратылып, су ағызатын тетігі істен шығарылды. Бұдан басқа да өрт сөндіргіш бірнеше машина қатардан шықты. Дәрі-дәрмек тиелген әскери медициналық машинаны жігіттер қаумалап қоршап алып, жүргізушілерін таяққа жығып, бар дүниесін тартып алғанын көзім көрді. Кейін сол дәрі-дәрмектерді қыздар жараланған жігіттерге беріп жатты.

17, 18 желтоқсан күндері көшеге шыққан студенттердің арасында жұмысшы жастар да көп болды. Еңбекпен шымырланған олар төбелеске мықты, беттері қайтпас қайсар, небір қиындықтан тартынбайтын

өжет екендіктерін қақтығыс кезінде көрсете білді. Мұздай қаруланған, беттеріне темір торлы қалқан ұстаған солдаттарды Компартия үйінің іргесіне дейін екі рет ығыстырып, кейін шегіндірді. Күні бойы, түні бойы арпалысқан жігіттер әбден қажыды. Мұндай жағдайға сол жігіттердің арасында жүрген өзім анық куәмін.

Жастар алаңнан тарқамай, ырыққа көнбей, қарсыласуларын үдете түскесін, 18-желтоқсан күні қарулы күштердің қатары күшейтілді. Алаңға «БТР», доңғалақтар түзеп, десантшылар, солдаттар, милиция жасақшылары қаптап кетті. Бір кезде олар қалың лекке лап беріп, алаңды тазартуға кірісті. Қарусыз жастар тегеурінді күшке төтеп бере алмады. Жігіттер жан-жаққа қашты. Қашып бара жатқанда орға құлаған, не жүгіре алмаған қыздарды шашынан сүйреп, тепкіге алды. Қарулы солдаттардан таяқ жеп, бет-аузы қан жоса болып, сұлап жатқан жігіттер де аз болған жоқ. Мұндай қырғынды мен бұрын кинодан ғана көрген едім. Сол Желтоқсан оқиғасында қаншама қыз-жігіттеріміз құрбан болды, қаншамасы мүгедек болып зардап шекті, қаншамасы жазықсыздан түрмеге отырды. Жыл өткен сайын олардың патриоттық сезімін, ерліктерін кейінгі жастарға үлгі етіп насихаттаудамыз. Өйткені, Желтоқсан оқиғасына қатысқандар осындай құрметке лайық.

Кәрібай ҚҰСАЙЫНОВ,
ұстаз, күйші

СІЛКІНДІРГЕН БҰЛҚЫНЫС.

СЫЗЫ ҚАЛДЫ СОЛ КЕЗДЕГІ САЛҚЫННЫҢ.

Желтоқсан ызғары Қызылжар өңірін де шарпыды. Солтүстікқазақстандық жерлестеріміз ел Тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық күресте толқулардың алғы шебінен көріне білді. Олардың дені Алматы, Қарағанды секілді іргелі қалаларда оқып жүріп, сын сағаттарда сыр бермеді. Солардың бірі – Алматы сәулет және құрылыс институтының бірінші курс студенті Нұржан Қалиасқаров оқу орны басшыларының қысымына қарамастан, жастарға қосылып, екі күн бойы алаңнан табылған. Жаппай жазалау кезінде ұсталып, ауыр соққы алған. Алматыдағы қоғамға қарсы бейберекет іс-әрекетке қатысқаны үшін «кеңестік студентке лайықсыз» деп танылып, оқудан, комсомолдан шығарылған. Кейін алған жарақаты асқынып, 1994 жылы небәрі 28 жасында қайтыс болған. Қазір ол жөнінде облыс жұртшылығы біршама құлағдар. 1996 жылдан бері оның атында қор құрылып, волейболдан еске алу турнирі өткізіліп келеді. Биыл облыстық Дене шы-

нықтыру және спорт басқармасының күнтізбелік іс-шаралар тізбесіне енгізіліп, 17-ші рет ұйымдастырылды. Мектептерде, кітапханаларда, колледждерде қоғамдық-саяси, тақырыптық кештер, «дөңгелек үстелдер» ұйымдастыру дәстүрі қалыптасқан. «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалымен (төрағасы – Боташ Қажымов) бірлесе отырып, Желтоқсан оқиғасының тарихи, саяси мән-маңызын түсіндіруде шаралар жүйелі өткізіледі. Солардың біріне Нұржан бауырымыз оқыған Тимирязев ауданы Ақсуат мектебінде мемориалдық тақтаның орнатылуын атауға болады. Жуырда аталмыш қоғамдық ұйымдардың атынан 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының жас ұрпақ бойына қазақстандық патриотизм идеясын насихаттау жоспары облыстық әкімдікке ұсынылып, қолдау тапты. Онда Петропавл көшелерінің біріне Нұржанның есімін беру, желтоқсаншылар жайлы кітап шығару, оларға арнап ескерткіш белгі қою, әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау секілді шаралар бар. Ал Астана қаласының әкімдігі Тәуелсіздік күніне орай жергілікті қазына есебінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына 20 мың теңге мөлшерінде бірреттік ақшалай төлем түрінде көмек көрсетуді белгілеген. Бұл мәселе бізде де қозғалып, қолдау табар деген үміттеміз.

Біз Желтоқсан оқиғасына қатысты деректер іздестіру барысында Петропавлдағы еңбекпен түзету мекемесіне 4 желтоқсаншының этаппен әкелінгенін анықтадық. Олар – атыраулық Алик Мұзафаров, жамбылдық Бақтыбек Иманғожаев, алматылық Ержан Мәлібеков және көкшетаулық Қайыргелді Күзембаев. Әрқайсысы 3,5 жылдан 14 жылға дейін бас бостандықтарынан айрылып, жазаның 8 айын осында өтеген. Мекеме бастығының орынбасары Еркебұлан Бектұров дәрігерлердің қарсылығына қарамастан, олардың тұрақты ем-дом алуларына көмектескен. Бүгінде 30-ға жуық солтүстікқазақстандық желтоқсаншылар жайлы мәліметтер жинақталып қалды. Әскери қызметкер Боташ Қажымов 7 жыл бойы теперіш көрген. Әлі күнге дейін отбасысымен бір бөлмелі ескі үйде тұрып жатқан жайы бар. Оқудан шеттетілген Жамбыл ауданы Айымжан ауылының тумасы Қайрат Оспанов – қанды қырғын куәгерлерінің бірі. Боташ Дайыров, Нүркен Төлеков сотталса, Дүйсенбай Құрмашев КОКП қатарынан шығарылған. Желтоқсаншылар қатарында Дулат Ғабдуллиннің, Кәрібай Құсайыновтың, Еділ Қожабековтың, Ләззат Сапарованың, Бағдат Мұқанованың, Жанна Досполованың, тағы басқаларының есімдері құрметпен аталады.

Мұның өзі әлі толық тізім емес. Мәселен, желтоқсаншылардың бірі Ғ. Мүсірепов атындағы ауданға қарасты Шұқыркөл орта мектебінде ұстаздық қызмет жасайтынын сырттай естиміз. Сондықтан газет оқырмандарынан мына телефондар арқылы хабарласып, өздері білетін желтоқсаншы жерлестеріміз жөнінде толық мағлұмат берулерін сұраймыз: 8-777-197-14-06, 50-72-50, Өмір Есқалиға.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 17 желтоқсан Демократиялық жаңару күні ретінде белгіленген. Демек, қос мереке де қазақ үшін киелі де қасиетті саналары анық.

ҮЛГІ ТҰТАР АҒАЛАР БАР

Елімізге Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. 1986 жылдың 16 желтоқсаны қазақ халқы үшін қасіретті күн болды. Бұл қасіретті күн Қайрат, Қайыргелді, Түгелбай, Сәбира, Ербол, Ләззат сынды қыршындардың қанатын қиып түскен озбырлық күні еді. Өз жерлестеріміз Нұржан Қалиасқаров пен Кәрібай Құсайынов ағаларымыз да осы қанды оқиғаның куәгерлері болған еді.

Кәрібай Бәриұлы 1961 жылы Жамбыл ауданы Баян ауылында дүниеге келген. Жастайынан қазақтың қара домбырасына әуес болды. 1984 жылы Көкшетау қаласының музыка училищесін бітіріп, 1985 жылы Алматыдағы белгілі өнер білімінің ошағы – Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияға домбыра бөліміне оқуға түседі.

Дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы болған жылы Кәрібай аға екінші курс студенті еді. Ол жолдастарымен бірге наразылық білдіру үшін алаңға шыққандардың ішінде болды. Алаңға жиналған жастар хормен қосыла ән айтып, ұрандар көтерді. «Әр ұлт өзін-өзі басқаруға тиісті!», «Колбин орнынан кетсін!», «Тоталитарлық билік жойылсын!» және басқа да сөздер жазылған ұрандарды көтерген жастардың ішінде Кәрібай ағай да бар еді.

17-18 желтоқсан күндері көшеге шыққан студенттердің арасында жұмысшы жастар да көп болды. Еңбекпен шымырланған олар беттері қайтпас қайсар, қиындықтан тартынбайтын өжет екендіктерін қақтығыс кезінде көрсете білді. Мұздай қаруланған, беттеріне темір торлы қалқан ұстаған солдаттарды олар Компартия үйінің іргесіне дейін екі рет ығыстырып, кейін шегіндірді. Күні-түні арпалысқан жігіттер әбден қажыды. Сол жігіттердің арасында Кәрібай Бәриұлы да болды.

Сол Желтоқсан оқиғасында қаншама қыз-жігіттеріміз қыршынынан қиылды, қаншамасы мүгедек болып, зардап шекті. Сол жастардың ішінде болған ұстаз әрі күйші Кәрібай ағамыз былтыр 26 тамызда кенеттен өмірден өтті. Ол қаламыздың қазақ мектептерінде домбыра үйірмесін жүргізіп, соңынан өз ізін басатын шәкірттер тәрбиелеп, қалдырды.

Сол Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың патриоттық сезімін, ерліктерін кейінгі жастарға үлгі етіп насихаттау – біздің міндетіміз. Өйткені, Желтоқсан оқиғасына қатысқандар зор құрметке лайық.

Саягүл ЖАКУБАЕВА,
№20 орта мектептің мұғалімі

ЖЕЛТОҚСАН ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

1986 жыл. Кеңестер империясы қылшығы қисаймаған әлемнің айдаһарының бірі еді. Коммунистік партиясының саяси бюросының «ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс» болып күмәнсіз үстемдігі жүріп тұрған кез.

Кеңестер Одағының құрамындағы 15 республиканың тағдырын уысында нық ұстап тұрғанды. Одақтастардың әрбір іс-қимылының Мәскеуге тәуелділігі шыңына шырқап кеткенді. Қоғамның даму заңына байланысты тоталитарлық режимнің тоқырап, тозған шағы.

Адамзаттың тарихында талай-талай теңдесі жоқ империялардың талқандалғаны белгілі. Кеңестер одағы қанша толып тұрмын, болып тұрмын десе де, шытынаудың алдында тұрған. Одақтың шынжырын үзер шылбырын жұлқыған Қазақстан жастарының желтоқсан көтерілісі болды. Аузынан жалын атқан айдаһардың айбынына қарсы шыққан, тәуелсіздікке үлгілі із тастаған қазақ жастары еді.

Қабанбай, Бөгенбай, Қожаберген, батыр Баян және Алаш арыстарының ұрпақтары ел тәуелсіздігі үшін күрестің жолын жалғады. Бойларында бабалардың қаны, саналарында асыл ар-намыстың барын дәлелдеп желтоқсан көтерілісін бастады. Қайраттар мен Ләззаттар отты жалынға қарсы шығып, тәуелсіздіктің туын көтерді. Жас жандарын құрбан қылып, тоталитарлық режимнің құрсауының қамалын бұзуға шақырды емес пе! Ұлы Мағжан атамыздың «Мен жастарға сенемін» деген қағидасын рухани ұран еткен сол жастар.

15 одақтас республикалар арасынан алғашқы болып, тәуелсіздік тұғырына ұлағатты ұран тастаған қазақ елі, күрес жолын бастаған қазақ жастары әлем тарихынан орын алары сөзсіз. Баға жетпес бұл ерен ерлік – болашақ ұрпақтарға зор әсерлі дәріс, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге. Біз бұнымен мақтанамыз, ұлтымыздың ұлағаттылығы, ұлылығы деп әрқашан сезінеміз. Ол сезімді аялаймыз, есімізде де, ісімізде де берік ұстанамыз. Желтоқсан желі өзінің самалымен желпіп тұр. Егеменді еліміз не бары 20 жылда ең өркенді елу елдің қатарына жеттік.

Бүгінгі ұранымыз «Нұрлы жолдың» көп ұзамай алдыңғы шептегі 30 мемлекеттің сабынан шығатынымызға нық сенеміз. Көреген көсеміміз – Елбасының алға қойған ауқымды мақсаттарына қол жеткізу үшін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қарқынды еңбек ету үшін әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз керек.

Бүгін қазақ елі әлемге танымал, дүние жүзі біздің әлеуметі мен экономикасы қарышты қадаммен алға басып келе жатқан дамыған елдігімізді мойындап отыр. Салиқалы, сындарлы саясатты ұстанып,

ел тұтастығын, 130 ұлт пен ұлыстың мызғымас бірлігін нығайтып, тасымызды өрге өрлетіп, әлем кеңістігінде абыройымызды асқақтатып отырған Елбасымыздың арқасы десем артық айтпаймын. «Нұрлы жолымыз» құтты болсын. Сапарымыз оң болсын.

Өңіріміздің зиялы қауымының қатарында ақсақалдар алқасы тәуелсіздік күнін – ұлыстың ұлы күні санап, оның баянды болуына өз үлестерін қосып келеді. Қариялардың парасатты парызы – жастар тәрбиесі. Сондықтан біз жеткіншек жастармен жиі-жиі кездесіп, тәлім-тәрбие сағаттарын өткізетін «Қариялар тәрбие мектебінің» жұмысын бастадық.

Қарт ұстаз – педагогтар мен зиялы аға буын өкілдері білім мен біліктілігін жас ұрпаққа беріп жүр. Олардың қатарында Әлімжан Мажитов, Қымбат Исманова, Әлия Малдыбаева, Зейнолла Олжабаев, Амангелді Кенжеғозин тағы басқа бір топ қарттар әсерлі әңгімелерімен жастардың санасына ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып негіздерін сіңіріп келеді. Осындай игі іске тұтқа болғандардың бірі – Әлімжан Мажитов жақында дүниеден өтті. Марқұмның ұлағатты ақыл-кеңестері жастардың есінде қалары сөзсіз.

Бұл – ақсақалдардың өткеріп келе жатқан игі істерінің бір ғана бөлігі.

Тәуелсіздік күні барлық өңіріміздің жұртына қайырлы, құтты болсын.

Тәуелсіздігіміз игілікті істерге бастай берсін!

Болат САҒЫНДЫҚОВ,
Облыстың құрметті азаматы
Ақсақалдар алқасының төрағасы.

Облыс әкімі Тайыр Мансуров саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш-монументтің ашылу салтанатында. Мінберде «Память» қоғамдық қордың төрағасы Болат Сағындықов

Өнір басшысы Серік Біләлов саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоғын қою сәтінде

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні облыс әкімі Ерік Сұлтанов ескерткіш кешеніне гүл шоғын қою рәсімінде

Мемориалдық кешенге жиналған қала тұрғындары мен қонақтар. Алдыңғы қатарда «Память» қоғамдық қордың төрағасы Болат Сағындықов пен «Асыл мұра» орталығының жетекшісі Таңат Сүгірбаев гүл шоғын қоюда

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына дұға бағышталуда

Салтанатты жиыннан жалпы көрініс

Екпін Әбиев отбасымен мәрмәр тастағы есімдермен танысуда

Екпін Әбиев отбасымен мәрмәр тастағы есімдермен танысуда

Ескерткішке гүл шоқтарын қою сәттері. Алдыңғы қатарда Болат Сағындықов, Зейнолла Олжабаев, Күлзира Әубәкірова, Таңат Сүгірбаев

Жалпы көрініс

Жалпы көрініс

Мемориал алаңына жиналған қала тұрғындары.

Ескерткіш қабырғада сап түзеген құрметті қарауыл

Бейбітшілік құстарын ұшырғалы тұрған оқушылар

Болат Сағындықов саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болған әкесін еске түсіріп, көзіне жас алып тұр

Саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдері жазылған қаралы қабырға

Күннәр Қабдөшева саяси қуғын-сүргіннің қатыгез жылдарында қасірет шеккен әкесі Жұқыш пен ағасы Ескендір Қабдөшевтерді еске алып, рухтарына тағзым етуде

Сайлау Қабдөшев жиені Ажармен туыстарын еске алуда

(оңнан солға қарай) Болат Сағындықов, Күннәр Қабдөшева, Күлзира Әубәкірова, Зейнолла Олжабаев Мағжан Жұмабаевтың ескерткіші алдында.

ТӨРТІНШІ
БӨЛІМ

ҚАШАДЫҚ ҚАРА ТАСҚА ЕСІМДЕРІН, ОЛАРДЫ ҰМЫТПАЙДЫ ЕНДІ ЕЛІМ

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ / Г. ПЕТРОПАВЛОВСК

Абдрашитов М.
Абдулзалилов М.
Абишев И.С.
Абишева Ж.А.
Абрамов Г.И.
Абросимов В.Е.
Абросимов И.В.
Авдеев В.К.
Авдеев Т.В.
Авимский А.А.
Агеев В.А.
Агисов М.
Адамиянц Б.А.
Адамович А.М.
Адамович И.И.
Азарх А.И.
Айсарин А.
Акбердин Х.К.
Акинин П.Я.
Акольпин С.С.
Акулов П.И.
Акчурин К.Х.
Алакина А.А.
Алданғаров М.
Александров Е.А.
Александров И.А.
Александров П.И.
Алексанов В.С.
Алексеев А.А.
Алексеев Н.А.
Әленов Т.
Әленова Ж.И.
Алешин Е.Ф.
Алиевский К.П.
Әлімбаев К.
Әлімжанов Ш.Д.
Альбанский И.Л.
Ананьев А.С.
Андреев А.А.
Андреев В.А.
Андреева К.В.
Андриевич С.Ф.
Андриевский Б.Р.
Андрэ Н.Г.
Анкудинов П.М.
Анохин С.Ф.
Антипов В.П.
Антипов М.И.
Антонов Н.И.
Арзамасов Г.Т.
Арский А.А.
Артамонов А.М.
Артюхов Г.Т.
Асеев В.И.
Аткин И.И.
Әубакіров К.
Әубакіров С.
Ахметжанов А.
Ахметов М.
Ахметова Б.Р.
Ахметова З.И.
Ахраменко В.В.
Бабарыкин В.Н.
Бабин А.Я.
Бабин Ф.С.
Баганов А.Р.
Багаутдинов М.
Бадмаев Ж.
Байгужин С.
Байканов С.И.
Байцар С.П.
Бакланов М.Н.
Балашов А.М.
Балмашнов Н.К.
Баннов Н.И.
Барамзин Н.А.
Баранов К.Г.
Баринов С.П.
Барковский В.Л.
Барлетов Г.Д.
Барышников И.А.

Басков И. Ф.
Басов Л. П.
Баталов Ф. И.
Батуев Ф. Г.
Батырбеков С.
Баутин К. Г.
Баутина А. А.
Бауэр В. С.
Баянов И. И.
Бегишев А. Г.
Бегишев М. Н.
Бегутов И. А.
Бейер В. А.
Бейлин М. А.
Бейло Б. Б.
Бейсенбаев К.
Беккер И. Я.
Бектасов И.
Бектемиров В. Х.
Белецкий И. С.
Белов В. Н.
Белозеров В. В.
Белозеров Е. А.
Белозеров И. А.
Белый А. Н.
Бердалин Б.
Березин Д. Е.
Берников А. П.
Бертаев Н. Б.
Берц Х. Д.
Бессарабов Г.
Бикбаев Х.
Бирюков И. С.
Бичуль Б. К.
Блиндерс Л. И.
Блох М. Н.
Блусь-Вронский Н. П.
Бобровский К. Е.
Бова В. И.
Богданов Б. О.
Богданов Г. И.
Богданов И. Т.
Богданов М. Х.
Богданова А. Н.
Богословский Н. Г.
Бодня Ф. М.
Бойко В. И.
Бойко И. И.
Бойкова П. Е.
Болгарь Д. К.
Большаков П. П.
Бондак Н. И.
Бондарев К. И.
Бондаренко А. А.
Бондаренко Ф. К.
Борош И. М.
Бочаров В. И.
Бочин А. М.
Бочтаев Т. Х.
Бояков Т. А.
Брахт Л. И.
Брэйтман М. И.
Буданов Ф. М.
Букаев А. Н.
Букаев Б. А.
Букин А. А.
Булгаков Е. И.
Булгаков Н. В.
Буллер Г. М.
Бурачков К. Т.
Бурмистров С. С.
Бусаров В. А.
Бутенко В. С.
Бутрим А. В.
Бутырчик Г. А.
Бухаловский И. М.
Бухтияров П. И.
Бушков Д. П.
Бушуев П. В.
Быков Г. И.
Бычин П. И.
Вавилова Е. К.
Ваганов В. М.
Важенин А. М.
Важенин И. М.
Ваисов К.
Вакула Л. В.
Валгушев П. Г.
Валеев Х. Х.
Валиуллин Ш. Х.
Валькер Г. А.
Ванчугов В. И.
Варакин Г. Д.
Васильев Е. Ф.
Васильев И. К.
Васильев И. П.
Васильев М. В.
Васильев П. В.
Васильева М. А.
Васонг И. Г.
Васютин И. И.
Вебер В. К.
Ведешкин И. И.
Вейсман Г. А.
Велижанский Е. Ф.
Венцковский В. П.
Вержанский П. М.
Ветлужский-Попов Д. К.
Ветров А. К.
Визнер А. Г.
Викторов Я. С.
Вилесова А. Т.
Виндермундт И. А.
Виниченко И. Н.
Виноградов П. И.
Виноградов-Бекман Н. М.
Виряев П. А.
Витавер С. И.
Витвенский Н. И.
Вихневич Г. А.
Вихневич И. А.
Вишенчук М. И.
Владимиров А. М.
Власов П. Ф.
Водолдажский В. В.
Войцеховский И. А.
Войцешко М. Т.
Волк Ф. П.

Волков П.В.
Волков Г.Г.
Волков Г.Г.
Волков И.Я.
Волкович В.А.
Волкович Я.В.
Волосников А.М.
Волчатников А.С.
Воробьев А.Ф.
Воробьев А.Е.
Воробьев П.В.
Воробьев П.И.
Воронин А.Ф.
Воронин Б.И.
Воронин Н.Ф.
Воронов С.С.
Воронцекий Б.А.
Воропаев М.Ф.
Воротов В.Д.
Вотчель В.Ф.
Вотчель К.Ф.
Врублевский Д.А.
Вурм И.М.
Выдрин П.Н.
Вышамирский А.А.
Вышеславцев Н.Г.
Вязьмин А.В.
Габалис В.В.
Гавриков Д.Т.
Гавриш Д.Ф.
Гавришев А.М.
Гадетский П.И.
Гаец И.И.
Гайдай А.Я.
Гайзель И.П.
Гайнулина-Галямова С.М.
Гайтота И.Н.
Галенко Ф.А.
Галимов Р.Х.
Галоян А.О.
Галузин Т.Г.
Галюков И.П.
Гароз И.К.
Гвоздиковский Н.К.
Гвоздюк С.А.
Гегельский И.Е.
Гедерим Д.И.
Гедройц В.Э.
Генералова К.В.
Герасев А.М.
Герасименко Г.Д.
Герасимов А.В.
Герман В.Б.
Герстнер Я.М.
Гец Я.М.
Гильдебрант К.В.
Гилязов Х.Г.
Гимадетдинов А.И.
Гингст Е.К.
Гиршфельдт Б.Ф.
Глазунов В.Г.
Глейзер М.С.
Глотов Е.А.
Глушко Д.Г.
Гнойевых М.В.
Гокин С.Г.
Голант Ш.Я.
Голашев В.А.
Голева А.Н.
Головков Л.К.
Голомба А.С.
Голубев Г.С.
Голубцов И.П.
Голубцов С.И.
Голышев Н.К.
Гольденберг Ц.Ш.
Гольдфрейн В.А.
Гольдштейн И.Я.
Гольцман В.И.
Гонтарь Г.С.
Горбатов И.Ф.
Горбачев Н.П.
Горбунов П.О.
Гордеев П.М.
Гордейко Е.С.
Гордюк С.Д.
Горелов Я.Н.
Горинов А.И.
Горский-Сыроешко В.Ф.
Град И.К.
Град К.К.
Град Р.К.
Грачев-Козел А.А.
Гребнев М.В.
Гребцов А.Г.
Грибановский В.В.
Грибов М.Ф.
Григоров И.К.
Григорович В.П.
Григорьев И.Н.
Григорьев А.К.
Гринглаз И.З.
Гринчук В.П.
Гришин Г.Е.
Гросс А.А.
Грязнов А.П.
Грязнов В.Д.
Грязнов И.П.
Грязнов П.Т.
Губанов А.В.
Губанова-Иванова О.М.
Гудзик В.В.
Гудков А.И.
Гумен М.А.
Гуменный З.А.
Гунгер И.И.
Гусев М.С.
Гусейнов М.Ю.
Гусельников И.А.
Гутт И.И.
Давыдов А.Н.
Давыдов А.П.
Давыдов В.Е.
Давыдов И.Ф.
Давыдов М.Т.
Давыдов С.Я.
Данильянц К.Х.
Даникер К.Л.

Даниленко И.А.
Данте И.И.
Даулетбеков А.
Дедов А.Ф.
Дейс И.А.
Дек Ф.Р.
Дементеева В.Г.
Демешко И.М.
Демидов В.Б.
Демидюк П.И.
Демин А.А.
Демин Е.Ф.
Демин С.А.
Демчук Ф.М.
Денисов Г.Т.
Денисов М.Ф.
Денисова Н.П.
Деревянных П.Т.
Дерманский А.А.
Жалтыров Г.
Жолдаспаев С.
Жолдаспаева Х.К.
Жүсіпов О.
Дибров Ф.Я.
Дмитриев В.В.
Доброскоков А.И.
Догунец И.Р.
Долгих Г.И.
Долгов П.В.
Домбровский А.И.
Домбровский И.Ф.
Домбровский С.К.
Донских Е.Д.
Дорофеев В.В.
Дорохин П.В.
Дорошкевич В.Л.
Доссе М.Н.
Дров Р.С.
Дротьев Д.Д.
Дружинин Ф.И.
Дручинин А.Н.
Дубинина А.С.
Дубицкий В.Ф.
Дубов З.С.
Дубровский И.К.
Дубынин З.Ф.
Дударев В.Ф.
Думаревский А.Н.
Дунн Ш.Я.
Дьяков И.Е.
Дюркич С.А.
Дяденко И.И.
Евдокимов Н.Ф.
Егоров И.В.
Егоров С.А.
Егоров Ф.Е.
Егоровский С.В.
Егошин М.И.
Елизаров И.В.
Емельянов А.Е.
Еременко П.Я.
Еремина А.С.
Ерзаков П.Т.
Ерзакович Г.М.
Ерзакович М.П.
Еркебаев Ш.В.
Ермоленко Г.М.
Ерофеев В.В.
Ефимов Г.А.
Ефимов Н.А.
Ефимов-Фрайберг А.И.
Жабин К.М.
Жадыков О.
Жадыкова М.А.
Жалнин Ф.И.
Жамшитов К.
Жандармов А.Г.
Жарский П.Я.
Жданов М.А.
Железнякова А.Т.
Желибо В.И.
Жилин А.А.
Жилин И.Ф.
Жильцов В.И.
Жлудев И.А.
Жолдыбаев Ш.
Жук В.И.
Жуков А.Р.
Жуков Е.А.
Жуков Н.В.
Жұмабаев Мағжан
Заварзин А.В.
Завьялов И.И.
Загародний Д.П.
Загуменный Ю.Ф.
Зазюля И.Я.
Заикин И.Е.
Зайкевич А.В.
Зайкин А.Д.
Зайкин Е.Д.
Зайцев В.М.
Зайцев И.Н.
Зайцев И.Н.
Закаляпин М.С.
Заливин Н.М.
Заременский С.Г.
Зарецкий А.Г.
Зарудный Г.В.
Затонский А.Д.
Захарин К.М.
Захаров И.С.
Захаров Н.Н.
Зверидов П.Е.
Зверина Ф.Ш.
Зверовских П.Я.
Звягин Е.П.
Звягин Ф.Д.
Здановский П.И.
Зенин И.В.
Злобин И.Г.
Злобин С.И.
Знаменский И.П.
Золотаев О.
Золотогоров И.И.
Зубарев А.А.
Зубков И.П.
Зубов М.А.
Зудерман Я.И.
Зудихин А.П.

Зуев С. Т.
Зыков М. Ф.
Зюзин А. Н.
Зязев В. С.
Ибрагимов А. Р.
Ибрагимов С. М.
Иваницкий К. М.
Иванов В. А.
Иванов И. Н.
Иванов К. Т.
Иванов М. И.
Иванов Н. А.
Иванов П. И.
Ивановский А. П.
Иванушков М. П.
Иванцов А. К.
Иванцов И. П.
Ивашевский М. З.
Ивашкевич Д. Б.
Иващенко А. А.
Ивец С. П.
Игенов И. С.
Игенова М.
Илевич Р. А.
Ильин М. Б.
Ильин С. К.
Ильина К. Л.
Ильясов А.
Ильясова М.
Имамбаев Ш.
Исаенко Г. Я.
Исмагилов И. И.
Ищенко П. С.
Кабицкий И. Ф.
Каданцев А. А.
Казаченко М. Т.
Казимирчик Ф. А.
Қайырбаев К.
Қайсарбеков К.
Калошин И. Л.
Калугин А. Г.
Камалов К. Ф.
Каменев Н. А.
Каневский В. В.
Капаров К.
Караман А. И.
Карандин Г. Г.
Карнилиев В. В.
Касаткин И. Я.
Касперук Т. А.
Кац Я. В.
Качанов С. М.
Качеганов У. Б.
Кириллов П. И.
Киселев Н. М.
Клеймбарт В. А.
Клементьев Ф. Г.
Клишевич Н. А.
Княгиничев М. Я.
Княжечко П. В.
Коб В. К.
Ковалев П. К.
Ковальциг И. Г.
Когут Т. А.
Колесеиченко А. Г.
Комиссаров А. И.
Кондратьев П. С.
Коновалов П. Д.
Копотилов А. Н.
Копылов В. А.
Копылова Р. М.
Коржепицкий Г. Ю.
Корнеев В. Ф.
Коровин И. В.
Королев В. В.
Корольков В. П.
Косолапов А. А.
Костенко А. А.
Костин Л. П.
Костров Н. П.
Коцик Н. В.
Кочановский И. А.
Кочнев Г. Г.
Кочнев М. И.
Кочуров М. В.
Кошевский С. С.
Кошкаров А. И.
Кравченко М. З.
Крамчанин И. В.
Красилов М. Е.
Красножен П. В.
Красноусов А. В.
Крафт А. И.
Крутиков А. Н.
Крутов Н. И.
Кручинин Д. Т.
Қуанышев Б.
Кудрин В. С.
Кудрявкин П. И.
Кузнецов А. Ф.
Кузнецов П. Ф.
Кузнецов Ф. М.
Кузьмин А. А.
Кулишев С. П.
Куприянов П. И.
Куриго Г. Л.
Курманов С.
Курочкин Г. С.
Куртушин ЗТ.
Кухарчик Я. Р.
Құтбанов Т. И.
Лапшин С. Н.
Лахтин Г. К.
Левицкий А. И.
Левченко Н. Р.
Легалов В. Ф.
Леонов И. И.
Леонтьев Е. В.
Лепехин Д. П.
Лер Ф. И.
Лечев Н. Н.
Липнер Ф. Г.
Лихницкий А. Н.
Лобанов Л. М.
Лукачев Н. И.
Лукин Л. А.
Лукьянов В. Г.
Лукьянов С. Ф.
Лунев В. Т.

Лунев Г.С.
Лупаревич Г.И.
Луть Э.И.
Лыткин Е.А.
Львов А.В.
Любых А.С.
Любых М.Е.
Лютиков С.С.
Люцедарский Г.С.
Ляховский Н.А.
Ляшев П.В.
Магарил Д.А.
Магид Б.И.
Магмет Д.Ф.
Макаровский А.И.
Макушкин Ф.А.
Малашко И.А.
Малеев Т.И.
Малыхин А.П.
Малыхин И.С.
Малышев А.В.
Мамаев И.В.
Манохин И.С.
Манохин Л.С.
Манченко В.И.
Марденская В.Н.
Марденский П.Н.
Мартынов А.А.
Марциновский К. Т
Маслаков К.С.
Матвеев С.В.
Мельник М.Г.
Мельник Р.С.
Мельников А.И.
Менайленко П.М.
Меньков А.В.
Меньшиков А.А.
Меньшиков В.Д.
Метелев С.Г.
Микшто И.К.
Миллер Д.Ф.
Минеев М.В.
Миронов Я.М.
Мирошниченко С.М.
Михайлов А.Г.
Михайлов К.М.
Михайлов Н.С.
Михайлов П.А.
Михайлова А.Ф.
Мишуров С.Я.
Мищенко К.И.
Мозжухин В.Т.
Мокринский В.М.
Мокроносов К.С.
Молдабеков Ш.
Мончунский Н.И.
Морев И.В.
Морев Т.Ф.
Морозов Н.С.
Морозов С.Я.
Морозов-Ростовский Н.М.
Мостовой И.И.
Мусабаев М.Б.
Мусин Б.
Мұстафин Н.
Назаров Г.В.
Наливайко А.О.
Некрасов М.Ф.
Нелюбин Ф.Д.
Никитин Н.П.
Новотарский В.Л.
Нуянзин А.С.
Овечкин И.П.
Овсянников Г.И.
Овсянников Н.И.
Овсянников Я.И.
Овчаров В.С.
Одушев Н.Е.
Оранкин Н.
Орлик С.С.
Орлов Г.А.
Отрошко И.Е.
Павлидис В.К.
Паклер А.Х.
Пальмов М.М.
Панкратов Г.Ф.
Панферов А.В.
Панфилова Е.П.
Парадеев Ф.М.
Партцани Б.А.
Пастухов М.Е.
Патылицин Г.Н.
Пацевич Н.Г.
Пекарский А.И.
Перепиленков С.А.
Першин А.Ф.
Першин М.В.
Петров А.И.
Петров Б.Г.
Петров Л.П.
Петрушевский Г.П.
Петрюк А.П.
Печенкин С.И.
Печников М.Е.
Пилипенко Д.А.
Пилипенко И.К.
Пирог И.Е.
Пицек Р.А.
Платонов Б.Н.
Платунович Ю.Л.
Плещевский А.Г.
Плясунов-Баранов И.П.
Подборнов П.И.
Позина З.Л.
Полинсестов И.П.
Полозков В.С.
Помозов М.Г.
Попов А.Н.
Попов И.В.
Попов Н.М.
Поротиков М.Ф.
Порубин А.Е.
Поташкин Н.А.
Предэ О.Я.
Прокопьев П.П.
Проскуркин А.Г.
Протопопов Н.С.
Пузыревский В.М.

Путенихин Д.Ф.
Пчелин И.А.
Пязуке И.К.
Разгуляев Е.Н.
Раздорский И.Н.
Разумов С.В.
Расторгуев В.И.
Растоскуев А.С.
Рашевский И.Г.
Ребенков И.Г.
Речкин Н.П.
Ритберг Л.И.
Рлаксин Н.В.
Рогальский С.Ф.
Роор И.И.
Ротборт Ф.Я.
Рудаметов В.П.
Руденчук И.С.
Руд-Рудас И.И.
Рукгабер Г.Ф.
Ручкин Ф.И.
Рыбак М.М.
Рыбалкин Т.П.
Рыбин К.М.
Рындин А.М.
Саботин С.
Савин А.Е.
Савинцев П.Д.
Савицкий А.П.
Савостьянов А.С.
Сагындыков К.
Садвокасов А.С.
Садовский И.И.
Сазонов С.К.
Сакс В.И.
Самохвалов А.И.
Саноцкий И.Т.
Сапожников Я.М.
Сараев И.Е.
Сарайкин Ф.С.
Сарбасов Т.
Сафронов Ф.А.
Сахаров М.Г.
Сацук А.Т.
Сачков В.И.
Свидерский А.К.
Свильст Ф.Ф.
Севрюгина М.Н.
Седельницкий Д.А.
Семенов А.М.
Семенов А.П.
Сенаторов П.Н.
Сергеев В.Т.
Сергеев Е.Ф.
Сергеев Т.В.
Сергин И.В.
Сизухин Л.З.
Скворцов П.Н.
Сковронский И.А.
Скоренко И.М.
Скрыльников П.К.
Слепышев К.Г.
Смелов А.П.
Смердягин А.А.
Смирнов И.Н.
Смирнов М.Л.
Смоленский В.А.
Смоль Г.В.
Смольников А.А.
Соболев А.А.
Сойфер М.С.
Сокол И.И.
Соколовский А.Н.
Соловьев Е.Е.
Солоницин А.А.
Соммерлинг Э.Г.
Сорокин А.А.
Сорокин И.Е.
Сочнев П.К.
Станкевия Б.Г.
Стафиевский П.Р.
Степанов Д.Д.
Степанов Н.М.
Стокутов О.К.
Стракович В.Н.
Стрелов В.А.
Стрелов И.А.
Строиев О.С.
Строкин М.И.
Суздорф И.Я.
Сулейменов Г.
Сулейменов М.
Суслов Н.И.
Сутюшев Х.Р.
Сырғабеков Нығмет
Тарановский И.П.
Таттыбаев М.
Тәштитов Қайсар
Телешов П.И.
Телятников П.А.
Темиров Е.
Тетерин В.Д.
Тимощук П.Т.
Тілеулин Г.
Тілеулинов Х.
Тыныбеков Т.
Тайжанов Н.Г.
Торубаев И.А.
Трапштейн М.А.
Трекин П.Т.
Тризна В.А.
Трубини И.И.
Тугдумов Д.
Туй И.М.
Төлемісов Х.
Тупиков А.Т.
Туранов З.Д.
Тұрлыбеков К.К.
Тұрсынов Б.
Тұрсынов К.
Тұяков К.
Тыштымбаев У.
Тюменев Х.Х.
Тюменцев А.Н.
Ударов А.В.
Ульянов В.Е.
Уразов Д.И.
Усенов С.С.
Утина М.И.

Ушаков В.П.
Фалалеев И.М.
Фатеев В.С.
Фатеев С.Т.
Федоров А.К.
Филиппов В.А.
Филиппов К.А.
Филиппов Ф.И.
Фоменко В.А.
Фомин А.С.
Фрей О.П.
Френкин ЗС.
Фролов И.Н.
Фураева А.Н.
Хадыкин Н.И.
Халитов Х.
Харин Д.Г.
Хейфиц А.Б.
Хижняк А.Г.
Ходосевич А.С.
Хомутов Б.
Хряшков Ф.Ф.
Цибенко А.А.
Цибенов Ш.
Чекулаев И.Г.
Чекунов Е.И.
Чекунов И.И.
Чекунов С.Я.
Ченцов В.Н.
Ченцов П.М.
Черенщиков А.Я.
Черкес Б.С.
Чернышев А.И.
Чернышев Н.М.
Чернявский А.А.
Чесноков А.В.
Чимбулатов А.Б.
Чистяков А.И.
Чистяков А.П.
Чичкань А.Г.
Чугунов Ф.М.
Чумаков Я.Г.
Шабель И.И.
Шадрин А.Е.
Шальнов М.А.
Шамрай Д.В.
Шанявский И.П.
Шапиро Е.А.
Шапиро Х.Л.
Шахмаев С.М.
Шахнович Я.Л.
Шашков А.А.
Шевченко А.М.
Шевченко П.М.
Шевченко С.Р.
Шивяков П.И.
Шилин М.Д.
Шиовский В.И.
Ширяев П.Ф.
Шихалев Д.В.
Шиш А.Т.
Шишкарев И.И.
Шишкин П.Н.
Шкрептиенко К.Л.
Шмидт М.И.
Шмурыгин Ф.А.
Шнегельбергер И.И.
Шнырев М.Т.
Штальберг А.К.
Штребель А.А.
Шубнов Г.С.
Шубнов Д.С.
Шубнов Н.С.
Шуванов А.Ф.
Шульгин Я.И.
Шумаков Е.М.
Шустер Ф.Э.
Балицкий В.А.
Бочанцев Ф.Д.
Бывалин А.Т.
Вильдяксов Н.И.
Глушенко Ф.С.
Грибовский П.Ф.
Жамбылова Р.Н.
Запорожченко Ф.Н.
Иванов П.А.
Кевер А.Я.
Кравченко В.Е.
Куанышев Г.М.
Медведев Г.И.
Мироненко Я.П.
Петров А.Т.
Редченко А.А.
Трембач М.А.
Федоренко А.И.
Чернов Г.И.
Юзвяк Э.Л.
Ягфаров Г.Ш.

АҚЖАР АУДАНЫ / АКЖАРСКИЙ РАЙОН

Айсин Д.
Вайсберг И.К.
Венц А.М.
Гейльман Л.Л.
Гетц М.Х.
Глебе М.М.
Итерман Г.Р.
Кленов А.Н.
Лесик В.Е.
Меняйло А.Т.
Плещевцев А.Ф.
Романович И.И.
Садвакасов С.
Церр П.И.
Шамрай А.В.
Шваб Я.И.
Шитов Г.В.
Штрайхерд Р.Л.
Сотников Е.А.

АҚҚАЙЫҢ АУДАНЫ / АККАИНСКИЙ РАЙОН

Абишев Т.
Ағыбаев С.
Айтжанов А.
Александров В. А.
Алексеев И. А.
Алжапаров А.
Алпеев Д. В.
Аманжолов М. А.
Амренов М.
Амренов Н.
Амрин-Манзоров С.
Андриащенко Г. Т.
Андриенко М. В.
Андрющенко М. А.
Аникиенко Г. П.
Антон А. И.
Антонов И. А.
Антясов В. Ф.
Антясов Г. К.
Апельганц П. Ф.
Ахмадеев Б.
Ахметов Б.
Ахметов С.
Ахметов Х.
Аюпов К.
Аяғанов Д.
Баев Г. П.
Байболатов Б.
Байсалов И.
Балғабеков С.
Баранов И. С.
Батталов З.
Баянов А. Е.
Бәйменов Қ.
Бәпішев М.
Бәпішев Х.
Бегайдаров А.
Бейсембаев Б.
Бейсембаев Д.
Бейсембаев Қ.
Беккель Б. И.
Беккер Я. И.
Бекішев Қ.
Бекішев Ы.
Белянкин А. И.
Бижанов А.
Богатырев Т. И.
Бондаренко М. П.
Бондаренко П. А.
Бондаренко С. Г.
Борон Л. Б.
Браунагель М. И.
Брюховец Ф. А.
Бурачек А. И.
Буслович П. К.
Бусурманов Б. Б.
Бушель Б. Х.
Бушель М. Х.
Вайцук А. М.
Вавровский М. И.
Ванаев А. А.
Вангер Л. Ф.
Василиев П. В.
Василишин П. Г.
Верновская М. Ф.
Верховский А. Г.
Винс К. Я.
Волик Д. И.
Волк Ф. П.
Воробейчик А. С.
Вотчель К. В.
Вундер-Иванов П. М.
Гаас А. Г.
Гартман Н. А.
Гасман И. П.
Гептинг И. Ф.
Гильд М. М.
Головацкий И. Ф.
Голубь Ф. Е.
Гончарев М. К.
Горб Т. Ф.
Гоффарт И. И.
Гребнев Д. П.
Греф Я. И.
Грудко А. Т.
Губко А. П.
Гуня С. С.
Гусманов М.
Данияров Н.
Дейнинг И. И.
Дементьев Г. Е.
Деревянко Г. А.
Жанахметов С.
Жұмағұлов А.
Диваков П. А.
Дикусаров А. М.
Дикусаров В. М.
Долбинцев Г. И.
Долин П. С.
Доскенов О.
Дрягин Ф. Г.
Дударев В. О.
Егоршев А. И.
Елеусизов У.
Ермоленко Е. Х.
Ермұқанов А.
Жагапаров А.
Жакупов С.
Жамшин Н.
Железко П. В.
Жимков М. А.
Жир П. М.
Жуманов А.
Жүсіпов С.
Зальцман Я. М.
Звонков А. П.
Зинченко В. Н.
Ибраев С.
Ибраев Т.
Иванкин П. Ф.
Извольский П. А.
Ильясов Г.
Ильясов Ж

Иманкұлов Г.Г.
Иманкұлов М.
Иродовский В.А.
Казаченко Н.Е.
Кайдаш В.П.
Каймолдин Г.
Қалиев С.
Каравдин С.П.
Караман А.И.
Карасев П.Г.
Кембаев Е.
Кеншинбаев А.
Ким Ю.
Кисляков М.И.
Клейн А.Н.
Ковалев Т.А.
Козловская М.И.
Колычев С.Е.
Кондратов Д.И.
Коркин Е.И.
Корнилович И.С.
Коробкин К.Ф.
Күшіков С.К.
Қартқожаков А.
Қожагельдинов Т.
Қожахметов Т.
Қойшыбаев Ш.
Құсаинов А.
Лешко А.К.
Лисицкий Ф.И.
Литвиненко В.И.
Макаров И.Ф.
Макаров Н.К.
Макаров Т.А.
Макарцов М.В.
Мальцев А.З.
Мальцев И.А.
Мартынов Н.А.
Маслов И.Е.
Махиня А.С.
Мәдияров А.
Мержоев И.К.
Мировой Ф.Е.
Мокляк С.П.
Момот О.С.
Мурзин И.
Мусаргалиев Г.
Мусин Қ.
Мұстафин Н.
Мұстафин С.
Муха Н.Е.
Мухамбетов А.
Мухамбетов Б.
Мұжықбаев С.
Мұқашев Ш.С.
Никитин Т.И.
Ничман Г.И.
Нұртазин М.
Нүрпейсов З.
Обоев И.А.
Оверченко К.И.
Ойкало С.В.
Омаров Ғ.
Омбаев А.
Ордабаев А.
Орынбаев Р.
Оспанов А.
Оспанов С.
Пак Ч.
Пан Ден
Пан Ю.
Пасшенко П.К.
Переспыкин Д.Ф.
Перчик А.П.
Петренко П.Е.
Петренко С.Г.
Петров А.А.
Печеникова Е.Я.
Пикула И.В.
Пильтяй С.Ф.
Пипко Н.П.
Писаревский А.Г.
Подстогнов Г.П.
Поклонский Г.М.
Пороло Д.И.
Пороло У.Ф.
Порохнин Л.А.
Поспелов С.П.
Приб А.А.
Пфаненштиль М.И.
Раев М.
Ракозица К.М.
Ракымжанов П.
Рамазанов Н.
Рамазанов Ш.
Рожек И.В.
Роор А.М.
Роор А.Я.
Роор И.М.
Рымза А.П.
Санатский А.С.
Сараев И.И.
Сарсенбаев И
Сартаев Н.
Саутбеков А.
аутбеков М.
Сахарчук С.К.
Сек С.М.
Сект К.Я.
Семернин Н.П.
Сергиенко И.Д.
Серов Ф.А.
Сидоренко Г.А.
Сидоренко П.А.
Ситник А.Д.
Ситник И.Д.
Скляр И.П.
Скоржинских И.И.
Слубский А.М.
Смагулов К.
Смаилов Н.
Сокол С.С.
Стативко А.И.
Стативко Д.И.
Стативко П.И.
Степаненко П.Н.
Сувирко Н.С.
Сурмин И.С.
Сурмин П.И.

Сұлтанов М.
Сүлейменов К.
Сүлейменов М.
Счастнов А.С.
Тайжанов Қ.
Таран А.Я.
Тасболатов Д.
Теньковский С.К.
Тлеулин Г.
Тлеулинов Х.
Томпакаев Ж.
Торопкин Ф.И.
Төлеков У.
Тұрлыбаев А.
Тютюник А.М.
Тютюник А.М.
Урдаканов Е.
Утегенов У.
Утин Қ.
Хвойко В.Я.
Хе Б.
Хрипунов М.А.
Цвингер И.П.
Центомирский П.И.
Чекморев Ю.П.
Чепелюгин Г.И.
Чесовитин П.Е.
Чижеский И.А.
Шакушев А.
Шаповалов Л.К.
Шаукенеев Д.
Шевченко П.М.
Шешегов К.М.
Шилимов М.П.
Шнейдер П.М.
Шумейко С.М.
Щукин П.К.
Юзвик И.К.
Юзвик С.П.
Юн Сан Нак
Яцышин М.П.
Болгабеков С.
Корсак Н.К.
Коршунов К.И.
Красильников С.А.
Криворотько С.М.
Қуанышбаев М.
Қуанышбаев У.
Қуанышев Д.
Құдайбергенов А.
Құлмағамбетов Б.
Құлсеиітов Ж.
Шнейдер П.В.
Яковлев И.Я.

АЙЫРТАУ АУДАНЫ / АЙЫРТАУСКИЙ РАЙОН

Абдульдинов К.
Абрамович К.А.
Айтбаев Ш.
Айтқұлов К.
Алдангаров М.
Алексеев С.Н.
Әлжанов Г.
Альтерман Ф.В.
Амельченко И.И.
Анищенко А.Г.
Антипов П.П.
Антюхов И.Д.
Аристова Н.И.
Аскаров Б.
Аскаров К.
Аскарова К.
Ахмеджанов В.
Ахмедиев Ш.
Ахметов И.
Ахметов К.
Ахметов Н.
Бабенко К.М.
Бабкин И.И.
Байбагисов И.
Байғабұлов Ж.
Байдин В.П.
Баклашов Н.В.
Балабас Г.Т.
Балғожин К.
Бахарев А.С.
Баятинов К.
Бейсембаев М.
Белоусов А.И.
Бендыровский С.В.
Бенуа Н.А.
Бенуа С.М.
Бельгібаев Т.З.
Болеста З.Я.
Бондарев И.А.
Борзунов А.Г.
Боровков С.П.
Бочкарев И.А.
Бугенбаев Ш.
Бугумбаев И.
Бушуев Д.В.
Вавилов С.И.
Ваховская К.И.
Вербицкий П. И
Виноградцев А.И.
Винцев И.С.
Вихренко И.Л.
Войтенко Е.В.
Войтенко П.Я.
Волков А.М.
Галко М.И.
Гергерт Е.К.
Гладкий М.Е.
Головина Л.С.
Голубовский Е.И.
Голыш Н.М.
Голянов И.Г.
Гревцов Д.Д.
Губарьков В.А.
Губин Ф.М.
Гущин К.Ф.
Дастанов К.

Даутов К.
Дейкин А.Я.
Жакыпов Ғ.
Добытин Ф.Г.
Долгов И.А.
Доменский А.В.
Дорошенко К.Е.
Дыбичев А.Ф.
Дымов М.К.
Евчук Л.А.
Егоров Д.Н.
Емельяненко Е.Ф.
Ендовицкий П.В.
Еремеев П.Ф.
Ержанов М.
Есенбаев Ж.
Ефремов Г.Н.
Жағыпаров К.
Жағыпарова К.
Жакенов К.
Жантемірова К.
Жаншуаков К.
Жук О.А.
Жук П.П.
Жуковень Н.С.
Жүсіпов Ш.
Забиняков А.С.
Заречин А.П.
Захарова Н.А.
Зильберштейн И.Л.
Золотухин А.М.
Зубковский Г.Н.
Иванов Г.М.
Иванов М.С.
Иванченко С.А.
Иващенко П.Л.
Игнатов П.Ф.
Ильин М.П.
Имамбаев И.
Имамбаев К.
Исаков А.И.
Искаков Ш.
Исмагулов И.
Кабылов А.
Казбеков Н.
Каирлинов К.
Калганов Н.А.
Калинин Я.Р.
Калинкович А.С.
Калмыков Ф.И.
Каменецких И.И.
Каминский И.И.
Капишев К.
Кардаш М.В.
Карписюк Я.К.
Кергенский Ф.М.
Кидельбаев Т.
Килющих Т.Т.
Кленов А.Н.
Кноль Х.А.
Кожагельдинов Ж.
Козич Е.Г.
Козлова А.А.
Колесихин К.В.
Комисаров А.М.
Конев Ф.С.
Копков С.В.
Корнев П.Г.
Коровин А.В.
Кравченко М.Ф.
Кузнецова Л.Е.
Кулик К.П.
Кулич В.А.
Құсаинов К.
Құсаинов О.
Құсаинов Ш.
Куценогий Й.Л.
Кучерявский В.С.
Кушнаренко Д.А.
Лазаренко А.М.
Лазаренко П.И.
Лебер П.К.
Ленковец О.П.
Лиморенка Ф.А.
Маеров М.А.
